



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Государственный университет имени Шакарима города Семей



Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың  
85 жылдығына арналған

## «АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

# МАТЕРИАЛДАРЫ



## МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции  
«АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И АКТУАЛЬНЫЕ  
ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ»,  
посвященной 85-летию Академика  
Манаша Кабашевича Козыбаева

15 қараша

15 ноябрь

Семей - 2016

**УДК 94(574)**

Редакциясын басқарған т.ғ.д, профессор М.Ғ. Ескендіров

Редакция алқасы: т.ғ.д., профессор Атантаева Б.Ж., т.ғ.к., профессор Каримов М.Қ., т.ғ.к.,  
доцент Ахметова Р.Д., Тлеубердиев Д.Р.

«Академик Манаш Қозыбаев және отан тарихының өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. «Академик Манаш Козыбаев и актуальные проблемы Отечественной истории» Сборник материалов международной научно –практической конференции – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 265 б.

Жинаққа енген мақалалар Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы мұрағат мекемелері қорларындағы Қазақстанға қатысты әр кезендердегі материалдарға негізделген.

Жинақ профессорлық-оқытушылық құрамға, ғылыми қызметкерлерге, магистранттар мен студенттерге, колледж және мектеп мұғалімдеріне арналған.

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

**Әбжанов Х.М.**

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,  
т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі

#### **АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ МҰРАСЫ**

Көркем шығарманы жанрға – роман, поэма, повесть, т.б. – топтастыру ежелден бар. Ал тарих ғылымында зерттеулерді түрге жіктеу түпкілікті орнықпаған күйде қалуда. Көлеміне қарай монография, мақала, кітапша деп айдарлап жатамыз. Өмірде небір таңғажайыптар болатыны тәрізді, кейде 15-20 беттік ғылыми мақала өзінің жаңалығы, нәтижелері бойынша көлемі 15-20 баспа табақ монографиядан да салмақты шығып, уақыт өткен сайын ізашар жаңашылдығымен зорайған үстіне зорая түсетініне көзіміз жетуде. Мәселен, 1893 жылғы 15 желтоқсан күні Дания азаматы Вильгельм Томсен Данияның корольдік Ғылым академиясының Президиумында байырғы түркі жазуын оқудың кілтін паш етті. Бүгінде В. Томсен ашқан жаңалықтың арқасында түркі өркениеті мойындалды, сол кілттің әлеуетін барша әлем түркітанушылары кәдеге жаратуда. Қазақстанның тарих ғылымына көз жүгіртсек, ұлы даланың қадір-қасиетін әспеттеген палеолит дәуірі, ортағасырлық түркі және парсы деректері жайлы классикалық еңбектерін археолог Х. Алпысбаев, шығыстанушы С. Ибрагимов алғашқыда ғылыми мақала түрінде жариялағанын көреміз. Қалың-қалың монография жазып отыруға бұлардың уақыты да жетпеді.

Демек, ғалымның ғалымдығы ашқан жаңалығымен, нағыз ақиқатты айта алуымен өлшенеді. Бұған 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған мемлекеттік тәуелсіздіктен кейін біржолата иландық. Шығармашылық еркіндік шын ғалымның жұлдызын жарқыратып, жасампаз қабілет-қарымын шырқау биікке шығаратынын қапысыз дәлелдеген қазақстандық тұлға һәм құбылыс – академик М.Қ. Қозыбаев (1931-2002). Азаттық тұсындағы 10 жыл 2 ай ғана ғұмыры ішінде Манаш аға оқырманның тарихи санасын жаңаша қалыптастырған, бұрын-соңды беймәлім деректер мен құжаттарға сүйенген, «ақтаңдақтар» ақиқатын ашқан ондаған монографиялар, жүздеген мақалалар жариялады. Әрқайсы тарихнамалық, деректанулық, эпистемологиялық, теориялық-методологиялық тұрғыдан арнайы талдау нысанына айналуға лайық. Осылардың ішінен 1992 жылы Бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайда оқыған «Ата тарихы туралы үзік сыр» баяндамасын, 1999 жылы «Отан тарихы» журналының №4 санында жарияланған «Қазақстанның XX ғ. тарихын зерделеу проблемалары» мақаласын ғылыми танымның жұлдызды табысы деуге негіз бар. Біріншісі ұлт тарихын мүлде жаңа ұстаныммен зерделеуге есік ашса, екіншісі – академиктің ХХІ ғасыр тарихшыларына қалдырған аманаты.

Бұлай дейтін себебіміз, біріншіден, 1999 жылғы мақалада кеңестік-идеологиялық қысыммен тарихи ақиқаттан алшақ, таптық, партиялық ойлаумен құрастырылған, империялық өктемдікті жақтайтын жалған мифтерді жою міндеті күн тәртібіне қойылған. Содан бері 20 жылға жуық уақыт өтсе де, академиктің аманаты діндеген межесіне жетпегендіктен өзектілігін жойған жоқ. Екіншіден, 1989 жылы қазақ қоғамын дүр сілкіндірген «Ермак: аңыз және ақиқат» атты зерттеуі жарық көргеннен 2002 жылы дүниеден озғанша Манаш аға ұлттық тарихымызды мифтерден арылтуға «күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан» қызмет етті, боламын деген жанға бағыт сілтеді. Тап осы 1989 жылы әлемдік тарихта орны бар бетбұрысты оқиғалармен: Берлин қабырғасының құлауымен, социалистік лагердің ыдырауымен қазақ даласына азаттық елесі мен рухы оралды. Олардың нығаюына республика басшылығына Н.Ә. Назарбаевтың келуі, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі септескені сөзсіз. 1990 жылы «Казахстанская правда» газетінің үш санында

жарияланған мақаласына «Истина и мифы» деп тақырып беруі де әсте кездейсоқтық емес. Үшіншіден, М. Қозыбаев әшкерелеген мифтер қатары жаңаларымен толығуда. Мәселен, қазақ қазақ болып қалыптаспаған ғасырлардағы қытайдың ақынын, моңғолдың билеушісін қазақ халқының перзенті ретінде «дәлелдеген» қалың-қалың зерттеулер жарық көрді. Демек, мифтермен күресуге шақырған аманат әзірге аманат мәртебесімен сақталуда.

Енді мақалаға оралайық. Еңбекте сегіз мифке арнайы тоқталған. Олар:

1. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының статусын төмендетіп, қазақ сахарасында пролетариат қозғалысының статусын әсірелеу мифі.
2. Қазақстан тарихында қазақ халқының Ресейдің құрамына енуінің прогрессивтік маңызын әсірелеу мифі.
3. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын большевиктік арнада әсірелеу мифі.
4. Әдебиетте 1917 жылғы Ақпан революциясының болмысын тұқыртып, оның жасаған жақсылық ісін жасырып, кемшілігін асырып, Қазан революциясымен шендестіру, қарама-қарсы қою мифі.
5. Қазан төңкерісінің заңдылығы туралы миф.
6. Ұлт мүддесін қорғаған қайраткерлерге, кейін барша халыққа ұлтшылдық айдарын тағу мифі.
7. Қазақ кеңестік мемлекеттік статусты әсірелеу мифі.
8. Бұрынғы Одақтың, одан қалды Қазақстанның 70-80 жылдардағы дамуы туралы қарама-қарсы миф.

Бұлардан басқа И. Сталин туралы, Ұлы Отан соғысының сипаты туралы, Ұлы Жеңістің қозғаушы күштері туралы, соғыс шығыны туралы төрт мифке талдау жасалған. Осынау талас проблемалар Қазақстан мысалдары негізінде ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы тарихымен байланысты қарастырылды. Өйткені Жеңістің 55 жылдығы жақындап келе жатты.

Мақала Қазақстанның XX ғасырдағы тарихына арналғанмен хронологиялық ауқымы мен мазмұны бойынша XVIII-XIX, тіпті XV ғасырларға дейін қамтып жатыр. Мәселен, 1-ші мифке қарсы шыққанда алға тартқан уәжі: «Шын мәнінде, ұлт қозғалысы жұмысшы қозғалысы жоқ кезде қазақ Ресейге бодан болған күннен бастап туындады... Шет аймақтарды XVI ғ. екінші жартысынан жаулап, оны жегідей жеп, метрополия мүддесіне пайдаланған Ресейде орыс халқы отаршылық жүйесіне, жаугершілікке қатысты, отар елден түскен байлыққа кенелді, империялық рухта тәрбиеленді» деген ойлармен өріліп, оқырманды Көшім хан заманына алып кетеді. Азаттық үшін күрестің хронологиялық ауқымын кеңейткені кеше де, ертең де теориялық-методологиялық әлеуеті зор күйінде қала бермек.

Қазақ хандығындағы қиыншылықтар мен қайшылықтар Ресейге бодандықты қабылдауға итермелегенін, Ресей құрамына ену қазақ халқына тек прогрессивті емес, регрессивті де нәтижелер әкелгенін кесек-кесек айғақ-дәлелмен көрсетуі 2-ші мифтің жалғандығын дәйектейді. Осы орайда автор «дәрменсіздік», «амалсыздық», «мәжбүрлік» терминдерін бірнеше қайта қолданған. Ал «қазақ халқының күштеп шоқындырылуы, азаматтық правосының шектелуі, ұлттың рухын жаншуы, қазақ жерін бөлшектеп, ұлт территориясын орыс әкімшілік жүйесіне қосып, ыдыратуы, мұсылман қозғалысы, ұлт-азаттық күресінің үзілмей келген арқауы – бостандық, тәуелсіздік, ұлт болмысын сақтау, өркениетті елдер деңгейінде даму жолында ұлттық дискриминациядан, геноцид саясатынан құтылу жолы сияқты проблемалар ата тарихынан тыс қалды, не көмескі айтылды», деген өткір пайым-тұжырымы ұлттық тарихнамамыздың болашағын болжаған батылдық әрі ғалымдарға жүктеген аманаты.

Түптеп келгенде, осынау екі мифті тарихи сана мен зерттеулерден ығыстырмай, Ресейдің отарлау саясаты мен практикасын сындарлы зерделеу емес, ақтау орын алатын болады.

3-ші миф 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен тағылымын большевиктік бұрмалаумен дүниеге келді. Кеңестік тарихнама ұлы сілкіністі жойдасыз саясаттанған тұрғыдан зерделеуден жаңылмады: большевизм ықпалын дәріптеді, алашшылар сатқын

ретінде бағаланды, ұлтаралық қатынастың ушыққаны, патша үкіметінің геноцид саясаты «ақтандақ» күйде қала берді. «Шын мәнінде, – дейді М. Қозыбаев, – 1916 жыл XX ғасыр басында қазақ халқының саяси тәуелсіздік пен ұлттық мемлекеттігі үшін күрестің бір белесі болды. Көтеріліс басында ел сайлаған хандар, әскери жасақтардың басында ел сайлаған сардарбектер тұрды, салық жинау жүйесі қалыптасты, хан Кеңесі жұмыс істеді, басқа мемлекеттермен елшілік арқылы байланыс жүргізілді».

Мақалада жергілікті халық пен келісімсектер арасында қантөгіс шайқастар жүргені, ұлыдержавалық шовинизм жаңа белеске көтерілгені, қазақ сахарасы «от жалынға шарпылған жер мен ел» қасіретіне ұрынғаны баса көрсетілген.

Уақыт академиктің болашақты дөп басып болжай алғанын дәлелдеді. Қазақстан тарихшылары ізденетін тақырыптар – осылар екеніне көзіміз жетті. 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығына орай Ресей ғалымдары құжаттар жинағын жариялап, ғылыми еңбектер жазып, патшалық билік пен әскердің отар өлкедегі қанды қылмысын жасыруға, көтеріліс себептерін басқа арнадан іздеуге барын салды. Айталық, 2016 жылы Мәскеуде шыққан «Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сборник документов и материалов» атаулы жинақтың алғы сөзін жазған Т.В. Котюкова отарлық, ұлттық езгіні көрмей, көтеріліске себеп ретінде өлкедегі басқару аппаратының кадрлық әлжуаздығын, байырғы халықтың тілін білмегенін, неміс, түрік шпиондары Ресейге қарсы насихатымен отқа май құйғанын, түркістандықтардан бұрын переселендік деревня тұрғындары жапа шеккенін дәлелдеуге тырысқан.

2016 жылы жарияланған «События в Семиречье 1916 года по документам российских архивов» атаулы жинақтың электрондық нұсқасындағы тарих ғылымдарының докторы А.В. Ганин жазған алғы сөз де Ресейді ақтауды көздейді. Қоныс аудару саясатын сипай сынаған автор 1916 жылғы көтеріліске алыпқашпа сөзді басты себеп санайды. Байырғы халық переселендерді тонауға бейімдік танатыпты. Оның пайым-тұжырымы мынадай: «Мощным катализатором волнений стали слухи, многократно преувеличивавшие истинный масштаб событий. Среди причин беспорядков было стремление местного населения грабить переселенцев, поземельные споры в связи с активной переселенческой политикой в регионе, налоговое бремя».

Трагическому развитию событий способствовали бездейственность местной администрации, расцвет коррупции, туземная феодальная знать (ханы, беки, мананы) и духовенство, преследовавшие свои интересы, а также внешние дестабилизирующие силы».

Қорыта айтқанда, XX ғасыр соңында академик М. Қозыбаев әшкерелеген 1916 жылғы көтеріліс төңірегіндегі мифтің жаны сірі екен. Аманатты атқару үшін әлі көп интеллектуалды тер төгуге тура келеді.

Келесі миф 1917 жылғы Ақпан революциясының Қазақстан тарихындағы орны мен маңызына қатысты. М. Қозыбаев қазақ даласына революция әкелген жеті жақсылықты қадап-қадап көрсетеді. Оның төртеуі (жазалаушы отрядтардың кейін шақырылып алынуы, көтеріліске қатысқан қазақ азаматтарына кеңшілік жариялануы, босқын қазақтардың елге оралуы, шабылған қазақ отбасыларына мемлекеттік көмек көрсетілуі) 1916 жылғы оқиғалармен астасып жатты. Қалған үшеуі Алаш қозғалысымен, зиялы қауым тарихымен, демократиялық үдеріспен байланысты. Кеңестік тарихнамада 1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция жартыкеш, шала туған, пайдасынан зияны басым оқиға мәртебесімен бағаланатын. Қайта бірінші орыс революциясына жағымды басымдық беретін. Академик ағамыз тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді аманаттады. Біздің ойымызша, Ақпан революциясының себебі мен салдарын дұрыс тиянақтау ғана ғасырлар тоғысындағы Қазақстан тарихын тарқата талдауға мүмкіндік береді.

Бесінші миф – Қазан революциясының заңдылығы – большевиктер өктемдігімен түзілді. 1917 жылы Ресей жұмысшы табы елдегі саяси билікті қолына алуға даяр емес еді деген Г.В. Плехановтың пікіріне қосылған М.Қозыбаев социализм қазақ даласына жоғарыдан қондырылды деп қорытындылады. Әкелген нәтижесі де жан шошытарлық болып шықты: «қазақ ұлтын қансыратты».

Иә, социалистік революцияның қазақтарға жат, түсініксіз құбылыс екені рас. Соны кемел ғылыми ізденіспен дәйектейтін уақыт келді. Мақсатқа жету үшін бірінші кезекте Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің, Түркістан мұхтариятының жеңілу себептерін ашу керек. Қалың бұқараның, ұлт зиялылары мен буржуазиясының миссиясындағы және өзара ықпалдастығындағы қайшылықтарды, кемшіліктерді, жаңсақтықтарды дөп басып табу алдағы күндердің еншісінде. Ең бастысы – социалистік революцияны заңдылық, заңды құбылыс ретінде дәлелдеуге мәжбүрленген тарихшылар қауымы бүкіл социалистік құрылыстың тарихын тоталитарлық өктемдік тұжырымдамасы аясында жазбасқа шамасы калмады. Миллиондардың өмірін жалмаған ашаршылық азық-түлік тапшылығы деген, қазақтардың ана тілін ұмыта бастауы халықтардың жақындасуы деген жылтыр сөздермен рәсімделді. Қансыраған қазақ халқын еш қымсынбастан социализм бақытына бөленген халық деумен ақиқаттан алшақ пайым санаға тықпаланды. Ендеше, Қозыбаев көрсеткен бағытпен жүріп, дұрыс жол таба білу – бізге серт.

6-шы мифті жою – қазақтың ұлттық болмысын қалпына келтіру деген сөз. Ол мемлекеттік тілді шын мағынасында мемлекеттік деңгейге көтерумен, рушылдық, жершілдік, жемқорлық тәрізді кереғарлықтарды санадан, іс-әрекеттен ығыстырумен, Қазақстан халқының бірлігін және бірегейлігін нығайтумен қалыптасады. Тап қазір ұлттық тарихнамада М. Қозыбаев бекерлеген ұлтшылдықпен айыптау жоқ. Есесіне ұлтсыздық көзге түсуде. Ең ауыры – бүгінгі қазақ өзін-өзі іздеген, қилы тағдырмен этникалық сәйкестігі шайқалған халық. Аты да, заты да бір қазақ өркениеттік, тілдік, рухани т.б. ұстанымдары тұрғысынан қаншаға бөлініп кеткенін көзбен көріп, жүрекпен сезініп отырмыз. Ал енді соларды санап көрейікші: 1. Бар болмыс-бітімімен нағыз қазақ қалпындағы қазақтар бар. Сақтардан жеткен мұра, байырғы түркілердің нақыл сөздері, Қорқыттың күйлері, Ақан, Біржан, Шәмшінің әндері бұларға асылдың сынығындай. 2. Кешегі өктем империяның, яғни Ресейдің сойылын соғып жүрген қазақтар аз емес. Мұндайларды Шер-аған: «Ұлы империяның улы жемісі» деген еді. 3. Тілі, ділі орыстанып кеткенмен халқына бүйрегі бұратын қазақтарды қаперден шығармағанымыз жөн. Бұлардың бір бөлігіне ұлтжандылық сезім тән. Қазақша сыңар жол өлең жазбаса да О.Сүлейменовты кім орыс ақыны дей алады? 4. Жаһанданудың салмағына жаншылып, Америкаға, Батысқа шыбындап бас изейтін, өзінікіне мұрынын шүйіретін қазақтар шықты. 5. Басқа діннің ықпалына түсіп, не ол емес, не бұл емес қазақтар саны өсіп келеді. Білетіндердің айтуына қарағанда, бұлардың қарасы жарты миллионнан асып түсіпті. 6. Тарихи Отанына сағынышпен жеткенде бауырларының өзін де, сөзін де түсінбей, айран-асыр күйге түскен оралмандар үлкен қауым. 7. Жүзге, руға, жерге бөліну сияқты дерттен айықпаған "ортағасырлық" қазақтар арамызда жүр. 8. Жекешелендіру мен нарықтан қарқ болған "жаңа қазақтар" да этникалық сәйкестігімізді әрлендіре бермейді.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді», деген екен бабаларымыз. Ал ондайлар алтаудан да көп болғандықтан жеріміздің асты-үстіндегі байлық шетел асып, қулығы мен сұмдығын асырғандардың қанжығасына байланғаны айтудай-ақ айтылды. Бұл – бір.

Екіншіден, этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, сонсоң мемлекетінен айрылудың әкелер қасіретін – бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күң болатынын осыдан 13 ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілердің даналығына қалайша бас имейсіз. Кеңестік жылдары Күлтегіндей дананың айтқаны басымыздан өткені рас қой. Ендеше Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет», деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр.

Тарихнамадағы 7-ші мифтің туу себебін М. Қозыбаев кеңестік Қазақ автономиясының құрылуынан, шашылған қазақ жерінің жиналғанынан көреді. Бірақ ұлттық мемлекет құрылмады. Академиктің пайымдауынша, Кеңес өкіметі ұлт мәселесінде жарты жолда

тоқтады, территориялық ұлттық автономия, кейін одактас республика құрды, бірақ ол декоративті мемлекеттік құрылым дәрежесінде қалды.

Кеңестік Қазақ мемлекетінің «қуыршақ мемлекет» мәртебесімен өмір сүргенін тәуелсіздік тұсындағы мемлекет құрылысы тәжірибесін, басқа да үдерістерді алға тартумен тиянақтаған жөн шығар. Бәрі салыстырумен танылады. Мәселен, тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде адам құқына байланысты 60 халықаралық-құқықтық акт Қазақстанда ратификацияланыпты, адам құқығы мен бостандығы бойынша 78 заң қабылданыпты. Біздің еліміз 8 мыңнан астам халықаралық договорлар мен келісімдерді бекітіпті, 70-тен астам халықаралық ұйымдарға мүшелікке кіріпті. Кеңестік дәуірде бұлар түсімізге де кірген емес. Демек, 7-ші мифті әшкерелеу жалғасын табуы керек.

8-ші екі миф бірін-бірі жоққа шығарады. М. Қозыбаев айтқандай, «бірі – бұл жылдарды шарықтау кезеңі десе, екіншісі – тоқырау кезеңі дегенді айтады. Бұл тартыс принципке негізделген. Егер біз бірінші мифті қостасақ, Кеңес өкіметінің құлауы кездейсоқтық болуын мойындаймыз. Ал, екінші миф тарихи процесті толығымен аша алмайды, шындықты бұрмалайды».

Өкініштісі – ұлттық тарихнамада екеуі де өмір сүріп келеді. Түптеп келгенде, соңғы екі мифке байланған «ақтаңдақтарды» жою ғылыми таным үшін, әсіресе «Қазақстан – 2050» Стратегиясын, «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» іс-шаралар дестесін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру үшін ауадай қажет.

М. Қозыбаев тарихшы-ғалым ретінде ғасыр жүгін арқалаған азамат еді. Академиктің аманаты ХХІ ғасыр тарихшыларының мойнында. Ұрпақтар мен идеялар сабақтастығы үзілмеуі керек. Мұнсыз даму жоқ.

### **Ескендіров М.Ғ.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ**

Халқымыздың ұзақ тарихында өз елінің көсегесін көгертуге, оның дамудың биік деңгейінен көрінуіне, абыройының асқақтауына өз саласында еңбек ете жүріп, бүкіл саналы ғұмырын арнаған, үлесін қосқан ұлдары мен қыздары аз болмаған.

Кезінде, Қазақстан тарихшыларының көшбасшысы бола білген, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев сол шоғырдың ішіндегі дара тұрғандардың бірі еді. Манаш Қабашұлы Қозыбаев көзінің тірісінде-ақ, Қазақстан тарихының классигіне айналған тұлға болды.

Мен, Манаш Қабашұлының алдынан дәріс алған студенті болып едім деп мақтана алмаймын. Бірақ, бұл жерде асыл ағаның жанында болып, оның тағылымға толы ой-тұжырымдарын тыңдаған, кеңесін алғандардың қатарында болғанымды да айтуым керек. Манаш Қабашұлының берген ақылы мен кеңесі шын мәнінде, менің ғылыми ізденістеріме және оның биіктеріне қарай жүруіме рухани қолдау болды. Осы тұрғыдан келгенде, мен өзімді халқымыздың ардақты перзенті, ғұлама ғалымы Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың шәкірттерінің бірі ретінде сезінемін.

Манаш Қабашұлын біздің семейлік азаматтар да өте жақсы білетін. Семейде, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, соғыстан кейінгі кезеңде онымен бірге оқыған, бүгіндері дүниеден озған Топшиноев Петр Петрович, Дәуменов Кеңес Дәуменұлы, Түсіпов Сұлтан Түсіпұлы, бүгіндері көзі тірі Ауғанбаева Сәлима Қадырбайқызы, Илиясов Мұстафа сияқты тамаша достары болды. Солардың бірі, сонау Ақмола жеріндегі Қорғалжында туса да, Семей жерінің төл баласындай болған, Манаш ағаның жақын достарының бірі, белгілі ғалым, марқұм Құрманбаев Асылхан Сүлейменұлы еді. Бұл кісінің, жақыннан байқағанымдағы өзім білген ерекше қасиеттерінің бірі – жастық шағындағы осы жолдастарын оның ерекше құрметтеуі, оларға деген адал сезімі. Оны біз Манаш ағаның

сирек болса да, Семейге келген кездеріндегі достарымен қауышқан ыстық құшақтарынан байқайтынбыз.

1998 жылы Семейге келген сапарында, Шәкәрім университетінде болған Манаш Қабашұлының: «Семей жері сонау көне дәуірден бері тұнған тарих қой, керек десеңіз бұл кәрі Семейде Әлихандай Алаш ұлдарының іздері әлі де сайрап жатыр емес пе? Қазақ тарихын зерттейтін болсақ, оның аймақтарының тарихына да, үлкен мән беруіміз керек. Аймақтар тарихын зерттеу қажеттілік. Сондықтан, жергілікті тарихты зерттеу үшін университеттер жанынан зерттеу орталықтарын құру бүгінгі күннің талабы» - деген сөздері әлі күнге дейін жадымызда. Абзал ағаның осы сөздерінің негізінде, 2000 жылдың 25 наурызындағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 248 хаттамасымен, бүгіндері нәтижелі еңбек жасап жатқан, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Тарихи зерттеулер ғылыми орталығы дүниеге келді. Ал, 2004 жылдың 5-ші сәуірінде университеттің Ғылыми кеңесінің қаулысымен Тарихи зерттеулер ғылыми орталығына академик Манаш Қозыбаев аты берілді.

Еліміз алғаш, аңсаған тәуелсіздікті алғанда, сол кездегі Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының басында, сол сияқты тарихшылардың көшбасында Манаш Қабашұлы Қозыбаев сияқты кемел ғалымның, тұлғаның тұруы, отандық тарих ғылымының одан арғы дамуына тағдырлық ықпалы болды деп айта аламыз. Шын мәнінде, Манаш Қабашұлы тәуелсіздік алған ел тарихының даму бағдарын көрсетіп кеткен тұлға болды. Ғалымның терең ізденістері мен толғаныстарының нәтижесінде, отандық тарихтың өзекті проблемалары айқындалды. Ол Елбасының «солшылдықтан», «рушылдықтан», «жүзшілдіктен» аулақ болуды тапсырған аманатын басшылыққа ала отырып, отан тарихын зерделеудің парасатты жолын ұсынды, оның басшылығымен азаматтардағы кең тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасы жасалынды.

Манаш Қабашұлы 1985 жылға дейін ғылыми жұртшылыққа Қазақстанның Кеңес дәуірі кезеңіндегі ірі зерттеушісі ретінде мәлім болса, ал еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап, ол өзінің зерттеуші ретіндегі міндетін, егемендік алған жағдайдағы Қазақстанның тарихын жаңаша зерделеуден көрді. Манаш Қабашұлы шын мәнінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының концепциясын жасаудың негізін қалаған тұлға.

Манаш Қозыбаев Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерін» зерттеуді алғаш рет қолға алушы болды. Оның ізденістерінің нәтижесінде, сонау 30-шы жылдарда сталиндік солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының басына түскен зұлмат бүкіл жұртшылық білген шындыққа айналды.

Оның Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың, оның ішінде қазақ халқының майдандағы ерліктері мен тылдағы ерен еңбектеріне арналған іргелі зерттеулері, мақалалары кезінде үлкен баға алған, бүгінде құндылықтарын жоймаған еңбектер қатарына жатады. Ғалым, бүгіндері кейбір ортада дискуссияға айналып жүрген «Ұлы Отан соғысы біздікі ме, әлде басқанікі ме?» - деген сұраққа бұлтартпас мысалдармен келе отырып, «Ендеше мұндай соғыстың отандық сипатына неге шек қоямыз?» - деп, тұжырымды жауап берген [1].

Манаш Қабашұлы отандық тарихтың бірқатар басты мәселелерін ашуға жаңаша ой-тұжырым жасады. Солардың ішінде, қазақ халқының этногенезі, қазақ мемлекеттігінің пайда болуы мен қалыптасуының, қазақ халқының ойрат басқыншыларына қарсы жүргізген азаттық күресінің, XVIII-XX ғасырдың басындағы отаршылдыққа қарсы халқымыздың ұлт-азаттық күресінің, Қазақстанның Ресей құрамына өтуінің, Кіші қазан саясатының, 1928-1932 жылдардағы көшпелі шаруаларды күштеп, ұжымдаструдың, саяси репрессиялардың, бүтіндей халықтарды жер аударудың және де т.б. жағдайлардың мәселелері бар. Манаш Қозыбаев біздің халқымыздың, сонымен бірге еуразиялық далалық өркениеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесін жаңаша пайымдады. Биік зерттеушінің қаламынан бірқатар, кезінде айтылса да нақты бағасын алмаған немесе мүлде айтылмаған қазақ халқының тарихи тұлғаларының портреттері шықты. Бұл да, тарихымыздың ақтаңдақтарын азайтуға қосқан зор үлес болды.



Сексенінші жылдардың аяғында, ғалым Ресей Ғылым Академиясының Тарих институтымен бірлесе отырып, Орта Азия мен Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатын қайта қарады. М.Қозыбаев бастаған авторлық топтың мақаласы «Қазақстанская трагедия» тақырыппен сол кездегі, «История СССР» журналында жарияланды [2]. Манап Қабашұлы байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, соның салдарынан болған ашаршылықты, жеке басқа табынудың тұсындағы оқиғаларды қайта қарап, оларға жаңа баға беруді ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының алдына қойды. Мұның өзін біздер, ғалымның азаматтық ерлігі деп бағалаймыз.

Быттыр, 2015 жылы, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына байланысты талай зерттеулер жарық көріп жатты. Мен сол кездерде, кезінде Манап Қабашұлы айтқан: «Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуын Ақордадан бастау керек» деген сөздерін еске түсірдім. Былай, адам ойланып қараса бұл тұжырымның да шындықтан алыс кетпейтіндігін көреміз. Болашақ қазақ халқының біртұтас организмге айналу үдерісі, кезінде біздің жеріміздегі болған Ақорда мемлекетінің шаңырағының астында жүргені де шындық [3].

Көптеген мәселер төңірегіндегі зерттеулер нәтижесінде, Манап Қабашұлының қаламынан шыққан «История и современность», «Ақтандақтар ақиқаты», «Жауға шаптым ту байлап», «Тарих зердесі», «Проблемы отечественной истории: методология, историография, источники», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» сияқты және т.б. сүбелі еңбектер дүниеге келді.

Ғалымның ел іздеп жүріп оқыған «Ақтандақтар ақиқаты» деп аталатын еңбегіндегі «Голощекин. Саяси портрет», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» сияқты мақалалары отандық тарихи әдебиеттегі тұлғалық портреттер галереясын жасаудағы алғашқы қадам болды. Осы еңбегінде, ол біз үшін беймағлұм болып келген, алғашқы отарлаушы Ермақтың түп-тұқиянына дейін жеткен мақаласын берді.

Бұрындарда, КСРО халықтарының жер аударлуы, күштеп көшірілуі тарихы тыйм салынған «қауіпті» тақырыптарға жататын. Бұрынғы сөздіктер мен анықтамаларда «депортация» сөзі туралы ештеңе табу мүмкін емес. Тек бір ғана жерде, 1957 жылы шыққан Үлкен Совет энциклопедиясында, оның өзінде үстіртін айтылған мынандай анықтама беріліпті: «Депортация – от латинского deportation, изгнание в буржуазной стране, принудительное выселение судом или в административном порядке лица, признанного социально опасным, из места его постоянного жительства и поселение его в место с ограничением свободы передвижения», яғни бұл белгілі бір себептермен азаматтарды тобымен жер аудару. Бұндай жағдай энциклопедияда көрсетілгендей, тек буржуазиялық қоғамда ғана болатын көрінеді [4]. Ал, жеке халықтардың құқықтарын аяқ асты жасау кешегі КСРО-да болды емес пе? Ал, 1970 жылы шыққан Үлкен Совет энциклопедияда да «депортация» сөзіне қысаң анықтама берілген. Онда да ондай жер аудару бізде болмаған сияқты, ештеңе делінбейді. Мысал ретінде, 1791 жылы Францияның саяси қылмыскерлерін Гвианаға жер аудару көрсетілген [5].

Депортацияланған халықтар проблемасына байланысты бетбұрыстың алғашқы пердесін ашқан да Манап Қабашұлы болды. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесіне байланысты ол кісі 1990 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының «Хабаршысы» басылымында «Национальные отношения накануне и в годы Великой Отечественной войны» мақаласын жариялады. Осы бір тарихшы үшін болсын, кімге болсын тартымды мақалада Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы және соғыстың кезіндегі Қазақстан аймағына депортацияланған диаспоралардың қалыптасу тарихына деректік тұрғыдан сараптама жасалынған [6].

Үлкен ғалымның, ұлағатты ұстаздың өмірдегі жүрген жолына көз сала отырып, осы жерде халқымыздың «Дүниеде өлмейтін, өшпейтін екі-ақ нәрсе бар. Оның бірі – ғалымның хаты. Екіншісі – жақсының аты» деген нақылын еске түсіргіміз келеді. Шынында, Манап Қабашұлы Қозыбаев – ұлтпен мәңгі бірге жасайтын тұлға.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Қ. Қозыбаев. Елдік үшін күрес мыңжылдығы / Қозыбаев Манаш. Шығармалары. – Алматы, 2013. Т.4. Б.50.
2. М.Қ. Қозыбаев. «Казахстанская трагедия» // «История СССР» 1990, №7.
3. М.Қ. Қозыбаев. Елдік үшін күрес мыңжылдығы / Қозыбаев Манаш. Шығармалары. – Алматы, 2013. Т.6. Б.189.
4. Большая Советская Энциклопедия (БСЭ) Т. 14. – М., 1952. С.48.
5. Большая Советская Энциклопедия (БСЭ) Т. 8. – М., 1970. С.107.
6. М.Қ. Қозыбаев Национальные отношения в СССР накануне и в годы Великой Отечественной войны // Вестник АН КазССР. 1990, №1. С.11.

## Игібаев С.Қ.

т.ғ.д., профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

### АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҮЛЕСІ

Атақты тарихшы, академик М.Қ.Қозыбаев (1931-2002жж.) Қазақстан тарихының «ақтандақ беттерін» азайтуда, оны жоюда айтарлықтай еңбек етті. Тарих ғылымының докторы, профессор, Шоқан Уәлиханов атындағы жүлденің, Қазақстан Республикасы жүлдесінің және тағы басқа жүлделердің лауреаты Манаш Қозыбаевтың басқаруымен 80-нен астам ғалымдар диссертациялық жұмыстарын қорғап, докторлық және кандидаттық дәрежелерге ие болды. Көрнекті ғалым 800 ден астам еңбектердің авторы. Атақты ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың еңбектерінде Қазақстан тарихының күрделі мәселелері, ақтандақтары ақиқат тұрғысынан шешіліп қана қоймай, халықтың ұлттық санасының оянуына, қалыптасуына, елге, жерге, отанға деген сүйіспеншіліктің жоғарғы деңгейге көтерілеуіне үлкен әсер ететін сезімдер, толғамдар айтарлықтай көп.

Манаш Қабашұлының отанға, оның тәуелсіздігіне деген сезімі өте ыстық және терең. Осы әсерімді мен өз сөзіммен жеткізе алмар едім? Сондықтан Манаш ағаның сөзімен қайталаған жөн болар. «Жауды шаптым ту байлап» еңбегінде автор былай дейді: Отан жан азығы, пенденің түп қазығы екендігі қазағыма қанмен дарыды, Отансыз адам – суалған өзен, құлазыған дала екендігін көрді олар. Отансыз өмір, бықсыған көмірдей сан ұрпақты ащы түтінге қамады. Отан, - ошағым ғой маздаған, пырағым ғой өзегімді өртеген, қуатым өмірімді жалғаған, - деп талай ата-бабаларымыз арманға бөленді. Отан берік қамалы, таудан ескен самалы екенін білген ел азаматы «Отан» деп толғанды. «Отан» деп ұрыс шебіне долданды. «Отан» деп жауын жермен жексен етті, не өз қанын сел етті, көздің жасын көл етті.

Тәуелсіздікке байланысты толғамда, Манаш Қабашұлы былай деп айтады: Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы. Осы айтылған түйінді ұғымды Манаш Қабашұлы қазақ халқының ұзақ уақыт бойы, он алтыншы ғасырдың аяғынан 1990 жылға дейін өзінің жері, елі, тәуелсіздігі үшін табанды күресінің, ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесі екенін дәлелдейді. Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысын жеті кезенге, белеске бөліп қайрады. Тәуелсіз ел болдық, еңсеміз көтерілді, Ту тіктік, оны шайқалтпай ұстау елге сын. Тәуелсіздіктің негізі – елімізді іргелі ел қылу, халқын серпілту, тұрмысын шалқыту, мәдениетін көгерту – деп жазды ғұлама ғалым. Осындай халық пиғылын президент Н.Назарбаев мемлекеттің негізгі стратегиялық бағытына жатқызды: бірінші – қауіпсіздік, екінші – экономиканы әрі қарай дамытып, халықтық тұрмысын жақсарту, үшіншіден – елде тұрақшылықты, тыныштықты сақтай отырып, қоғамды және оның басқару жүйесін дамыту (Казахстанская правда. 22 октября. 2004г.) Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының

ұлы-саралық, ұлтаралық татулықты, ынтымақты ұсыну саясаты – ақ жол, деп бағалады Манап Қозыбаев. Тәуелсіз, егемен елдің азаматы – арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Қазақ елінің перзенті өз Отанын қорғауға дайын болу керек. Ол үшін, - деді Манап Қабашұлы, - тек білім, өнер аз, ден саулығы күшті, білікті, білекті болуы абзал. Американың бір солдатты басқа елдің 10 солдаттымен тең. Олар санымен алмайды, сапасымен алады. Бізде батыр, батыл, адал перзент өсіруіміз керек.

Манап Қабашұлы тәуелсіздік жөніне өз пікірін былай білдірді. Біз тәуелсіздіктен ұлтаралық үйлесімді, татулықты, халық-аралық бейбітшілікті күтеміз.

Біздің болашағымыз – ХХІ ғасыр.

Манап Қабашұлының «Майдангер студенттер» және басқа да көптеген көрнекті көлемді шығармаларында патриоттық сезім, жастарды Отанын, жерін, елін сүйуге, адал еңбек етуге, оқуға, білімге, ұлт аралық сыйластықты сақтауда тәлім, өсиет боларлық ұғым, толғамдар, нанымды, жүректі тебіреніп, оған үлкен ой салатын нақыл сөздермен жазылған.

2000 жылы Манап Қабашевтің Қозыбаевтың бас редакторлығымен «Жаңа замандағы Қазақстан» баспадан шығып, жарық көрді. Кітаптың «Ресейге қосылу немесе империя билігін амалсыздан мойындау проблемалары» бөлімінде М.Қ.Қозыбаевтың қазақ елінің Ресейге «қосылу» ұғымына берген түсіндірмесі келтірілінген: «М.Қозыбаев «қосылу» термині тарихи үрдістің мәнін дәл білдірмейді, күштеу негізінде болған қорлаушылық мәні бар деп есептейді. Оның пікірінше, Қазақстан негізгі объектіге қосылған субъекті рөлінде көрінеді. Кезінде империялық кеңселерде жасалып, кеңестік ресми тарих ғылымында қабылданған термин іс жүзінде «басып алу», «агрессия», «жаулап алу» деген терминдердің баламасы болып көрінеді» [1, 18б.].

Шынында да, Кіші және Орта жүз қазақтары ХVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан Ресей империясының құжырында бодандықта болды деген ресми мәліметтерге қарамастан, бағыныштылықтың белгілері болғанымен, Ресей мен Қазақ хандарының қарым-қатынастары ХVIII ғасырдың соңына дейін протектораттық негізде жүргізіліп жатты. П.И.Рычковтың (1712-1777), 1896 жылы Оренбург баспасынан шыққан «История Оренбургская (1730-1750) – атты еңбегінде Қазақстанның Ресейге «қосылу» ұғымынан көрі протектораттық ұғым басымырақ. 1730 жылы 8 қыркүйекте Уфаға келген Әбілқайыр (1693-1748) ханның елшілерінің сөзін П.И.Рычков жазбаша жеткізген. Елшілердің айтуынша, - дейді П.И.Рычков, олар жоңғар әміршісі және оның қалмақтарынан зәбір көруде, егер ұлы мәртебелі патша-ханымның қамқорлығында (протекциясында) болсақ, бір кездерде өздерінің барлық иеліктерін қалмақтардан қайтарып аламыз деген. ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарының басына дейін қазақтың мемлекеттік басқару жүйесі сақталынды. ХVIII ғасырда қазақ хандары көрші мемлекеттермен сыртқы саясатын Ресейге жалтақтамай жүргізе берді. Халық жиналысы – құрылтай, немесе съезд-сейм өзінің жоғарғы рөлін сақтап қалды, билердің кеңесі ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде өз міндетін атқарып тұрды. Ресей колониалдық саясатын іске асыра бастағанда, қазақтар жерінен айырылсада, бодандықтағы мемлекеттерге тән салықты қазақтар Ресейге төлеген жоқ. Орынбор өлкесінің бірінші губернаторы И.И.Неплюевтің (1693-1773) қазақ жеріне басқыншылық шабуылдарының күшейуіне байланысты Әбілқайыр ханның билігіндегі Кіші жүз қазақтары 1743-1744 жылдары Ресей шекараларын шабуылдап, 1746 жылы ақпанда Ресей бодандығындағы Еділ қалмақтарына жорық жасап, көптеген адамдарын тұтқындаған. Абылай сұлтан (1711-1781), 1771 жылдан бастап хан, Жоңғарияның ханы Лама-Доржидан (1750-1753) Орта жүзге, Абылайға қашып келіп, паналаған жоңғардың нойондарын (княздерін) Даваци мен Амурсананы, Бангжурды, барлығы 20 адамды жоңғар ханына да, елші жіберіп сұраған Ресей мемлекетіне де бермеген. Тарихшы В.Я.Басиннің пікірі бойынша ХVIII ғасыр мен ХХ ғасырдың басында қазақтарды Ресейдің «боданы» ретінде қарастырудың дұрыс емес екендігін айтып, Ресей мен Қазақ арасындағы қарым-қатынастар протектораттық институтының пішіні вассалдық элементтермен үйлестіріліп жүргізілінген [2, 260]. Ф.Энгельс (1820-1895) 1858 жылы 3 қарашада «New York – Daily Tribune» №5471 газетінде жарияланған мақаласында ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарының басында қазақ жүздерінің Ресей империясының тікелей

құрамдас бөлімі болмағандығын жазған. Көрөмен-монарх Ұлы Петрдің, - деген Ф.Энгельс, - 1717 жылы Хиваны жаулауға жіберген экспедициясы сәтсіздікпен аяқталды, осы оқиғадан кейін Россия көп уақыт бойы түркістан даласының тыныштығын бұзған жоқ, бірақ осы кезде Еділ мен Орал өзендері аралығын орыс казактары қоныстанды, Орал өзені бойында казактардың әскери қоныстары салынды. Бұған қарамастан, осы өзеннің арғы жағында «Ресейдің үш ордаға немесе қырғыз тайпаларына жүргізген билігі сырт көріністі ғана, шақтылы («чисто номинальной»), және орыс керуендері қырғыздар жағынан да, хивалықтар жағынан да, 1833 жылы Орынборға бас қолбасшылыққа генерал Василий Перовский тағайындалғанша, тоналынды» [3, 615-616б.]. Академик М.Қ.Қозыбаевтың «қосылу» ұғымына айтқан пікірін жалғастыра отырып, XVIII ғасырдағы Қазақ – Ресей қатынастарын протектораттық негізде тереңірек зерттеуіміз қажет.

М.Қозыбаев Қазақстан жерінде кеңес үкіметінің орнау тарихнамасын зерттей келе кеңес өкіметін орнатуда солдаттардың қатысқанына көңіл бөлген [4, 174б.]. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы кеңестік жүйені қабылдауға әзір болмаған. Осыған орай көрнекті мемлекет қайраткері, 1919-1921 жылдары РКП(б)-ның Түркбюро Орталық Комитетінің мүшесі, Түркстанда Кеңес үкіметін орнатуға қатысқан, социализм жөнінде өз түсінігі бар, өзбек, қырғыз, қазақ халықтарының жағдайын өз көзімен көріп, мақсаттарын білген Георгий Иванович Сафаров (1891 - 27 шілде 1941/42) «Колониальная революция (опыт Туркестана) атты еңбек жазған, бұл шығарма 1921 жылы Москваның баспасынан шыққан. Осы еңбегінде мұсылман халықтары үшін революцияның түбірлі сұрағы – ол ұлттық тәуелсіздік, «оларға ұлттық тәуелсіздік нандай қажет болды» [5, 102б.], деген. Өзін өзі әскери борыштан босатып, кейін қызыл гвардияшылар қатарында болған Орта Азия мен Қазақстанның жеріндегі солдаттардың халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығын Г.Сафаров ашына көрсеткен. Г.И.Сафаровтың айтуынша Кеңес үкіметі Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан жерінде салтанатты түрде бірден орнамаған, ол «шашылып, тек азғантай қалалар мен станцияларда «оазистердей» болған» [5, 121б.]. Мұстафа-Шоқай-оглы (1890 – 27 желтоқсан 1941) Орта Азия мен Қазақстан халықтарының еркіндігі, теңдігі жолында күрескен қайраткер Ресейдің шет аймақтарын мекендеген ұлттарда Қазан төңкерісінің колониалдық жолменен жүргенін нанымды, дәлелді деректердің негізінде жазған. Қазан төңкерісі кезінде мұсылмандардың қорғаныссыз қалғанын М.Шоқай Түркстанның Халық Комиссариаты Кеңесінің бастығы, орыс большевигі Сорокиннің сөзімен баяндайды: «Мұсылмандардан барлығын тартып алуда, тартып алып қоймай, оларды өлтіруде. Біздің солдаттар қорғаудың орнына тонап және өлтіруде... Кишлактарда (жергілікті селоларда) халық ланкестікке ұшырап, қашуда. Қарақшылар тобының қатары өсуде. Мүмкін, кімде-кім қарсылық білдіріп, айтатын шығар, - мыс – бұл партия емес, Қызыл армия зорлық көрсетіп, жәбірлеуде. Бірақ партия басқарушы. Барлық партия органдарының билеушілері партиядағы жолдастар, оған қарамастан олар жағдайды жақсартуға қимыл жасап, ешқандай шара қолданбайды. Олардың жақтауымен барлық жерде маскүнемдік пен бұзақылық өршіп тұр, әрине, партия мұндай кінәға жауапты» [6, 26-27б.]. М.Шоқай Қазан төңкерісінің 10 жылдығына Москваға келіп, Түркстанда аздап болған француз делегаттарына революцияның салдарын айта келіп, қортындылады: «Түркстандағы Кеңес өкіметі ең алғашқы құрылғанынан осылай» [6, 29б.]. Кеңес өкіметі Қазақстанның кейбір жерінде салтанатты орнады деген ұғым шындықтан алысырақтау.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басынан, тоталитарлық жүйенің үстемдігінің әлсіреуіне байланысты ғалымдар ұлт-азаттық қозғалыстардың мәселелерін зерттеп, көтере бастады, оның ішінде Қазақстанда да. 1990 жылы 27-28 шілдеде Қазақ ССР-ы ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен «Вопросы истории» журналының редакциялық алқасы «Отаршылдық жағдайдағы ұлттық қозғалыстар: Қазақстан, Орталық Азия, Солтүстік Кавказ» тақырыбына М.Қ.Қозыбаевтың басқаруымен Бүкілодақтық «Дөңгелек үстел» ұйымдастырды. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар Ресей империясы құрамындағы халықтардың патша өкіметіне, отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық күрестердің келелі мәселелерін жаңаша,

казыргі талаптарға сай зерттеудің қажеттілігін айтты. Тарих, археология және этнография институтының директоры академик М.Қ.Қозыбаев өзінің кіріспе сөзінде, «тоталитарлық режимнің идеологтарына шындықтың қажеті болмады, олардан тек жалпылай бас иіп, тыңдауды, оның ішінде өзінің ұлттық-мәдени құндылықтары және дәстүр-салтынан да бас тартуды талап етті» [7, 5б.].

М.Қ.Қозыбаев Алматыдағы желтоқсан (1986ж.) уақиғалардың мазмұны мен құндылығын ашып, дұрыс ғылыми баға берді. «Халықтың демократиялық қозғалысы, - деп жазды академик, - қоғамның ұранын алға тартып, келешекке ұсыныс еңгізді. Одақтас республикалардың құқықтарын кеңейтуді, орталықталған билікке және жоғарыдан диктаттық басқаруға қарсылық білдірді, бұның соңы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының ұлттық саясатының қағидаларын қайта қарауға әкелді. Осыған байланысты қозғалыс ұлттық-азаттық сипатта» [8, 32б.], деп тұжырымдады. М.Қ.Қозыбаев мұрағат құжаттарын кеңінен пайдалануының негізінде Ұлы Отан соғысында фашистік Германияны жеңуде Қазақстанның орнын, үлесін тиянақты көрсетті және Ұлы Отан соғысына байланысты баспадан шыққан кейбір шығармаларда орын алған асыра сілтеушілікті де қатты сынады. «Соғыс кезінде Қарғандыда кадрлардың тұрақсыздығы бірнеше азайды деген пікірмен келісуге болмайды. Шындығында жағдай басқадай болған. Жұмысшы күшінің жетіспеушілігі тек Қарағанды бассейнінде ғана емес басқа жерде де кадрлардың тұрақсыздығы жоғары болды» [9, 12б.]. 2000 жылы М.Қ.Қозыбаев «отечественная история XX века: мифы и реальность» атты құнды мақаласын жариялады. Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы кезіне байланысты да тарихтың келелі мәселелері көтерілінген [10].

Академик М.Қ.Қозыбаевтың Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін тарихнамалық деңгейде зерттеуде, бұрын ашылмаған ақтаңдақтарды ашуда тендесі жоқ, үлесі үлкен, ғалым.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Бестомдық. 3. Алматы «Атамұра», 2010.
2. В.Я.Басин. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). Алматы: Наука КазССР, 1971.
3. Ф.Энгельс. Прогноз России в Средней Азии / К.Маркс и Ф.Энгельс. Сочинения. – Изд. 2-е. – М., 1958 – Т.12.
4. М.К.Козыбаев. История и современность. Алма-Ата: Ғылым, 1991.
5. Г.И.Сафаров. Колониальная революция (Опыт Туркестана). Қайта шығарылуы. Алматы: Жалын, 1996.
6. Мустафа Чокай-оглы. Туркестан под властью Советов (К характеристике диктатуры пролетариата). – Алма-Ата: «Айқап», 1993.

#### **Бегалинова К.К.**

доктор филос. наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана

### **ОТРАЖЕНИЕ ГЕРОИЗМА КАЗАХСТАНЦЕВ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В ТРУДАХ М. КОЗЫБАЕВА**

Одним из крупнейших отечественных исследователей истории Великой Отечественной войны явился академик М. Козыбаев. Им написаны десятки монографических работ, сотни статей, в которых нашли всестороннее отражение различные аспекты Великой Отечественной войны. В кандидатской и докторской диссертациях он раскрывает роль коммунистической партии Казахстана в период Великой Отечественной войны. Им по-новому был осмыслен великий подвиг казахстанцев в годы жестокой войны. Он использовал громадный пласт новых, ранее недоступных исторических источников, взятых из более «двадцати хранилищ центральных, республиканских, областных, партийных

и государственных архивов» [1, с.3]. Как исследователя, его отличали честность, принципиальность, беспристрастность и объективность в изложении материала. Когда после распада Советского Союза усилился шквал критики, очернений советской истории, академик М. Козыбаев не мог обойти стороной эти обвинения. «Да, кое-что писалось раньше по-другому. Во-первых, таково было наше миропонимание, мы были воспитаны по-другому, мы вышли из «советской шинели» и многое понимали не так, как должно, и поэтому ошибались; во-вторых, многого мы не знали, на многие темы при тоталитарном режиме был самый элементарный запрет; в-третьих, нашу историю писали за нас другие; сегодня мы свободны и независимы, и ничто не должно мешать нам самостоятельно отслеживать свою историю», - писал академик М. Козыбаев [1, с.4].

В своих исследованиях он показывает, что Великая Отечественная война явилась серьезным испытанием для казахстанского народа. Они как один поднялись на защиту своей Родины с непоколебимой решимостью биться до последней капли крови, до сокрушительного разгрома фашистов. С оружием в руках защищать Советскую страну на фронт отправилось свыше одного миллиона казахстанцев. Казахские воины мужественно сражались на всех фронтах войны. Они одними из первых приняли удары фашистских захватчиков и первыми среди других знаменных групп в лице Кошкарбаева и Г. Булатова водрузили Знамя Победы в одном из окон рейхстага. Среди защитников Брестской крепости были казахстанцы В. Фурсов, Г. Жуматов, Ш. Сулейменов, И. Иманкулов, М. Ниязов и многие другие. Помимо этого, казахстанцев, как и представителей других народов, мобилизовали в трудовые армии для строительства оборонных объектов в прифронтовых районах, недалеко от зоны боевых действий.

Территория нашего Казахстана в годы войны превратилась в большой военный плацдарм, где шло формирование воинских частей, - отмечает М. Козыбаев в своей работе «Казахстан – арсенал фронта» (1970 г.). С Казахстана прямо на фронт были отправлены 12 стрелковых дивизий, 4 национальные кавалерийские дивизии, 7 стрелковых бригад, в том числе 2 национальные стрелковые бригады. Помимо этого, на территории Казахстана формировались около 50 полков и батальонов различного рода войск. Среди этих дивизий была 316 стрелковая дивизия, будущая прославленная легендарная 8 Гвардейская Панфиловская дивизия, которая сражалась на волоколамском направлении. Она формировалась на базе одной из алматинских школ, где сегодня располагается детская музыкальная школа № 1 имени АмреКашаубаева. На ней установлена мемориальная доска с надписью: «В июле-августе 1941 года здесь размещались штаб и политотдел (316) 8-й Гвардейской стрелковой дивизии имени Героя Советского Союза генерал-майора И.В. Панфилова».

Бойцы 8-й Гвардейской Панфиловской стрелковой дивизии героически отстаивали важнейший подмосковный рубеж у разъезда Дубосеково. Десятки танков вместе с намного превосходящими по численности гитлеровцами-пехотинцами рвались к Москве. Панфиловцы вступили с ними в неравный бой. Об отступлении никто не помышлял. Коммунист-политрук В.Г. Клочков крикнул бойцам: «Велика Россия, а отступать некуда. Позади Москва». Политрук погиб в этом бою, но его слова стали крылатыми, явились девизом советских солдат в оставшиеся годы жестокой войны. По воспоминаниям панфиловца Малика Габдуллина, незадолго до трагического сражения в беседе с политруком В.Г. Клочковым был затронут вопрос о стойкости солдат, на что политрук ответил: «У нас еще мало стойкости. Но мы хотим показать здесь, как надо драться с врагом. Об этом мы уже договорились со своими бойцами. Дальше отступать некуда... Я твердо решил – ни шагу назад! Велика Россия, а отступать некуда. Куда же еще уходить с нашей, родимой, этой земли? Некуда!» [2, с.116].

Отмечая вклад наших соотечественников – казахстанцев в победу в Отечественной войне, академик М. Козыбаев пишет, что на горной территории нашей страны, в частности недалеко от Алматы, создавались спецшколы по подготовке стрелков для Советской армии. Многие из выпускников этих школ прославились в боях, которые велись в горных

местностях. На фронтах Великой Отечественной войны казахстанцы показывали примеры беспредельного мужества, героизма. Следует заметить, что сотни казахов были удостоены почетного звания Героя Советского Союза. К числу их относятся славные дочери казахского народа Алия Молдагулова и Маншук Маметова. Как отмечается в отечественных исследованиях, на каждый миллион казахов приходится 33 героя. К примеру, этот показатель у туркмен равен 21, у киргизов он составляет 18, а у узбеков он равен 16 героям [3, с.6].

В памяти людей Герой Советского Союза Маншук Маметова осталась двадцатилетней, совсем юной, совершившей подвиг, обессмертившей её имя. Она родилась в 1922 году в Западном Казахстане. Рано потеряла родителей и ее удочерила родная тетя Амина Маметова. Она мечтала стать врачом, поступила в Алматинский медицинский институт. По совместительству работала в секретариате Совнаркома республики. Когда началась война, она не смогла остаться в стороне, проявить равнодушие к народному горю, и предпринимала неоднократные попытки добровольцем уйти на фронт. Это ей удалось в августе 1942 года. «Так как послать на фронт из семьи некого, нет ни брата, ни сестры, поэтому прошу сама», - писала Маншук в одном из своих заявлений [3, с.7]. Ее отправили в одну из частей Красной Армии, где оформили писарем при штабе 100 Казахской отдельной стрелковой бригады. Но Маншук с твердостью изъявила желание быть бойцом, участвовать в сражениях. С этой целью она на фронте окончила курсы пулеметчиков и вскоре была переведена первым номером пулеметного расчета в стрелковый батальон 21-ой гвардейской стрелковой дивизии. Она героически переносила все трудности, тяготы военных лет. В сражениях шла в передних рядах. Пользовалась безграничной любовью, уважением у солдат и офицеров. Но ее боевая жизнь была недолгой. Она прервалась 16 октября 1943 года у стен города Невеля. Батальон, в котором воевала Маншук, получил задание отбивать контратаку немцев-фашистов. Несколько раз завязывалась смертельная схватка с врагом. Гитлеровцы вели шквальный огонь и неоднократно пытались пойти в атаку, но ответный огонь наших солдат опрокидывал немцев назад. Живых советских солдат оставалось все меньше. Замолчали и пулеметы недалеко от Маншук. И тогда хрупкая казахская девушка, под огнем противника, переползая от одной огневой точки к другой, добралась до замолчавших пулеметов и повела огонь по противнику. Гитлеровцы основной огонь минометов направили на позиции Маншук. Рядом с ней разорвался снаряд, который ранил ее в голову. Несмотря на это, она продолжала строчить из пулемета. Благодаря этому, атака немцев снова захлебнулась, что дало время нашим войскам занять более удобные позиции и пойти в наступление. Но Маншук осталась лежать на склоне холма, зажимая пальцами гашетку «максима». Ею было уничтожено в последнем для нее бою более 70 фашистских солдат. В этот же день о ее подвиге узнали бойцы 21-ой гвардейской дивизии, а следом за ними – вся армия. Ее похоронили в г. Невеле. В 1944 году Маншук Маметовой посмертно было присвоено высокое звание Героя Советского Союза. Не стало 20-летней Маншук. Думается, из нее вышел бы первоклассный врач. Она стала бы любящей женой, матерью, бабушкой...

Не суждено было познать радость земного бытия, счастье материнства и другой нашей соотечественнице, воевавшей на одном фронте с Маншук и расставшейся с жизнью в 19-летнем возрасте. Это – Алия Молдагулова, уроженка Актюбинской области. Из автобиографических источников известно, что она в детские годы осталась сиротой, мать ее погибла во времена голодомора, а отец оставил семью, преследуемый властями как потомок бая. Алию забрал в свою семью в Алма-Ату брат матери Аубакир Молдагулов, ее воспитанием занималась бабушка. Но через два года, в 1935 году ее дядя поступает в Московскую Военно-транспортную академию и Алия вместе с семьей дяди переезжает сначала в Москву, а затем, через несколько лет - в Ленинград, где она идет учиться в школу-интернат № 46. В начале войны семья дяди была эвакуирована. Алия осталась в Ленинграде, в детском доме, и во время блокады она вместе с другими детдомовцами была вывезена в село Вятское Ярославской области. Осенью 1942 года она поступила в Рыбинский авиационный техникум, но через три месяца учебы она подает заявление в военкомат с просьбой добровольно уйти на фронт. Ее просьба была удовлетворена. Она была направлена

в Центральную школу инструкторов снайперской подготовки, где за отличную учебу была награждена именной винтовкой с надписью «От ЦК ВЛКСМ за отличную стрельбу». По окончании школы она была направлена снайпером в 54-ю стрелковую бригаду. В январе 1944 года 54 стрелковая бригада с боями вышла к г. Новосокольники Псковской области. Батальон, куда входила снайперская группа, где служила Алия Молдагулова, вышла к железной дороге, но была встречена жестоким огнем фашистов, под которым захлебывались атаки наших солдат. «В этот критический момент Алия Молдагулова встала во весь рост и крикнула: «Братья, солдаты, за мной!». Советские бойцы поднялись за ней в атаку. Противник также активно контратаковал. В течение дня Алия трижды участвовала в отражении контратак противника. Во время одной из атак снайпер Алия Молдагулова, будучи раненной в руку осколком мины, тем не менее, участвовала в рукопашном бою, который завязался в немецкой траншее. В ходе этого боя Алия была вторично ранена немецким офицером, которого она уничтожила; однако вторая рана оказалась смертельной. Советским правительством Алия Молдагуловой посмертно было присвоено звание Героя Советского Союза. Похоронена она в деревне Монаково Новосокольнического района, где ей установлен памятник.

На Ленинградском направлении воевала третья часть казахстанских формирований. В частности, 310 и 314 стрелковые дивизии участвовали в обороне и прорыве блокады Ленинграда, показывая массовый героизм. Среди воинов, бесстрашно, самоотверженно оборонявших Ленинград были Т. Сапаров, И. Омаров, С. Рахметов, Т. Ашимбаев, М. Койбагаров, Х. Мадиев, Ж. Батаев, К. Дабылов, М. Южаков и многие другие. Свой подвиг под Ленинградом совершил С. Баймагамбетов, закрыв грудью амбразуру дзота, за что ему было посмертно присвоено звание Героя Советского Союза. Это высокое звание было присвоено и снайперу Ибрагим Сулейменову, уничтожившему 239 немецких фашистов. Казахские бойцы сражались за Ленинград не только на суше, но и на море. Так, на крейсере «Киров» воевало 156 казахстанских матросов. Боевой дух ленинградцев поддерживал весь казахстанский народ. Акын Жамбыл Джабаев написал стихотворение «Ленинградцы, дети мои!».

Неувядаемой ратной славой покрыли себя казахстанцы и в боях под Сталинградом, граничившей с Западно-Казахстанской областью, ряд населенных пунктов которой оказался в границах театра военных действий. В этих поселениях были размещены личный состав и различные службы более 120 частей Сталинградского фронта. Указом Военного Совета Сталинградского фронта город Уральск был включен в фронтовую зону. В Сталинградской битве приняли участие сформированные в Казахстане пять стрелковых, одна кавалерийская дивизии, морская стрелковая бригада, минометный полк и мотостроительный батальон. 1 марта 1943 года после ожесточенных битв за Сталинград 29 Акмолинская и 38 Алма-Атинская стрелковые дивизии были переименованы соответственно в 72 и 73 гвардейские дивизии. За стойкость и мужество бойцов 73 гвардейская дивизия под командованием полковника Гани Сафиуллина получила почетное звание Сталинградской. Бойцы этой знаменитой дивизии уничтожили 120 фашистских танков и 800 автомашин. Ценой собственной жизни многие бойцы дивизии не пропустили врага в Кировский район Сталинграда, самоотверженно держали его оборону, тем самым обеспечивая непрерывную, бесперебойную работу заводов по ремонту танков, самоходных орудий и другой военной техники. Казахстанцы на Сталинградском, как и на других фронтах, показывали массовый героизм. Звания Героя Советского Союза за бои под Сталинградом получили Н. Абдиров, К. Спатаев, А. Баскаков, Т. Мурзаев и многие другие казахстанцы. Карагандинец Нуркен Абдиров направил свой горящий самолет в гущу вражеских танков и вместе со своим экипажем погиб смертью храбрых. Карсыбай Спатаев пошел навстречу фашистскому танку и бросился под стальные гусеницы вместе с оставшейся у него последней миной. Среди защитников «Дома Павлова» были и казахстанцы, в частности Толыбай Мурзаев. Их подвиги увековечены в мемориальных памятниках, в названиях улиц



Волгограда. А одна из улиц Волгограда носит название «Казахская» в честь подвига казахстанцев в Сталинградской битве.

Тысячи казахстанских воинов участвовали в битве на Курской дуге. Имена многих казахстанцев – Б. Рабаева, Г. Елепова, У. Азизова, Б. Садвакасова, Б. Сагындыкова, Б. Штепа и других золотыми буквами вписаны в летопись этой битвы. Казахстанцы принимали активное участие и в партизанском движении, вели самоотверженную борьбу и в подполье на оккупированных врагом территориях, приближая день освобождения от фашистских агрессоров.

Сотни тысяч казахстанцев отдали свои жизни за освобождение Крыма, Украины, Прибалтики. После ожесточенных боев за село Ружжаны Белостоковой области у погибшего молодого командира С. Рахимжанова было найдено предсмертное письмо, в котором содержались такие строки: «Вырос при Советской власти, ею и воспитан... Если же погибну, то ты, товарищ, отомсти за меня, за всех павших героев, чтобы жила наша Великая Родина – мать, чтобы наш народ добился великой цели». С такими мыслями о Родине, о своем семейном очаге многие казахстанцы шли в смертельные сражения с врагом. Вместе с Советской Армией они высоко несли Знамя освобождения от фашистских агрессоров в Европе. Казахстанцы победоносным шагом дошли до Берлина и одними из первых водрузили знамя Победы над рейхстагом. Как видим, нелегко далась Победа над фашистской Германией.

В произведениях М. Козыбаева показывается, что народ Казахстана беззаветно, мужественно трудился и в тылу, обеспечивая Советскую армию всем необходимым – продовольствием, медикаментами, обмундированием, военной техникой. В Казахстан были эвакуированы из западных и центральных регионов страны несколько сотен заводов и фабрик. Они на местах в кратчайшие сроки восстанавливались и давали бесперебойно продукцию. В течение всей войны население Казахстана собирало добровольные средства на строительство танков, самолетов. Воинам на фронт от казахстанцев доставлялись вагонами подарки, теплые вещи. Подлинный героизм показывали и представители творческой интеллигенции. К примеру, работниками Центральной объединенной киностудии в Алматы, созданной на базе эвакуированных Мосфильма и Ленфильма, были выпущены немало художественных и документальных фильмов о войне – «Фронт», «Два бойца», «Она защищает Родину», «Жди меня» и многие другие. Эти фильмы с теплотой смотрели бойцы, они поднимали их дух, вселяли в них веру в победу над фашистскими агрессорами.

Великая Отечественная война, начавшаяся более 70 лет назад, в июне 1941 года, была самой безжалостной, драматической войной. Она никогда не уйдет из жизни постсоветских людей, благодаря таким исследователям, как академик М. Козыбаев, которые объективно изложили в своих трудах всю ее горькую историю. В Москве, у стен Кремля, на могильной плите Неизвестного солдата начертаны слова: «Имя твое неизвестно, подвиг твой бессмертен». Мы, потомки великих воинов, будем помнить мужество и массовый героизм советских воинов на фронтах Великой Отечественной войны, советских людей, трудившихся беззаветно в тылу врага, отдавших свои жизни за счастье ныне живущих людей. Пусть сегодня нет Советского Союза, а существует 15 независимых суверенных государств, но эта война навсегда скрепила, связала кровавыми узами всех людей, даже тех, кого сегодня нет в живых. Какие-то особые, генетические связи, помимо биологических и социальных структур, связывают поколения тех, которые воевали на этой войне с теми, которые родились после этой войны, которые живут сегодня. И главной причиной этой связи выступают необычайные духовные порывы, называемые патриотизмом, гуманизмом, человечностью, любовью к своему Отечеству и многими другими словами. Жизнь показала, что это не пустые слова, это не есть термины, набившие оскомину своими постоянными звучаниями в годы советского тоталитаризма, а это такие духовные феномены, за которыми стоят конкретные люди, их конкретные поступки, деяния.

Среди этих людей, как звездочка на ярком небосклоне, сияют имена 28 Панфиловцев, Маншук Маметовой, Алии Молдагуловой, Нуркена Абдирова, Карсыбая Спатаева и многих

других героев. Им бы учиться в высшей школе, ходить по земле, стать врачом, инженером, учителем, просто человеком, любить человека, создавать семью и их вклад тогда был бы не меньшим, чем военный подвиг. Но жизнь распорядилась иначе. Они осознали космическую ответственность, выпавшую на их долю. Они поняли, что только они и никто другой может выполнить эту миссию. Наполненные этими мыслями и чувствами, они проходят через все жизненные преграды, воюя за свободу и независимость своей родины. Именно это осознание своей ответственности двигало ими все дни войны. Они выполнили свою миссию до конца, до последнего дыхания, оставаясь преданными своему долгу, своему высшему предназначению.

И этот подвиг сделал их бессмертными, а мы, живущие на Земле сегодня, ощущаем свет далёкой звезды, свет звезды каждого Героя Великой Отечественной войны. Он согревает нас, он даёт силы, всем живущим, вдохновляет на жизнь, на подвиг в обычных человеческих буднях. Молодое поколение помнит о подвигах своих предков и любое забвение этой памяти будет актом предательства по отношению к ним, ко всем погибшим в той страшной бойне. С детского сада, до учебных заведений и производственных коллективов необходимо в полной мере использовать воспитательный потенциал немеркнущего подвига защитников Родины. Переплавлять его в нравственное очищение и духовное совершенствование нашей молодежи, в ее готовность к деятельности на благо возрождения, развития и защиты Отечества. Как прискорбно, что человек зачастую становится бессмертным только благодаря подвигу в войне. Как хотелось бы, чтоб жизнь человеческая не знала такого страшного явления, как война. Но чтобы не было войны, надо человеку стать качественно другим. И как много ещё человеку надо поработать над самим собой, как много надо сделать, чтобы обуздать свою и государственную агрессивность, чтобы направить всю свою энергию в нужное русло, на созидание жизни без войны. Люди, подобные 28 Панфиловцам, Маншук Маметовой, Алие Молдагуловой, Нуркену Абдирову, Карсыбаю Спатаеву и многим другим Героям войны, подвиги которых в частности раскрыты академиком М. Козыбаевым, в любом случае всегда будут с нами, будут вдохновлять нас на мирное созидание новой жизни.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Козыбаев, Манаш Кабашевич (электронный ресурс) // [http:// e-histori.kz/ru/contents/view/1478](http://e-histori.kz/ru/contents/view/1478)
2. Григорьев В.К., Ахметова Л.С. Панфиловцы: 60 дней подвига, ставших легендой. Алматы, 2013, с.7.
3. Великая Отечественная война (электронный ресурс).// [https:// ru. wikipedia.org/wiki](https://ru.wikipedia.org/wiki)

#### Кәрімов М.Қ.

т.ғ.к., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Манаш Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының жетекшісі

#### МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖОЛЫМЕН

Халқымыздың ардақты перзенті, көрнекті ғалымы Манаш Қабашұлы Қозыбаев отандық тарихтың құрамдас бөлігі саналатын өңірлер тарихын жан-жақты зерттеудің қажеттігін күн тәртібіне қойып кетті. Оның еліміздің өзіндік тарихқа бай өлкелеріне де ерекше ілтипатпен қарағанын ел біледі. Соның бір көрінісі – өңірлер тарихына байланысты ұстанымдары мен көзқарасы болатын.

Манаш Қабашұлы өлке тарихын зерттеуге барынша қолдау көрсете отыра, сонымен бірге отандық тарих ғылымының аймақтану сияқты саласының, еліміздегі іргелі зерттеулердің орталығы – Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ұстанатын концептуальді бағыттарына сай зерттелуі қажет деп есептеді.

Манаш Қабашұлы өмірінің соңғы кезеңінде Семей жеріне екі рет, дәлірек айтқанда, 1998 және 2001 жылдары ат басын тіреген еді. Ол алғаш 1998 жылы Семейге келіп, сол кездегі Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ұстаздары және студенттерімен кездесуінде «Қадірлі қауым! Семей жерінің тарихы бай. Ол сонау көне дәуірлерден бастау алады. Семейдің Ертіс өңірі бір кездердегі ер түрік пен жауынгер қыпшақтың кіндік жері емес пе еді? Бұл жер тұнып тұрған шежіре. Мына қарт Семейдің көшесінде кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақып, Райымжан, Халел сияқты Алаш арыстарының іздері сайрап жатыр. Міне, сіздер бағытты түрде өңір тарихын зерттеулеріңіз керек. Бұл отандық тарихқа қосқан сүбелі еңбек болар еді. Сол сияқты, Семей жері мына көрші Ресеймен де ежелден тығыз байланысты болды. Сібірде небір тамаша бізге ниеттес тарихшы әріптестер бар. Солар мына күрделі кезеңде материалдық қиындықтар көріп жүр. Соларды бірігіп жұмыс істеуге тартса, артық болмас еді...» деп, айтқаны есімізде.

Сол жолы Манаш ағаға Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілген болатын. Сонымен бірге, ол кісі университеттің құрметті меймандары аллеясына пирамида тәріздес теректің жіптіктей көшетін отырғызған еді. Бүгіндері бойын көкке созған сол терек, ағаның біздің жерге келуінің үнсіз белгісіндей желге тербеліп, жайқалып тұр.

Манаш Қабашұлының Семей жеріне екінші келуінің алдында, ғылыми зерттеулерді бағытты және жүйелі жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 25 наурыздағы № 248 хаттамасымен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде Тарихи зерттеулер ғылыми орталығы құрылды.

2004 жылы наурызда Семей мемлекеттік педагогикалық институтының өз алдына шаңырақ көтеріп, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінен бөлініп шығуына байланысты Тарихи зерттеулер ғылыми орталығы жаңадан құрылған осы оқу орнының құрамына енгізілді. Осы жылдың 5-сәуірінде Семей мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінің қаулысымен Тарихи зерттеулер ғылыми орталығына тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың аты берілді.

Қазіргі таңда Манаш аға атындағы ғылыми орталық көрнекті ғалымның атына сәйкес ғылыми ізденістерді мүмкіндіктерінше іске асыруда. Манаш Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының ғылыми-зерттеу жұмыстарына Семейдің, Өскеменнің, Павлодардың және т.б. жерлердің жоғарғы оқу орындарының тарихшы және қоғамтанушы ғалымдары тартылған. Олардың арасында тарих ғылымдарының докторлары, кандидаттары, ғылым магистрлары, магистранттар және студенттер бар. Сол сияқты, ғылыми орталық зерттеу аясын кеңейте отырып, Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының Сібір бөлімінің Тарих институтының, Барнаул мемлекеттік педагогикалық университетінің, Таулы-Алтай мемлекеттік университетінің және Моңғол Ұлысы Ғылым Академиясының Баян-өлгей қаласындағы Әлеуметтік-экономикалық ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарымен де кең ғылыми байланысқа түскен. Ғылыми орталық оқтын-оқтын болса да, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң аймағының ғалымдарымен де байланыс орнатып отыр.

Құрылғанына 16 жылдан асып бара жатқан уақыттың ішінде 11 монография, 12 мұрағат құжаттары мен материалдарының жинағы, 800-ге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Ғылыми орталықтың ұсынған тақырыптары бойынша 7 тарих ғылымдарының докторы, 15 ғылым кандидаттары дәрежесіне диссертациялар дайындалып, негізінен қорғалды. Олардың ішінде, Ресей азаматтары да бар. Мәселен, ресейлік тарихшы М.П. Малышева ғылыми орталықта докторлық диссертациясын дайындады. Оның «Казахи в период демографических кризисов (1919-1934 гг.)» деген тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында ойдағыдай қорғалды.

Профессор Е.Б. Сыдықовтың «Российско-казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной суперэтнической державы», «Высшая школа: современный взгляд и подходы к реформированию», «Тәуелсіздік танымы», профессор В.С. Познанскийдің және

доцент М.П. Малышеваның «Казахи беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934 гг.)», «Национально-территориальные размежевание Сибири и Казахстана (1919-1922 гг.)», профессор М.Ғ. Ескендіровтің «Восток Казахстана на стыке столетий (вторая половина XIX – начала XXI вв.)», «Восточный Казахстан в годы силовой модернизации (20-30 гг.)», профессор Ж.О. Артықбаевтың «Эрчисын-сумэ – храм на Иртыше (Загадочные истории XVIII в.)» монографиялары, доцент А.И. Исиннің «Әділ сұлтан» эпикалық жыры, ғылыми орталықтың дайындаған Семей мемлекеттік педагогикалық институтының құрылғанына 75 жыл толуына арналған «Еліміздің шығысындағы ұстаздар дайындау ордасы», «Мақтанышымыз-түлектеріміз», «Әбілпейіз», «Тарбағатай», «Алаш туы тігілген өңір», «Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы (XIX – XX ғасырдың басы)» атты ұжымдық монографиялары осы орталық құрылғаннан бергі кезеңде жарық көрген еңбектер болып табылады. Сол сияқты, қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының туғанына 100 толуына орай оның 1944 жылы Каз ССР Ғылым Академиясында оқыған «Соғыс психологиясы» деп аталатын дәрістерінің жинағын қайтадан бүгінгі талаптар негізінде басып шығару орталықта іске асырылды.

Ғылыми орталықта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз еліміздің аяққа тұруынан және дамуынан жан-жақты мағлұмат беретін, еліміздің осы заманғы тарихы іспеттес «Казахстанский путь» еңбегін «Қазақстан жолы» деген атпен тәржімалау ойдағыдай іске асырылды.

Манаш Қабашұлы бір кездерде бізге айтқан «Ресей ғалымдарын бірлескен зерттеулерге тарту керек» деген ұсынысы бұл күндері іске асуда. Орталық Ресей Ғылым Академиясының Сібір бөлімінің Тарих институтымен «Жоғарғы Ертіс ХҮІІ-XXІ ғғ.: ұлттық-мемлекеттік, этно-мәдени, экологиялық өзара байланыс» тақырыбында бірлескен жобаны Ресей грантының негізінде іске асыруда. Бұл бойынша Новосібір қаласында екі ғылыми конференция өткізілсе, осындай конференцияны күзде Семейде өткізу көзделуде. Аз ғана уақыттың ішінде «Верхнее Прииртышье в ХҮІІ-XXІ вв. Национально-государственное и этнокультурное взаимодействие. Новосибирск, 2009» ғылыми мақалалар жинақтары, «Сибирские переселения. Освоение Верхнего Прииртышья во второй половине ХҮІІ - начале XX вв. Новосибирск, 2010» деп аталатын ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы Қазақстан және Сібір аймағын қамтитын аса қызықты саяси жағдайларға қатысты мұрағат құжаттарының жинағы және «Социально-экономические и этнокультурные процессы в Верхнем Прииртышье в ХҮІІ-XX веках. Новосибирск, 2011» тақырыбындағы ғылыми конференцияның материалдарының жинағы жарық көрді.

Академик Манаш Қозыбаев атындағы тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер ғылыми орталығы Ертіс, Алтай, Тарбағатай өңірлеріне қатысты мұрағат материалдарын іздеуде және оларды жүйелеуде Ресей, Қазақстан мұрағат мекемелерімен бірлесіп іс-қимылдар жасауда. Нәтижесінде, «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.)» және «К истории российской колонизации Восточного и Северо-Восточного Казахстана». Сборник документов и материалов (XVIII в. – 1917г.)», «Развитие горного дела в Восточном Казахстане (XҮІІІ в. – 30 годы XX века)», «Административно-территориальное управление Восточном Казахстане (XҮІІІ в. – 30 годы XX века)», «Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932-1933 гг.», 2 томдық «Переселенческая политика царского правительства и ее осуществление в Восточном Казахстане, XҮІІІ – нач. XX вв.», «Гражданская война в Восточном Казахстане в 1917-1922 гг.», 2 томдық «Развитие народного образования в Восточном Казахстане (XIX – начало XX вв.)» құжаттар мен материалдар жинақтары дүниеге келді.

Сонымен бірге, ғылыми орталықтың негізінде ғылыми конференциялар өткізіліп отырылады. Мәселен, биылдың өзінде Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған «Алаш қозғалысы идеясы: тарих және қазіргі кезең», 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығына арналған «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді.

Ғылыми орталық этномәдени саладағы зерттеулерге үлкен маңыз беруде. Ғалымдарымыз бен студенттердің күшімен Қазақстанның Ертіс өңірінің және қазақ халқының мәдени мұраларын жинауға қатысты кең көлемдегі бағытты және жоспарлы түрде археологиялық және этнографиялық зерттеулер іске асырылуда. Жыл сайын институттың «Тарбағатай» археологиялық экспедициясы Әлкей Марғұлан атындағы археология институты және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археология және этнография кафедрасы жүргізетін археологиялық қазба жұмыстарына кең қатысуда.

Археологиялық, этнографиялық, фольклорлық бағыттағы ізденістер болашақ мамандардың тарихи саналарын кеңейтіп, болашақта тарихты оқытуда ғылыми-зерттеудің әдістерін кең пайдалануға, әсіре идеологияландырудан, әсіре саясаттанудан шығуға жол ашады, өткендегіге шындық көзімен қарауға мүмкіндік береді. Ғылым мен білім арасындағы тығыз байланыс, студенттің өзін, өткен ұрпақтың құндылықтарын келер ұрпаққа жеткізуші ретіндегі сезімін қалыптастыратыны анық.

Ғылыми орталықта 2011 жылға дейін «Еуразия орталығы» ғылыми журналы шығарылып келді. Онда таяу және алыс шетел мемлекеттерінің әр түрлі мектептері мен бағыттары өкілдерінің теориялық және эмпирикалық зерттеулері жарық көріп отырды.

Бүгінгі таңда, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Манаш Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығы Манаш аға көрсеткен жолмен жүре отырып, жаңа ғылыми ашылуларға бағыт ұстануда.

## **1 СЕКЦИЯ**

### **МАНАШ КОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

---

#### **ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ МАНАША КОЗЫБАЕВА**

**Нәбижан Мұқаметханұлы**

т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

#### **АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТИҢ МӘДЕНИЕТ КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ**

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев артына мол құнды ғылыми мұралар қалдырған ғалым. Академик өзінің саналы ғұмырында тарихшы ретінде және тәуелсіз Қазақстан тарихын жазуды ұйымдастырушыбасшы ретінде отандық тарихтың өзекті мәселелері жөніндекөптеген концептуалды көзқарасын пайымдаған. Соның ішінде ғалымныңөркениет, мәдениет және ұлт жөніндежазған ғылыми және танымдық мақалары 2001жылы «Сөздік – Словарь» баспасынан шыққан «Өркениет және ұлт» деп аталған жинағына топтастырылған. Бұл еңбек 2013 жылы «Қазақ энцикопедиясы» баспасынан басылып шыққан «Манаш Қозыбаев шығармалары» деп аталатын 7 томдық еңбектің 4-томына енгізілді. Академиктің осы еңбегін қайталып оқысақ, ғалымның мәдениет жөніндегі пайымдарыныңғылыми құндылығын терең түсінгендейболамыз.

Манаш Қабашұлы аталған еңбегінде алдымен өркениеттерді әлемдік контексте қарастырып, салыстырмалы талдаулар жасау арқылы, сахарда жаратылған жасампаздықтарды жалпы адамзат өркениетінің бір қайнары екендігін дәлелдейді. Ғалым батыс-шығыс және қала-дала өркениеттерінен типтік мысалдарды салыстырады. Ол: «гректің полисі сияқты қазақтың дала демократиясы әлем тарихының қазнасы. ... Көне гректің ұлы данасы Гомор өркениет жыршысы екені аян. Сол сияқты өмір бойы сайрап өткен Көмекей

әулие Бұқар жырау өркениет жыршысы. «Қырымның 40 бұтағын» жыл бойы жырлайтын Мұрын жыраудың жазығы біз оны Гомор деңгейінде көрсете алмағанымыздан. Дала жырын, дала мұңын қыл қобызға тіл бітіріп боздатып өткен Қорқыт Аташығыс өркениетінің перзенті. Бір сөзбен айтсам, біз ата тарихымыздың сырларын өркениет қойнауынан іздеп, ондағы ұлттық орнымызды табу сол тарихты өркениеттік деңгейге көтеріп жазғанда ғана мүмкін» (аталған кітап, 5 б.)- деп санайды. Бұдан академик Манаш Қозыбаевтың ұлттық тарихымызды, өркениеттік тұрғыдан қарастыруды дәріптейтінін көруге болады.

Манаш Қабашұлы өзінің «Өркениет хаһында» деген мақаласында, алдымен батыс ғалымдарының жасаған өркениет теориясы анықтамаларына тоқталып, «соңғы кездегі көзқарастар айтарлықтай өркениет теориясына жаңалық енгізді деу қиын. Өйткені олар бұрыннан келе жатқан өркениет ілімін жаңа ХХ-ХХІ ғғ. дамуына ыңғайлағаны байқалады» (9 б.) деп тұжырымдап, қазақ өркениетіне ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсын іліміндегі қоғамның эволюциялық даму факторлары тұрғысынан талдау жасайды.

Ол «Дала өркениетіне әр халықтың қосқан үлестері баршылық. Дегенмен де сол өркениеттердің кіндігі, өзегі қазақ халқы екендігін мойындатарлық негіз бар» (16 б.) - деп атап көрсетіп, оған мысалдар келтіреді. Академик дала өркениеті “Ол «Жеті жарғыдай” дала Конституциясын берді, Жеті атаға дейін қан араластырмай, генефондты сақтау, ұлы даланы қорғау өнерін қалыптастырды» (231 б.)– деп санайды. Ол өзінің «Өркениет» жөнінде берген анықтамасында: «Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) - мәдениеттердің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі» - деп түсіндіреді.

Академик мәдениеттің материалдық және руханият жиындығынан өркениет көрінісі байқалады деп санайды. Сондай-ақ ол мемлекеттердің дамуын, әсіресе, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мәдениетке, соның ішінде идеологиялық мәдениеттің дамуымен байланысты қарастырады. Ғалым «Біздің идеологияның басты, ең соңғы сөзі – тәуелсіздік, оны баянды ету» (279 б.)- деп атап көрсетеді, және осы тұрғыдан қоғамдық мәдени құбылыстарды қарастырады.

Ол «Тәуелсіздік экономикалық салада бой көрсетуі үшін, ұлт ойы өсуі шарт. Ұлт өзінің ұлттық намысына мінбесе – ол тобыр» (220 б.), деп есептейді. Сондай-ақ ол «Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем түрде жазылған халық қана өркениеттің төл перзенті» деп санайды (221 б.).

Академик мәдениет, өркениет тұрғысынан адами қасиеттерге назар аударады. Ол: «адами қасиеттердің арқауы – Ар, Ұят, Намыс» (218 б.)-деп атап көрсетеді. Және адами қасиет саналатын намыс пен патриотизмді байланыстырып қарайды. «Отанды сүюдің негізі – ұлттық намыс. Ұлт намысына қаны қызатын жаңа буын тәрбиелеу – замана талабы» (220 б.); «Рухсыз халық қара тобырға айналады» (229 б.), – дейді.

Манаш Қабашұлы 1999 жылы жазған «Ұлттық мәдениет» деген мақаласында, қазір «Жан-жақтан сұғанақтанып рухани интервенция жасалынып, етектен тартуда. Қазқ тілінде берілетін төл хабарлар азайды. Бір сөзбен айтсақ, ұлттық мәдениеттің деңгейі төмендеп барады» (228 б.) – деп бағалап, мәдениет қауіпсіздігін бірінші болып көтерді және оны қауіпсіздік тұрғысынан мемлекетке жүктейді.

Ғалым «Отанын қорғауды ұйымдастыратын мемлекеті. Ендеше, тіл, тарих, әдебиет – ұлттың жаны мен қаны, рухани болмасы» (221 б.), мұны мемлекет қорғауы керек деп көрсетеді. Сонымен қатар ол «Біз жаңа заманда өзімізбен өзіміз шектеліп, томаға тұйықта қалып қою қауіпінен сақтануымыз керек» (228 б.) деп ескертеді. Және ол «ХХІ ғасырда мәдени дамуымыздың негізгі бағыттары анықталуы керек» (229 б.); «Ғасыр басындағы «Оян қазақ!» ұраны жаңа ХХІ ғ. өтіп бара жатқан кезде де күн тәртібінде тұр. Ұлтымыздың ұлағатты болуы, кемеліне жетіп толуы, өркениет төріне озуы ұлттың зиялы қауымына байланысты. Сондықтан да өтпелі кезеңде ұлт зиялыларын жүдетпей, ыдыратпай топтастыру, ұлт мүддесі негізінде тәрбиелеу – мемлекеттік деңгейдегі саясаттың түп қазығы болуы керек» (239 б.), деген ұсыныстарын да алға қойған болатын. Мұна академиктің мемлекет ұлт мүддесі негізінде өз зиялыларын өздері тәрбиелеуі керек деген идеясының маңызы зор деп санаймын.

Академик өмірден өткелі де 15 жыл өтті, Қазақстан қоғамында зор өзгерістер болды. Бірақ ол алаңдаған ұлттық мәдениетіміз, руханиятымыз үлкен сын-қатерлерге тап болып отырғанын тани білуіміз керек. Бұл мәселені мемлекеттік қауіпсіздік деңгейінде қарастыратын кез келді деп санаймын. Өйткені қазіргі таңда әлем елдері мемлекеттік мәдениетті ұлттық қауіпсіздік ретінде қорғауға көңіл бөліп отыр.

Мәдениет қауіпсіздігі дегеніміз - мелекеттің концептуалды формациясындағы мәдениеттің (мысалы, ұлттық руханият, саяси құндылықтар концепциясы т.б.) өмір сүруі мен дамуының қауіпке ұшырамаған жағдайы.

Мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігі елдің ішкі-сыртқы шарт-жағдайларының өзгеруіне байланысты үздіксіз диалектикалық қозғалыста болады. Мәдениетке қауіп төндіретін деструктивті факторлар көбейіп, мемлекеттік концептуалды мәдениеттің өмір сүруі мен дамуы кері әсерге ұшыраған кезде, мәдениетті қауіпті жағдайға түсті деп есептейді. Сондықтан динамикалық даму тұрғыдан, стратегиялық көзқараспен мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігін қарастыру өзекті. Мәдениеттің өмір сүру қауіпсіздігін қорғау тұрғысынан мәдениеттің қалыпты дамуына қауіп келтіретін көмескі факторларды дер кезінде тану және оны жою шараларын қолдану арқылы мәдениет қауіпсіздігін қамтамасыз қажет.

Мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігі үш тұрғыдан қарастырылады: **Ішкі-сыртқы** қатынас тұрғысынан; **ескі-жаңа** қатынасы тұрғысынан, **ұқсастық пен бөгделік** қатынасы тұрғысынан. Бұлар мемлекеттік мәдениет қауіпсіздігі мәселесіндегі үш түрлі қақтығыс моделі болып көрінеді. Сондай-ақ олар бір мезгілде, бір-бірімен шытырман байланыста болады. Сондықтан мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігі мәселесіне талдау жасағанда, жүйелі түрде үш тұрғыдағы қатынастарды жан-жақты талдап, мемлекеттік мәдениет қауіпсіздік жағдайын ғылыми түрде бағамдау керек.

**Ішкі-сыртқы қатынас тұрғысы** (аспектісі) дегеніміз – мәдениет субъектісінің (акторының) ішкі және сыртқы әлеммен қатынас жасау барысындағы, мемлекеттің ішкі мәдениеті мен сыртқы әлем мәдениетінің соқтығысуы мен қақтығысуына талдау жасап, өз мәдениетінің суверендігін қорғау болып табылады.

Жаһандану жағдайында әлемнің есігі ашық, ақпараттық технологияның үздіксіз жаңғыруы, капитал мен еңбек күш сияқты өндіріс факторларының жер шарына кең таралуы, мәдениеттер бәсекелестігіне қолайлы жағдай қалыптастырды. Сонымен халықарада мәдениеттердің араласуы барған сайын күшейіп келеді.

Ішкі-сыртқы мәдениеттердің өзара алмасу барысында, өз елінің мәдениет суверенттілігін қорғау мәселесі бірінші орында тұруы керек. Өйткені сырттан келген мәдениет, ол басқа біреудің мәдениеті, оған өздеріне тән дәстүрлі әдет-ғұрпы, діни сенім-нанымдары, ойлау жүйесі, құндылық концепциялары сіңірілген, олардың ішке таралуы халықтың ой-санасын өзгертіп, мемлекеттік мәдениеттің тәуелсіздігі мен тұтастығына әсер етеді.

**Ескі-жаңа қатынасы тұрғысынан** (аспектісінен) қарағанда, дәстүрлі мәдениетті жалғастыру мен жасампаздық арасындағы байланысты дұрыс шешіп, мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігін сақтау маңызды. Мемлекеттік мәдениеттің қауіпсіздігін тек мемлекеттік мәдениетті дамыту арқылы ғана қамтамасыз етуге болады. Мәдениетке қауіп-қатер тек сырттан келмейді, өз мәдениетінің ішінде де қауіпті факторлар сақталады.

**Ал мәселеге ұқсастық пен бөгделік тұрғысынан** (аспектісінен) қарайтын болсақ, ұқсастық – өз мәдениеті, бөгде – жат мәдениет. Мәдениеттің ұлттылығы (ұлттық сипаты) мен мәдениеттің әлемдік сипатын ескере отырып, мемлекеттік мәдениет қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

Мәдениеттің ұлттылығы дегеніміз – ұлттық рух, ұлттық сипаттағы құндылық ұғымдар, ойлау формасы, ұлттық мінез бен моральдық өлшемдерді қамтитын ой-сана мәдениетінің сипаттық ерекшеліктері болып табылады. Бір мәдениет егер ол ұлттық ерекшелігінен айырылса, онда ол өмір сүру қуатынан айырылады.

Қазіргі жаһандану үдерісі адамзат мәдениетін бұрын-соңды болып көрмеген күшпен араластырып жатқанын терең сезініп жүрміз. Дегенмен мәдениеттің ұлттық және әлемдік

сипаты болады. Кез келген ұлттың мәдениеті - әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық мәдениетте әлемдік мәдениет қамтылып жатады, әлемдік мәдениет нақтылы ұлттық мәдениеттен тыс болмайды. Сондықтан да БҰҰ-ның 2004 жылы жариялаған адамзат дамуы жоспарының басты тақырыбы «Плюрализмдік әлемдегі мәдени либрализм» деп аталған.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік мәдениетте, мемлекеттік мәдениеттің өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ету – мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бір саласы деп түсінуіміз керек. Қазақстанның қазіргі мемлекеттік мәдениет жағдайына халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан талдау жасайтын болсақ, онда оның ауыр қатерге тап болғандығын аңғару қиын емес.

Осы орайда алдымен тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мәдениеті қандай негізде құрылды? деген сұрақ алдымыздан шығады. Өйткені Қазақстан Республикасының мемлекеттік жағдайы өзге елдерге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшелігі бар. Заң жүзінен айтар болсақ, еліміздің мәдениеті қазақ мәдениеті негізінде құрылған деуге негіз бар. Жоғарыда пайымдағанымыздай, мемлекеттік мәдениеттің негізін мемлекеттік тіл құрайды десек, қазақ тілі Конституция бойынша Мемлекеттік тіл. Бірақ ол басқа елдердегідей өз функциясын толық орындап отырған жоқ. Әрине, қазақ тілі мемлекеттік мәдениетінің негізін сақтап келді. Атап айтқанда ұлттық тіл, ұлттық дәстүрлі діни сенім-наным, ұлттық менталитет, ұлттық мұратты жалғастырып келді. Егер халқымыздың санасында бұлар болмаған болса, тәуелсіздік үшін күрес те болмаған болар еді. Бірақ қазақ тілі қазіргі таңда өз деңгейіне көтеріле алған жоқ. Соңғы 25 жылдан бері қазақ тілінде оқыту мен қазақ тілінде сөйлеудің салыстырмасы еселеп өскенмен, мемлекеттік идеологияның, ұлттық руханияттың ұйытқысы бола алған жоқ. Оның үстіне қазір Мемлекеттік тілдің болашақ даму қуаты әлсіреп барады. Мұны әлеуметтік тексеріп-зерттеулер арқылы анықтауға әбден болады.

Мысалы, мемлекеттік тілдің ресми түрде қолданысы мен Мемлекеттік тілдің білім беру саласындағы қолданысы қанша пайыз? Адамдардың қоғамдық қатынастарда қолданысы мен руханияттағы атқарып отырған рөлі қандай? деген сұрақтар бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізетін болсақ, мемлекеттік тілдің қазіргі шынайы ахуалына көз жеткізер едік. Бұдан шығатын қортындыға әлемге ортақ қауіпсіздік критерийлер бойынша талдау жасайтын болсақ, онда одан тек мемлекеттік тілдің қауіпті жағдайда тұрғанына көз жеткізетін боламыз.

Мемлекеттік тіл мәдениеті қауіпті жағдайда деп танысақ, онда ұлттық руханиятымыз да қатерде тұр деген сөз. Ұлттық тіл мен руханият тығыз байланысты. Тәуелсіздіктен бері сырттан енген саясиланған діни ағымдар ұлттық руханиятымызды бүлдіріп, халқымыздың санасын өзгертіп, ұлттық бірлігімізді ыдыратып, мемлекеттік билікке қатер төндіретін дәрежеге жеткенін енді-енді байқағандаймыз.

Егер біз қазіргі Қазақстан қоғамында қалыптасып отырған жағдайды мемлекеттік мәдениеттің өмір сүруі мен дамуына, тіпті, мемлекеттік қауіпсіздігімізге қауіп төндіреді деп түсінсек, онда оны жоюға, шұғыл түрде құқықтық және идеологиялық тұрғыдан пәрменді шаралар қолдануымыз керек. Осы арада академик Манаш Қозыбаев айтқан, біздерге «Тәуелсіздікпен мақтану аз, оны жақтау жеткіліксіз, оны көздің қарашығындай сақтау парыз» (278 б.) – деген өсиеті бәрінен өзекті деп санаймын.



**РОЛЬ И МЕСТО М.К. КОЗЫБАЕВА В КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКЕ**

В 90-ые годы XX столетия произошел распад Советского Союза, являвшегося огромной моноидеологической державой. Казахстан, как и другие советские республики, в первые годы независимости вынужден был методом проб и ошибок строить самостоятельно свою государственность – определять стратегию, важнейшие направления развития, создавать основы суверенитета, формировать новую экономическую, политическую, правовую системы. В духовно-культурном отношении образовался вакуум. Это были не простые для полиэтнического и поликонфессионального Казахстана времена. Важно было гуманитариям, обществоведам республики как можно быстрее заполнить вакуум позитивными идеями, учениями, чтоб поставить заслон всяким псевдорелигиозным, националистическим элементам, которые с завидной активностью энергично стали осваивать духовно-культурное пространство республики.

Именно на этот период приходится апогей активной общественной и творческой деятельности М.К. Козыбаева, который, как и все советские люди, глубоко переживал крушение советской державы. В этом плане можно согласиться с Карлом Марксом, который говорил, что нельзя отказаться от своих убеждений, не разорвав своего сердца. В эти трудные для страны времена М.К. Козыбаев возглавлял Институт истории, археологии и этнографии имени Ч.Ч. Валиханова Академии наук. Он понимал, что перед исторической наукой стоит судьбоносная задача – выработать государственную стратегию и на основе осмысления прошлой истории страны сформулировать национальную идеологию, которая помогла бы Казахстану занять достойное место в мировом сообществе государств. Как неоднократно говорил М.К. Козыбаев, история – это специфическая наука, статус ее особенный. Действительно, без знания истории мы должны были бы признать себя случайностями, не знающими, как и зачем мы пришли в мир, как и для чего в нем живем, как и к чему должны стремиться. (В. Ключевский). В унисон сказанному, звучат слова французского историка Марка Ферро: «Не нужно себя обманывать: образ других народов или собственный образ, который живет в нашей душе, зависит от того, как в детстве нас учили истории. Это запечатлевается на всю жизнь... Сопоставить все эти представления стало в высшей степени важно сегодня, ибо с расширением границ мира, со стремлением к его экономической унификации при сохранении политической обособленности прошлое различных обществ становится более чем когда бы то ни было одной из ставок в столкновениях государств, наций, культур и этнических групп. Зная прошлое, легче овладеть настоящим, придать законные основания власти, претензиям» [1]. И казахстанская историческая наука, возглавляемая академиком М.К. Козыбаевым в первые годы независимого развития нашего государства, сумела не только сохранить доставшееся нам по наследству богатство идей, мыслей, учений отечественной исторической науки, но и создать, приумножить новые культурные ценности и научные концепции. М.К. Козыбаев создает новую научную школу, которая с позиции реалий дней сегодняшних соответствует духу времени, поскольку были выбраны правильные приоритеты, векторы развития. Научная школа М.К. Козыбаева начала с обновления и углубления теоретико-методологического инструментария отечественной исторической науки, уточнения категориального ее аппарата. В настоящее время ученики М.К. Козыбаева продолжают начатое дело учителя - развивают новые концепции и направления отечественной истории в свете требований стратегических документов нашего государства. Так, в Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан -2050»: новый политический курс состоявшегося государства» (декабрь 2012 г.) Президент страны Н.А. Назарбаев ставит перед исторической наукой республики масштабные задачи:

«Нам нужно показывать и создавать новых Героев нашего времени – тех, на кого должна будет ориентироваться наша молодежь. Нам нужно продолжить работу по формированию исторического сознания нации. Всеказахстанская идентичность должна стать стержнем исторического сознания нашего народа» [2]. Историческая наука – это коллективная духовно-культурная, социально-политическая память народа, и именно ей принадлежит ключевая роль в формировании казахстанской идентичности, концепции «Мәңгілік ел». В эпоху глобализации роль отечественной исторической науки неизмеримо возрастает, поскольку она призвана содействовать консолидации казахстанского общества, формировать такие качества, особенно у молодежи, как патриотизм, любовь к родному очагу, гражданскую ответственность и т.д. на примере богатой истории нашего народа. Об этой стороне исторической науки как социально-гуманитарного знания неоднократно в своих выступлениях, многочисленных статьях отмечал академик М.К. Козыбаев.

Значительное место в его творчестве заняла история XX столетия, в частности тема Великой Отечественной войны. В своих монографиях «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945)», «Казахстан – арсенал фронта» он раскрывает сущность, характер Великой Отечественной войны, показывает, что любая война – это насилие, жестокость, разрушение. Вся история человечества есть история войн. На Земле не было времени без войн, локальных или мировых. Им был на основе использования ранее недоступных архивных источников по-новому осмыслен великий подвиг казахстанцев в годы суровой отечественной войны, в частности подвиг бойцов 8-й Гвардейской Панфиловской стрелковой дивизии, героически отстаивавших рубеж у разъезда Дубосеково. Особо он останавливается на подвиге 28 панфиловцев, героически оборонявших подступы к Москве. Они внесли непосильный вклад в разгром немецко-фашистских войск под Москвой, что имело колоссальное историческое значение в ходе всей Второй мировой войны - был сломан хребет фашизма, развеян миф о непобедимости армии Вермахта. Говоря о вкладе наших соотечественников – казахстанцев в победу в Отечественной войне, он, в частности, в своих выступлениях отмечал о роли спецшкол по подготовке стрелков для Советской армии, созданных на горной территории нашей страны, в частности недалеко от Алматы. Многие из выпускников этих школ прославились в боях, которые особенно велись в горных местностях. На фронтах Великой Отечественной войны казахстанцы показывали примеры беспредельного мужества, героизма. Следует заметить, что сотни казахов были удостоены почетного звания Героя Советского Союза. К числу их относятся славные дочери казахского народа Алия Молдагулова и Маншук Маметова. Как отмечается в отечественных исследованиях, на каждый миллион казахов приходится 33 героя. К примеру, этот показатель у туркмен равен 21, у киргизов он составляет 18, а у узбеков он равен 16 героям [3]. Затрагивал М.К. Козыбаев и другие проблемы, связанные с Великой Отечественной войной.

Академик М.К. Козыбаев с огромной ответственностью относился к первоисточникам, обращал внимание молодых ученых на особенные черты источниковедческой базы казахской истории, связанной с тем, что большинство исторических свидетельств по своему происхождению являются произведениями зарубежных авторов – китайцев, арабов, русских. Как справедливо в этой связи отмечал Ч.Ч. Валиханов, «главным источником для истории народов кочевых вообще племен, не имеющих письмен, были и будут полубаснословные их легенды и отрывки известий из летописей цивилизованных народов, с которыми они имели столкновения» [4, с.346]. Поэтому М.К. Козыбаев призывал использовать в работе с источниками, прежде всего принцип сравнительного анализа, системно-структурный подход, скрупулезно отделяя зерна от плевел. «Китайские летописи и восточные хроники не отличаются последовательностью и точностью. Самый способ тонического переложения иностранных имен на китайские иероглифы через какие-нибудь китайские слова по звуку; близко подходящие к настоящему имени, недобросовестность китайцев, которые жертвовали при этом точностью для того, чтобы выразить своими иероглифами злую насмешку, наконец, непоследовательность, с которой следили китайцы за переворотами орд варварских – особенно в период между

династиями Тан и Юань... В истории династии Юань являются кочевники, может быть те же самые, которые были и прежде, но под другими названиями», - писал Ч.Ч. Валиханов [4, с.346].

Большое внимание он уделял исследованию казахской истории, начиная с ранних этапов, к примеру культур эпохи раннего палеолита – в Южном и Центральном Казахстане (стоянки Бориказган, Танирказган, Акколь и др), ашельскую и мустьерскую эпохи и заканчивая современным его состоянием. Он тесно сотрудничал с археологами, философами в исследовании казахской истории. Один из авторов этой статьи неоднократно слушал его выступления на различных конгрессах, конференциях, где академик М.К. Козыбаев призывал к консолидации сил ученых Казахстана – историков, археологов, философов, культурологов в объективном изучении истории, культуры казахского народа.

Многое им было сделано в плане реабилитации имен незаслуженно репрессированных сталинским режимом казахских ученых, писателей, в частности возвращение народу творений Абая, Шакарима Кудайбердыева, Сакена Сейфуллина и других. Он внес достойную лепту в раскрытии позитивного содержания деятельности представителей алаш-ординского движения, которых советский режим характеризовал как националистов.

М.К. Козыбаев был личностью масштабной, истинным патриотом своей страны, внесшим неоценимый вклад в развитие казахстанской исторической науки. Его отличали такие черты, как человеколюбие, аккуратность, дисциплинированность. Он на высоком профессиональном уровне занимался исследованием проблем казахской истории, культуры. Его перу принадлежат более 900 публикаций, многие из которых переведены на другие языки и опубликованы в странах ближнего и дальнего зарубежья. Академик М.К. Козыбаев занимает особое место в исторической науке. Его жизнь – это пример беззаветного служения своему долгу, преданности своему делу.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Ферро М. Как рассказывают историю в разных странах мира. М., 1992.
2. Назарбаев Н.А. «Стратегия «Казахстан - 2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. Астана: Елорда, 2012. – С. 60.
3. Герои Советского Союза – казахстанцы. Алма-Ата, 1968. Т.1.
4. Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах. Собр. соч., т.1.

#### **Мұқтар Ә.Қ.**

т.ғ.д., профессор, Атырау мұнай және газ университеті

#### **М.ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қай заманда да қазақ-орыс қарым-қатынасы қазақ тарихшыларының етене зерттеуге ұмтылған тақырыптарының бірі болатын. Өйткені Қазақстан мен Ресейдің көршілес орналасуы, олардың әлеуметтік- экономикалық, саяси байланыстары көне заманнан басталды. Оның үстіне қазақ жері ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысында-ақ Ресей империясының отарлау аумағына алынды, соңында оның отарына айналды. Мұның өзі Ресейдің Қазақтанды билеп төстеуіне әкелді. Міне осыдан бастап Қазақ тарихы Ресей тарихының құрамдас бөлігіне айналды, оның саяси көзқарасымен зерттеле бастады. Патша заманында, кейін кеңестік билік тұсында Қазақстан Ресей саясаткерлерінің ұстанымынан шықпауға міндетті болды. Соңында Қазақстанның Ресейге қосылуының прогресшіл маңызы ұрпақтар санасына сіңірілді.

Мұндай біржақты тұжырымға еліміздің тәуелсіздігі ғана ғылыми тұрғыдан жаңа ізденістерге жол салды. Оның бастауында, сөз жоқ, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ғалымдары тұрды. Сол тұста оны басқарған М.Қ.Қозыбаев: «орыс ғылымы мен мәдениетінің әсері туралы сөз болғанда оның прогрестік жақтарымен шектеліп қалмай, жергілікті халықты орыстандыруға, шоқындыруға бағытталған сұрқия миссияның да болғанын, оған осы уақытқа дейін бір жақты дәріптеліп келген Алекторов, Ильминский, Остроумов сияқты ғалымдардың «ат салысқанын» да ашып айтқан жөн.

Қазақстан халықтары рухани мәдениетінің дамуы патшалық Ресейдің қазақ өлкесінде жүргізген миссионерлік саясаты, әкімшілік-саяси басқарудың жай-күйі, Қазақстанды мекендеген шағын ұлттар мен ұлыстардың экономикалық, әлеуметтік жағдайы, қазақ даласына қоныс аударушылар мен көшпелі халықтың арақатынасы мәселелері де әлі терең игеріле қойған жоқ» деп маңызды мәселеге зерттеушілердің назарын аударады [1, 15-16 б.]. Сол тұста халқымыз үшін аса маңызды С.Ж. Аспандиаровтың көп томдық еңбектерін баспаға дайындау, П.Г. Галузоның XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы «Түркістан – отар ел» еңбегінің жалғасын редакциялау, Е.Бекмахановтың тарихи көзқарасын саралау қолға алынады. М.Қозыбаев «Хан Кене. Сырымның сыры» мақаласында: «XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарына талабы мен талантын, шабыты мен табысын бағыштаған тарихшы ғалым, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының мүшесі, профессор Ермұқан Бекмаханұлы екені баршаға аян. Жеке басқа табыну кезінде, советтік тоталитарлық дәуірде ұлт-азаттық қозғалыстың зерттелуі мүмкін болмады, шындық бұрмаланды, шындық айтпақ болған Ермұхандай ғалымға қылбұрау салынды» деп жоғары баға берген-ді [2, 100 б.]. Расында да елімізде көп ұзамай Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясы жарияланып, қалың оқырманға жетті. Оны баспаға дайындаған белгілі тарихшы Ә.С.Тәкенов: «Бұл кітаптың кеңес тарихнамасындағы орнын басқа ешбір туындымен салыстыруға болмайды десек бұл сөзіміз шындықтың шеңберінен шықпайды. Бекмаханов – объективті ғылыми шындықтың жағындағы зерттеуші. Оның есімі осысымен биік тұғырға шығып, ел есінде сақталып, шет елдерде де жоғары беделге ие болған» деп орынды бағалаған-ды [2, 372 б.].

М.Қозыбаев қазақ-орыс тарихындағы күрделі мәселелерді зерделеуге өзі бас болып кірісті. Ол қазақ даласының отарлануы, оның жолдары, Ресейдің Азиядағы жоспары және өзге де маңызды мәселелерге жауап беруге күш салды. Бұл кезеңде аталған мәселелердің барлығы ресейлік ғалымдар, орыс тілді оқырмандар тарапынан бірден қарсылыққа ұшырайтын. Мұндай жағдайды ғалым XX ғасырдың 90-шы жылдары Талдықорғаннан жолданған П.Ф. Ивановтың хаты арқылы сарлайды. Хат жолдаушы қазақ ғалымдары ішінен М.Қозыбаев пен К.Нұрпейісті көрсете отыра, орыстардың, соның ішінде Ермактың жорықтарын, орыс казактарының Қазақстандағы іс-әрекеттерін қайта қарудың қажеттілігіне күмәнданады. М.Қозыбаев П.Ф. Ивановтың хатын саралап: «Автор қызбалық жолға түскен. Ол біріншіден, қазақ деген халықтың барына күмәнданады. Бұл баяғы белгілі бекбике Солженицын сандырағы. Екіншіден, империя мен орыс халқын қаз-қатар қойып, империялық саясаттың бар салмағын барша еңбекші халыққа аударады. Үшіншіден, Қазақстанда ұлтшылдық бар – деп байбалам салады» дей келе, нақты дәлелді жауабын қайтарады [2, 8 б.]. Мұндай хаттар күрделі кезеңде талай жолданды. Оның бәріне салиқалы, салмақты ғылыми жауаптар қажет еді. Міне сондықтан М.Қозыбаев институт ұжымын жұмылдыра отыра ғылыми дәлелденген жауаптарын баспасөз беттерінде жариялады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. -272 б.
2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап – Алматы: «Қазақстан», 1994 -192 б.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1994. -416 б.

**Исин А.И.**

к..и.н., профессор, Государственный университет имени Шакарима города Семей

## **ВСТРЕЧИ С АКАДЕМИКОМ М. КОЗЫБАЕВЫМ**

Яркая деятельность академика М. Козыбаева как учёного и организатора казахстанской науки отчётливо проявилась уже в 80-е годы XX века, когда он был редактором 12-томной «Қазақ совет энциклопедиясы», заведующим отделом историографии и начал свою бурную деятельность в качестве директора Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР. До этого его весомым вкладом в науку была публикация монографии «Қазақстан – арсенал фронты». Назначение Манаша Козыбаева директором института отвечало духу конца 80-х годов с его переменами, ослаблением и устранением многих цензурных препятствий на пути исследователей.

В 1983-1985 годах я делал первые шаги в серьёзной науке, «перелопатив» в архивах ещё много не влитого в науку материала. Удивительным для меня было то, что известный в то время учёный обращает внимание к небольшим моим материалам, опубликованных в редко используемых исследователями изданиях. Когда в 1985 году в газете «Қазақ әдебиеті» была опубликована моя статья «Абайды дұрыс оқық», уже на следующий день я был вызван на приём к М. Козыбаеву, которого до этого я вовсе не знал.

- Қалай, Абайды жазып жатырсың ғой қопарып. Ескі қолжазбалармен салыстырып зерттейтін ғалымдарымыз көп емес. Шежірені қазіргі ғылым биігінен зерттеу керек деген мақалаңды да оқыдым. Ноғай Ордасының тарихын зерттеуді қолға алыпсың, бұл біздің ғылымға керек.

От этих слов я как-будто освободился от давившего на меня часто чувства одиночества, отсутствия заинтересованности, как мне казалось, научных структур республики в исследования «трудных» по идеологическим причинам тем. До этого своими грустными размышлениями о состоянии исторической науки в республике делился со мной известный этнограф Халел Аргынбаев, страдавший от идеологического нажима властей.

После Желтоксана, весной 1987 года, я публиковал в газете «Семей таңы» статью о Амангелды Иманове, в связи с событиями 1919 года обратив внимание на необходимость пересмотра стереотипных взглядов на деятельность Ахмета Байтурсынова. Меня удивило знакомство Манаша Кабашевича и с этой газетной статьёй.

Это были годы прохождения мной аспирантуры в КазПИ имени Абая. Несмотря на свою большую загруженность делами в Институте истории, Манаш Кабашевич несколько раз посчитал нужным вызвать меня для беседы.

У академика была проблема с сердцем, он пережил инфаркт, а может быть, у него было несколько таких приступов болезни. Но он не мог всё время не работать в кабинетных условиях. Памятная для меня встреча прошла в один из зимних дней. По вызову я подошёл к аллее Ботанического бульвара, где ждал Манаш Кабашевич, выйдя из машины, ходил пешком минут 15 и дышал освежающим морозным воздухом. На этот раз академик начал разговор о проблемах отечественной науки, не реализованных возможностях. Это было своего рода откровение, размышление учёного о судьбе народа. Анализируя прошлое нашего народа, Манаш Кабашевич говорил и о беспечности, присущей нашему народу, из-за чего терялись и теряются его исторические источники, даже произведения сравнительно недавнего прошлого. А историю без документов, от их сохранившегося массивного корпуса можно преподнести в искажённом свете, не в угоду устремлениям народа. Я отвечал на его вопросы и высказывал своё мнение о тех направлениях науки, которые, на мой взгляд, необходимы, в том числе о необходимости усилий по изучению древней и средневековой политической истории. Эта встреча вдохновила меня.

Многие годы я испытывал недостаток средств существования. Годы аспирантуры не были исключением. Втайне от старшего брата устроился временно в почтовое отделение и в течение месяца разносил почту на выделенный мне участок. Заработал небольшие средства, чтобы оплатить труд машинистки, а также выпустить автореферат диссертации. В один из дней меня «накрыл» там мой родной племянник, который всё-таки не «выдал» меня. Иначе получил бы воспитательный выговор от брата за самостоятельную добычу дополнительных средств существования путём низкооплачиваемого физического труда, к чему я действительно не был приспособлен.

После аспирантуры я возвратился в родной пединститут Семья, продолжил преподавание, а после окончания учебного года летом 1988 года выехал в Алматы для защиты диссертации. 1989-1990 годы были годами моего активного и посильного участия в общественной жизни, особенно в связи с необходимостью признания казахского языка государственным. Само собой разумеющееся решение в те годы были предметом обсуждения и неприятия частью общества. Было время, когда и в родном институте было мне неуютно из-за увлечения общественными проблемами. Особенно, после создания мной и моими единомышленниками «Общества защиты родного языка» в 1989 году и несанкционированного руководством вуза выезда в Алматы для участия в работе учредительного курултая общества «Қазақ тілі».

В те годы я получил приглашение от Манаша Кабашевича работать в Институте истории и этнологии. Я раздумывал. У меня нет там квартиры, в Семее престарелая мать, которую, уезжая в библиотеки и архивы страны, я и так оставлял часто без внимания и должной заботы. Задержав ответ, вопрос со временем отпал сам собой. Но когда завершив учёбу в нашем институте, в Институт истории и этнологии выехал Канат Ускенбай, Манаш Кабашевич сразу принял его на работу, определив его в Отдел средневековой истории к Клавдии Антоновне Пищулиной. И наш выпускник вполне оправдал наши надежды и надежды Манаша Кабашевича.

Забота о будущем исторической науки и кадрах казахстанской исторической науки всегда волновали и находились в центре внимания академика М.К. Козыбаева.

**Tolenova Z.M.<sup>1</sup>, Kubeyev R.D.<sup>2</sup>,**

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology Head of Department of External Contacts, Information and Scientific Cluster, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor<sup>1</sup>. Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Master of History, Research Fellow<sup>2</sup>

### **THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL**

Historical events of recent years – the period of Kazakhstan's entry into the post-totalitarian development, the acquisition of sovereignty and independence, national statehood, the course of democratic and market reforms, the republic's entry into the international community – are designed to bring our country to a new level of civilization.

The new historical situation in the country, global geopolitical environment, and the carried out socio-economic reforms, the dynamics of social processes, as well as the rule of imperial thinking and communist ideology in the past strongly demanded from historians to perform conceptual review and to provide an integrated, scientific and objective history of Kazakh people.

In this regard, the academician M.K. Kozybayev's researches on the development of topical issues of Kazakhstan's history, historical education, historical consciousness of the people of Kazakhstan are very important. The academician M.K. Kozybayev had developed relevant historical problems in close creative contact with historians of the republic, various academic institutions, and media (including CIS and Central Asian media).

Research results on the history of Kazakhstan were tested at international congresses and symposia (Moscow, Istanbul, Ankara, Paris, Tehran, New Delhi, Urumqi, Beijing, Almaty, etc.), more than 200 scientific and theoretical conferences, including the First World Kurultai of Kazakhs.

The merit of academician, first of all, is that from the very first days of the country's independence he put the comprehensive study of the actual problems on the agenda, headed the research and creative group to revise the history of the people and the country, and he took the decision of fundamental problems, pushing more and new challenges, supplementing and perfecting an initial program of studying the "blind spots" in the history of Kazakhstan. Ultimately, all this formed the basis of the Concept of Kazakhstan's historical science development up to 2000.

In the early 90ies of XX century, putting forward the Program of historical science restructuring, academician M.K. Kozybayev noted the factors of its inhibition. Many years of its extensive development, and the accumulated stagnation effected the situation. There were no specialist researchers for entire historical periods, some individual genres were not represented in the cycle of history. An extremely tense situation had formed in the study of ethnogenesis.

The national liberation movement of the Kazakh people against Jungar Mongol invasions and Russian imperialism was studied from time to time.

Academician believed that no less significant cause of the stagnation in the historical science and the presence of "blind spots" and "closed zones" in it was the dismissive attitude to the following factors: 1) the expansion of research sources base, 2) improving the methods of working with sources, 3) extensive use of archival documents. Severe restrictions on access to archival collections, selection of documents to illustrate the given schemes and concepts caused the writing of compilation works.

For the reconstruction of historical science M.K. Kozybayev proposed to solve a set of problems: development of methodologies and research techniques on the new level; reviewing research topics and defining the priority areas in a historical science; comprehension and generalization of social experience; development of science-based historical consciousness; raising the educational potential of the history; strengthening the link of history and auxiliary disciplines and interdisciplinary connections, including source studies; improving the research organization; raising personnel policy and teaching of history to a new level; dissemination of historical knowledge among the people.

Academician put forward the problem of reconsideration of the Lenin's "non-capitalist development of formerly backward peoples to socialism, bypassing the capitalist stage" conception, which became the ideological platform of the "great turning point" policy of the revolution "from above", the total collectivization and settling of the Kazakh people.

Later M. Kozybayev fully substantiated his point of view. The years of the First Secretary of Kazraikom F. Goloshchekin's (the Stalin's deputy) government were the years of the gradual replacement of the party's ruling with the personal dictatorship, the planting of the command-bureaucratic methods of management, regional leaderism, implementation concept of "Small October" with the methods of Bonapartism, the "revolution from above", which led to the death more than half of the population of Kazakhstan.

Significant place in the work of scholar in the last decades of his life belongs to the issues of the totalitarian regime formation and its manifestations in Kazakhstan. In the monograph "History and Modernity" there are such articles devoted to this topic as «F.I. Goloshchekin. Political Portrait" and "The Tragedy of Kazakhstan". The latter was co-written with Zh.B. Abylkhodzhin and Sh.B. Tatimov. In the article devoted to F. Goloshchekin there presented the political, moral image of one of the creators of barracks socialism. For the first time, based on archival sources, there was revealed a bloodthirsty image of revolutionist, Soviet type colonizer.

In 1987-1993 M. Kozybayev made the political portraits of many people's batyrs, generals and statesmen. This academician considered the activities of F. Goloshchekin, I. Stalin, N. Khrushchev, L. Brezhnev on the example of Kazakhstan. The principle of historicism made it possible to reveal the character traits, as well as the dynamics of thought and the actions of public figures that were previously "closed", "prohibited" or were in the shade.

In the article "Stalin and Kazakhstan" the academician noted that 3.5-4 mln. people became the victims of Stalinism, including 600-650 thousand that were shot (among them there were over 35 thousand Kazakhstans). In his writings for the first time there was justified the thesis that the author of the "Small October" theory is not F. Goloshchekin, as it was considered to be still, but the "father of nations" I. Stalin, who pursued a policy of political repression, as the People's Commissar of Nationalities ("Sultangalievshchina").

And he was the author of the "theory" of the "proletarian in content, national in form" culture. The article traces the role of I. Stalin in the implementation of policy of forced collectivization in Kazakhstan, Turkestan, and the forced industrialization<sup>1</sup>. His successor F. Goloshchekin, justifying the need for "Great Turning-Point" in the Kazakh aul, said that "of course, this transition changes the way of life, economy, destroying the old way of life, the old economy crumbles, and it does not happen without damage" [2]. The author presented the data not about the damage, but about the crash in the economy, demographics and the spiritual life of the people, and he believed that Stalinism was a classic version of Bonapartism.

In the research article "Khrushchev and Kazakhstan" M. Kozybayev notes that Khrushchev is the child of socialism, the barracks socialism. Despite the fact that he was the author of the new course, he had a lot of "admixtures" of Stalinism and personality cult policy in him.

M. Kozybayev showed that N. Khrushchev resorting to a policy of development of virgin lands in the eastern parts of the country, just like in the former Stalinist times, sent new emissaries and ruled the country as a communist monarch.

He criticized the course for a total development of virgin lands. Plowing 41 million hectares brought the country to a new problem – there began an ecological disaster – soil erosion, and drying up of the Aral Sea. And the Khrushchev's migration policy was equally disastrous for the indigenous peoples of Kazakhstan and Siberia. Voluntarism, the flip side of the personality cult, had a detrimental effect on the spiritual sphere of the people's life. N. Khrushchev left a legacy of imperial personnel policy.

The continuation of the political portraits gallery created by M. Kozybayev is the article "Brezhnev and Kazakhstan", where the author revealed the image of sugary, amorous intriguing leader, the short-sighted politician, one of the creators of the "Afghan tragedy", the Soviet Union's breakdown. Here, the author exposes the image of an imaginary "pervotselinnik", the supporter of Kazakhstan's chemicalization.

In the Khrushchev-Brezhnev period Kazakhstan was more rapidly turning into the region of the mineral raw materials, the agricultural appendage of the center. M. Kozybayev reveals the moral image of the latter-day leader. That since the government of L. Brezhnev there began to enroot corruption, bribery, embezzlement, etc... [3]. The political portraits made by M. Kozybayev give an idea of the rule of the Communist Party of the Soviet Union in Kazakhstan in Goloshchekin times, who decided the destinies of the people on his own will. Generally there can be traced the continuity of the national policy of the Communist Party of Soviet Union and the Russian Empire, the regularity and dynamics of the Union's collapse.

The above research articles of the academician are devoted to the "blind spots" of history of the Kazakh people. But the author not only identifies these spots, he gives his assessment of the problem's interpretation. All this makes it possible to recreate the whole concept of the history of Kazakhstan, to erase the imperial spirit, the abuse of our people's history, to generate consciousness of the people, and to teach them the culture of inter-ethnic dialogue on the basis of the ideology of independent Kazakhstan.

Academician M. Kozybayev rebuffed pseudo-patriots, nationalists, putting forward the thesis of Russian prosperity, the whole nation's tragedy of 30-40-ies, and the destruction of the top layer of the nations of all the republics, except Russia. Later academician repeatedly returned to this issue by publishing a series of papers.

One of the first in the former Soviet Union, the academician called for revision of the existing concept of collectivization [4]. It was more fundamentally considered in the publication "Kazakhstan tragedy" involving agrarian scientist and demographer, so the whole world knew about



the scale and the heavy consequences of the Kazakh tragedy [5]. Besides, on the initiative of the scholar-organizer on November 28-29, 1988 there was held a symposium, where the concept of forced collectivization in Kazakhstan and Central Asia was worked out (with the participation of leading agricultural scientists nationwide) [6].

Later the academician M. Kozybayev headed a special committee of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan, which studied the circumstances and consequences of the famine in the 30-ies of XX century, and the mass political repressions. The scholar's main scientific approaches to this issue became the basis of the Committee's Conclusion. Assessing the academician's contribution, K. Aldazhumanov wrote: "... it should be noted that ever since it happened Kazakhstan is the only state in the post-Soviet space, where the history of Soviet totalitarianism and its consequences are studied in great detail.

Since the second half of the 1980s under the leadership of M.K. Kozybayev there was conducted an extensive work on the identification and rehabilitation of victims of political repression of 1930-40s, which had a national significance" [7].

Besides, in a number of other researches the academician gave a holistic concept of the forced collectivization and the famine of 1931-1933. For the first time in the literature the policy of forced collectivization, without taking into account the features of nomadic and semi-nomadic Kazakh sharuа was called ethnocide, and there was shown the scale of the whole nation's tragedy.

Academician Manash Kozybayev was at the origin of new conceptual development of the Kazakh statehood history, history of Kazakhstan in the conditions of colonialism and Soviet totalitarianism, rehabilitation of victims of mass political repressions.

As a member of the State Commission he carried out extensive work on the implementation of Decrees of the President Nursultan Nazarbayev "On Declaring 1997 the Year of National Consent and Memory of Mass Political Repressions Victims", "On Declaring 1998 the Year of National Unity and National History", "On Declaring 1999 the Year of Unity and Continuity of Generations".

Thus, during the years of independence, M.K. Kozybayev made an enormous contribution to the development of historical science and the formation of historical consciousness, the revival and spiritual development, strengthening of inter-ethnic harmony and unity of the peoples of the sovereign Kazakhstan.

#### REFERENCES:

- 1 Козыбаев М.К. Сталин и Казахстан // Народный учитель, 1991, 27 марта, 5 апреля; Ақтаңдақтар ақиқаты /Истина «белых пятен»/. –Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 272 с.
- 2 Советская степь, 1931, 1 сентября.
- 3 Козыбаев М.К. Брежнев и Казахстан //
- 4 См.: Қозыбаев М. Тарих тағылымы // Қазақ әдебиеті, 1987, 8 апрель.
- 5 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Татимов Ш.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории, 1989, № 7.
- 6 Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. –Алма-Ата: Ғылым, 1990)
- 7 Алдажуманов К. Академик М.К. Козыбаев и историческая наука Казахстана // Историческая наука Казахстана. – Алматы: МерСал, 2005. –С.282.

**Ахметова Ұ.Т.**

т.ғ.д., Атырау мұнай және газ университеті

### **М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ тарихының қайта түлеп, жан-жақты зерттеу аумағына алынған кезең тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі жылдар болды. Тарихымызды бүтіндеуге атсалысқан тарихшы ғалымдарымыздың алдыңғы легінде Манаш Қабашұлы тұрды.

Манаш Қабашұлының ғылыми шығармашылығы сан салалы. Ғалым зерттеулері қатарында Отан тарихының өзекті мәселелері, тарихнама ғылымына қатысты шығармашылық зерттеулер кеңінен қамтылған. Тарихшы қазақ тарихын бүтіндеуде тарихты жасаушы тұлғалардың өміріне, қызметіне, болмысына өзге де қырларына баса назар аударды. XX ғасырда Қазақ тарихын тарихшы М.Қозыбаев өмірде өз алдына қойған мақсатын анық сезіне білген, өзінің өлім хақындағы ой толғанысында: «...Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу», - деп жазған болатын [1]. Тарихи зерттеулерінде Кеңес дәуірі кезеңіндегі жеке басқа табынушылық мәселелерінің ғылыми тұрғыдан талдай отыра, сонымен қатар қоғам дамуында дара тұлғалардың тарихи әрекетін ашып жаза білді. «Жауды шаптым ту байлап» т.б. көптеген туындылары халықты тарихқа жақындатып, ұлттық тарих ғылымының бас-аяғын жинап, бағытын айқындап, қалың оқырманның тарихи санасының шыңдалуына зор үлесін қосты. М.Қ.Қозыбаевтың тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектері осыған дейін жарияланған зерттеулерінен анағұрлым кең ауқымда шабытпен жазылғаны айқын байқалады.

Тарихшы қаламынан туындаған «Ермак: аңыз бен ақиқат», «Голощекин және Қазақстан», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан», «Дала данасы Бұқар жырау», «Ел тірегі Шақшақ Жәнібек», «Исатай батыр туралы сөз», «Әмір Әбдіғапар», «Махамбет туралы сыр», «Амангелді батыр туралы ізденіс», «Абылай», «Хан Кене» және өзге де зерттеулері дәуірінде болып жатқан тарихи оқиғалар легін ұлттық мүдде тұрғысынан сарапталғанын атап өтуіміз қажет.

Ұлт тұлғаларын елге бүтіндеп, ақ-қарасын айқындап жеткізуде М.Қозыбаев зерттеулер жүргізген еңбектері арқылы ел есінде дара тарихшы ретінде тарихта қалды. Манаш Қабашұлының жазған еңбектеріне назар аударсақ, оның ұлы тұлғаларды танытуда орта ғасырдан бастап өмір сүрген қайраткерлерден бастап, егеменді Қазақстанның іргесін көтеруге атсалысқан қоғам қайраткерлері мен ғалым, мәдениет қайраткерлердің бейнелерін жасап, тарихымызды шынайы келбетін жақындатуға тырысты. Тұлғалар тарихын зерттеуде барысында тарихты жазудың әдіс-тәсілдерін шеберлікпен қолдана білген тарихшы болды.

Манаш Қабашұлының тұлғатану мәселелеріне тереңірек назар аударуы тарихымыздың «ақтаңдағына» жатқызған дара тұлға Арынғазы Әбілғазыұлы туралы тақырыпты қолға алуыма себепші болған болатын. Кіші жүз хандарының бірі де, бірегейі Арынғазы Әбілғазыұлы туралы зерттеу арқылы қазақ хандығының тарихына қарай тереңірек назар аудардым. Алдымен Арынғазы Әбілғазыұлы және оның ұрпақтары туралы зерттеуімді XIX ғасырдың 50-60 жылдарына дейін жазып, 2004 жылы «Арыс» баспасынан жариялаған болатымын. Бұл зерттеуімді одан әрі жалғастырып, біраз мұрағат деректерімен толықтыра қайта толықтырумен баспадан шығардым.

Монографияның бірінші тарауында Арынғазы Әбілғазыұлының өмірі мен қызметіне байланысты тарихнама ғылымындағы зерттелу мәселелері қарастырылған. Екінші тарауда зерттеу тақырыбының деректі негіздері талданады. Үшінші тарауда Арынғазы Әбілғазыұлының шыққан ата-тегі, яғни, қазақ мемлекеттілігін құруға қатынасқан қазақтың айтулы хан тұқымынан екендігі дәйектеледі. Төртінші тарауда XIX ғасыр бас кезеңіндегі Кіші жүздің әлеуметтік-саяси жағдайы, қазақ мемлекеттілігін жоюға күш салған Ресей империясы мен қазақ хандығы тарихы баяндалады. Бесінші тарауда Арынғазы ханның қоғамдық-саяси қызметі және қазақ мемлекеттілігін сақтау жолындағы ерлік күресі тарихи

құжаттар арқылы сөйлесе, ал алтыншы тарауда Арынғазы Әбілғазыұлының Ресей мемлекетіне Санкт-Петербургке 1821-1823 жылдар аралығындағы елшілігі және Калугаға 1823-1833 жылдарда жер аударылған хан тағдыры Санкт-Петербург мұрағаты материалдарымен жазылды. Ал жетінші тарауы Арынғазы Әбілғазыұлының ұрпақтарының тарихы баяндалады. Қазақ мемлекеттілігін нығайту үшін күрескен Арынғазы хан тұқымы ретінде ұрпақтары тәуелсіздік алғанға дейін қуғын-сүргін көрген. Арынғазы ханның және оның ұрпақтарының тағдыры – қазақ елінің тағдыры. Олай болса тәуелсіз елде өмір кешіп жатқан қазіргі және келер ұрпақ тарихи тұлғаны ұмытпауы және тарихтан сабақ алуы тиіс. Монография отбасылық суреттермен әулеттік шежірелер, Арынғазы хан туралы деректік мұрағат құжаттарымен толықтырылды [2].

Келесі зерттеу аумағыма алған дара тұлға ағартушы Ы.Алтынсариннің шәкірті болған, бастаған ісін жалғастырған биыл туғанына 150 жыл толып отырған қазақтың ардақтысы ағартушы Ғабдолғали Балғымбаев. Тұлғаға арналған еңбекте Ғ.Б. Балғымбаевтың қоғамдық – саяси қызметіне және жеке өміріне талдау жасалынады. Зерттеу бес тараудан тұрады. Ағартушы туралы қазақ тарихнамасындағы зерттеулерге шолу және екінші тарауда дара тұлға туралы дереккөздерге талдау жүргізілген. Үшінші тарауда ХІХ ғасыр екінші жартысындағы қазақ еліндегі оқу ісі жағдайы және Ғабдолғали Балғымбаевтың ағартушылық қызмет жайы, ал төртінші тарауда тарихи тұлғаның қоғамдық-саяси қызметі талданады. Онда Ғ.Б. Балғымбаевтың «Тургайская газета» атқарған қызметі және Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясындағы қызметі, мұрағат дереккөздері арқылы зерттелген. Бесінші тарауында Ғ.Балғымбаев мұрағаттан табылған бауырлары, ұрпақтары және оны қоршаған замандастары тарих зерттеуге арқау болды [3].

Қорыта айтқанда, қазақ тарихын жазуда жеке тұлғалар арқылы ұлттық тарихымыздың ауқымы кеңейері сөзсіз. М.Қ.Қозыбаев тарихымыздың тұлғатану мәселелерінің көкжиегін кеңейткені айқын.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы) – Алматы: Ғылым, 1998. 1-кітап. -344 б., Қозыбаев М. Жұлдызым менің. – Алматы: Арыс, 2001. - 240 б., Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы “Қазақ университеті”, 1992. -272 б., Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, – 1994. -192 б.
2. Ахметова Ұ. Арынғазы Әбілғазыұлы: өмірі мен қызметі (1875-1833 жж.). Монография. Ұ. Ахметова - Алматы: «Арыс баспасы», 2015. – 308 б.
3. Ахметова Ұ.Т., Г.Е. Бержанова. Ағартушы Ғабдолғали Балғымбаев (1867 - 1942 жж.). Монография: - Алматы: «Арысбаспасы», 2015. – 108 б.

ӘОЖ 94(574)

**Исенов Ә.И.**

т.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

#### **М. ҚОЗЫБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРХАНДАР ИНСТИТУТЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ**

Қазақ халқының азаттыққа қол жеткізіп, егемен ел болуы өміріміздің барлық саласын саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуына жаңа серпінмен әсер етті. Дүниежүзілік қауымдастық құрамында өзінің орнын анықтаған Қазақ елі әлемдегі барша қазақтың Ақ Ордасы бола отырып, ұрпағының мәңгілігі мен атамекеннің тұтастығын сақтау жолында бар мүмкіндікті жасап келеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған жылдардан бастап жарық көрген тарихи еңбектер қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихының мәселесіне жаңа қырынан келді. Нақ осы кезеңде өткен тарихымыз ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеле бастады. Қазақ

тарихындағы тархандар институты М. Қ. Қозыбаев [1], Ж.Қ.Қасымбаев [2], М.Ж.Абдиров [3], И.В.Ерофеева [4], Ә.Қ.Мұқтар [5], т.б., шығармаларында көрініс тапқан. Аталған тарихшы ғалымдар еңбектері тарихи тұлғаларға қатысты маңызды мұрағаттық мол деректермен қатар, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихына қатысты мәліметтерді жинақтап, қорытынды ой-пікірлер түйіндеумен ерекшеленді.

Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [6] деген болатын. Осы орайда, өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтері өскелең ұпаққа үлгі, өнеге боларлық тарихымыздағы тұлғалар тарихын зерттеген М.Қ.Қозыбаевтың көп томдық шығармаларының жинағы халық игілігіне айналды.

Ресей патша өкіметі башқұрт тархандарына пайдаланған отаршылдық тәсілін қазақ қоғамына енгізуді жүзеге асыруға кірісті. Бауырлас башқұрттардың белгілі, беделді азаматтарына тархандық атақ беріп, оларды өз саясатына тартып көрген Ресейлік патша үкіметі тархандық атақ беру тәжірибесін қазақтарға да пайдалануға болатынын түсінді [7]. Сөйтіп, оны жүзеге асыру үшін Әбілқайыр хан жанындағы ықпалы бар елге беделді би-батырларына назар аударып, олардың ішінен Орта жүздің Арғын руының ру басы, батыр – биі Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы мен Кіші жүздің, жетірулардың ру басы, батыр – биі Тама Есет Көкіұлына тоқтады [7].

Қазақ қоғамындағы тархандар институтының пайда болуы алғашқы тархандар Арғын Жәнібек Қошқарұлы мен Тама Есет Көкіұлынан бастау алады. Қазақ тархандар институты тарихына қатысты бір ойға келетін мәселе неге Орта жүздің рубасы Жәнібек батыр Қошқарұлына бірінші кезекте тархандық атақ берілді?

XVIII ғ. 40-шы жылдарының басындағы Орта жүздегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты туындаған себептеріне қатысты тұжырымды академик Манаш Қозыбаев шығармаларынан кездестіреміз. М.Қозыбаев дерегінше: Орыс өкіметінің өкілдері алғашқы кеседескеннен-ақ Жәнібектің өзі хан болмаса да хандардың тағдырын шешетіндігін, қарадан шықса да хан статусынан дәрежесі кем емес екенін білген [1, 82 б.].

Біріншіден, ол (Жәнібек тархан. – М.Қ) Абылай жетіліп, өз саясатын баянды еткенше Орта жүздің бар ауыртпалығын жеңілдетер тірлікті өз мойнына алды [1, 82 б.].

Екіншіден, 1740 жылдың басындағы уақытта Ақтабан шұбырындыда «Арқаға көшкен ел (арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ рулары) бірнеше жыл хансыз тұрды». Осы тұста Шақшақ Жәнібек – Арқаға көшкен елге басшылық жасаған хан дәрежесіндегі елдің батыр биі болған [1, 82 б.].

Үшіншіден, Шақшақұлы Жәнібек, Әбілқайыр ханның күйеу баласы, керейлердің рубасы батыр Бөгенбай оның күйеу баласы батыр тама Есетпен Әбілқайырдың мүддесі үшін ғана бірікпегенді. Негізгі стратегиялық мақсаты вассал болған қазақ елінің ішіне ендеп отаршылдарды енгізбеу, ел бірлігін сақтау болды [1, 82 б.]. Бұл жерде автор табын Бөкенбай [8] есімін Бөгенбай, – деп шатастырған.

Төртіншіден, Шақшақұлы Жәнібектің орыс дипломатиясы арқылы қалмақта тұтқында қалған Абылайды босатуға сіңірген еңбегі ерен. Абылай тұтқыннан орлағанда Әбілмәмбет ханға ренжігені белгілі Кіші жүздің қолымен бірігіп, Орта жүзге ұзақ жыл қалқан болды [1, 82 б.].

Бесіншіден, патша өкіметі Жәнібекке тархан атағын берді. Бұл атақ ерте кезде (ҮІ ғасырда) түрік қағанатында, кейін Алтын Ордада болды. Тархандық бұл княздік атақ. Халық арасында, хан атағынан аспаса, хан атағынан кем еместі. Тархан атағы атадан балаға берілді. Өкімет алым-салығынан босатылды. Шын мәнінде орыс өкіметінің хан мен сұлтандар, билермен байланыс жасайтын өкілі іспетті еді [1, 83 б.].

Алтыншыдан, патша үкіметі Жәнібекке тархандықтың бірінші дәрежесін, тама Есетке екінші дәрежесін берді. Беріп қоймады, Есеттің іші күйсін, екі батырдың арақатынасы шиеленісіп, қазақ тайпаларының жүздерінің арасындағы, Тевкелев – Кутулу Мұхаммед – Мамедтің тілімін айтсақ «баланс» бұзылмасын деп есептеді.

Жетіншіден, Жәнібек Әбілқайыр ханды Барақ батыр өлтіргенде өте ғажайып даналық көрсетті, қазақ елін қан төгістен сақтады. Жәнібек батыр Әбілқайырдың намсын жыртып, ел намысын қорғады. Кіші жүзбен бірігіп, Орта жүзді, одан қалды барша қазақ елін Абылаймен қосылып, тығырықтан алып шығуға ерен еңбек етті [1, 83 б.], – деп жазған.

Академик Манаш Қабашұлы айтқандай, Жәнібек Қошқарұлы Кіші жүздің батыр биі Тама Есетпен бірге одақтасып, екі орданың елдігін сақтау үшін серт байласып, Әбілқайыр ханды ел бірлігін сақтау үшін қолдайды. Әбілмәмбет хан солқылдақ болды. Сондықтан, Жәнібек батыр өз ұлысымен іргелес жатқан Кіші жүзбен тығыз байланыс, қарым-қатынаста болады [1, 82 б.]. Шақшақ Жәнібек аузы дуалы, парасатты би болғандықтан, өз ұлысында билігі жүріп танымал тұлға бола тұра хандық билікке қолдау көрсете отырып, бар күшін елдің елдігін сақтауға күш салған. Осындай Орта жүздің ішкі саяси әл-ахуалын біліп отырған патша өкіметінің әкімшілігі Арғын Жәнібекке тархан атағын беру арқылы тегі қарадан шыққан батырды Ресей патша үкіметіне арқа сүйетіп, Орта жүздегі билікке қол жеткізуге болатын пендешілік үмітін ояту болды. Сонымен қатар, биліктен үміттендіру. Шақшақ Жәнібекке тархандық грамота беру арқылы Орта жүзге өздерінің отарлық саясатын тархандық институты арқылы жүзеге асыруды көздеген.

Жәнібек барытға тархандық атақ берілуінің Абылай сұлтанның қалмақ тұтқынында болуы кезеңіне дәл келуінің де бір саяси астары бар. Өйткені: 1729-1738 жылдары жеңіліс тапқан жоңғарлар 1741 жылы қазақ еліне шабуылын қайта бастап, тағы соғыс ашады. Бұл соғыста қалмақтар қазақты ығыстырып, бір талай жерлерін жаулап алады. Абылай сұлтан 200 кісімен қалмақтардың қолына тұтқынға түседі. Ал, енді Абылайдың қалмақ тұтқынынан 1743 жылдың қыркүйегінде құтқарылу себебіне келсек, тарихи басылымдарда оны бір ауыздан Ресей өкіметінің іс-әрекетімен байланыстырады. Оған тілге тиек етіп жүрген құжат, Жоңғар хандығына Орынбордан жіберілген майор Миллер басқарған орыс елшілігінің белсенді қимылының нәтижесінде Абылай сұлтан 1743 жылы тұтқыннан босатылғандығы жөніндегі пікірді жақтаушылардың қатарында Т.Шойынбаев та бар [9, с. 67-68]. Мұндай көзқарасты ұстанушылардың бірі В.Я.Басин болды [10, с. 15].

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында басылымнан шыққан, Орыс деректеріндегі Қазақстан тарихы жинағында, «Абылай сұлтан майор К.Миллер бастаған орыс елшілігінің нәтижесінде Жоңғар тұтқынынан босатылды» [11 с. 300] деп көрсетілген. Ж.Қасымбаев [2, с. 30], М.Мағауин зерттеулері К.Миллер елшілігінен еш нәтиже шықпағандығы жайлы деректі мәліметтер береді [12, 109-111 бб.]. Бұл авторлар пікірін соңғы шыққан зерттеулер де қуаттап отыр. Мәселен, Ә.Мұқтар зерттеуі Карл Миллерге берілген нұсқауда Абылай сұлтанды босату орыс әкімшілігі үшін басты мәселе болмағандығын дәлелдейді [5, 60-61 бб.].

Міне, осындай мәліметтер топтамасынан кейін біздер Абылай сұлтанның тұтқыннан босауына орыс елшісі майор Миллердің қатысы жоқ деген бағытты ұстана отырып, бұл мәселеге өз пікірімізді деректерді талдау арқылы жеткіземіз.

Тарихи еңбектерде жоңғар тұтқынынан Абылай сұлтанды босатудағы қазақ тархандарының рөлі жөніндегі деректер жоқтың қасында. Осы орайда, XVIII ғасырдың 40-шы жылдарынан бастау алатын қазақ қоғамындағы тархандар институтының пайда болуы мен Абылай сұлтанның қалмақ тұтқынында болу уақыт арасында бір байланыс болды. Орта жүзден тархандық Шақшақ Жәнібекке берілуінің де бір саяси астары бар. Олай дейтініміз, Абылай сұлтан болса жоңғарлардың тұтқыны. Осы кезде Ресей патша өкіметі Орта жүз қазақтарын өздерінің боданы етіп көрсету үшін тархандық атақ беріп, қазақ хандығының ішкі билік мәселесіне араласуды көздеді. Бірінші себебі, жоңғар билеушілерінің Абылай сұлтан арқылы Орта жүз қазақтарын жоңғарлармен одақтасуға көндіруі қауіпін болдырмау болды. Бұл-бір. Екіншіден, елшілік мақсаты дерегінде: «Елшіліктің басты мақсаты, жоңғар

билеушілеріне қазақтар Ресей патша өкіметінің боданы екендігіне көздерін жеткізу», – деп мәлімдеген [13 с. 243.]. Олай болса, патша үкіметінің мақсаты: жоңғар билеушілерінің қазақ ордасымен елдесу немесе одақтасу мәселесінде алдын орап кету. Сонымен қатар, олардың қазақ хандығына қатысты саяси сенімсіздік көзқарасын қалыптастыру. Орта және Кіші Орда ұлыстарының Ресей боданы екенін айтып, жанталасып жоңғар билеушілерінің есіне салу болды.

Профессор Ә.Қ.Мұқтар: «Әрине, өш алу мақсатында Абылайды өлім жазасына қия салу жоңғар билеушісі үшін ешқандай қиындығы жоқ екендігі түсінікті. Қаншама туысын жоқтағанымен, Қалдан Серен үлкен саясаткер болған. Жоңғария елшілері қазақтар қолында «атақты жоңғарлардың қыздары, әйелдері қалғандығын» және оларға қоса көптеген тұтқындардың бар екендігін алға тартып, қазақтардың жиі-жиі шабуылдарын тоқтату қажеттігін ұсынғанымен, түпкі мақсат – қазақ халқын Жоңғарияға бағындыру, соған мәжбүрлеу, боданы ету сияқты жоспарларын бүркемелей білді. Қалдан Серен Абылай сұлтан арқылы қазақтың хандары мен би-батырларын да бағындырмақшы болды. Әбілқайыр ханның 1740 жылы күзде Құтылымбет батырды Жоңғар әскерінің оңтүстік бағытының басшысы Сары Манджаға жіберіп, Жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті қайтарса, ұлы Айшуақты аманатқа беретіндігін хабарлағандығын еске алды. Оны Қошке нойан Әбілқайыр ханға келген тұста 1742 жылы 10 қаңтарда поручик Д.Гладышевке ескерткен. Қошке нойанның айтуынша Ұлы жүздің 8 жылдан бері Жоңғарияға аманат беретіндігін, 1741 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Жәнібек батырдың Қалдан-Серенге елші жібергенін айтып өтеді. Аталған кезеңде Ұлы, Орта, Кіші жүздің игі жақсылары үнемі өзара кеңестер өткізіп, ақылдасып, жоңғар билеушісімен келіссөздер жасауды шешкен. Әбілқайыр ханның айтуынша, 1741 жылы Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтан өзімен «Ресей бағытын» ақылдасса, көп ұзамай 1742 жылы көктемде Әбілмәмбет, Күшік, Барақ, Есет, Жәнібек, Алтабай, Терек, Жапақ, Төле т.б. батырлар бірігіп, төменгі қалмақтар билеушісі Будансюк зайсанымен келісімге келіп, соғысты тоқтатады [14, с. 302]. Осыдан кейін жоңғар ханының Малайсары батыр Бәсентіұлына тархан атағын беруі [5, 188-189 б.] қазақ қоғамына тархандар институтын енгізу арқылы саяси қарым-қатынас жасаудың жаңа бір кезеңі басталады. Қазақ-жоңғар мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі жоңғар билеушілерінің қазақ елімен ендігі жерде елдесуге, одақтасуға бет бұрған сипаттағы саясатарының бастамасы болды.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі хандық биліктің нығаюына күш-жігерін жұмсаған Жәнібек тархан жоңғарларға аманатқа ұлын беруден бас тартқан [15, с. 411]. Жәнібек тархан Ресей бағытын ұстанып, қалмақ-жоңғар қатынасында қазақ елдігін сақтауды ұтымды пайдалана білді.

Қорыта келе айтпағымыз, академик Манаш Қозыбаев шығармалары – Қазақ тарихындағы мемлекеттілік, оны басқару жүйелері дала демократиясына негізделгені, хандық жүйедегі дала демократиясы билеуші жанындағы билер, батырлар, тархандар сынды әлеуметтік институттардың ел билеу ісіне жол ашқандығы. Керей, Жәнібек, Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай хандар әрқашан батыр-тархандарға арқа сүйеп, олардың ақыл-кеңесіне, жұрт алдындағы беделіне сенім білдіргендігі, сонымен қатар XVIII ғ. патша үкіметі тарапынан алғашқы тархандық грамотасын алған Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының қоғамдық-саяси қызметінің қазақ хандары, сұлтандары арасындағы елдік мәселедегі байланыстарды талдауларымен маңызды.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994 – 192 б.
2. Касымбаев. Ж. К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.) – Алматы: Білім, 1999. – 288 с.
3. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы: Казахстан, 1994. – 160 с.
4. Ерофеева И.В. «Между всеми старшинами знатнейший. первый казахский тархан Жанибек Кошқарұлы. – Алматы, 2013. – С. 308.

5. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: Ғылым, 2001, – 257 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. – 1998. 16 желтоқсан.
7. Исенов Ә.И. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.): Тарих ғылым. канд ... автореф. – Орал, 2009. – 24 б.
8. Баһадүр батыр Бөкенбай. /Жинақ/. – Ақтөбе, 2011. – 435 б.
9. Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата, Казакстан, 1982. – 279 с.
10. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 276 с.
11. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век /сост. И.В.Ерофеева – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т. 4. – 368 с.
12. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы. – 180 б.
13. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
14. Валиханов Ч.Ч. Абылай. // Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в пяти томах. – Алматы: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии: Т.4. 1985. – 463 с.
15. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.). / Составление, транскрипция, скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. Т. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.

УДК: 371.13

**Капаева А.Т.**

Алматы менеджмент университеті

### **СУДЬБА УЧЕНОГО СКВОЗЬ ПРИЗМУ ВРЕМЕНИ**

Детство Манаша Козыбаева прошло в колхозе «Жанатурмыс» Мендыкаринского района Костанайской области. На свет появился в тяжелый 1931 год, когда свирепствовал голод. У матери Аксулу не хватало молока, поэтому малыш много плакал и рос болезненным ребенком. Это были тяжелые времена, скудость, бедность, нехватка чувствовалась во всем. Поэтому из 12 родившихся у матери Аксулу детей выжило только четверо.

Отец Кабаш работал в колхозе, был всеми уважаемый аксакал.

Небольшой дом Кабаша был полон детей-сирот. Дети Бекназара, осужденного в 1938 г. на десять лет, семья Базарбая, ушедшего на фронт, мать с отцом. На плечи Кабаша также легла ответственность за семьи ушедших на трудовой фронт братьев отца Абилмажина и Абила. В годы Великой Отечественной войны Кабаш Козыбаев вместе с Яковым Верещенко отдали все свои сбережения на приобретение в Оренбурге на авиационном заводе трех самолетов, которые были отправлены на фронт, на передовую – это был их неоценимый вклад в Победу. Один самолет был назван «Кабаш Козыбаев», второй – «Яков Верещенко», третий – «Козыбаев-Верещенко». После войны маршал авиации Верещагин написал письмо Кабашу с благодарностью, отмечая, что их самолеты служили верой и правдой на протяжении всей войны.[1]

С самого детства у Манаша была непреодолимая тяга к знаниям. В ауле только один учитель Абилмажин получал журнал «Мәдениет және искусство» и у него была небольшая библиотека. Его дочь Алма иногда давала на один день почитать книги. Манаш часто брал

книги и за отведенное время прочитывал их. На пути Манаша встречались замечательные люди, среди них Ахметказы Шотаев, который был и художником, и фотографом, и скульптором. Ахан очень хорошо знал русскую литературу и своими знаниями делился с молодежью. Первыми учителями в жизни Манаша были выпускники Алматинского рабфака Мухамеджан Казыбаев и Нагима Ахметкызы, давшие своему ученику все, что знали и умели сами. После окончания семилетки Манаш поступил в педучилище. В Мендикаринском педучилище обучались дети со всей Торгайской области. В это время в нем преподавали учителя, вернувшиеся с фронта Жумагали Дакенов, Калям Байназаров, известные на всю республику. На протяжении всей своей жизни Манаш Козыбаев с теплотой вспоминал людей, посвятивших себя образованию детей – А.Д. Сырова, С. Ешмухамедова, С. Тойшибаева, А. Попова.[2]

В 16 лет окончив педучилище и проработав год, Манаш поступает в Казахский Государственный университет на исторический факультет в г. Алма-Ате. 40-е годы - трудные послевоенные годы. В те годы шла борьба с «националистами», которых выявляли везде, в том числе среди преподавателей университета.

В университете М.Козыбаев учился на русском отделении. С первого курса начал заниматься наукой. Его работа по истории древнего Рима, написанная на первом курсе, была рекомендована научным руководителем К. Коржевой как учебное пособие для студентов. Курсовая работа «Первое русское государство и формирование русского народа» была высоко оценена руководителем А. Чижовым и защищена на отлично. На третьем курсе начал исследовать проблему формирования нации. На четвертом курсе научная работа М.Козыбаева стала победителем в городском конкурсе. В Казахском государственном университете читали лекции замечательные ученые – М.О. Ауэзов, Т.Тажикаев, С. Кенесбаев, Усанович. На историческом факультете преподавали Е. Бекмаханов, А. Нусупбеков, Б. Сулейменов, М. Акинжанов, Фришман, Серовайский, С. Бейсембаев, Богуславский, Н. Кийкбаев. Известные экономисты – Ф. Жеребятьев, Бровер, Нейштадт.

Перед окончанием университета тяжело заболел отец Кабаш. Манаш- отличник учебы отказывается от аспирантуры и просит направить его в Костанай.

В Костанайе Манаш Козыбаев сначала работал ассистентом, через полгода старшим преподавателем и включился в исследовательскую работу. За пять лет работы в Костанайе он изучил историю города с древнейших времен, исследовал этноним названия города «Костанай». В 1955 г. выходит в свет брошюра М.Козыбаева «Кустанай вчера, сегодня и завтра» (58 с.). В книге рассказывается, как строился город, влияние революций XX в. на город, вопросы гражданской войны. Накануне 40-ой годовщины Октября в областной газете вышла большая статья Манаша Козыбаева о судьбе земляка Омара Досжанова, который был расстрелян в годы гражданской войны Колчаком. Вскоре одной из улиц города, по представлению М. Козыбаева, было присвоено имя Омара Досжанова. Это была вторая улица, после Султана Баймагамбетова, названная именем национального героя. По инициативе М. Козыбаева еще несколько улиц города были названы в честь памятных дат города - улица «19 августа», «5 апреля». В составе лекторской группы М.Козыбаев объездил всю область с лекциями, встречался с интересными людьми, записывал их рассказы об истории родного края. За пять лет М.Козыбаев исследовал историю родного города, решал многие проблемы, поднял на ступень историческое сознание земляков.

Как отмечает сам Манаш Кабашевич, костанайский период жизни укрепил в нем гражданскую позицию, закалил, а также изменил его семейный статус. В эти годы он встретил свою супругу Сару Пшембайқызы, с которой прожил счастливую семейную жизнь, здесь же в Костанайе родился их первенец – Ильяс.

Вскоре Манашу Кабашевичу предложили работу в Алма-Ате. На работу его пригласил Серикбай Бейсембаев, который возглавлял Институт истории партии. М.Козыбаев начал работать в качестве старшего научного сотрудника. Руководителем сектора был П.М. Пахмурный, который занимался вопросами изучения гражданской войны. Молодому ученому он посоветовал заниматься вопросами Великой Отечественной войны. Работая в



этом институте, Манаш Кабашевич защитил кандидатскую диссертацию, получил звание доцента. В 1964 г. опубликована первая научная монография «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны», которая была хорошо принята научной общественностью. М.Козыбаев стал известен в исторических кругах как специалист по войне. К 30-летию победы в Великой Отечественной войне вышла коллективная монография «На защите Родины», в которой он был одним из авторов. Манаша Кабашевича приглашают на различные конференции, конгрессы, посвященные войне, где он выступает с докладами.

Докторская диссертация М.Козыбаева была принята к рассмотрению Ученым Советом Института марксизма-ленинизма в Москве. Были назначены рецензенты: заведующий кафедрой Московского университета, известный ученый, профессор Н.И. Шатагин; генерал-майор профессор Е.А. Болтин, под руководством которого вышло 6-томное издание «Великая Отечественная война»; д.и.н., профессор А.Б. Турсунбаев. Во время защиты соискателю было задано более 30 вопросов, для ответов на которые понадобилось 1,5 часа. Работа была единогласно одобрена. Защита состоялась 4 июня 1969 г. На защите присутствовал Н.Д. Ондасынов, который сказал отцу Кабашу: «Сын – не только твой, он сын своей земли. Я очень горд, что есть такой сын у народа».[3] Московские ученые заинтересовались данными, приведенными в диссертации. На фронт и тыловые работы из Казахстана, как отмечал диссертант, было призвано более 2 млн. человек, что значительно ослабило генофонд страны. Если Гитлер, проводя тотальную мобилизацию, призвал на фронт 12% населения, то в Казахстане этот показатель составил 25%. Ученый в своей работе проследил изменения, которые происходили в самой партии. Партия, которую создал В.И. Ленин, была военной организацией. В годы гражданской войны продолжалась милитаризация партии. После войны партия не проводила демократизацию. Все эти положения были доказаны соискателем в своей работе. Одна из проблем, поднятых М.Козыбаевым, была национальная тема. Ученый отметил, что как в царской России в 1916 г., так и в Советском Союзе в 1941-1945 гг. казахов забирали на тыловые работы. Поголовная мобилизация национальных кадров рабочих, механизаторов, интеллигенции отрицательно повлияла на национальную составляющую казахского народа. А то, что женщины, в том числе казашки, заменяли мужчин на производстве, зачастую на тяжелой физической работе, как отмечал М.Козыбаев это не достижение партии, а результат ее слабости и безвыходности. М.Козыбаев доказал московским ученым, что он не очередной докторант из глубинки, а сформировавшийся ученый со своими устоявшимися взглядами, большим научным потенциалом.

Блестяще защитив докторскую диссертацию в Москве, по приезду в Алма-Ату, он встречает неоднозначное отношение к себе со стороны как руководства института, так и ЦК.

Послевоенные годы в истории известны усилением цензуры, особенно политической. В годы «большого террора» под молот репрессий попадали люди за нечаянно брошенное слово, незначительное высказывание или мнение. Было распространено доноительство на коллег, соседей и т.д. В те годы в Институт истории партии вернулся его работник Абдиров Молдабай, осужденный на 10 лет как «враг народа». В то время в 1939 г. Молдабай был переводчиком. Было дано поручение перевести на казахский язык доклад Секретаря ЦК КП Казахстана Н. Скворцова трем переводчикам, в их числе был Молдабай. В обеденный перерыв, когда пили чай, Молдеке сказал без всякого умысла: «Осы қараторғайдың баласы қандай мылжын, үшеуміз болып, әлі сөзінің жартысына келмедік». Далее события развивались по сценарию: вечером после работы, когда он пришел домой, его уже поджидали два работника НКВД, он был арестован. Вскоре был осужден на 10 лет как «враг народа». Вернувшись после 10-летнего заключения, М.Абдиров стал вновь коллегой человека, который написал на него донос. Таковы были реалии времени.

Известный ученый, профессор Турсынбек Какишев в те годы занимался исследованием проблем казахской литературы 20-30-х годов. Он вместе с группой коллег написали и опубликовали в газете «Қазақ әдебиеті» статью о проблемах казахского языка. На них завели «дело» и их «проступок» горячо обсуждался и многими осуждался. В эту «горячую»

атмосферу и окунулся Манаш Кабашевич, придя на работу в Институт. Этот период оказал огромное влияние на становление Манаша Козыбаева. Постепенно Манаш вошел в круг интересных людей. В доме акына Габбаса Жумабаева, земляка и друга его брата, Манаш познакомился с Сырбаем Мауленовым, Касымом Тогузаковым, Жайсанбеком Молдагалиевым и стал часто бывать на их «посиделках». Сырбай ага читал отрывки из поэмы «Хан Кене», акын Нуркан Ахметбеков читал наизусть произведения Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова, не называя их фамилий. Это была настоящая школа жизни, где можно было насладиться духом свободы, которого не могло быть в то время в обществе.

В 1964 г. в монографии «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» М. Козыбаев поднимает проблему депортаций и эвакуации в Казахстан. Из западных районов из Украины эвакуированы были шахтеры Донбасса, а также строители в количестве 3200 человек работали в Казахстане, в то время как национальные рабочие кадры Караганды составляли всего 16%, остальные были призваны в ряды армии.

В 1973 г. вместе с коллегой З.А. Голиковой М.Козыбаев подготовил книгу «Из опыта кадровой политики КПСС». Выход в свет этой монографии было еще одним испытанием на прочность ученых и их коллег. В предисловии книги авторы отмечали: «Проблема кадров в историко-партийной науке разработана все еще недостаточно. Слабо или почти не разработаны вопросы формирования руководящих партийных кадров в период социалистического строительства. Неполно раскрыта диалектика становления национальных кадров революционеров, умело сочетающих интернациональные и национальные задачи. Ждут исследования проблемы выдвигательства, укрепления кадрами партийного аппарата, коренизация как своеобразный этап в кадровой политике КПСС. Почти нет самостоятельных исследований по изучению закономерностей интенсивного обмена кадрами в организациях партии. В существующей литературе преимущественно показывается движение кадров сверху вниз и совершенно не отражено движение снизу вверх.

Заслуживает внимания изучение опыта партии по идейно-теоретической закладке кадров в период строительства социализма.

Во многих исследованиях кадровая проблема изучается вообще, не прослеживаются судьбы людей. Исследователи не особо акцентируют внимание на трудностях разрешения кадровой политики в национальных районах. Поэтому не всегда принимаются в учет факторы, создавшие благоприятные условия для воспитания кадров в ходе строительства социализма» - открыто отмечают авторы. Это было смелое заявление. К тому же они писали: «Вместе с тем в кадровой политике были и издержки. Частые, не продиктованные жизнью перестройки и реорганизации партийных, советских и хозяйственных органов вызывали многочисленные перестановки и сменяемость кадров, создавали у работников неуверенность, мешали им в полной мере проявлять инициативу, свои организаторские способности» - доказывали авторы монографии. Изучив проблему кадровой политики Компартии Казахстана, авторы выявили недостатки в ее проведении и подвергли критике существующие на тот момент принципы. Такие выводы не устраивали власть того периода. На Ученом Совете были рассмотрены персональные «дела» М.К. Козыбаева и З.А. Голиковой – авторов монографии «Из опыта кадровой политики КПСС». Монография была изъята и сожжена по указанию секретаря ЦК КП Казахстана С. Имашева. Ученым «предложили» искать другое место работы.

М.Козыбаев был сражен предательством и двуличием коллег по Институту истории партии, с которыми проработал ни один год.

М.Козыбаев в поисках работы, задумывается о работе в вузе, подальше от идеологических постулатов. В те времена, даже должность заведующего кафедрой утверждал областной комитет партии. До заседания бюро областного совета партии М.Козыбаев был на приеме у А. Аскарлова, который с сочувствием заметил, что неужели для ученого такого уровня не нашлось другого места как зав.кафедрой зооветеринарного

института. На заседании бюро М.Козыбаеву не задали ни одного вопроса, сразу же утвердили. Начинается новый этап в жизни Манаша Кабашевича.

Работа в вузе не была новой для Манаша Козыбаева, так как, начиная с 70-х годов, он работал в зооветинституте по совместительству. С коллективом института был знаком. Этот известный вуз был своеобразным «пристанищем» для многих ученых, которых преследовала власть. В 30-х годах здесь преподавал Алимхан Ермеков из основателей партии «Алаш», ученый, первый казахский профессор-математик. В эти же годы, выйдя из заключения, в поисках укрытия, в этот же вуз привела судьба Мухтара Ауэзова, преподававшего казахский язык. Профессора из России, не устраивавшие власть в центре, высылались в «глубинку» подальше от столицы, тоже работали в зооветеринарном институте.

Манаш Кабашевич приступил к работе с новыми идеями, которые с большим энтузиазмом притворил в жизнь. М.Козыбаев внедрил в учебный процесс много нововведений. На некоторых курсах лекции начали читать на казахском языке. Некоторые аудитории стали технически оснащенными: показывались фильмы, диафильмы. Создавались специальные кабинеты для общественных наук, закупалась новая литература. Манаш Кабашевич записывал на диктофон консультации на казахском языке по определенным темам, для того чтобы студенты могли в любое время ими воспользоваться при подготовке к занятиям. М.Козыбаев объединил силы общественных кафедр страны и организовал три всесоюзные конференции, материалы которых были отредактированы им лично и опубликованы. В то время зооветинститут был в ведении Министерства народного хозяйства, находящегося в Москве. Манаш Козыбаев поставил перед Министерством вопрос об открытии аспирантуры по истории партии на возглавляемой им кафедре. В тот период это была единственная аспирантура по истории партии не только в республике, но и в стране. Просуществовала она ровно столько, сколько работал в вузе М.Козыбаев. Все его начинания в вузе поддерживал ректор З.К. Кожабеков, открытый новым идеям, стремившийся улучшить уровень преподавания, ценивший людей, работавших под его руководством. Манаш Кабашевич четко осознавал, что роль вуза не только в образовании, но и в воспитании подрастающего поколения. С этой целью он приглашал в вуз представителей творческой интеллигенции и организовывал встречи со студентами. В эти годы на такие встречи были приглашены Сырбай Мауленов, Гафу Каирбеков, Туманбай Молдағалиев, Мариям Хакимжанова, Фариза Онгарсынова и др. Студенты вуза постоянно ходили на премьерные показы и спектакли в различные театры. За годы работы в зооветеринарном институте Манаш Кабашевич духовно окреп, стал известным ученым за пределами республики.

У Манаша Кабашевича были тесные связи с учеными-историками всего Союза. В те сложные для ученого годы большую поддержку оказывали ученые Москвы заведующий отделом Института истории Г.А. Куманев, А.В. Митрофанова, Киева - профессор Н.А. Буцко, М.И. Кравчук, Минска - А.И. Залевский, Армении - В.А. Арутюнян, Новосибирска - И.И. Комогорцев, Ленинграда - В. Комаль, И.И. Захаров, В.А. Ежов и многие другие. Манаш Козыбаев был автором коллективных монографий, выходящих в разных уголках Советского Союза, входил в оргкомитеты различных всесоюзных конференций, его статьи публиковались в многочисленных научных журналах. Научная общественность всесторонне поддерживала ученого из Казахстана, незаслуженно обвиненного и подвергнутого остракизму со стороны коллег Института истории партии и ЦК КП Казахстана.

Так проходило становление научных взглядов М.К. Козыбаева. Сквозь призму судьбы крупного ученого, академика Манаша Кабашевича Козыбаева можно проследить вехи исторической эпохи, которые так или иначе накладывали отпечатки на каждом этапе его становления и развития.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Ә. Пірманов, А. Қапаева. Алғы сөз орнына. // Академик Манаш Қозыбаев. Атамұра, 2001. С.9.

2. Ә. Пірманов, А. Қапаева. Алғы сөз орнына. // Академик Манаш Қозыбаев. Атамұра, 2001. С.12.
3. Там же. С.17.

**Муканова Г.К.**

к.и.н., доцент, КазНУ им. аль-Фараби

### **НОВЫЕ КОНЦЕПЦИИ ИСТОРИОГРАФИИ «АЛАШ». МАНАШ КОЗЫБАЕВ И КЕНЕС НУРПЕИС**

Современные тенденции в мире актуализируют прикладные исследования массовых политических движений, роли лидеров в истории. Озабоченность передовой общественности событиями на Ближнем Востоке (ИГИЛ), активизацией талибов в Афганистане вблизи границ Индии, Центральной Азии, нездоровые тренды в политической атмосфере Турции и другие вопросы направляют исторические фундаментальные исследования вглубь. Поиск корней массового сознания и возможностей, если не управлять им, а воспитывать на лучших, здоровых примерах необходима как никогда. Задача ученых, педагогов, мыслителей в целом – находить позитивные образы и тем самым влиять на гражданское сознание и патриотизм в высоком смысле.

...Первые публикации об Алаш и алашординцах, а также лидерах Кокандской автономии в Независимом Казахстане производили эффект разорвавшейся бомбы. Общество впервые получило доступ к информационным материалам, а благодаря ученым Института истории, этнологии и археологии им. Ш.Уалиханова (ныне – Институт истории и этнологии им. Ш.Уалиханова) изучались архивы, рукописи, зарубежные публикации. Свежий воздух перемен коснулся методологии гуманитарных и социальных наук: история Отечества была на слуху, о лидерах национального мнения начала XX века писала пресса, первые документальные очерки вышли на ТВ-экран, начали сниматься короткометражные публицистические фильмы.

Трагедия «Алаш» и Кокандской автономии заставила взяться за перо маститого ученого, доктора исторических наук, профессора Кенеса Нурпеисовича Нурпеисова (Нурпеис). О его вкладе в развитие исторических исследований и смену парадигм в методологии отечественных гуманитарных наук сказано в издании «Энциклопедия Алматы».

Нурпеис Кенес (1935–2007), ученый-историк, доктор исторических наук, профессор. Академик АН КазССР (1989), академик АСН РК (1996). Окончил исторический факультет КазГУ им. Кирова (1957). На протяжении почти полувека работал в Институте истории и этнологии им. Ч. Валиханова МОН РК (далее – Институт). Являясь одним из авторов концепции формирования исторического сознания и исторической науки независимого Казахстана, принимал участие в разработке ряда фундаментальных и прикладных проблем отечественной истории. Автор книг: «Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян», «Аграрная политика – важная составная часть деятельности КПСС», «История крестьянства Советского Казахстана», соавтор 5-томной «Истории Казахстана», 20 монографий, учебников для школ, более 460 научных исследований. На протяжении ряда лет председатель правления историко-просветительского общества «Адилет». Лауреат Государственной премии КазССР (1982), заслуженный деятель науки и техники РК, отличник образования РК, награжден орденом «Парасат» и др., удостоен звания «Алтын Адам» в номинации «Деятель науки» [1].

Многие историки Республики Казахстан прошли школу Нурпеисова К.Н. Этот скромнейший человек воплощал в себе лучшие качества интеллигента. Он был участником многих научных форумов, тесно общался с представителями разных этносов республики. Помню, как несколько раз специально из Петропавловска, где работала с 1985 по 2005 годы в СКГУ, выезжала для консультаций с М.К.Козыбаевым и К.Н.Нурпеисовым, в период

работы над докторской диссертацией. Теплые ощущения от бесед с мэтром, человеком мягким, интеллигентным и доброжелательным, сохранились до сих пор. Сыграло роль и то, что мой отец, Кайролла Муканов – сокурсник К.Нурпеиса по КазГУ им. С.М.Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби). Они учились в Алматы с 1952 по 1957 годы и преданы любимой науке Истории. (Их совместная студенческая фотография размещена в книге к 70-летию Института [3; 223].)

Ученый-историк Кенес Нурпеис хорошо знаком зарубежным коллегам. Монографии профессора востребованы и являются примером оформления научно-справочного аппарата, аргументированности суждений. Его строго выверенные публикации воспринимаются как догмы, ряд его исследований легли в основу школьных учебников и до сих пор служат делу патриотического воспитания молодежи Независимого Казахстана.

В 1920 годы влияние Алаш на казахское общество было бесспорным. В 1925 году И.В. Сталин дал указание Ф.И. Голощекину, поставленному во главе Казахстана, устроить в республике «Малый Октябрь», отделить и изолировать от народа казахскую национальную («националистическую», как они ее называли) интеллигенцию и свести на нет ее всенародный авторитет. А в дальнейшем и репрессировать (вплоть до физического уничтожения).

Имеются архивные материалы, подтверждающие эту линию партийно-политического руководства СССР. Составители тех сборников обязаны были раскрыть контрреволюционную сущность, антинародную природу и недемократический характер движения Алаш. Доказать, что оно защищает лишь интересы байской верхушки и имущих слоев казахского общества, а не трудового народа. И тем самым развенчать Алаш и его лидеров в сознании масс.

В 1929 году вышел сборник документов и материалов "Алаш-Орда", составленный Н. Мартыненко. Введение к книге написал председатель Совнаркома КазАССР Ораз Исаев. Позже ему это припомнят. Несмотря на свои многократные покаяния и раскаяния в содеянном, О. Исаев будет подвергнут гонениям, арестован и расстрелян. (По вновь открывшимся данным, этот сборник изначально было поручено составить Сакену Сейфуллину, однако он подвергся репрессиям одним из первых, а его имя было стерто с обложки будущего издания. Этот факт установлен автором статьи при работе в фондах Центрального государственного архива РК, г. Алматы, фонд Совнарком).

В 1935 году были изданы «Очерки истории Алаш-Орды» С. Брайнина и Ш. Шафира - научных сотрудников Казахского филиала Института марксизма-ленинизма ЦК ВКП(б). Книга содержала две части: исследовательский очерк и подборку документальных материалов, куда были включены (для объективности) и такие новые документы, которые освещали Алаш с позитивной стороны. Тем самым публикаторы практически подписали себе приговор. Их обвинили, в частности, в том, что в книге не оказалось материалов, свидетельствующих о поддержке трудящимися Казахстана партии большевиков, например, телеграммы В.И. Ленину и И.В. Сталину, принятой девятью тысячами участников демонстрации в г. Акмолинске, вместо этого помещены документы, представляющие "Алаш" как движение общедемократическое, национально-освободительное. Не приходится удивляться тому, что «Очерки» С. Брайнина и Ш. Шафира, так же как и сборник Н. Мартыненко, были изъяты.[2]

С тех пор в течение многих десятилетий ученые-историки к данной тематике не обращались. Только в 1990 годах о движении «Алаш» были опубликованы три монографии - Кенеса Нурпеисова, Д. Аманжоловой и М.Койгельдиева. Сегодня публикаций достаточно много, чтобы приводить весь перечень здесь.

Кенес Нурпеисов - соратник МанашаКозыбаева, оба трудились плечо к плечу много лет, изыскивая доказательства причастности номадов-казахов к всемирной истории. Труды выходили на казахском и русском языках, и в периодических изданиях, чтобы общественность могла оперативно ознакомиться с «белыми пятнами» истории Центральной Азии и ее места в мировой истории.

К 70-летию Института (2015) издана книга «Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы». В ней мы обращаем внимание на статью ученого под названием «Еңбегі ерен ұлттық интеллигенция «алаш және Түркістан (Қоқан) автономияларына – 90 жыл)». [3; 304-325] Статья эта впервые была опубликована на страницах журнала «Жұлдыз» в 2007 году, [4] но выводы автора актуальны. В особенности он одним из первых дал исторический портрет Мустафы Шокая и его политической стратегии, когда писал:

«Жоғарыда айтылғандай, Мұстафа Шоқайдың бізге жеткен еңбектерінің қатарында оның «Кеңестер қоластындағы Түркістан» шығармасының орны ерекше. Мұстафа Шоқай осы шығармасы арқылы өзін саяси көсем сөздің («публицистиканың) асқан шебері, саяси айтыстың асқан майталманы екенігін паш етті. Сонымен қатар, ол Кеңес Одағында, оның құрамдас бөлігі Қазақстан мен Түркістанда, әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйенің қалыптасып, бел алған кезеңін тайға таңба басқандай айқындап берді». [3; 322]

Нурпеис К.Н. еще десять лет назад сделал осознанный четкий вывод о непреходящей роли М.Шокая в освещении истории Кокандской автономии, истории Туркестана и освободительной борьбы туркестанцев, казахов в том числе, что впервые вывело в довоенный период отечественную историографию на высоту европейского дискурса. Этот научный подвиг К.Нурпеиса ставит его, как и директора Института, академика М.К.Козыбаева, на уровень мыслителей с большим потенциалом. К сожалению, будучи в советское время зажатые в тиски партийной цензуры, многие отечественные историки не смогли своевременно выразить свои взгляды на региональную историю. Изучение истории деятельности лидеров национального движения по деколонизации Туркестана (Центральной Азии, в современном прочтении), в частности, Мустафы Шокая, предстоит новым поколениям казахстанцев. Казахские лидеры общественного мнения достойны быть названы в числе передовых общественных деятелей ранга таких признанных вождей Востока, как: Махатма Ганди, Кемаль Ататюрк, Гамаль Абдель Насер, Джавахарлал Неру, Мартин Лютер Кинг...

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Энциклопедия Алматы. Электронная версия. Режим доступа: <http://almatykala.info/personality/nurpeis-kenes.html>
2. Исаев С. Алаш – предвестник Независимости // "Вечерний Алматы", 10 марта 2005 г. Электронная версия. Режим доступа: <http://www.nomad.su/?a=15-200503110105>
3. Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы. Алматы: Елтаным баспасы, 2015. – 344 бет.
4. Нұрпейіс К. Еңбегі ерен ұлттық интеллигенция «алаш және Түркістан (Қоқан) автономияларына – 90 жыл // «Жұлдыз». 2007. № 12. 148-166 бб.

**Шамшиденова Ф.М.**

т.ғ.к., доцент, Алматы қ.

#### **ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНА ЖЕТЕЛЕГЕН ҰСТАЗ**

Бұрынғы жүйе бойынша ғылым жолына түскен әр адам аспирантурада оқитын. 1992 жылдың желтоқсан айында мен де Семей пединститутында қызмет ете жүріп, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының күндізгі бөлімінің аспирантурасына түстім. Ғылыми тақырыпты таңдауда Институт директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі М.Қозыбаев қабылдауында болып, ол Сібір жылнамаларының бірнеше нұсқасын оқып, библиография жасап келуді тапсырды. «Мүмкіндігің болса аларсың, қиын болса, оңай тақырып аларсың» деді. Араға он күн салып, емтихан тапсыратын студент сияқты ағайдың алдына келіп, Сібір жылнамалары туралы айтып бердім. «Қалқам, алып кетесің, Сібір жылнамалары бойынша диссертация тақырыбын бекітейік» деп, келісімін

берді. Осылайша сібіртану тақырыбы өзімнің де рухани жан дүниеме жақын болып, тақырыпқа кіріп кеттім.

Манаш Қабашұлы өмірде өте қарапайым, салмақты, жан дүниесі кең, мәдениетті адам болатын. Аспиранттардың аттестациясы кезінде кабинетінде қабылдап, істелген жұмыстарды сұрап, алдына отырғызып қойып, өзінің пікірін ауызша айтып, жазғызатын. Адамға талапты да кесек қоя білетін. Кандидаттық диссертация дайын болған кезде, бір аптада оқып, пікірін айтып, кемшіліктерді айтқан болатын. Уәде еткен уақытын ұмытпайтын. «Бір ай болды, диссертациямызды ағайымыз әлі қайтарған жоқ» деп кейбір аспиранттар өздерінің жетекшілері туралы айтатынын естіп қалатынбыз. Есіктен сығалап жүрген аспирант болғансоң, мен де, Манаш ағаның айтқан сейсенбі күні емес, келесі аптаның сейсенбісінде кабинетіне рұқсат сұрап кіргенімде, «Қалқам, қайда жүрсің?» деген болатын. Осындай ұстаздың арқасында 1997 жылы мен тарих ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болдым.

Манаш Қабашұлының адами қасиеті жоғары, өзі де адам тани білетін білікті ұстаз еді. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деп, Мұқағали айтқандай, Алматыға күпі киіп, ғылым қуып, келген талай қазақ жастарына Манаш Қабашұлы шекпен кигізіп, үлкен ғылым жолына аттандырып жататын. Ғылым жолындағы жетекшінің білгір ғалым, білікті ұстаз болғаны адамға үлкен бақыт. Бұл дүниеде ғылымда ғана әділдік болады, ғылым заманға қарамайтынын үйреткен де - Манаш аға.

Ғылыми жетекші ретінде Манаш аға методологияға баса назар аударуды үйретті. Оның ғылыми методологияға қатысты берген кеңестері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Әсіресе, Ресейге тән шығыс мәселесін зерттеушілерді төрт топқа жүйелеуге берген бағыты өте ұтымды еді. Қазақстан тарихында академик М.Қозыбаев өз еңбектерінде орта ғасырдағы Қазақстанның біраз мәселелерін Сібір жылнамалары негізінде ашып көрсетті. Кеңес дәуірінде империялық рухта пайымдалған тұжырымдамаларды қайта қарады, әсіресе, атаман Ермактың бет-пердесін ашып, қазақ тарихындағы ақтаңдықтарды анықтауды күн тәртібіне қойды.

Ресейдің Шығысында түркі халықтарының ішінде тәуелсіздік үшін күресті Көшім бастағанын Манаш аға бекемдеді. Осы бағыттағы оның ғылыми ұстанымы «Ақтаңдақтар ақиқаты» еңбегінен толық байқалады. Тау тұлғалы Манаш аға шәкірттері мен өзінің ғылыми мектебі негізінде өмірі мен шығармашылығы жалғасуда деп білеміз.

УДК 947:98

**Мукатаева А.К., Беленко О.Г.**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

### **ВЗГЛЯДЫ М.К. КОЗЫБАЕВА НА СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ**

Как известно, исторические исследования стали возможны в середине 80-х–90-х годов XX века и в начале XXI века, во время становления, провозглашения и развития суверенного независимого Казахстана. Именно в эти годы начинается содержательный этап деятельности академика М.К. Козыбаева. Учёный в центр внимания ставит, прежде всего, актуальные проблемы Отечественной истории, он видит их огромную роль для Республики Казахстан.

М.К. Козыбаев писал: «Исследования исторического опыта, истории национальной государственности даёт прямой выход на современные процессы национального, государственного строительства». Яркое подтверждение этому – высказанная мысль Главы государства Н.А. Назарбаевым в книге «В потоке истории»: «Понимание места в истории, гордость предками не в масштабах родовой почки, а в общенациональном смысле, осознание колоссального значения казахов и их предков в истории огромной Евразии, освобождённое

от унижающих национальное достоинство ярлыков и стереотипов – это мощный и абсолютно современный способ национальной консолидации» [1, с 59].

В научных публикациях М.К. Козыбаев проработал проблему казахской национальной государственности, критикуя утверждения о том, что кочевые народы «абсолютно не способны создать устойчивые, деятельные социальные и политические институты». Рассматривая данную проблему в освещении историков советской эпохи, он отметил, что «история малых народов разрабатывалась по запрограммированной схеме», результатом чего явилось искажённое историческое сознание, отсутствие своей истории, забвение истинных корней и предков.

Академик М.К. Козыбаев решительно выступил против господствующей европоцентристской точки зрения об отсталости и позднем развитии государственности как характерной особенности восточных народов. М.К. Козыбаев, отвечая своим оппонентам, подчеркнул: «история казахского народа свидетельствует о том, что он гармонично развивается в контексте всемирного исторического прогресса, а отнюдь не в замкнутом мире аульной общины времён российской колониальной экспансии. По своему геополитическому положению Казахстан выступал серединой территории между Европой и Азией, звеном между славянскими, тюркскими народами и Китаем. На просторах Великой степи, в самом центре центральной Азии, возникали и уходили в небытие государства гуннов, тюрков, тюрко-монголов, создавалась неповторимая цивилизация, являющаяся своеобразным синтезом степного и оседлого образа жизни, наследниками которого и стали современные центральноазиатские нации» [2, с. 18].

В исследованиях М.К. Козыбаева нашла разработку и аргументацию проблема наличия «... кочевой своеобразной государственности, в известной степени отличной от западной модели». Определяя её сущность, М.К. Козыбаев называет подобную государственность евразийской, последнее, по его мнению, предполагает весьма специфический механизм отношения государственной власти и права. Она не деспотична, как бы растворена во множестве маленьких волей, начиная от хана и кончая родовыми старейшинами» [3, с. 135]. Раскрывая данную тему, ученый-исследователь показал несостоятельность позиции А. Тойенби, полагавшего, что кочевники были «рабами степи», «вечными узниками климатического и вегетационного годового цикла», «утратили связь с миром», «общество кочевников является обществом, у которого нет истории» [2, с. 18]. Академик Манаш Козыбаев резко осуждал забвение исторических традиций народа, уроков его пути как явления господствующего субъективизма в освещении истории у большинства советских историков. По его мнению, последствие такого подхода деформировали историческое мышление людей, особенно молодежи [2, с. 5]. «Между тем исследователи с более серьезной научной ориентацией доказали, что в результате культурного прорыва на рубеже нашего летоисчисления началось формирование тюркской цивилизационной модели, которая имела одновременно признаки речной, нагорной и континентальной культуры» [2, с. 19].

Академик Манаш Козыбаев особо выделил, что «Осмысление отечественной истории нами начато в контексте общемирового развития тюркского мира, в системе творческой эволюции всей Степной цивилизации, как пример «наложения азиатского и европейского путей развития» [2, с. 19]. М.К.Козыбаев, являясь ученым-историком, более всего изучавшим прошлое для настоящего, утверждает: «Духовное возрождение, межнациональное согласие, консолидация сил немыслимы без поучительных уроков исторического прошлого», «... именно в истории, в прошлом лежит значительная часть проблем того, что ныне переживает РК» [2, с. 11]. Президент РК Н.А.Назарбаев, обращаясь к народу сказал: «Сегодня мы с гордостью и восторгом узнаем, что Казахстан является территорией, на которой развивались древние и самобытные цивилизации» [1, с. 71]. Величайшая заслуга в этом академика М.К.Козыбаева, его кропотливый труд привел к написанию монографий и научно публицистических статей: «Вехи истории», «Казахстан на рубеже веков: размышления и



поиски» в двух книгах, «История казахов - составная часть цивилизации степи», крупная монография (конец 2001г.) «Цивилизация и нация». В работе «Откуда «есть – пошла» Казахская земля» М.К.Козыбаев обобщил следующее: «Среди тюркских народов, чья история изобилует великими и печальными страницами, казахский народ является одним из многочисленных и, в то же время, однородных по составу этносов» (2, с. 33). Согласно сведениям Геродота, Страбона, летописных памятников «Хан-наме», «Тарих-наме», уже III-I вв. до н.э. племена саков, имели мощные государственные образования [2, с. 33]. Л.Н.Гумилев также связывает происхождение казахского народа с предшествующими тюркскими народами, считая гуннов, тюркским этносом, сложившимся, по его точке зрения, в III в. до н.э. [15, с. 11-18].

Козыбаев М.К. определяет в своих трудах факторы эволюции в степи и все аспекты процесса становления и развития национальной Казахской государственности [4, с. 101]. История сложения степной цивилизации кочевников идет, как отметил М.К.Козыбаев «...с великой эпохи племён» эпохи раннего кочевничества, скифо-сакских племён, «...уже в III – I веках до нашей эры», они имели могучие государственные образования [2, с. 33]. Это были истоки государственности. М.К.Козыбаев в научных работах осветил этап становления казахской государственности от древности и в советский период исторического пути Казахстана. «У нашей степной цивилизации богатая история, охватывающая не одно тысячелетие. На разных этапах этого тернистого пути, в разных местах и не один раз закладывалась основа, и поднимался стяг нашей государственности». (Н.А.Назарбаев) В статье «Откуда «есть - пошла» казахская земля» М.К. Козыбаев, обращаясь к памяти народа, к книге Коркут-ата, «...этой своеобразной копилке народной мудрости» говорит о древних генеалогических корнях казахского этноса и государственности. Исследуя такие источники как «Хан-Наме», «Тарих-Наме» и другие, академик М. Козыбаев выделяет этапы возникновения и особенности становления государственности казахов. Он, рассматривая истоки казахской государственности, особо подчеркивает: «...дальние предки мои – великие тюрки». М. Козыбаев прослеживает связь казахов-степняков с внешним многоликим миром – Евразийским пространством, в тоже время сумевших сохранить свою однородность и многочисленность. Предки казахов, как подчеркивает ученый-историк, «... уже в III-IV вв. до н.э. имели мощные государственные образования» [2, с.33]. При изучении истории возникновения и развития казахской государственности, рассуждает М.К. Козыбаев, важен следующий подход, это «...прежде всего исходить из концепции кочевой цивилизации, а так же евразийской ее сущности» [2, с.44].

В научных статьях М. Козыбаева дана конкретная постановка и раскрытие вопроса: когда возникло государство у казахов, что вкладываем в это понятие. Он пишет: «Государство – это социальное явление, для которого характерен сплав территориальной мощности, населения, системы власти, т.е. отношений господства и подчинения» [2,с.44]. VIII – VII вв. до н.э., как подчеркивает М.К. Козыбаев, то время, когда «...сложился в Великой Степени кочевой способ производства, складывались сакско-усуньская (в Семиречье), кангюйская (в Приаралье), гуннская (в Северо-Восточной части Казахстана), аланская (в Западном Казахстане) этнокультурные общности». М.К. Козыбаев отмечает наличие всех характерных признаков государственности у усуней, кангюй, гуннов таких как власть, население, армия, территория, ее деление на части, внешние контакты с соседними народами. Гунны достигли совершенства в структуре власти, государство их делилось на 24 части во главе с племенными вождями. Каждая часть делилась на тьмы (10 тыс.), тысячи, сотни, десятки. Такая система легла в основу и военного строительства. В VI в. возник Тюркский каганат, олицетворявший собой начало степной культуры. История тюрков, отмечает И. Козыбаев, дает реальное представление о следующем этапе развития государственности с более зрелыми и ярко выраженными структурами власти, аппаратом управления, характерной сословностью подданных.

Далее, как обратил внимание на это М. Козыбаев: «В период государства огузов сохранились институты власти, выросшие из недр военно-демократического строя, а власть правителя (джабгу) ограничивалась советом военно-племенной аристократии, ...после монгольского завоевания утвердилось чингизидство» [2, с.44]. В целом, рассматривая развитие государственности на этом этапе, ученый-исследователь делает вывод: «Казахи, их предки в лице усуней, кангюев, кереитов, найманов, кыпчаков, создавшие государственность, империю под названием Тюркский каганат [...] накопили огромный опыт государственной организации, административной, финансовой, податной систем. Этот опыт послужил строительным лесом для государственности и великодержавия монголов». Выход кыпчаков на историческую арену, как пишет М.К. Козыбаев, произошел в XI в. и определил новый этап развития государственности, их консолидирующую роль как суперэтноса. В монгольской империи казахи-кыпчаки сохранили этнокультурное единство, такой вывод делает М.К. Козыбаев: «Уберегая свои обычаи, религию, язык, кыпчакская общность, пройдя испытания монгольским игом, как феникс из пепла, возродилось к жизни» [2, с.39]. В своих научных статьях о Мухаммаде Хайдаре Дулати М.К. Козыбаев определяет его как историка широкого профиля всей Центральной Азии, Востока, труд которого «Тарих-и - Рашиди» «...является одновременно выдающимся памятником литературы, историческим источником». М.Козыбаев, подчеркивая вклад многих исследователей в изучении этого одного из основных первоисточников по истории казахского народа, особо выделяет Ч.Ч. Валиханова, В.В. Вельяминова-Зернова, В.П. Юдина, А.Х. Маргулана. М.К. Козыбаев рассматривает труд Мухаммада Хайдара Дулати «Тарих-и-Рашиди» как летописный свод, аналитический трактат, осветивший время развития казахского ханства (XV–XVI в.в.). Труд «Тарих-и-Рашиди» мухаммеда Хайдара составил эпоху в интеллектуальной жизни народов Центральной Азии. Сведения о Казахстане в труде «Тарих-и-Рашиди» Мухаммада Хайдара – главный объект исследования М.К. Козыбаева. Он выделяет основные моменты в истории создания и развития Казахского ханства, анализируя материал труда Мирзы Хайдара. Акцент ученый-историк М. Козыбаев делает на политическую ситуацию в Могулистане, где в Жетысу, с 80-х г. XV в. закрепилась власть казахских владетелей. Союз племен двух жузов (Старшего и Среднего) лег в основу Казахского ханства, возникшего в середине 60-х г. XV в Западной части Жетысу./2, с.82/ При Касым хане территория расширилась («Он подчинил своей власти весь Дешт-и-Кыпчак»).[2, с.83] М.К. Козыбаев заключает: «Опыт развития государственности, обретавшийся многими поколениями тюрков на этих территориях с глубокой древности, хорошо представлен в Тарих-и-Рашиди» в связи с исследованием им истории Моголистана. В его труде показано административно-военное и территориально-этническое деление государства: крупные племена – улусы с их юртами (территориями расселения) имели характер административных единиц, глава государств чингизид, власть наследственна, но сильно ограничена волей знати крупных племен. В работе Мухаммада Хайдара, как отмечает М.К. Козыбаев, обозначены структуры государственного управления, освещена духовная жизнь, социальная структура населения, хозяйственная сторона жизни кочевников. М.К. Козыбаев приходит к выводу в том, что казахскому обществу, как в период раннего феодализма, так и в целом средневековья, были присущи одни и те же закономерности становления развития государственности, характерной для цивилизации кочевников в сочетании с элементами городской культуры в ареале Великого Шелкового пути. Государственные структуры выполняли функции защиты страны, завоевание новых земель, установления добрососедских отношений с определенными странами, защищали привилегии господствующих классов. Вместе с тем они внесли национально особенное во властные структуры, в десятичную систему управления страной и армией, в формирование степной элиты свободной от религиозного фанатизма и абсолютизации власти, в единстве связей на громадной территории империи и т.д.

Таким образом, причины, ход образования Казахского ханства, сложение его в мощное централизованное государство при Касым хане, дальнейшие судьбы казахского народа, в упорной борьбе и мирном сотрудничестве с соседями, защищавшего свои

коренные этнические территории названные источником («Бадаи ал-вакаи» Зайн ад-Дина Васифи) термином «Казахстан», во всех подробностях исследован на материалах источников, важнейшим из которых является первоклассный труд Мирза Мухаммада Хайдара Дуглата «Тарих-и-Рашиди» [2, с.88].

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Нурсултан «В потоке истории». Алматы, 1998.
2. М.К. Козыбаев «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Память народа». Книга первая. Алматы, 2000.
3. Колдыбаева С.С., М.К. Козыбаев – О государственной власти и праве //Материалы республиканской научно-практической конференции «Актуальность научного и исторического наследия академика Манаша Козыбаева Петропавловск , 2004.
4. Досаев У.С. Академик М.Козыбаев: проблемы становления казахской государственности. //«Материалы республиканской научно-практической конференции» Петропавловск, 2004.
5. Гумилёв Л.Н. Об истоках тюркской цивилизации. Происхождение казахского этноса. «Гумилёвские чтения». Т-1, Астана, 2003.
6. Макарова Г.Л. Взгляды М.К. Козыбаева на становление казахской государственности // Материалы республиканской научно-практической конференции «Козыбаевские чтения-2006». Т. 1. – Петропавловск, 2006.

**Карманова М.С.,** т.ғ.к., доцент

**Бекзат Омар,** 2 курс магистранты

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

#### М.ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫ ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы кеңес Республикалары тарих ғылымы өкілдерінің өздерінің отандық тарихының ғылыми методологиялық мәселелеріне және зерттеу әдістеріне жаңа тұрғыдан қарау үдерісі басталды. Кеңес жылдары идеологиялық өктемдіктің салдарларынан әбден жапа шеккен ТМД елдері тарихшыларының үлкен кемшілігі тарихқа деген қияс эмоционалдық көзқарастың жетегінде кетті [1]. Қазақстан тарихшылары әділдік үшін айта кету қажет ондай кемшіліктерден мейлінше ада болды. Бұл Қазақстан тарихшылар мектебінің биік деңгейін көрсетсе керек. Сондай өрелі тарихшыларымыздың бірі М.Қ.Қозыбаев болды. Ғалым отандық тарих ғылымының барлық бағыттары бойынша белсенді жұмыс жасады. Шағын мақалада олардың барлығын қамту мүмкін емес. Сондықтан біз оның отандық тарихты дәуірлеу мәселелеріне қатысты пікірімізді білдіргіміз келеді.

Адамзат және отандық тарихтың ең өзекті мәселелерінің бірі дәуірлеу мәселесі. Сырттай қарағанда дәуірлеу мәселесі қарапайым тоғышарлар үшін оңай іс болып көрінуі мүмкін. Өйткені бұл мәселеге тарихшылардан бөлек басқа да қоғамдық ғылымдарының өкілдері, тіпті техникалық мамандық иелері де ден қойып жүр. Әрине «әркімнің ғылымнан-ақ бар таласы». Алайда әуесқойлар бірінші кезекте өзінің ұсынып отырған концепциясына кәсіби тарихшыларды иландыра білуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда М.Қозыбаевтың отандық тарихты дәуірлерге бөлу мәселесін жаңаша қолға алуы батылдық еді. Бұрынғы кеңестік қарадүрсін социологиялық схемалардың шеңберінен бұлқынып шығу, стереотиптерді бұза жару оңай емес. Айталық, маркстік евроцентристік формациялық парадигма көшпенді қазақ қоғамына да таңыла салынды[2]. Оның орнына ғылыми және методологиялық тұрғыдан да жаңа дәуірлеу концепциясын ұсыну аса жауапті іс еді. Енді М.Қабашұлы ұсынған отандық тарихты дәуірлеуіне нақты тоқтала кетсек. Ғалым отандық тарихты дәуірлеуді 9 кезеңге бөлген болатын. Олар:

- 1) адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі;

- 2) сақ-ғұндар заманасы;
- 3) түркі тектес тайпалар дәурені;
- 4) қыпшақ белесі;
- 5) мұңғыл үстемдігі;
- 6) қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы;
- 7) отаршылық бұғауында;
- 8) қазақ халқы кеңес империясының уысында;
- 9) қазақ халқы егеменді ел болған шағында.

М.Қозыбаев дәуірлеген кезеңдерге тоқтала кетсек. Бірден көзге түсетіні автордың ойын тиянақтаудағы сонылығы, сөз саптауындағы ұлттық нақыш, қазақ тілінің табиғатын терең ұғынуынан туындағын стильдік ерекшеліктері. «Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі», «сақ-ғұндар заманасы», «түркі тектес тайпалар дәурені», «қыпшақ белесі», «мұңғыл үстемдігі», «қазақхандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы», «отаршылық бұғауында», «қазақхалқы кеңес империясының уысында», «қазақ халқы егеменді ел болған шағында» сөз тіркестерінің өзінен қазақ тілі мен ұғымы табиғатының иісі сезіліп тұрған жоқпа. Енді көрнекті ғалым сипаттаған әрбір кезеңге жеке-жеке тоқталсақ. М.Қозыбаев еліміздің территориясында адам баласы қашан пайда болып, өмір сүрген тайпалар кезеңіне тоқталсақ. Авторхронологиялық жағынан ежелгі адамдардың мекен еткен жерлерін б.д.д ХҮІІІ ғасырдан бастап -ҮІІІ ғасырға дейін алып келеді де мекендеген территориясын Карпат тауларынан бастап Алтай тауына дейін және Оңтүстігінде Тянь-Шаньға дейінгі аралықты көрсетеді. Автордың ойынша біздің жерімізде өмір сүрген тайпалардың қазіргі ата-салтымызға ұқсас өрнек өнерін қышқа, тасқа қалдырғандығын айтып, батыл болжам жасайды.

Екінші кезеңге (белеске) Б.д.д ҮІІ-ІҮ ғасырлар аралығында тарихи сахнаға шыққан сақ, үйсін, ғұн тайпалары дәуірін жатқызады. Автор ғылыми айналымда бар Қытай шежірелері «Ханнама», «Тарихнама» т.б. деректерге және антик жазушылары қалдырған дәйектерге сүйене отырып қазақ тілінде бар лингвистикалық материалдарды жаңаша пайымдап ғылыми айналымға қосады. «Айталық, кейбір түркі тектес халықтар – қайсақ-қазақ, саха аталуы, не болмаса арғын, қыпшақ, керей рулары ішінде «сақтоғалық», «Бессақ», «Сақұлы», «Борсақ», «Қарсақ», «Саха», «Сақ» атын қолданған этникалық тармақтар сақ тайпасы атауынан осы күндерге жалғасып жеткен сақ этнонимінің жаңғырығы болса керек. Не болмаса қазақ бертінде үш жүз болып қалыптасқанда Ұлы жүзден өкілдік алған үйсінге – «жалау», Орта жүзден арғынға – «көз», Кіші жүзде алшынға – «найза» таңбасының берілуі де қазақ еліне ұйтқы болған көне тайпалардың қадір-қасиеті ескерілгені күмән тудырмайды» [3, 5-6]- дейді ғалым. Бұдан әрі қарай М.Қозыбаев ақиық ақын М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңіндегі:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,  
Отты Гуннан от боп ойнап мен туғам [4, 50-52-66].

Түркі тектес тайпалар белесін негіздегенде ғұлама ғалым негізінен Шығыс деректеріне сүйене отырып әлем тарихындағы түріктердің алатын орнына тоқталады. Мұнан кейінгі кезеңде түркі тектес тайпалардың қойнауынан жекеленген этностардың қалыптасу кезеңін бөліп алады. Моңғол дәуіріне тоқтала кете, «мұңғылдардың қыпшақтарды қатты қырғанына қарамастан, ең далада еркін өскен өжет, өрен далалықтардың этно-мәдени бірлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан қыпшақ халқының тұтастығы, ата-тегінен келе жатқан қасиеттері сақталады. Жеті атасына дейін қан аралстырмай, ата-баба салтын, дінін, ділін, тілін, сақтап қалған қыпшақ елі мұңғыл шапқыншылығы сынынан да өтіп, мың қырылып, мың бірінші рет тағы тірілді» [3, 11-6]- деп атап көрсетеді.

Моңғол үстемдігінен кейінгі кезеңді ғалым, қазақ халқының қалыптасуы, мемлекеттінің гүлдену кезеңіне жатқызады. Автор мұнда негізінен қазақ шежірелеріне, ауыз әдебиетінің деректеріне сүйене отырып тұңғыш рет Алты Алашты құрайтын халықтарды атап көрсетеді – қазақ, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, қырғыз, татар. Отарлау бұғауында кезеңінде ғалым отандық тарихтың өте күрделі Қазақстанның Ресейге қосылуының

мәселелеріне тоқталады. Автордың ойынша, «орыс елі Қазақ елін 1731 жылдан емес, 1580-ші жылдардан бастап шапты. Өйткені Жармақ жаулап алған Ібір-Сібір жұртының халқы негізінен қыпшақ, арғын, қаңлы, найман, жалайырлардан тұратын. Олардың бір шеті сол Ібір-Сібір жұртынан басталатын. Ал Көшімнің өзін орыс тарихшылары А.И.Левшин, Фишер, П.Небольсин қазақ деп таниды. Көшімнің баласы Қанай Сауранда патша болды. Жармақтан қашқан Көшімхан Қорғалжын көлі, Нұра өзені бойындағы елді паналады. Ендеше, қазақ елінің Ресейлік отарлық бұғауға іліге бастағанына 400 жыл болды»[5, 19-20-бб]. Мұнымен қоса ғалым 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты Ресей топырағынан туындатуға қарсылық білдіреді. «Шын мәнінде, ол ғасырлар бойғы ұлт-азаттық күресінің жалғасы, әрі оның биік шыңы болатын» [3, 16-б].

Қазақ халқы совет империясының уысында белесінде ғалым кеңес жылдарындағы Қазақстан халқының жетістіктерін тізбелей келе қасіретін де дөп басады. Автордың ойынша 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі «тек Колбин сияқты кеңес империясының азғын, озбыр, жебір, сауаты дүмбілез, алпауыт апайтөс әміршісіне ғана қарсы туған наразылық емес-ті. Ол Кеңестік империяның уысында қалған сорлы халықтың диктатураға, орыстандыруға, полигондарға, лагерьлерге, экологиялық апатқа қарсы туған наразылығы болатын» [5, 22-б]. Сондай-ақ «қазақ елі егемендік алған шағындағы» кезең зор шабытпен аталып өтіп қазақ халқының ғасырлар бойғы арман-аңсарының орындалуы ретінде алынады. Бұл қазақ халқы тарихының өн бойында дайындалған мүмкіндік ретінде қарастырылады. Тұжыра келгенде, көрнекті ғалым М.Қозыбаев қазақ халқы кәсіби тарих ғылымының қалыптасуында орасан зор еңбек сіңірді. Қазақ халқының тарихын дәуірлеу тұжырымдамалары бүгінгі таңда оның талантты шәкірттері Х.Әбжанов пен Т.Омарбеков тарапынан онан сайын дамытылып нақтылана түсуде.

Үстіміздегі жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толмақ. Бұл мемлекетіміз үшін ең негізгі мереке. Осы мерейлі мереке ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Қ.Қозыбаевтың 85 жасымен тұспа-тұс келіп отыр. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін де Манаш Қабашұлы көптеген ғылыми мұралар қалдырған белгілі тұлғаларымыздың бірі.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Нысанбаев А. Поиск научной истины // Казахстанская правда – 2001, 20 апрель; Нұрпейіс К. Бәрінен шындық қымбат // Қазақ батырлары 2000.-№4
2. Коломийцев Ф.В. Методология истории.- М.:РОССПЭН, 2001.-191 с
3. Манаш Қозыбай тегі. Ата тарихы туралы сыр (қазақ халқының тағдыры туралы). // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы 1 (187), қаңтар-ақпан 1993
4. Жұмабаев. М Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет
5. Манаш Қозыбаев. «Киелі Тәуелсіздік», құрастырған І.М.Қозыбаев. Алматы, Баспалар үйі, 2009. - 448 бет

#### **Мұхитов Қ.**

т.ғ.к., аға оқытушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

#### **АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ АТЫРАУДАҒЫ ШӘКІРТТЕРІ**

Профессор Зұлхарнай Алдамжаров бір сөзінде «Манаш Қабашұлы Атырау тарихшыларына көп жәрдемдескен» деген болатын. Үш бірдей тарихшының ғылыми

жұмысына жетекшілік етіп, тағы да екі тарихшының ғылыми тақырыбының бекітілуіне атсалысқан екен. Көптеген атырау тарихшылары Қозыбаев директор болып тұрған жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми Кеңесінде өз диссертацияларын қорғады.

Манаш Қозыбаевтің Атыраудағы тұңғыш шәкірті болған-тарих ғылымдарының кандидаты, доцент марқұм Қабидолла Досқалиев еді. Жетпісінші жылдардың басында Манаш Қабашұлы одақтық маңызы бар үлкен проблеманы көтерді. Бұл Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ролін қайтадан анықтау болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО-ның батыс аудандарында жаумен теке-тірескен соғыс болды. Жаудың уақытша жаулап алған жерлері мен майданға тура қатысы бар қалалардың бәрі «Майдан шебі болған жерлер» деген атақ алды. Ал майдан шебі өтпей бірақ соғысқа қажетті барлық қажетті стратегиялық маңызды құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен шығыс аудандары «Майданды қамтамасыз еткен аудандар» деп аталды. Қазақстан жерінде майдан шебі өткен жоқ. Жау әскері Еділ өзенінен әрі аспады. Осыған орай Қазақстанды майданды жабдықтаушы республика қатарына жатқызды. Дегенмен, Қазақстан майданды тек қана қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп қойған жоқ. Неміс ұшақтары Батыс Қазақстан аймағына жиі ұшып келіп, стратегиялық маңызы бар нысандарды қайта-қайта бомбалап тұрды. Гурьев, Орал қалалары Мемлекеттік қорғаныс комитетінің пунктіне айналды. 1944 жылы көктемде неміс-фашист десанттары Атырау облысына түсірілі, жергілікті әскери жасақтардың күшімен жойылды. Манаш Қабашұлы тарихтың осы тұсын тыңғылықты түрде қайта зерттеу керек деп тапты. Сөйтіп, Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ролін қайта бағалауды қажет деп санады. Осы проблеманы зерттеуді өзінің аспиранты Қабидолла Досқалиевқа жүктеп, оған кандидаттық диссертациясының тақырыбы етіп бекітіп берді. Қабидолла Досқалиев Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның майданды қамтамасыз етудегі ролін, жаудың қанша ұшағы келіп, мұнай өндіріп тұрған аудандарды бомбалағанын, Солтүстік Кавказды жаулап алған кезде Баку мұнайын Каспий теңізі арқылы Атырауға тасығанын, қанша мұнай өнімінің Орск мұнай айыру зауытына тасымалданғанын, қанша әскери жасақ жасақталып Атырау қаласынан майданға аттанғанын жаңадеректермен дәлелдеп өз диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Кейін осы проблеманы одан сайын кеңейту мақсатында Қабидолла Досқалиев «Қазақстан Сталинград майданына» атты монографиясын жәриялады. Сөйтіп, өз еңбегінде көптеген жаңа құжаттарды ғылыми айналысқа енгізді.

...Сексенінші жылы Гүлжамал Каленованың кандидаттық диссертациясы бекітілді. Ғылыми жұмысқа негіз болған қазіргі Атырау мұнай айыру зауытының тарихы еді. Ғылыми ортада бір зауыттың тарихы кандидаттық диссертацияға тақырып бола алмайды дегенде пікірлер бар болатын. Максим Горький сонау отызыншы жылдары кең көлемде қалыптасып келе жатырған кеңес жұмысшыларының тарихын зерттеуді ұсынған кезде зауыт-фабриканың тарихын қоса зерттеуді де бірге ұсынғанын тілге тиек ете отырып, оның үстіне бұл зауыттың Ұлы Отан соғысының ең қаһарлы 1942-1943 жылдары салынуды қолға алынғанын, ол үшін Мемлекеттік қорғаныс комитетінің арнайы қаулысы шыққанын негізге алып тақырыпты бекітіп шығады. Жұмыс Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Өнеркәсіппен Қазақстан жұмысшыларының тарихы» бөлімінде жазылады. Ғылыми жетекшісі болып тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәби Дауылбаев бекітіледі. Ресми оппоненті бола отырып жұмыстың орындалуына көп үлес қосқан Манаш Қозыбаев екен.

...1997 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры болған профессор, тарих ғылымдарының докторы Хисмет Табылдиев Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми Кеңесінде өзінің докторлық диссертациясын қорғады. Хисмет ағамызға да зерттеу үшін «Қазақстандағы сауатсыздықты жою: тарихи тәжірибе және тағлым» деген тақырыпты Мәкеңнің өзі ұсынған екен. Хисекең де Манаш Қабашұлын өзінің ғылымдағы ұстаздарының бірі санайды.

...Егеменді еліміздің тарихын тәуелсіз ұлттық мүддеде қайтадан жазу және оны халқымыздың санасына сіңіру ісі осы Манаш Қозыбаевтың еншісіне тиген екен. Тоқсаныншы жылдары Манаш Қозыбаев Қазақстанда шаруаларды ұжымдастыру шаралары күшпен, зорлықпен жүргенін айтыпосы жылдары қазақ халқының 42 пайызы қырылып қалғанын дәлелдеді. Осы тақырыпта Жұлдыз Әбілғожин мен Мақаш Тәтімов сияқты ғалымдармен бірге "Ашаршылық ақиқаты" деген ұжымдық мақаласын жәриялады. Қазақстанның әрбір аймағында сол жылдары ұжымдастыру шаралары қалай жүргізілгені туралы кеңінен зерттеу жұмыстары басталып кетті. Осы жылдары атырау тарихшысы Киікбай Жаулин академик Манаш Қозыбаевтың жетекшілігімен «Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын ұжымдастыру және 1932-33 жылдардағы ашаршылық» деген тақырыпта өзінің кандидаттық диссертациясын қорғады. Бүгін Атырау Инженерлік гуманитарлық институтының проректоры, саяси ғылымдарының докторы Киікбай Жаулин өзін Манаш Қозыбаевтің шәкіртімін деп санайды.

...Өз басым академик Манаш Қозыбаевпен 1987 жылы таныстым. Қарашаның он алтысы күні таңертеңгі сағат тоғыздар шамасында Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына келдім. Мақсатым - осы институтқа ізденуші болып тіркелу еді. Қолымда өзіміздің пединституттың (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің) сол кездегі ғылыми істер жөніндегі проректоры Зұлхарнай Алдамжаровтың берген жолдамасы бар. Тарих институтының директоры Рамазан Сүлейменов жолдамамды алып «Тарихнама бөліміне!» деп бір бұрышына жазып берді. Қабылдау бөлмесінен шыққан соң тарихнама бөліміне қалай баруға болатынын біліп алдым да, коридордың бойымен әрбір есікке бір қарап келе жатырмын. Бір кезде көзім «Ұлы Отан соғысының тарихы және Қазақстанның тарихнамасы» деген жазуға түсті. Есікті ашып қарасам, іште бір жас қыз отыр. Осы бөлімнің лаборанты екен. Амандасып болған соң, қолымдағы қағазды сол қызға көрсеттім. Оқып шықты да: «Манаш Қабашұлы ертең келеді, сіз де ертең таңертең келіңіз» деді. Мен сол кезде ғана осы бөлімнің меңгерушісі Манаш Қозыбаев екенін білдім. Шыққан соң «Манаш Қозыбаев»-деген кім екенін есіме түсіре бастадым. Студент кезімде есімде қалғаны «Қазақстан – арсенал фронты» деген еңбегі бар екенін білетінмін. Сонымен қоса «Қазақ Совет Энциклопедиясының» Бас редакторы болғаны да есіме түсті. Себебі осы энциклопедияның 13 томы біздің үйде болатын.

Ертесіне ертелей Тарих институтына жеттім. Кешегі лаборант қызбен амандастымда Мәкеңнің әлі келе қоймағанын көрген соң коридорда тосуды жөн көрдім. Осы ғалым-ау деген адамдардың бәріне бірдей басымды иіп амандасып тұрмын. Біраз тұрған соң құлақшынын түсіре киген, қолында папкесі бар, орта бойлы бір адам сырт жақтан келіп бөлімге кіріп кетті. Мен ол кісіге аса мән бере қойған жоқпын. Сыртқы көрінісі қарапайым көрінген бұл кісінің Манаш Қозыбаев екенін қайдан білейін. Сол жерде өткен-кеткен адамдармен амандасып тұра бердім. Бір кезде бөлімнен шыққан лаборант: «Манаш Қабашұлы келді ғой, жолықпайсың ба?»-деді. Мен іле-шала бөлімге кірдім. Ағай төрдегі өзінің орнына жайғасқан екен. Үстел үстінде жиналып қалған қағаздарын оқып отыр. Мен алдымен амандастым да сосын қолымдағы жолдамамды ұсындым. Ғалым берген хаттымды оқып шықты да сәлден соң басын көтеріп, «Менің Гурьевте Қабидолла Досқалиев деген шәкіртім болған. Екеуміз жақсы дос болып едік. Мен оны Қаби деуші едім. Сен де Гурьевтен екенсің. Атың да Қаби екен. Мен сені өз бөліміме алайын. Біраздан соң жақсы тақырып тауып береміз. Кейін аспирантураға да қабылдаймыз» деп өз шешімін айтты.

Кешке Атырауға телефон соғып үйдегі әкеме барлық көрген-білгенімді айтып бердім. Менің Ұлы ұстаздың шәкірті болғанымға марқұм әкем балаша қуанды. Содан бастап Манаш ағайдың аты біздің жанұяға жақын таныс адамдай болып кетті. Осы жерде айта кететін тағы бір жәйт, 1989 жылы желтоқсан айында Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан филиалы Атырауда халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізген болатын. Сол конференцияға Манаш Қабашұлыда қатысты. Әкем марқұм ұстазымды үйге қонаққа шақырғысы келіп дастархан жайып екі-үш күн күтті. Бірақ Мәкеңнің қолы тимеді. Ертең кетеді деген күні кешке қарай қонақ үйдегі бөлмесінде отырып маған өзіме соқтыртып

әкеммен телефонмен сөйлесті. Екеуі біраз әңгімелесті. Соңында Мәкең бара алмайтынын айтып кешірім сұрап, әкем екеуі біріне-бірі жылы тілектер айтысты. Осы келген сапарында мені ертіп марқұм Қабидолла Досқалиевтың үйіне кіріп дұға оқыды. «Қабекеңнің жинаған құжаттары қалса, Қабибекке беріңдер. Соғыс жылдарындағы мұнайшылардың тарихын енді осы жігіт зерттейтін болады» деп Күнсұлу апаға тапсырып кетті. Кейін жеңгемізден марқұм Қабидолла ағайдың жинап кеткен көптеген құжаттарын алдым. Айтқандай-ақ, келесі жылы аспирантура түстім. Зерттейтін ғылыми тақырыбым етіп марқұм Қабидолла Досқалиевтың бір кезде айналысқан Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мұнай шаруашылығының тарихын бекітіп берді және өзі менің ғылыми жетекшім болды.

Тоқсаныншы жылдардың басында кеңестік кезеңге қатысы бар бірқатар тақырыптар қорғалмай қалды. Солардың арасында менің де жұмысым бар еді. Жұмысымның көптеген жерлерін жаңа заман талабымен қайтадан жазуыма тура келді. Осылайша, аспирантураны бітіретін уақытта диссертациям дайын болмады. Сөйтіп, оқуым біткен соң Атырау университетіне қайтып оралдым. Арада бес жылдай уақыт өтті. Мен басқа қызметке ауысып Алматыға көшіп келгенмін. Манаш Қабашұлына қайтып баруға ұятым жібермеді. Сөйтіп жүргенде бірде кездейсоқ жерден академиялық ғылыми кітапхананың алдында Манаш ағайды кездестіріп қалдым. Амандасып болғасын аузыма дұрыс сөз түспей, сасқаннан: «Сіздің қорғамаған жалғыз аспирантыңыз болдым» деппін. Мәкең біраз күліп алды. Сол бұрынғы қалпы, жылы қабылдап тұр. Жөн сұрасып болған соң: «Жүр, мені үйге дейін шығарып сал!» деп жолды меңзеді. Ұстазыммен қайтадан табысқандай болдым. Көп кешікпей сол бұрынғы Тарих және этнология институтына кіші ғылыми қызметкер болып қызметке орналастым. Бұрынғы ғылыми жұмысымды қайтадан қолыма алып, сол Манаш Қабашұлының жетекшілігімен қорғадым-ау, ақыры. Сөйтіп менің ғылымдағы әкеме айналды.

2001 жылы Атырауға жұмысқа келдім. Сол жылы Атырау мемлекеттік университетінің 50 жылдық мерейтойы өтті. Мерейтой ғылыми конференцияға ұласты. Конференцияға шақыртылған меймандардың Манаш Қабашұлыда бар еді. Осы келген сапарында бастан аяқ ұстазымның қасында болдым. Сол кезде болашақта зерттейтін докторлық тақырыбым туралы сөз болды. Екі-үш тақырыпқа тоқтадық. Келесі жазда Алматыға келген кезде осы тақырыптың біреуін бекітетін болып келістік. Сөйтсем, ұстазымды соңғы рет көрген екенмін. Арада екі-үш ай өткен соң Манаш Қабашұлы кенеттен қайтыс болды.

Манаш Қабашұлының бергеннен берері мол еді. Әсіресе өзінің өлке тарихы әлі зерттелмей жатырған Атырау үшін Қозыбаев жетекшілік еткен жас тарихшылар әліде көп керек болатын. Бұл жас тарихшылар болашақта тарихтың тағы да жаңа беттерін ашары сөзсіз еді.

**Мукатаева Л.К.**

к.и.н., профессор, Казахский гуманитарно-юридический университет

## **2016 ГОД. ПРОШЛИ ГОДЫ, НО ПАМЯТЬ ЖИВА**

Подходит юбилей человека, жизнь и научное наследие которого охватить и описать просто невозможно. Не умаляя воспоминаний о нем коллег, соратников, близких друзей и родных, которые писали о нем с любовью и уважением, смею утверждать, что не все его мысли еще высказаны на бумаге, не до конца осмыслены, тем более претворены.

Простят меня близкие Манаша Кабашевича, но к юбилейной дате я намеренно оставляю свои воспоминания о своем Учителе, написанные почти полтора десятка лет назад, и дополняю новыми мыслями. Его уход из жизни был таким неожиданным, что на волне невосполнимой утраты воспоминания, наверное, многих, если не всех авторов были написаны так, словно перо не успевало за мыслями. Это были целые исследования о его



научном творчестве коллег, которые только за день до тяжелого дня общались, спорили с ним или соглашались. Это были грустные стихи незабываемого Какимбека Салыкова, написанное в тот же день с болью в сердце стихотворение Надежды Васильевны Неретиной, трогательные слова внуков.

Особенно врезалось в память как мы все стоим, скорбим и говорим о Манаше Кабашевиче на лестничном пролете во время прощания, народу было много в Академии наук. Подошел Салык Зиманович и сказал: «А ведь мы все еще не поняли до конца потерю, запомните – только со временем будет осознан феномен Козыбаева». Слезы застыли на наших глазах, еще не проводили в последний путь, идут хлопоты, а академик С.З.Зиманов прозорливо видел далеко. Феномен Козыбаева...

Читая курс «Истории Казахстана», фактически ни одна тема не проходит без упоминания имени академика М.К.Козыбаева. Порой студенты сами приводят те или иные его высказывания, но фраза, услышанная мной на лекции: «А вот у Козыбаева должны же быть сведения про военнопленных из Казахстана, ведь Великая Отечественная война его тема. Где можно найти?» ошеломила меня. Откуда им, современным, родившимся в условиях независимости, знать, как доставались такие сведения. Им только нужен ответ, где можно посмотреть. Все, кто работал в архивах советского времени, знают: как по крупницам собираются нужные материалы, просеянные строгим оком, порой зачеркнутые густо чернилами, чтобы не применялись в публикациях. И даже если информация прошла цензуру, впоследствии при использовании ее получить отзыв на диссертацию будет трудно или ее выход к защите может быть закрыт. Поэтому как вовремя переиздан замечательный труд академика «Казахстан – арсенал фронта», как он востребован теперь. Манаш Кабашевич был тверд в достижении своей цели – показать правду о вкладе Казахстана в дело победы в Великой Отечественной войне. Поэтому и востребованы его труды. Как был бы он рад, узнав, что современные студенты ищут его публикации.

Вторая книга «История и современность», куда вошли исследования сразу после знакового 1985 года, вышла в свет еще в 1991 году, но мысли, развитые в ней, актуальны и по сей день, к этим материалам обращаются дипломники, магистранты, преподаватели. В них уже прослеживались иные, современные подходы на известные события и факты. А круг проблем, занимавших тогда М.К.Козыбаева, был настолько широк, что поражаешься, как человек успевал. Фактически мысли прорывались наружу, ведь эти проблемы волновали думающих историков давно.

Я думаю, историки благодарны коллективу Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова за то, что монографии, ставшие раритетом, увидели снова свет.

Каждая книга, статья, написанная академиком М.К.Козыбаевым, является классическим трудом. То, что беспокоило его на заре независимости, претворено, его предвидения в годы становления молодого государства, сбылись.

Я не ставила целью раскрыть феномен Козыбаева, это большая задача, может мы еще, действительно, не до конца его осознали.

Преклоняюсь перед талантом ученого, наставника. Перед памятью прекрасного человека.

**Ромашева Ж. Ж.**

магистр социальных наук,

Костанайский государственный университет им А. Байтурсынова

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЛИЧНОСТИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МАНАША КОЗЫБАЕВА**

Выдающаяся историческая личность, которая внесла большой вклад в развитие отечественной науки – это Манаш Кабашевич Козыбаев. Он оставил свой значимый след в

истории страны и трудился во благо всего казахстанского народа. Прежде, чем приступить к рассмотрению личности Манаша Козыбаева, хотелось бы вспомнить утверждение великого психолога А. Н. Леонтьева, что личность формируется в деятельности. В процессе деятельности происходит всестороннее и целостное развитие личности человека, формируется его отношение к окружающему миру. А как мы знаем, что Манаш Козыбаев занимался не только педагогической деятельностью, но и был общественным и политическим деятелем, создателем собственной исторической школы, автором множества научных трудов, что говорит о многогранности и разносторонности его личности.

На становление Манаша Козыбаева как ученого, изучавшего отечественную историю и основателя собственной исторической школы, в первую очередь повлияло воспитание в семье. Семья Козыбаевых придерживалась национальных традиций и обычаев. Отец, Кабаш Козыбаев, деятельный и неутомимый человек, с активной гражданской позицией, был председателем колхоза. О нем до сих пор ходят легенды. В период Великой Отечественной войны, чтобы помочь защитникам Сталинграда, он продает все свое имущество и покупает звено военных самолетов. Родители воспитывали детей в строгости и уважении к труду и своей земле. Как вспоминает Сагымбай Кабашевич, младший брат Манаша: «Отец относился к маме демократично, проявляя чудеса дипломатии, он был честолюбив и великодушен одновременно. Все, что я видел, было хорошим примером для подражания. Отец умел быть добрым, но жестким» [1, с. 284-285]. Как мы видим, М. Козыбаеву уже с детства были заложены чувства патриотизма и единства.

В психолого-педагогической литературе понятием "патриотизм" определяется любовь к своему народу и его традициям, к родной природе, родному краю, языка, культуры и обычаев своего народа. Он проявляется в гордости за успехи своего народа в области науки, техники, производства, в культуре, уважении к атрибутам своего государства, его законов [2, с. 532].

Понятие патриотизма достаточно объемное и не сводится к одному лишь чувству долга перед Отечеством. Патриотизм - одна из составляющих нравственного и культурного воспитания, входящей в процесс формирования ощущений, взглядов, убеждений мировоззрения.

На основе теоретического анализа жизни и деятельности Манаша Козыбаева, можно сделать вывод, что именно патриотизм определил основные качества личности Манаша Кабашевича такие, как чувства долга и ответственности перед народом и государством, нетерпимость ко всему отрицательному, непримиримость к несправедливости. Данные качества мобилизовали его на труд и подвиг во имя народа, могущество своего государства и на сохранение народного достоинства.

Начав свой научно-профессиональный рост с изучения вклада Казахстана в победу во Второй мировой войне, Манаш Козыбаев, постоянно расширял круг своих интересов и со временем создал целостную картину истоков казахского народа, его этнической неповторимости и нелегкой судьбы в XX столетии. В ходе перестройки в СССР, а затем после обретения Казахстаном независимости ученые республики сделали много полезного. И здесь академик Манаш Козыбаев, а точнее его труды, выделяются особенно ярко. Так академиком Козыбаевым были исследованы и раскрыты трагические страницы коллективизации в Казахстане.

Манаш Кабашевич начинал свою преподавательскую деятельность в Костанайском педагогическом институте. Уже тогда, в далекие пятидесятые прошлого столетия, он выделялся как мастер своего дела, с интересом и особой увлеченностью читал лекции. Многие слушатели лектора Козыбаева отмечают высокую концентрацию информации, обладание ясной и убедительной речью, авторский подход в его выступлениях. Масштабность мышления, высокая интеллигентность, непосредственность в общении и подчеркнутая личная обаятельность – черты, отмечаемые коллегами и учениками Манаша Козыбаева, черты лидера [3, с. 5]. Но он был лидером, стремящегося не подавлять, а, наоборот, приблизить к своему уровню, вовлечь в решение общих задач, заразить научной

идеями и добиться её воплощения в жизнь. Если кому из его слушателей необходима была помощь в разъяснении вопросов по истории, у него всегда находилось время. Главным в науке он считал постоянство, передавал свой опыт ненавязчиво, без лишних назиданий, через ежедневный труд, вселяя в человека надежду, веру в свои силы и возможности. Наверное, поэтому большинство его учеников оставались с ним на всю жизнь и считали большим счастьем быть учеником Манаша Кабашевича. Им подготовлены лучшие силы современной исторической науки Казахстана.

Его ученики и коллеги отмечают, что современный взгляд и казахская традиция сочетались в нем с удивительной гармоничностью, что ценил он тех, кто посвятил жизнь служению своему народу [3, с. 5]. Уважал и пропагандировал наследие старших, дорожил талантливой и активной молодежью. Переживал «старение» науки, потому что молодежь, не считая её престижной, «уходит в коммерцию». Говорил: «Зачем мы, если у нас не будет учеников, кому передадим свои знания?». Не уставал доказывать необходимость более углубленного изучения отечественной истории в вузах, часто повторяя известную фразу: «Человек, не знающий своего прошлого, не имеет будущего».

Давно подмечено, что дети безошибочно определяют сущность человека и подмечают фальшь. Все дети без исключения любили Манаша Кабашевича, и он отвечал им искренними чувствами. Для многих детей - и своих внуков, и детей бесчисленных знакомых - он остался в памяти как близкий человек, блестяще и от души оказывающий нестандартную помощь в выполнении домашних заданий, приучающий находить нечто особенное в изучении школьных курсов.

Главным стержнем характера Манаша Кабашевича представляется воля и целеустремленность. Данные качества мы прослеживаем на протяжении всей жизни и деятельности Манаша Козыбаева. Он с аргументированной убежденностью и настойчивостью отстаивал в Верховном Совете на заре независимости нашей страны каждую строку в законе о науке, боролся за высокий статус и престиж академической науки казахстанских ученых, с воодушевлением и страстью поддерживал все, что касалось укрепления суверенитета нашего государства.

Организаторский талант, многолетний опыт, глубина знаний, удивительное умение верно оценить перспективу, прогнозировать и добиваться ожидаемого результата, полномерно реализуя поставленные задачи, — именно таковы его наиболее яркие личные черты. Данные качества в нем всегда выделяли его друзья и соратники [4, с. 232]. Около полутора десятка лет Манаш Козыбаев возглавлял научную организацию, которая во многом благодаря его усилиям выдвинулась, быть может, в число наиболее важных. Стремительно меняющаяся реальность, безусловно, потребовала от гуманитариев новых идей, объективного, отвечающего современным взглядам на исторические и социальные процессы, принципиального обновления всей методологии научных исследований и расширения их источниковой базы. Сам академик внес в изучение исторического и культурного наследия народа Казахстана и этносов Евразии исключительный вклад, кардинально обогатив спектр собственных научных интересов и трудов всего исторического общества Казахстана, что повлияло и на некоторые взгляды по историческим процессам зарубежных историков. Среди множества работ академика выделяется двухтомник «Казахстан на рубеже веков», вобравший в себя все идеи признанного историка.

Таким образом, многосторонность научных интересов Манаша Кабашевича Козыбаева, его личностные особенности, такие, как чувство долга и ответственности перед народом и государством, организаторские способности, лидерские качества, целеустремленность и воля, позволили ему внести неоценимый вклад в развитие исторической науки Казахстана, создать собственную историческую школу и подготовить новую плеяду талантливых ученых: около сотни докторов и кандидатов наук (13 докторов и 85 кандидатов наук). Они сегодня являются ведущими казахстанскими историками, государственными и общественными деятелями. Среди его учеников есть видные ученые

Китай, Монголии, Узбекистана, России, ректора университетов, профессора ВУЗов, деканы и заведующие кафедрами ВУЗов, ответственные работники аппарата Президента.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Е.И. Дудинова, Л.И. Мухамадиева «Души недремлющая чуткость» // К юбилею профессора С.К. Козыбаева // // KazNU Bulletin. Journalism series. №1 (35). 2014с. 284-285
2. Здерева Е.В. Патриотизм и его развитие / Г.В. Здерева. - Тольятти: ТГУ, 2009. - 532 с.
3. Каиржанова Л. Ученый с сердцем учителя // Проспект СК. – 2011. – 4 ноября. – с.5
4. Манаш Козыбаев – человек в истории / Сост. Ильяс Козыбаев. — Алматы: Ғылым. — 2006. — 232 с

**Базарова Г.С., Буханова Д.У.**

КММ №47 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қаласы

#### **ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ**

Ғалымдар арасында «Тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды» дегендей Манаш Қабашұлы Қозыбаев біраз жылдар бойы негізгі тарихтың салалалы мәселелерімен шұғылданып, көптеген шешімін таппаған күрделі мәселелерді шешуге, оның астарын үңілуге тырысты.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев Қазақ университетінде оқығанда, шын тарихшы боламын деген ынтасын Қостанай пединститутында жүргенде шыңдай, дамыта түсіп, ғылыми атақпен келіп, ел қатарына қосылу қажеттігі туғанда, Алматыға оралып, сол кезде айрықша мәртебелі мекеме болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында қызметке араласып, ғылымға бейімділігін таныта білді. Оқымыстылыққа ниет қойғандығын іс жүзінде дәлелдеуге кірісіп, шынайы қабілеттілігін, қауқарын тез аңғартты. Қазақ Кеңес Энциклопедиясы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтында ұзақ жыл жетекші болуы сол тұстағы партия тарихшыларының қолынан келмеген, өресі жетпеген мансап еді. Манаш уақыттың талап-тілегін тарихи шындықпен жанастыра білген, қабыстыра баяндаған еңбектерімен осы кезде көбірек көзге түсті.

1941-1945 ж неміс басқыншыларына қарсы бүкілхалықтық күрес кезеңіндегі Қазақстан тарихына арналған іргелі зерттеулері еліміздің ғылымына қосылған елеулі үлес болатын. Ол өз зерттеулерінде қазақ халқы өзі құрамында болған алып империяның басқа да халықтарымен бірге дүиежүзілік соғыс алып келген ауыртпалықты ешқандай да мүдірместен тең бөліскендігін, сондай-ақ бұл жылдары оның үздік, жақсы қасиеттерінің көрінгендігін зерттеуші ғалым ретінде терең ашып көрсете білді

Қазақстанның Ресейдің отарына айналу процесі қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта қаралды, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың жаңа концепциясы жасалды. Кеңес Одағы кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін тарихы зерттелді, оның құрбандары ақталды. Ауыл шаруашылығы күштеп ұжымдастырумен қазақ шаруаларын зорлап, отырықшыландыру тарихы мен оның қасіретті салдарлары ашық айтылды.

Тарихшы қауым Алаш деген сөзден үркіп-қорқып ат-тонын ала қашқан кезде “Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі” деп алғаш айтқан Манаш Қабашұлы Қозыбаев болды. Қазақстан тарихнамасында Манаш Қабашұлы Қозыбаев бірінші болып “халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді” деген тезиске қарсы шықты. “Дала этикасы – ол тағдырлар этикасы емес,” – деді Манаш Қабашұлы Қозыбаев. “Ол — көшпенділер өркениетінің мәдениеті. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұлаңдатып бой жеткізген халықтың мәдениеті. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың мәдениеті.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып тарихи портреттер жасауды қолға алған еді. Мұндай жауапты қадамға баруға тарихшының даярлығы да, талант-қуаты да жеткілікті болатын. Манаш ұзақ жылдар бойы коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің Қазақстандағы кадр саясатын тыңғылықты, әрі терең зерттеген саналы мамандардың бірі болады.

Ф.Голощекин, И.Сталин, Н.Хрущев, Л.Брежнев сияқты қайраткерлердің Қазақстанға байланысты саяси портретін жасаудың өз ерекшеліктері бар екендігі сөзсіз. Оның үстіне бұл еңбектердің әрі-сәрі 80-ж-дың соңы 90-ж. басында жазылғанын ескерсек, тарихшының оқырман алдында қандай жауапкершілікті өз мойнына алғандығын пайымдауға болады. Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жасаған портреттер циклінде бірден көзге ілініп, көңілге қонатын пікір Ф.Голощекиннен бастап Г.Колбинге шейін Орталықтан Қазақстанды басқаруға жіберген жетекші кадрлары өздерін патшалық Ресейдің генерал-губернаторларындай сезінді, республикаға негізінен “экономикалық” байлық көзі ретінде өркендеуімен болашағы сияқты мәселелерге ұлы державалы, шовинистік көзқарас тұрғысынан келеді.

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев қазақ тарихына 40 жылдық өмірін арнады. Тарихшы ғалым ретінде қазақтың ұлттық ой-пікірінің дамуына, оның ұлттық мүддеге қызмет етуіне қатысты ғылыми еңбектер жазды, соның ішінде «Өркениет және ұлт» атты монографиялық еңбегінің орны ерекше, ел тарихын ретке келтіруге байланысты өзекті мақалалар жариялады. Сондай-ақ кеңестік кезеңнің теріс саясаты тұсында да жасқанбай қаралаған қазақ зияларын ақтап алуға, олардың мұраларын халыққа қайтаруда, тарихтан белгілі халқымыздың тәуелсіз ел болуын аңсап өткен, сол жолда қасық қаны қалғанша күрескен алаштың аяулы да ардақты азаматтарының өмір жолы мен ерлігін мадақтау мақсатында Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Әр ғалым отандық тарихи зерттеулерге айтарлықтай өз үлесін қосады. Бұған дана халқымыздың: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөзі дәлел. Осындай нақыл сөзді халқымыз тарих тарланы, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев арнап айтқандай.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев — кеңестік заманның саясатына қарамастан туған ел арыстары, туған жер байлығы, екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жету жолында аянбай күрескен азаматтардың ерліктері туралы ащы шындықтың бетін бүркемей, ақиқатты тарихи негізде жазып кеткен азамат. Тарихшы Ә. Бейсенова: «Манаш Қабашұлы Қозыбаев — қазақ тарих ғылымындағы жарқын, биік тұлғалардың бірі еді. Өз кезіндегі қазақтың ұлттық ой-пікірінің дамуына, оның ұлттық мүддеге қызмет етуіне Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың қосқан үлесі қомақты еді» деп жоғары баға береді.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев бабамыз өз еңбектерінде жауынгерлердің көрсеткен ерен ерлігін жастарға үлгі ретінде жазды. Біз, жастар, мұны оның Отанға деген махаббатынан туған құнды да тарихи еңбек деп бағалаймыз. Ғылым әлемі нақтылыққа ғана сүйенеді. Бұл тұрғыдан Манаш Қабашұлының ғылыми ой-пайымы терең.

«Тарихтың ащы сабағы» деген басылымда Манаш Қабашұлы күн тәртібіне социалистік ұлт, жұмысшы табы, шаруа, социалистік интеллегенцияның қалыптасуы, мәдени мұра, сабақтастық дәстүрдің үзілісі, әкімшілік туралы теориялық тұжырымдамалар қойды. Сол сияқты автор ақтандақтар қатарында қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт азаттық қозғалысы, ұлттың көне мәдениет тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, көшпенділер өркениеті, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін жатқызды. Кеңестік дәуірдің құрдымға кетіп бара жатқандығына көз жете бастаған тұста тарихшылар әулетіне көсемдік еткен Манаш Қабашұлы Қазақ мемлекеттігі, отаршылдық жүйе, геноцид туралы алғашқы идеяларды алға тартты.

Манаш Қабашұлы бастаған институт ұжымы Ресей Ғылым Академиясы Тарих институтымен бірлесе отырып Орта Азия мен Қазақстанда кеңестік күштеп ұжымдастыру саясатын тарих таразысына қайта салды. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесі «История СССР»

журналында (1990, № 7) М.Қозыбаев бастаған авторлық топтың «Қазақстанская трагедия» деген атпен жарық көрді.

Ол бұл ғылыми нәтижемен шектелмей, күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу, ашаршалық кезеңіндегі берілген біржақты жеке басқа табыну идеологиясынан туындаған бағаларды қайта қарауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Президиумының алдына қойды. Өзі арнайы құрылған мемлекеттік Комиссияны басқарып, тұңғыш рет Кеңес елінің тарихында Сталиннің, Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясаты этноцид саясаты деп бағаланды. Мұндай саяси бағаның берілуі қазақ тарихының тағы бір «ақтаңдақ» беттеріне зерттеушілердің жаңа бір шоғырының назарын аударды.

Манаш Қабашұлы 1994 жылы жарық көрген «Жауды шаптым ту байлап» публицистикалық жанрда жазылған мақалалар жинағында ұлт-азаттық көтерілістің методологиялық мәселелерін кеңінен жазды. Жинақтағы «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» деген мақаласында «отаршылдық», «ұлт-азаттық қозғалысы», «ұлт-азаттық революциясы», «Отан соғысы» сияқты бұрын Отандық тарихы ғылымында көтерілмеген ұғымдарға тоқталып, олардың ішкі мазмұны мен сабақтастығына талдау жасай отырып, оның түрлерін жіліктей келе орыс империялық отаршылдығы отарлау жүйесінің ең арзан, жабайы түрі екендігін дәлелдеді. Зерттеуінде ғалым қазақ даласындағы азаттық қозғалысы әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының, дүниежүзілік отарлық жүйеге қарсы күрестің құрамдас бөлігі, бұл да бір методологиялық тұғырдан мөлшерлер мәселе деп түйеді.

«Біздің қазақ халқының тарихы – ХХ ғасырда, тіпті одан әрі «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлмадан» бері көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған тарих» деген Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың қанатты сөзі әр ұлтжанды адамға ой салып, жүрегін селт еткізеді. Елбасының «Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті, төл тарихы арқылы ғана басқаға танылады» деген сөзі еске түседі.

Қазақтың аяулы азаматы, қоғам қайраткері, оқытушы, ұстаз, тарихшы, ғалым Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың тағылымы мол, ұлағатты өмір жолы мен адами, парасатты қасиеті — жастарға ғибрат аларлық дүние. Ғалым бұл өмірден таң жұлдызындай жарқырап өтті. Халқының талантты ұлы кейінгі буынға өшпейтін тарихи еңбегін қалдырды, халқы асыл азаматының еңбегін жоғары бағалап, құрметтейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Қозыбаев. Өркениет және ұлт: Алматы, 2001. -369 б.
2. М.Қозыбаев. Өркениет тағылымдары //«Егемен Қазақстан», 1999 ж.
3. К. Сағадиев. Қазақ тарихшыларының қолбасшысы //Қазақ әдебиеті. 2001, 23 қараша, 12-б
4. М.Қ.Қойгелдиев. М.Қ.Қозыбаев және ұлттық тарихтың қайта жаңғыруы // Отан тарихы, 2002 ж. 24 шілде
5. Ә.Тәттіғұлов. Өркениеттің дарабозы // Отан тарихы, 2002 ж, 24 шілде,16б.

**Темирханова Ш.М.**

ШҚО, Жарма ауданы, КММ «Бақыршық орта мектебі»

## **«АБЫЛАЙ –АЛЫП ТҰЛҒА» ҰҒЫМЫНА АКАДЕМИК М.ҚОЗЫБАЕВТЫҢ КӨЗҚАРАСЫ**

*« Ғалымның Отандық тарих ғылымы  
саласындағы сіңірген еңбегі мен артында  
қалған мол мұрасы, шығармалары халықтың  
игілігі мен қазынасы болып қала береді».*  
*Н. Назарбаев*

Ғалымдар арасында «Тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды» деген сөз бар. Манаш Қабашұлы Қозыбаев – ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғылымының докторы (1969), профессор (1970), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1989), еңбек сіңірген қайраткері біраз жылдар бойы негізгі тарихтың салалы мәселелерімен шұғылданып, көптеген шешімін таппаған күрделі мәселелерді шешуге, оның астарына үңілуге тырысты. Сондай тарихи көзқарастың бірі алып тұлға-Абылай жайлы ой-толғауынның төңірегінде болмақ [3].

Бүгінгі демократиялық пен жариялықты паш еткен қайта құрудың нәтижесінде қазақ даласы да оңдған жылдарға соғылған марқау ұйқысынан сел етіп оянып, бұйығы бодандықтан бұғауын үзіп, дүр сілкінгендей, сананы сүрлеп, сезімді сарғайтқан сыңаржақ саясаттың сеңін бұзып, бір серпілгендей, өзінің құдіреті мен ұлылығын жаңа ғана танығандай күйге енді. Тарихымыздың тұл етіп, өткеніміздің өшіре жаздағанымызды да енді ұққандаймыз. Елдің ерлігін, ұлттың болашағын киелі бойтұмардай қастерлеу, олардың рухы алдында тағзым ету орнына, хан десе қарадай қорқып, батырларымыздың бағын жандырудан бүгежектеп, жетпіс жыл бойы жақ аша алмай келдік. Ұлтың туралы үн көтеру ұлтылық саналып, ұлтсыздыққа ұрынуға шақ қалды.

Бірақ «ештен кеш жақсы» демекші, ел еңсесін көтеріп, халқымыз өз қадір-қасиетін жоғалтпағанын, ұлттық ар-абыройын әрқашан ардақ тұта білетін, кеудесінде жаны, бойында қаны бар екенін таныта бастады. Соның бір куәсі қаншама уақыт қаскөй озбырлықтың теперішін тартып, тұмшаланған тарихымыздың жарқын беттері енді ғана ашылып, ел басы үшін қалтықсыз қызмет етіп, отызыншы жылдар ойранында жазықсыз құрбан болған абзал азаматтарымыздың туған жұртымен қайта қауышып, өз ортамызға оралуы дер едік [1].

Абылай заманы, оның қазақ халқының ұлт-азаттық күресіндегі және ХУІІІ ғасырдағы ортақ мемлекетке бірігуіндегі, тарихындағы, сондай-ақ қазақ хандықтарының халықаралық байланысын дамыту мен нығайтудағы ролі мен орны жайында Манаш Қозыбаевтың тарихи көзқарасы осындай: Абылай хан! Бұл есімді атағанда барша қазақ атаулының жадына бостандық, егеменді ел, қазақ халқы, туған же, Отан, кл бірлігі, ел ынтымағы сияқты қасиетті ұғымдар оралады. Айбынды да, айдынды, әруақты Абылай бабамыздың есімі, рухы өсіп-өнудің ұрығы емес деп ешкім де айта алмас! Өйткені Абылай ханның, ғажайып батырдың, ұлы дипломаттың, жоғары дәрежедегі мемлекет қайреткерінің, көреген ұлы қолбасшының өмірі бір ғасырға жуық қазақ халқының тағдырымен, оның ата тарихымен сабақтас. Бұқар бабамыздың: "Аттан әруақ", ел болсайшы қайран қазақ!" деген айбынды үндері, ұлы әжелеріміздің жоқтаулары, халық аңыздары мен жырлары, адам қаны жосып сай-салалардың арналары, киелі Ұлытау мен қайғылы Қаратау, дабылды "Аңырақай", ежелден қасиетті Түркістан мен құдіретті Көкшетау, қалмақ қырылған обалар сол Абылай заманының куәгерлері емес деп кім айта алар.

Қазақ халқын талай хандар билеген. "Қайырымсыз болса ханнан без, өткелсіз болса судан без, асусыз болса таудан без, панасыз болса сайдан без" деп халық ханның қайырымды болуын қалаған. Бірақ ХУІІІ ғасырда Шыңғыс әулетінен тараған ханзадаларының құны

құлдыраған кез еді. Ел басына күн туған кезде қазақ жерінің ханзадалары тақта емес, ұрыс алаңында сынға түсті. Халықтың ары мен намысын қорғар ер, күрес стратегиясын болжар көреген, тұрмыс қаракетін, көңіл күйін айтпай білетін қажырлы қайраткер ғана сүрбелең де дүрбелең, от жалынды, дауылды да дабылды кезеңнен, сыннан өте алды. Құлаш бойым құласа да, тіккен туым құламасын деп, ту көтерген ұлы Шыңғыстың ата дәстүрінің шын мәніндегі мұрагерлері азайған шағы еді бұл. Малды, дәулетті феодалар болса 150 жылдан астам жаугершілік кезінде бір жұрттық. Малды, дәулетті феодалдар болса 150 жылдан астам жаугершілік кезінде бір жұттық емес, бір шабідан қалмайтын. << Байтал түгіл бас қайғы >> деген мәтел сол кезде шыққан-ды. Бұқар жырау өзінің атақты жетінші толғауында айтқандай, << Арғымақ жалсыз, ел малсыз >> болатын. Міне, осы сәтте желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, қазақ еліне жау ойран салғанда << қиядан қиқу төгілсе, атының басын тартпаған, қисапсыз жау көрінсе, түршігіп беті қайтпаған батыр шыққан халқыңнан, қазақ атты халқыңнан >> деп, Бұқар баба жырға қосқандай, Абылай осы батырлар легінің батыры болып қана қоймай, қолбасшы дәрежесіне көтерілді. Ол басқа атақты батырлардай қатарларынан суырылып шықты. Ол кезеңде болашақ Абылайды Сабалақ деп таныған шақты.

Қалтылдай жүріп күнелткен

Үйсін Төле бидің

Түйесін баққан құл едің, -

деп Бұқар жырау Абылай ханның алдына талай рет көсілдіре, бетіне салық қылған-ды.

Ендеше Абылай түп атасы Шыңғыс әулетінен бола тұра қарадан шығып, хан атанды. Қарадан шыққан әскери элита, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер оның тірегіне айналды. Хандық билік пен ақыл-күштің тетігі - баитырлар мен билер билігіне ұстатты. Билер мен батырлар әкелген қара халықтың рухы хандық өктемдікті шектей білді. Сонау Ұлытау мен Көкшетау, Сайрам мен Түркістанда, қазақтың киелі жерлерінде бүкіл қазақтық құрылтайлар шақырылып, соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтармен сауда мен дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері көп талқысынан өтіліп, шешіліп жатты. Жиындарда тайпалардың, жүздердің көкейтесті ой-тілектері барша халықтық мүддеге қабысатын. Үш жүз біртұтас халық болып қауышып, ынтымақ бірлік туы астында табысатын.

Шын мәнінде осындай барша халықтық жиындар сол заманға лайық парламент болатын. Абылай ханның даналығы мен көрегендігі осы бір дала демократиясын, хандық диктатураны бір жүйеге сала білді. Ерлік - ұранымызға, білік - құранымызға осылай айналды. Бөгенбай бастаған, Қабанбай қостаған жаужүрек батырлар Абылайдың семсер ұстаған қолы болса, Бұқар дана мен Төле би бастаған шешендер мен көрегендер тоы Абылайдың Сезімтал жүрегі болды.

Абылай қазақ смахарасының даналығын, күш-қайратын бойына сіңірді. Аңыздағы кей батырдай, сол елмен, халықпен біте қайнасты. Оның сырын да, мұңын да түсінді. Ол ұлттық сананы оята алатын, ұлттық мақсатты асқар шынға көтеріп, халықтың тірлігі мен бірлігін қорғай алатын қайраткер болып ерте қалыптасты. Соның нәтижесінде ол сұлтан күнінде бүкілхалықтық хан дәрежесіне көтерілді.

Ұзақ зерттеулер нәтижесінде Шоқан былай деп жазады: << Как бы то ни было в 1739 году мы находим его самым сильным и владельцем Средней орды и русское правительство по преимуществу сносится в Абылаем >>. Басқаша айтқанда, кешегі жетімек, кісі есігіндегі құл бүкілхалықтық қайраткер болып танылғанда 28 жаста еді. Ал ресми хан болып таққа отырған кезде ол іргелі мемлекетті қалыптастырды. XVIII ғасырда Евроазиялық сахарда Петр бірінші, Екатерина екінші, Ғалдан Церен сияқты есімі әлемге әйгілі мемлекет қайраткері қатарына қазақ жұртынан тек қана Абылай көтерілді. Көп ғасырлық тарихы бар халқымыздың шежіресіне Абылай есімі осылай енд. [2].

Абылай хан тұлғасы жалаң-жадағай идеологияландырылған тақырыптарға сыймайды. Ол өте алып та, тұңғыық терең тұлға. Оны тудырған сол ғажайып қайшылықтарға, қиындықтарға толы заманасы. Оның есімі XVIII ғасырдағы Евроазиялық континентте Орта



Азия ғана емес, барша әлемдік тарихқа өзіндік құбылыс болып енді деп атап өткен – Манаш Қабашұлы Қозыбаев ғалым қоғам алдында саяси қайраткерлікпен танылып, артынан тамаша еңбектерін қалдырғандығын мақтанышпен айта аламыз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
2. // Ақиқат 1991ж №11
3. Салықов К. // [http://kaztrk.kz/kaz/news/kultura/Manash\\_Kozibaev\\_ulttik\\_tarihti\\_kajta\\_zhangirtushi.html](http://kaztrk.kz/kaz/news/kultura/Manash_Kozibaev_ulttik_tarihti_kajta_zhangirtushi.html)

#### **Жұмағалиев О.Ж.**

І санатты тарих пәнінің мұғалімі, КММ «№8 жалпы орта білім беретін көркемдік-эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп-кешені», Семей қаласы

#### **ҒАЛЫМ ЖОЛЫ**

Ғалымдар арасында «Тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды» деген сөз бар. Тарих - адамзаттың тұтас бір ұрпағының құжаттандырып, жүйеленген өмірі. Оны түрлі оқиғалар мен ұлы күндерді санамалаумен шектеуге болмайды. «Кешегі кеңес заманында, ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихына байланысты ғылыми зерттеулерімізде ата тарихымыздың ақиқаты бүркемеленіп, қызыл саясаттың ыңғайында жазылып келді. Біз өз тарихымыз бен мұраларымызды өткенімізді айтып мақтану үшін емес, ертеңгімізді ойлап қам жасау үшін, даму үстіндегі замана талабына жауап бере алатындай алғы шарттардың бәріне ие екенімізге өзімізді де, өзгелерді де сендіре алуымыз үшін зерттеп зерделейміз» деген Елбасының сөзі халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын жинап, сақтауға, зерделеп, жүйелеуге, оларды болашақ ұрпаққа толықтай жеткізуге міндеттейді. Біздер, сабақ барысында университет бағдарламасынан тыс жастардың ой-өрісін дамытатын тарихи деректер мен түрлі қажетті сұрақ, мәліметтерді, соның ішінде бүгінгі таңдағы жаңалықтарды, білімі мен мәдениетін арттыру мақсатында қандай әдеби, тарихи кітаптарды оқу керектігін айтып, талғамдарын ұлғайтып, ойлау қабілетін дамытып, ақылына ақыл қосып, жан азығын, рухани тұрғыдан байыта түсуіміз керек. Сондай-ақ Елбасы жүктеген міндетті барынша орындауға тырысып, бізден кейінгі буынға асыл мұра - тарихымызды тиісінше насихаттауымыз қажет–ақ [1,85б].

Қазақ елі - терең тарихқа толы. Қазақ елінің тарихы жылдар бойы зерттеліп келді, әлі де зерттеле бермек. Ел тарихын жасайтын - халық. Халық есінде елі үшін адал еңбек еткен, Отаны үшін ерлік көрсеткен тұлғалар мәңгілікке сақталынады. Олардың есімдері алтын әріппен тарихта жазылады. Сондай ұлы тұлғалардың бірі, бірегейі - Манаш Қозыбаев Қабашұлы. Ол өзінің адамдық қасиетімен қатар жазған ғылыми еңбектерінің тереңдігімен ерекшеленеді. Манаш Қабашұлы - ғалым, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академиясының ҚазКСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері, Ш.Уәлиханов атындағы ҚР мемлекеттік сыйлықтары мен президенттік Бейбітшілік және Рухани келісім сыйлығының лауреаты. Ол Қазақстан тарихын «ақтандақтардан» тазартуға мол үлес қосты. Оның басшылығымен бірнеше энциклопедиялық басылымдар жарық көрді. Еңбектерінің көбі ТМД елдері халықтарының тіліне аударылды. АҚШ-та, Қытайда, Болгарияда, Германия, Жапония, Иранда және басқа елдерде «Қазақстан-майдан арсеналы», «Тарих және қазіргі заман», «Жауға шаптым ту байлап», «Қазақстан ғасырлар тоғысында: ойлар мен ізденістер», «Қаралы кітап. Атылғандар тізімі» деген еңбектері жарияланды [2,8 б].

Манаш Қабашұлы өзінің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында ХХ ғасырдың сырын, мұңын, жырын білгісі келетін болашақ буынға арнап «Жұлдызым менің» атты туындысын жазған болатын. Ол кітаптың құндылығы - ондағы тарихи шындықтарды ешбір боямасыз, сол болмыс қалпында өзгеріссіз сақталына отыра берілуі. Сонымен қатар бұл еңбекте автор өзінің ғұмырнамалық еңбегіне аналитикалық талдау жасайды, ғылым саласына қалай келгендігіне де

тоқталады. Манаш Қабашұлы ҚазГУ-дың 3-курсында оқып жүріп, «Ағайынды Грахтардың реформасы» тақырыбында зерттеу жұмысын жазды. Ол жұмысы жоғары бағаланып, жүлдегер аттанады. Жас Манаш осылайша жастайынан қиын да қастерлі жолды тандап, ғылым жолына аяқ басады. Ғалым қазақ тарихын жан-жақты қарастыра келе, тарихты Отаныңның, ата-бабанның ғасырлық думан жолы, халқыңның қалыптастырған ата салты, елді, жерді қорғау жолы деп түсіндіреді [3,54 б].

Академик Манаш Қозыбаев қазақ тарихына 40 жылдық өмірін арнады. Тарихшы ғалым ретінде қазақтың ұлттық ой-пікірінің дамуына, оның ұлттық мүддеге қызмет етуіне қатысты ғылыми еңбектер жазды, соның ішінде «Өркениет және ұлт» атты монографиялық еңбегінің орны ерекше, ел тарихын ретке келтіруге байланысты өзекті мақалалар жариялады. Сондай-ақ кеңестік кезеңнің теріс саясаты тұсында да жасқанбай қаралаған қазақ зиялыларын ақтап алуға, олардың мұраларын халыққа қайтаруда, тарихтан белгілі халқымыздың тәуелсіз ел болуын аңсап өткен, сол жолда қасық қаны қалғанша күрескен алаштың аяулы да ардақты азаматтарының өмір жолы мен ерлігін мадақтау мақсатында Манаштай тұлғаның сіңірген еңбегі ұшан-теңіз [4,76 б].

Әр ғалым отандық тарихи зерттеулерге айтарлықтай өз үлесін қосады. Бұған дана халқымыздың: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөзі дәлел. Осындай нақыл сөзді халқымыз тарих тарланбозы, академик М.Қозыбаевқа арнап айтқандай. Манаш Қабашұлы - кеңестік заманның саясатына қарамастан туған ел арыстары, туған жер байлығы, екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жету жолында аянбай күрескен азаматтардың ерліктері туралы ащы шындықтың бетін бүркемей, ақиқатты тарихи негізде жазып кеткен азамат. Тарихшы Ә. Бейсенова: «М.Қозыбаев - қазақ тарих ғылымындағы жарқын, биік тұлғалардың бірі еді. Өз кезіндегі қазақтың ұлттық ой-пікірінің дамуына, оның ұлттық мүддеге қызмет етуіне Манаштың қосқан үлесі қомақты еді» деп жоғары баға береді [5,11 б].

Манаш Қабашұлы өз еңбектерінде қазақстандық жауынгерлердің көрсеткен ерен ерлігін жастарға үлгі ретінде жазды. Біз, жастар, мұны оның Отанға деген махаббатынан туған құнды да тарихи еңбек деп бағалаймыз. Ғылым әлемі нақтылыққа ғана сүйенеді. Бұл тұрғыдан Манаш Қабашұлының ғылыми ой-пайымы терең. Сол себептен де болар оның еңбектерінде халқымыздың атақты ұлдары Жалаңтөс батыр, Абылай хан, Шоқан, Ахмет, Мағжандар, тәуелсіздік жылдарындағы тарихи оқиғаларға талдаулар жасалынады [6,115 б].

«Біздің қазақ халқының тарихы - XX ғасырда, тіпті одан әрі «Ақбаб шұбырынды - Алқакөл сұлмадан» бері көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған тарих» деген Манаштың қанатты сөзі әр ұлтжанды адамға ой салып, жүрегін селт еткізеді. Биыл ел тәуелсіздігіне 25 жыл толмақ. Сондықтан да біз еліміздің тәуелсіздігін бағалай білуіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде, Елбасының «Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті, төл тарихы арқылы ғана басқаға танылады» деген сөзі еске түседі.

Қорыта айтқанда, М.Қозыбаевтың қайраткерлігі - оның бүкіл өмір жолындағы атқарған сан - салалы істерімен қабыса отырып, еліміздің кешегісі мен бүгінгісінің тарихын зерделеп, қоғамның дамуымен бірге жылжып, еліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуындағы іргетасын қалағандардың бірі болуында жатыр. Кәсіби тарихшылығын елінің қамын ойлап, тоқсан тараулы сан істерді іске асыруға қолданғандығында жатыр деуге болады. Қазақтың аяулы азаматы, қоғам қайраткері, оқытушы, ұстаз, тарихшы, ғалым Манаш Қабашұлы тағылымы мол, ұлағатты өмір жолы мен адами, парасатты қасиеті - жастарға ғибрат аларлық дүние. Ғалым бұл өмірден таң жұлдызындай жарқырап өтті. Халқының талантты ұлы кейінгі буынға өшпейтін тарихи еңбегін қалдырды. Халқы асыл азаматының еңбегін жоғары бағалап, оны құрметтейді.

Қазіргі жастар ағамыздай отансүйгіш, ұлтжанды азамат болсын деген тілек бар. Осындай еліміздің ұлтжанды ерлері алдында бас иеміз! Қазақ халқының Манаштай мақтан тұтарлық ұлдары көбейе берсін!

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Манаш Қозыбаев Жұлдызым менің // А.: Арыс, 2001. – 114 б.
2. М. Қозыбаев «Өркениет тағылымдары» «Егемен Қазақстан» газеті, 1999 ж.
3. Манаш Қозыбаев Жұлдызым менің. – А.: Арыс, 2001. – 54 б.
4. Н. Мұқаметқанұлы. Текті кісі, ғұлама ғалым. Академик Манаш Қозыбаев // Мерейтойлық жинақ – А.: Атамұра, 2001. – 112 б.
5. М. Қ. Қойгелдиев, М. Қ. Қозыбаев және ұлттық тарихтың қайта жаңғыруы // Отан тарихы, 2002 ж. 24 шілде
6. М. Қозыбаев Ақтандақтар ақиқаты. А., 1992 ж. 161 б.

## 2 СЕКЦИЯ

### АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ АЙМАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

#### АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ВОПРОСЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

**Ахмет Тоқтабай**

т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

#### АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ ӘКЕСІ ӨСКЕНБАЙ МЕН ӘЖЕСІ ЗЕРЕНІҢ ҚЫТАЙДАҒЫ ҰРПАҚТАРЫ ЖАЙЫНДА

Бала кезімде әке – шешем малда, жаздың басында ел жайлауға көшіп бара жатқанда, күзде ел жайлаудан түскенде Сайхан тауының солтүстігіндегі Қарой ауылында отыратынбыз сонда есімде қалғаны ауылдың шығыс бетінде Өтеудің бейіті деп аталатын шикі кірпіштен қаланған үлкен дөңгелек көне зират тұратын. Шіліңгір ыстықта атты қамтарып қойып, көлеңкесінде дем алатынбыз. Мидай жазық даланың ортасында мен мұңдалап көрінетін үлкен мазар жолаушылар, малшылар, шопырлар үшін бейне бір маяк сияқты болатын. «Өтеу бейітінің ар жағында», «бер жағында», «батысында - шығысында», деген секілді сөздер әлі күнге дейін құлағыма сіңісті болып қалған еді.

2012 жылы августың басында Қытай Ғылым Академиясы ұйымдастырған «Дала жібек жолы және Алтай аймағындағы халқаралық экономикалық байланыстар» атты халқаралық конференцияға қатыстым. Конференцияның мәдени бағдарламасы бойынша Алтайдың көрікті жерлерін, мәдени орындарын, тарихи ескерткіштерін араладық. Алтай қаласының қазақ мұражайымен танысып жүргенде экскурсовод қыз « Бізде Абайдың әкесі Құнанбайдың ері мен шапаны бар деп айтып қалды. Мен елең етіп көрсетуін өтіндім». Ердің ағаш қаңқасы ғана сақталған екен, көненің көзі екені көрініп тұр. Оған қарағанда шапанның сақталуы жақсы. Жасыл түсі көнетозданғанымен сырляқтың сыры кетсе де, сыны кетпес дегендей кезінде бағалы киім екені бірден байқалады. Құнанбайдыкі екеніне қандай дәлелдеріңіз бар дегенімде нақты мен мәнжайын білмеймін, мұражайдың басшысы біледі, ол кісінің қолында бұл заттардың мәліметтері бар деп жауап берді экскурсовод. Құнанбайдың Алтайға барғаны белгілі факт, бұл оқиға туралы Шыңжаңдағы қазақ тарихшысы Асқар Татанай, жазушылар Оқап Қыдырқан, Бейбіт Сапаралы жазған және ел аузында тараған ауызекі әңгімелерден белгілі. Сондықтан Қүнекеңнің Алтай сапарынан қалған шығар деп ойладым. Уақыттың аздығынан ешқандай тексере алмадым. Осы оқиғадан соң арғы беттегі таныстарға, әріптестерге Алтайдағы мұражайға телефон шалып, хат жазып іздестірген болып едім, мардымды еш нәрсе өндіре алмадым. Ақыры осы жылдың ақпан айында жолым түсіп Алтай қаласына барып біраз нәрсенің басын ашып қайттым.

Бәрі бір хаттан шықты деп әңгімесін бастады Құнанбай жайында зерттеп жүрген Алтай қаласының тұрғыны Мұрат Әбілқасымұлы: «Мұра» журналының 2013 жылғы № 1 санының 5 – бетінде жарияланған Семейдегі Шәкәрім атындағы Университеттің профессоры Мұхтарбек Кәрімовтың жазған бір – екі сөзіне көзім түсті. Хатта: «Аса құрметті Мұхтарбек Қарпықұлы Кәрімов мырзаға: өздерің берген шабыттан ой түсіп, «Шинжиан газетіне» «Шынжанда Абай ұрпағы бар ма» деген мақала жаздым, жариялап жатса – ел құлағы елу хабар келіп қалуы да ғажап емес, талай бауырларым іздестіріп жатыр тек хабар келіп жатса тағы да айтармын. Сұлтан Жанболатов» делінген. Сұлтан Жанболатов ағаның осы сөзінен мен де шабыт алып, қарап жатпайын деп өзім танитын адамдармен хабардар болып, Алтай қаласы көлемінде Абай ұрпағы бар ма деген сұрау салдым және арнайы іздедім. Жолым болып Алтай қаласының Шірікши ауылындағы бір тойда аға сұлтан Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұқамбетұлымен жолығып, бетпе-бет сөйлесіп, аға сұлтан Құнанбайдың қарындасы Айбала, ал Айбаладан туған кейінгі ұрпақтары жөнінде нақты мәлімет алдым.

Құнанбайдың әкесі Өскенбай би мен Өтеудің құдалығы туралы Өтеудің Намаз деген ұлынан туатын Әубәкір Халитұлы (1903 жылы Қазақстанның Зайсан өңірінде туып, 1987 жылы Алтайдың Шірікши ауылында қайтыс болған) былай деп кейінгі ұрпақтарына аманаттап айтып кеткен екен. Осыдан шамамен 180 жылдың алды-артында Жантекейден тараған Сүйінбай одан Есіргеп одан тараған Өтеу әулиеттері кезінде аға сұлтан Құнанбай тіпті оның арғы атасы Өскенбай би мекен еткен қазіргі Қазақстанның Семей, Шыңғыстау, Жидебайлардың маңында көшіп-қонып жүріп, аға сұлтан Құнанбайдың әкесі Өскенбай би ауылмен құдай десіп құдаласып, Өскенбай бидің Айбала деген қызын Өтеу өзінің Шомақ деген ұлына айттырып алып береді. Өтеу мен Өскенбай би ортасында міне осылайша құдалық қатынас орнайды.

Өтеу әулиеті өз кезінде сол дәуірдің ауқатты байларының бірі екен. Ұрпақтарының айтуына қарағанда Өтеуге 10 мың жылқы, 5 мың қой бітіп, елі мен жұртына байлығымен де, адамгершілігімен де жаққан адам екен. Елі мен жұрты Өтеуге: «Сіз би болыңыз» деген талапты қойған. Сонда ол кісі мен би болмаймын, би түсетін үй боламын деп отырып алыпты. Кейін ол кісінің айтқаны келіп, Өтеу әулиеті қазіргі Қазақстанның Зайсан өңірін мекен еткен. Өтеудің бүкіл өмірі де осы арада өтіпті. Өтеу өз заманында көріпкелі бар қасиетті адам болғаны шындық. Күнбатыстан бір шу шығады, сол шу күншығысқа да жетеді, шудың алдында өңшең сарышаш жирен сақалдылар жүреді, бай – бағылан, би – батыр сияқты елдің қаймақтарының бәрін құртып, өңшең құл – құтан, зәһәр – залым, дінсіз – бетсіз, қағылған – соғылған екі жүзді үш жүзділер ел басқарып, халықты қан қақсатады зардабы ұзаққа кетіп, ақырында алла тағаланың қаһарына ұшырап, күні бітеді екен деп айтып отырған. Жылына бір – екі рет шүлен таратып тұрыпты(шүлен деп бай малын, кедей – кепшіктерге жарлы – жақыбайларға тарату рәсімі).

Өтеу қайтыс болғаннан кейін, сол маңдағы ауыл адамдары Өтеу зиратына барып ауық-ауық құран оқып, зират маңынан өткен жолаушылар аттарынан түсіп, жаяулап барып құран оқып, бет сипап аттанады екен. Бұл қазірге дейін дағдыға айналыпты. Өтеу қоныс еткен ауылдардың малына түрлі індет тигенде, мал иелері малдарын қоралап айдап, Өтеудің зиратының маңына бір күн түнетеді екен. Ғажабы сол түні апарған малға қасқыр шауып, ертесінде ауырған малдар ада-күде жазылатын болыпты. Бұл іс бертінге дейін жалғасыпты. Бәлкім ол кезде мал шипагері болмағандықтан осылай істеген де шығар. Алайда, бір қасиеттіліктің жіп ұшы көрініп тұрғандай.

Өтеудің Ораз, Намаз, Шомақ, Абыз, Әби есімді бес ұлының ортаншысы Шомақ. Осы Шомақ Өскенбай бидің күйеу баласы. Шомақ сөзге шешен, еліне беделді болып, Есіргеп руының биі болып, билік тасын қолына ұстаған әділ-турашыл адам болған. Шомақ пен Айбала Тұрғанбай атты ұл, Бейілқан атты қыз сүйеді. Шомақ пен Айбала Алтай жеріне келмеген, қазіргі Қазақстанның Зайсан өңірінде жасап, сол жерде дүниеден өткен, аталары Өтеудің жанына жерленген

2009 жылы Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұхамедұлы Қазақстанның Зайсан ауданына өтіп, бабасы Өтеудің басына құран оқытып қайтты. Өтеудің зираты өзінің ата –

мекені Сайқан тауының терістік бетіндегі Қарой ауылының жанында орналасқан. Жылқының қылымен араластырып саздан дөңгелек қорған іспетті жинапты. Қорғанның қалыңдығы құлаштай, бір ғасыр уақыт өтсе де әлі бұзылмаған. Енді Өмірбек нағашысы Құнанбайдың басына барыптәу етіп қайтпақшы.

1860 жылдың орта шенінде Шомақ пен Айбала баласы Тұрғанбайды нағашысы аға сұлтан Құнанбайдікіне нағашылатып апарады (Тұрғанбай 1860 жылы қазіргі Қазақстанның Зайсан жерінде туып, 1929 жылы Зайсаннан қоныс аударып, Алтайдың Шірікши жеріне келіп қоныс теуіп, кейінгі өмірін осы жерде өткізіп, 1946 жылы 86 жасында қайтыс болады). Тұрғанбай нағашысына барғанда, ашамайлы ерге мінетін кезі екен.

Шомақтар қайтарында Құнанбай: «Жиеніме ат мінгізіп қайтарамын» деп, екі құлағының үстінде теңгедей қарасы бар мөлдір ақбоз атқа, көксәуір былғарымен шыбарланып қапталған, алдыңғы-артқы қасына күміс жалатып, бұршақ басты алтын жалатылған жез шегемен шегеленген ер тоқымды ат мінгізіп, жиеніне шапан кигізеді. Тұрғанбай осы мөлдір ақбоз атты көп жыл мініп жүреді. Кейін осы ат ақ патшаның әскерлері жағынан қолды болады. Тұрғанбайдың нағашысынан киген шапаны бірнеше ата аралап, Тұрғанбайдың кенже ұлы Баймұқамбетке одан немересі Кәмелқанға одан шөбересі Өмірбекке жетеді. Осы шапанның тысы жасыл түсті мәуті торғын болып, астары үш қабат шүберекпен астарланған. Ойма жағалы, қаусырмалы (түймесіз) жең ұшы, жағасы және өңірі бес елі мөлшерінде сырылып тасталған, шапанның етегі мен жеңі бір тектілеу ұзындықта (осы шапанды киіп көргенімде, бейне бала іспетті болып, ішіне кіріп кеткендей болдым дейді)– Өмірбек Баймұқамбетұлы. Ал, ер тоқым алды биік, арты аласа бір адамдық ер тоқым екен. Көзі ашық, көкірегі ояу ұлы қариялардан сұрағанымызда арғын ер тоқым болып шықты. Осы ер тоқым елімізде жүргізілген «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде төрт көне ретінде қызыл қорғаушылардың (хунвейвиндердің) қолына түсіп, айшықты оюлары мен алтын жалатылған жез шегелерінің басы мұжырайып орны ғана қалған, құйысқан өмілдірік, айыл, тебінгі, үзеңгі сияқты ертоқым әбзелдері әркімнің қолында кетіп, «Мәдениет зор төңкерісі» аяқтап, байлардың мал-мүлкі өздеріне қайтарылған да, ертоқымның қаңқа басы мұра иелерінің қолына келеді.

Арасы үш жүзге, берісі алты алашқа аты мәлім Өскенбай бидің қызы Айбала өз аталығында ат мініп, атан жетелеп сол дәуірдің сәнді салтанатымен келгені айтпасақта жалпақ жұртқа мәлім. Айбаланың төркінінен мініп келген күміс ер тоқымның басқа әбзелдері тозғаны тозып, жоғалғаны жоғалып, қазір сол ер тоқымның қос табанды күміс үзеңгісі кейінгі ұрпақтарында сақталып қалады. Осы әулиеттің қазіргі ұрпақтары ақылдаса келе, Тұрғанбай мен Айбала апасынан қалған мұра – ер тоқым, шапан, қос табанды күміс үзеңгі осыларды Алтай қаласының мұражайына қолекі табыстап, кейінгі ұрпақтардың бейзаттық мұра ретінде тамашалауына береді.

Енді бірер сөз Құнанбайдың Алтайға келуі жөнінде «...Құнанбай аға сұлтан, Барақ төре оның орынбасары боп сайланған кезде патша әкімшілігі әпербақандарымен қандары ката өштескен қазақ азаматтары – ақсақ Қиян, Табылды дегендер уезд бастығын өлтіріп кетіп, Алтайдағы Абақ Керейлер арасына келіп паналайды. Оларды қолына түсіре алмай қапы қалған жандарал қатты ашуға бөгеді. Сөйтіп Қиян мен Табылдың Алтай асып кеткенін естіп – біліп, Керейдің ел билеушісі Ажы төреге аталас туысы Барақ төре арқылы хат жаздырып, екі қылмыскер қашқынды ұстап беруді талап етеді. Осы мақсатта аға сұлтан Құнанбайды арнайы тапсырмамен Абақ еліне атандырды...» - деп көрсетеді. Құнанбай өмірі мен қызметін зерттеуші Б.Сапаралы (Б. Сапаралы. Құнанбай қажы А., 1995, 192 – бет)

«Оқиға Барақ төре Солтабайұлы басқарып отырған Найман – Сыбан елінде өткен, Ақсақ Қиян мен Табылды Сыбан елінің азаматтары, ақсақ Қиян жасы алпыстан асқан белгілі барымташы қарашекпендерімен (ішкі Ресейден келген қоныс аударушылар) жерге таласып жүргенде орыстың оғы тиіп сол аяғы кем болып қалады. Сыбанның елбасылары мен билері кенесіп: орыстың құрығы ұзын қазақтың қай жерінде барсаңдар да ұстап алады. Ежелден бізге ел болған кең балақ Керей ішіне кетіндер деп шекарадан өткізіп салады. Барақ білмеген болып қала береді». (Айтушы Ісләмшайых Рахымжанов. Жарма ауданы, Үшбиік ауылы).

Бұдан біз орыстың қаһары қандай күшті болса да, елбасыларының басына күн туған ерлерін ұстап бермей ажал аузынан алып қалғанын көреміз.

Қазір орыстың қолшоқтары болды деп Құнанбайды, Жәңгір ханды орынсыз кінәлау бар. Шын мәнінде Құнанбайда Жәңгір де Ресей империясының қазіргі тілмен айтсақ әкімдері, ол өз елдерінде қандай бүлік, бұзақылық, кісі өлтірушілік керуен тонаушылық т.с.с губернатордың алдында басымен жауап беріп, тәртіп орнатуға міндетті болған. Финляндия, Польшадан бастап Порт – Артурға дейінгі Еуразияның жартысын билеп тұрған империяның уезд бастығын подполковник, шенді қайдағы бір бұратаналардың өлтіруі губернаторға аспаннан жай түскендей болады. Сондықтан аға сұлтан Құнанбайдың өзін жұмсап «қылмыстыларды тірідей, өлсе басыналып кел» - деп қатал зілді бұйрық беріп жұмсайды. Ресей табиғаты азиялық деспотиялық империя деп баға береді шетел зерттеушілері. Олар ата жауларының жауларының басын алдырып, кек қайтару (Кенесарының, Кейкі батырдың, Хаджымұраттың т.б. бастары) мемлекеттік рәсім дәрежесіне көтерілген.

Құнанбай келеді дегенде керей елі ақ патшаның аға сұлтаннан көрі көптен көрмеген алыстан туысымыз келе жатыр деп барынша дайындық жасайды. (Жоңғарға қарсы ұлт – азаттық соғыстың қаһарманы еліне ұран болған. Ер Жәнібек Бердәулетұлының қарындасы Ермек ана Өскенбайдың жұбайы болған). Қаба өзенінің бойына 50 үй тіктіріп елбасылары Әжі төре, Шәу жырау, Шегебай батыр, Көкен би, Жетібай би, Бейсенбі би қатарлылар қарсы алады.

- Аға баласы сіз сөйлеңіз дегенде бір сөзін артық – кем айтпайтын Құнанбай істің мән – жайын Керейдің игі жақсыларының бүгі – шегесіне дейтін біліп отырғанын сезіп: Сөз өздеріңізде деп жауап күтеді.

- Бірінші болып сөзді Шәу жырау, (кейбір әңгімелерде Бейсенбі би делінеді) бастайды: Жігіттерің ата жауымыз кәпірдің желкесін қиып бізді ел санап қорған болады деп қашып келгені рас. Қырғидан қорыққан торғай да бұтаны қорғалап аман қалады. Бұта құрлы жоқпыз ба? Кешегі өткен ханымыз Ер Абылай қалың қытай құмырысқадай әскерін қаптатып қойып Әмір Сананы ұстап бер, ақысына жер береміз дегенде, Абылай берді ме? Берген жоқ. Әлсіздерді қолдап күштілерді қайыратын ата – салтымыз емес пе? Ақсақ Қиян бір жыл арамызда тұрып өз ажалынан дүние салды. Табылды табылмайды, келмеске кетті. Бас десеңіз бас тауып, қағаз десеңіз қағаз жазып мөрімізді басып берейік деп, сөзін аяқтайды. (Табылдыны Шыңжаңның ішкертін Баркөл жағына өткізіп жібергенін айтып отыр. Қазір ұрпақтары сол жақта деген ел аузында дерек бар).

Әу баста екі жігіттің ерлігіне іштартқан Құнанбай: өлгендерінің тіріліп, келмеске кеткендерің қайта келіп жүрмесін деп сөзін қайырады. Ақыры екі жағы келісіп Ақсақ Қияның өлгенін куәландіріп билер бармақтарын басып мөрлерін қояды.

Алтай елінде айтылатын тағы бір әңгіме Шәку байдың Құнанбайды қарсы алғандағы қонағасы жайында. Құр тайды сойып барлық етін түгел асып, бір табаққа салады, шетін қазымен айналдыра көмкеріп ортасына тайдың басын қойып төрт жігіт тайтабақтың төрт жағынан ұстап Құнанбайдың алдына алып келіпті. Құнанбай осы сапарын еске алғанда Алты Алаштың талай жерінде болып, ел аралап, дәмін татып жүргенде мұндайды көрген жоқ едім, түбінде қазақтың салт – дәстүрінің қалатын жері осы болар деп еске алады екен.

Әжі төре, Шәу жырау, Бейсенбі би, Шәкубайдың Құнанбайды қарсы алған Қаба өзенінің жағасы қалың қарағай қайың аралас алаңқайда – қазір Қытайдың саяхат мекемесінің мейрамханасы орналасыпты, нағыз жердің жанаты екен. Тайтабаққа келетін болсақ 1966 жылғы мәлени революцияға дейін сақталыпты, хунвейвиндер бай феодалдардың ыдысы деп отқа жағыпты. Көнекөз қариялардан сұрастыра жүріп тайтабақтың пошымын қайтадан қалпына келтіріп, сұлбасын сыздық. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» - дегендей, менің ұсынысым бойынша, Шыңжаңдағы қазақ мәдениеті мен өнеріне жанашыр болып жүрген Рахат мырзаның демеушілігімен тайтабақ қазір қайтадан жасалып жатыр. Құнанбай өмірінің бір қыры осындай.

Сөз соңында айтарымыз, Зере әжемізден тараған ұрпақтардың саны Шыңжаң өлкесінде 60-тан асады екен.



*Құнанбайдың жиеніне берген күміс ері. 1966 жылы мәдениет төңкерісі кезінде күміс әшекейлерінің барлығы отқа жағылып, ердің құр қаңқасы ғана қалған. Хұнбейбіндердің ұстанымы бойынша кедейдің мінетін ері қалпына келген. Алтай қаласының музейі.*



*Құнанбайдың жиеніне кигізген шапаны  
Алтай қалалық музейі.*

**Исин А.И.**

т.ғ.к., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СЕМЕЙДЕ ҚОЛЖАЗБАЛАР АРҚЫЛЫ ТАРАЛУЫ**

Алаш қайраткерлерінің публицистикалық шығармаларының 1911-1913 жылдардан бастап ел ішінде кеңінен тарап үлгергені белгілі. Мол мұралары әсіресе «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланып тұрды да, Семейде «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы арқылы да 1918-1919 жылдары жұршылыққа танылып жатты.

Кеңес заманында ресми жолмен Алаш тарихы және Алаш көсемдерінің публицистикалық мұрасы туралы мағлұмат Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» мемуарлық романында жеткілікті көлемде жеткізілді. Бұл шығарманың 1964 және 1977 жылдары қайра жарық көруінің зиялы қауым үшін танымдық маңызы үлкен болды. Кеңес заманының идеологиялық ерекшеліктеріне байланысты Алаш мұралары таралуының баспадан тыс басқа жолдары болды. Сәкен мемуарында әңгімеленетін сюжеттерді толықтыра тарататын көнекөз азаматтар ел ішінде аз емес-тін. Ел аузындағы әңгімелер мен естеліктерден де басқа ұлт санасын оятқан құнды мұра қолжазбалар арқылы таралды.

Алаш қайраткерлерінің шығармалары Семей топырағында тереңдеп еніп, халық мұрасын қастерлейтін азаматтардың құлағына жетіп, бойына дарып отырған. Бұл өлкеде Әлиханнның, Ахметтің, Міржақыптың, Ғаббастың, Әлімханнның жүрген іздері айқын бедерленіп жатқанда басқаша болуы мүмкін емес те болатын.

«Үлкен террор» жылдарынан кейін «халық жауларының» шығармалары кітапханалардан алынып, өртеліп, жеке қолдағыларын да жою көзделгені белгілі. Бізде кеңес заманында Алаш қайраткерлерінің мұраларымен олар ақталғанға дейін халық мүлде таныса алмады деген түсінік берік орныққан. Дегенмен, қауіпті деп есептелгенмен, жеке адамдар «халық жауларының» шығармаларын сандық түбінде сақтап қалып, қуғын-сүргін аяқталғанда саяси себептермен жарыққа шығарылмайтын дүниелерін қызығушылық білдірген зерттеушілерге көрсете немесе жиындардағы бас қосуларда тыңдата алған. Тыйым салынған шығармалар ел ішінде көшірме қолжазбалар түрінде қолдан-қолға тарап жатты.

Семейде әсіресе Шәкәрімнің шығармалары үлкен зейінмен, қызығушылықпен таралды. Міржақып пен Әріптің жазба айтыстары, кеңес заманында мүлде дәріптелмейтін, діни тақырыптағы немесе ұлт-азаттық қозғалыс, көтерілістер тұлғаларын мадақтаған қисса-дастандар да ұмытылмады. Ахмет Байтұрсыновтың ел ішінде сақталған «Әліпбиі» арқылы төте жазуды үйренгісі келетіндер де болды.

Өз басымнан өткен кейбір сәттерді айтсам, Алаш қайраткерлері шығармаларының кейбірімен араб жазуын үйрене бастаған 1965-1966 жылдардың өзінде таныса бастаған екем. Ол кезде мен әлі баламын, 6-7-сыныптарда ғана оқитынмын. Өмірден 1964 жылы өткен әкеме деген ыстық сағыныш сезіміне бөленіп, әкенің араб жазуымен жазған өлеңдерін оқып шығуға талпынатынмын. Ел ішіндегі ақсақал адамдар Шәкәрім шежіресін жоғары бағалайтын. Әкемнің осы күнге дейін менде сақталып тұрған қалың дәптерінде Шәкәрім шежіресінің 1960 жылы қолмен көшірілген нұсқасы болды. Соны оқи бастадым.

60-жылдары Семейдің Комсомол кентінде кей ақсақалдардың қолында ескі мәтіндер жүрді. Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлеріміздің маған беймәлім болып келген шығармалары менің қолыма 1967-1968 жылдары түсе бастады. Мен ол кезде мектептің 8-9 сыныптарында оқитынмын. Алматыдан Семейге жазғы демалысқа келетін жаз айларым. Семей пединститутында оқыған 70-жылдардың басында да ескі жазба мұрамен танысудың сәттері туындап отырды. Қызметке кірісе бастаған жылдарымда баспа бетін көрмеген ел мұрасымен таныса түссем деген қызығушылығым артты.



Семейдің Жоламан кентінің тұрғыны болған Қасым Күзембайұлы ақсақал қолжазба мұраны қастерлеп, отбасылық жиындарға қатысушыларды ескі төкпе сөздерге қарық қылатын. Ол кісінің үйінде мен талай қолжазба мұраға қанықтым деп айта аламын. 1974-1976 жылдары, одан кейін де қалада ксерокөшірме жоқ болатын. Ескі жазудағы бірқатар қолжазбаларын қолмен көшіріп алуыма да рұқсатын берді. Сөйтіп, менің қолжазба қорымда ескі қисса-жырлар, айтыс үлгілері, кәмпеске мен ашаршылық жылдарында жазылған аянышты жырлармен қатар Алаш қозғалысы көсемдерінің шығармалары да жинала берді. Мұның бәрі сол кезде өкіметтің ресми саясатына деген көзқарасымды өзгертуіме әсерін тигізбей кеткен жоқ.

Шәкәрім шығармаларының дені де сол жылдары жиналып, кейін, 1978 жылы Ахат Құдайбердіұлының қолжазбадағы шығармалары арқылы толықты. Семейдің Жаңа құрылыс бөлігінде тұрған Төлепберген Әміреұлы ақсақал ел ішіндегі бас қосуларда өнегелі, өрнекті сөздерді төгіп айтатын. 70-жылдары ол кісімен тығыз араласа жүріп, 1975 жылы ол кісіден Шәкәрім шежіресінің 1911 жылы баспадан шыққан толық мәтінін көшіріп алдым. Бұл қолжазба көшірмелерім де бұл күнде менде сақтаулы.

Саяси себептермен заманында жарияланбаған шығармалар Әлсейіт Шәкәрімұлы ақсақалдың да жиған қолжазбаларынан да оқылды. Бірі ескеріліп, бірі ескерілмей, Семейде басқа да бірқатар ел адамдарының қолында өкімет тыйым салған, жарияланбаған туындылар, араб әрпіндегі сирек басылымдар да жүрді.

Арабша жазумен жасында сауатын ашқан, көзі ашық, ескі мәдениеттен қол үзбеген қарапайым ақсақал адамдардың ескі қолжазбаларды жинауды және көшіріп алуды күнделікті құлшынысына айналдырған қайраткерлігі арқасында ескі әдеби мұра келесі буындардың қадір тұтқан рухани дүниелеріне қосылуына септігін тигізді.

**Ламин В.А.<sup>1</sup>, Шелегина О.Н.<sup>2</sup>,**

д.и.н., профессор, член-корреспондент РАН, директор Института истории СО РАН<sup>1</sup>  
Российская Федерация, г. Новосибирск<sup>2</sup>

## **АКТУАЛЬНЫЕ ФОРМЫ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ ИНСТИТУТОМ ИСТОРИИ СО РАН**

Необходимость актуализации научного наследия Сибирского отделения Российской академии наук отмечалась уже в 1970-е гг. его основателем – академиком М.А. Лаврентьевым. В книге отзывов Музея СО РАН сохранилась сделанная им напутственная запись: «Я уверен, что музей будет очень полезен нашей молодежи, которой покажут экспонаты, которые много лет не получали своего разъяснения. Желаю дальнейших успехов Музею для увлечения молодежи наукой-техникой». В 1978–1981 гг. под руководством академика А.П. Окладникова, директора Института истории, филологии и философии, работал Музейный совет СО АН СССР. Главной целью его создания являлась координация работы, оказание помощи в становлении музеев, содействие развитию музейного дела в Сибири. Совет рассматривал музейную работу научных подразделений академических институтов как важную составную часть комплексной целевой программы «Сибирь» [1, с. 3].

С 1994 г. на базе Института истории СО РАН успешно действует Научный совет по музеям СО РАН (председатель – директор, чл.-кор. РАН, вице-президент АСПАС В.А. Ламин). В основе деятельности совета лежат программы, координирующие создание, развитие и адаптацию академических музеев, обеспечивающие взаимодействие учреждений науки, культуры, образования, общественных организаций, занимающихся музейной проблематикой, а также содействующие интеграции музеев СО РАН в региональное социокультурное пространство и мировое музейное сообщество, освоению регионального историко-культурного и научного наследия [2, с. 134–142].

Существенное значение в плане приобретения опыта в представлении научного наследия имела деятельность в 1991–2012 гг. Музея Сибирского отделения РАН как структурного научно-исследовательского подразделения Института истории СО РАН, культурно-просветительного центра Президиума СО РАН и экспериментальной площадки Научного совета по музеям. В нем был реализован ряд экспозиционно-выставочных и научно-образовательных проектов, имевших высокий социокультурный эффект: «Музееведческие аспекты истории СО РАН: традиции и новации», «История сибирской науки в лицах», «Пять десятилетий в истории СО РАН» [3, С. 170–189].

С 2008 г. Институт истории СО РАН включился в деятельность Комитета музеологии стран Азии и Тихоокеанского региона (АСПАК), президент – О.Н. Труевцева, д-р. ист. наук, профессор, заведующая кафедрой историко-культурного наследия и туризма Алтайского государственного педагогического университета). Институт представлен в руководящих органах АСПАК, участвует в работе его ежегодных международных симпозиумов. В 2012 г. институт стал коллективным членом национального комитета ИКОМ России, Комитета музеологии Международного совета музеев (ИКОФОМ) ИКОМ ЮНЕСКО. На ежегодных международных симпозиумах Комитета музеологии ИКОМ (Тунисская Республика, 2012 г., Франция, 2014 г.) были представлены и опубликованы совместные с известными российскими музеологами доклады авторов данной статьи: «Изучение мнения посетителей: исторический анализ в России» [4, с. 170–189], «Миссия музея в современном обществе. Проблемы коммуникации» [5, с. 59–60].

С учетом того, что важным направлением деятельности ИКОФОМ и его регионального Комитета АСПАК является научно-исследовательская работа, в Институте истории СО РАН был получен ряд значимых результатов в области музеологии, обеспечивших его успешную интеграцию в российское научное и социокультурное пространство, мировое музейное сообщество. Среди них отметим коллективную монографию «Музеи научных центров и институтов Сибирского отделения Российской академии наук. Очерки формирования и развития». В ней впервые в отечественной и зарубежной науке представлено формирование и развитие 40 музеев Сибирского отделения, дана развернутая характеристика их фондовых собраний и научных коллекций, проанализированы традиционные и новационные формы представления научного наследия [6]. Значительный интерес у научной общественности, музейных практиков вызывает серия сборников научных статей, посвященных выявлению и обобщению актуальных направлений в развитии музейного мира и музеефикации наследия России [7], а также анализу коммуникационных процессов в современном музее, проблемам интерпретации наследия [8]. В этом совместном издании Института истории и группы АНО «Российская музейная энциклопедия» публикуются исследования ведущих отечественных и зарубежных экспертов в области освоения историко-культурного и научного наследия. В стадии активной апробации находится предложенная О.Н.Шелегиной исследовательская модель «музейный мир Сибири», новый музеологический адаптационный подход [9]. Все это имеет существенное значение для расширения сферы влияния Института истории СО РАН в мировом музейном сообществе, развития музейного менеджмента, научных исследований в области освоения и презентации научного наследия.

Международный опыт работы Научного совета по музеям СО РАН в условиях активного сотрудничества с Комитетом музеологии ИКОМ показывает, что межкультурный диалог способствует поиску новых форм и технологий сохранения и презентации всех видов наследия [10, с. 204–208]. Теоретическим вкладом Института истории СО РАН в музеологию станет разработка системных моделей и новых технологий эффективной реализации социокультурного и научно-образовательного потенциала наследия как основы дальнейшего развития мировой культуры.

Новацией, определяющей конфигурацию современного музейного мира России, признана проходящая в Новосибирском научном центре Всероссийская научно-практическая конференция «Современные тенденции в развитии музеев и музееведения» (2011, 2014 г.).

Она стала своеобразным брендом Института истории СО РАН и может рассматриваться как актуальная форма представления и освоения историко-культурного и научного наследия России. В 2014 г. конференция была посвящена Году культуры в Российской Федерации, 300-летию музейного дела в России и 20-летию деятельности Научного совета по музеям СО РАН. Организаторами конференции явились: Институт истории СО РАН, Институт археологии и этнографии СО РАН, Музейный совет РАН, Научный совет по музеям СО РАН, Комитет музеологии стран Азии и Тихоокеанского региона. Активное участие в ее проведении приняли Алтайский государственный педагогический университет, Государственный Эрмитаж, Государственный литературный музей, автономная некоммерческая организация «Новый институт культурологии», Российский государственный гуманитарный университет, национальные исследовательские Новосибирский и Томский государственные университеты, Новосибирский государственный педагогический университет. Всего в работе конференции приняли участие (очно и заочно – в форме публикаций, в том числе в «Вестнике Алтайского государственного педагогического университета». Серия «Музееведение и сохранение историко-культурного наследия») 126 чел. Это члены Научного совета по музеям СО РАН, представители научной и культурной общественности г. Новосибирска, студенты новосибирских вузов. Среди них – действительный член РАН, два члена-корреспондента РАН, 28 докторов, 60 кандидатов. О географической репрезентативности мероприятия свидетельствовало участие представителей 24 городов – Москвы, Санкт-Петербурга, Новосибирска, Барнаула, Омска, Томска, Элисты, Химки (Московская обл.), Якутска, Улан-Удэ, Новокузнецка, Кемерово, Иркутска, Владивостока, Благовещенска, Сыктывкара, Киева, Апатитов (Мурманской обл.), Нальчика, Торжка (Новгородской обл.), Красноярска, Тюмени, Переяславля-Залесского (Ярославской обл.), Искитима (Новосибирской обл.). Самыми разнообразными были формы проведения конференции: состоялись пленарное и секционные заседания, работали мастер-классы, были подготовлены стендовые доклады, выставки и презентации в институтах СО РАН, круглый стол «К 300-летию музейного дела в России», креативная площадка «За круглым столом». К началу работы конференции вышел в свет сборник ключевых докладов конференции, размещенный на сайте Института истории СО РАН: <http://www.history.nsc.ru/science/conference/index.htm>. Обсуждение новых результатов исследований и обмен практическим опытом актуализации наследия, состоявшиеся в Историко-архитектурном музее под открытым небом Института археологии и этнографии СО РАН, показали, что в условиях глобализации, смены ценностных ориентиров наследие является своеобразным стратегическим ресурсом, обеспечивающим социальную стабильность, сохранение исторической памяти. Однако до настоящего времени слабо обобщены и не получили развития, адекватного современному состоянию науки, формы активизации социокультурного потенциала наследия с целью укрепления гуманистического и патриотического мировоззрения, не достаточно четко определена роль музеев в освоении регионального наследия. Участники конференции также отметили важную роль музеев, хранителей достоверной информации (в форме аутентичных свидетельств/исторических источников), в информационном обеспечении исторической науки (включая историю культуры, искусства, науки).

В настоящее время на базе трех подразделений Института истории (сектор «Музей СО РАН», научно-исследовательская группа «Музей науки и техники СО РАН», Собрание старопечатных книг и рукописей сектора археографии и источниковедения (заведующий сектором – д-р ист. наук. А.Х. Элерт) активно развивается в соответствии с мировыми тенденциями перспективное направление деятельности, связанное с освоением регионального научного и историко-культурного наследия.

Собрание старопечатных книг и рукописей (хранитель – д-р. филол. наук Т.В. Панич) насчитывает более 1400 ед. хр. Основную часть фонда составляют книги кирилловской печати XVI–XVII вв. и манускрипты XVI–XX вв., приобретенные у староверов Урало-Сибирского региона, Алтая и Дальнего Востока в археографических экспедициях.

Уникальное собрание ежегодно пополняется, создан его электронный каталог, исследователям древнерусской книжной культуры и истории старообрядчества предоставляется доступ к материалам, а для школьников и студентов проводятся лекции и экскурсии [11].

Музей науки и техники (руководитель – канд. ист. наук Н.Н. Покровский), победитель первого Всероссийского грантового конкурса «Научный музей в XXI веке», представляет историю вычислительной техники, достижения сибирских ученых в области информационных технологий, учебно-игровой комплекс «Игротеха». Совместно с профильными общественными организациями, средствами массовой информации музей проводит просветительную работу, направленную на формирование научного мировоззрения и профориентацию молодежи [12].

Сектор «Музей СО РАН» (зав. сектором – канд.ист. наук. Н.Н.Покровский, ведущий научный сотрудник – д-р ист. наук О.Н. Шелегина, старший научный сотрудник, канд. ист. наук Г.М. Запорожченко) занимается перспективным проектом формирования новационного коммуникационного пространства (музея) на основе освоения научного наследия. Он предполагает создание на первом этаже здания Института истории СО РАН высокотехнологичной экспозиции, представляющей историю и современные процессы функционирования науки в Сибирском регионе, развитие Новосибирского научного центра как центра науки (СО РАН), образование (Национальный исследовательский Новосибирский государственный университет), инновации («Технопарк»). Экспозиция будет направлена на воспитание исторического сознания у молодежи, апробацию новых форм освоения научного наследия.

В соответствии с мировыми тенденциями музей Института истории СО РАН будет развиваться как многофункциональная структура, базирующаяся на функции документирования научного наследия, а также осуществляющая коммуникативные (внутреннего и внешнего уровня), научно-методические и рекреационные функции. Приоритетное значение придается его просветительским и образовательным функциям. Их эффективная реализация соотносится с активной популяризацией истории и достижений СО РАН, его роли в российском и мировом научном сообществе; с представлением результатов работы ученых в разных областях знаний; формированием научного мировоззрения и интереса к научно-исследовательской деятельности у молодежи; сохранением традиций и преемственности научных поколений.

Новационный характер музея определяется системным подходом, основанным на комплиментарности контент-концепции (содержательной сущности), IT-концепции (информационно-телекоммуникационные ресурсы) и PR-концепции (общественных потребностей и связей) и музейного дизайна с учетом дифференцированных требований посетителей и молодежной музейной аудитории. К числу новаций относится интеграционный характер самой организации музея, зонирование (информационно-презентационные, интерактивные, адаптивные креативные зоны, зона свободной интерпретации) и оптимизация музейного пространства. Музей будет располагать системой залов с константными и мобильными экспозиционными блоками, витринами для раритетов, а также выставочными залами с «островными стендами» для оперативного размещения экспонатов. Для привлечения внимания российских и зарубежных гостей, жителей города, формирования имиджа музея как социокультурного объекта, отражающего прошлое, настоящее и будущее сибирской академической науки, в информационно-презентационном зале, специально оборудованном, будут работать научно-познавательный лекторий, проводиться выставки по актуальной проблематике, конференции и музейные фестивали науки, вебинары, занятия со школьниками и студентами, индивидуальными посетителями.

К актуальным и новационным формам представления научного наследия Институт истории СО РАН следует отнести и его участие в проектах, что также способствует интеграции науки, культуры, образования. В результате плодотворного сотрудничества реализован ряд проектов международного («Актуализация культурного наследия в странах

Азии») и всероссийского («Интеграция российских музеев в региональное социо-культурное пространство», «Открытый архив СО РАН как электронная система накопления, представления и хранения научного наследия») уровней.

Интеграционный проект «Открытый архив СО РАН как система представления, накопления и систематизации научного наследия» выполнялся при ведущей роли Института систем информатики и Института

истории СО РАН музейными подразделениями институтов Сибирского отделения. В архиве представлены персональные фонды известных ученых, документы Научного совета по музеям СО РАН, материалы научных экспедиций. 11 фондов архива содержат около 33 тыс. сканов документов, из них атрибутировано свыше 7 тыс. Ресурс активно пополняется новыми свидетельствами, характеризующими региональное научное наследие в контексте развития мирового научного сообщества, музейного мира Сибири (<http://odasib.ru>).

Созданный архивный массив востребован в конкретно-исторических исследованиях, источниковедении, в научно-образовательной сфере, издательской работе, архивоведении и музеологии [13].

Международный социокультурный и научно-образовательный проект «Актуализация культурного наследия в странах Азии» был инициирован Алтайским государственным педагогическим университетом, Институтом истории СО РАН, Институтом монголоведения, буддологии и тибетологии СО РАН и Академией наук Монгольской Народной Республики. В 2014 г. Он реализовывался при поддержке Российского государственного научного фонда, Павлодарского государственного педагогического института в соответствии с программами ИКОФОМ в области сохранения наследия. Главными направлениями научно-исследовательской и практической деятельности организаций участников являлись: определение роли и значения наследия в истории стран Азии, Сибирского региона, анализ результатов и перспектив междисциплинарных исследований, разработка теоретических проблем изучения культурного и научного наследия, интеграция наследия в сферу туризма. В коллективной монографии «Cultural heritage in Asian countries: from theory to practice» под редакцией О.Н. Труевцевой и Н.К. Виеррег, изданной по результатам проекта, показан новационный характер проектов Института истории СО РАН «История Сибири» [14], «Музей Сибири» [15], обеспечивающих общественно значимый переход от актуализации наследия к его освоению.

Таким образом, анализ актуальных форм представления научного наследия Институтом истории СО РАН позволяет говорить о формировании и развитии нового для института направления междисциплинарных гуманитарных исследований, связанных с актуализацией (путем музеефикации) и освоением (изучение, введение в научный оборот на основе новых технологий, популяризация) научного и историко-культурного наследия России. Деятельность Института истории, Научного совета по музеям СО РАН на международном уровне способствует усилению позиций и влияния Комитета музеологии стран Азии и Тихоокеанского региона в Международном совете музеев при ЮНЕСКО. Перспективными будут являться разработки в Институте истории СО РАН системных моделей и новых технологий эффективной реализации социокультурного и научно-образовательного потенциала наследия как основы дальнейшего развития мировой культуры.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. В Музейном совете // За науку в Сибири. 1979. № 16. С. 3.
2. Ламин В.А., Шелегина О.Н., Запорожченко Г.М. Научный совет по музеям СО РАН: опыт деятельности по интеграции науки, культуры, образования // Современные тенденции в развитии музеев и музееведения: Материалы II Всерос. науч.-практ. конф. (Новосибирск, 29 сентября – 3 октября 2014 г.) / отв. ред. В.А. Ламин, О.Н. Шелегина. Новосибирск: Автограф, 2014. С. 134–142.

3. Сектор «Музей Сибирского отделения Российской академии наук» // Институт истории: науч.-информ. издание / отв. ред. В.А. Ламин. Новосибирск, ЗАО ИПП «Офсет», 2014. С. 170–189.
4. Kaulen M., Cherkaeva O., Chuvilova I., Lamin V., Shelegina O.. Studying the Opinion of the Visitors: an Historical Analysis in Russia // Empowering the Visitors: Process, Progress, Protest. ICOFOM Study Series – ISS 41. Tunis, 2012. P. 228–231.
5. Chuvilova I., Shelegina O. The Museum's Mission in the Modern Society and Problems of Museum Communication (With a Focus on Russia) // New trends in museology ICOFOM Study Series, vol. 43b. Paris, 2015. P 303–313.
6. Музеи научных центров и институтов Сибирского отделения Российской академии наук (очерки формирования и развития) / отв. ред. В. А. Ламин, О.Н. Труевцева. Новосибирск: Изд-во НГУ, 2009. 260 с.
7. Новации в музейном мире России в первое десятилетие XXI в. / отв. ред. И.В. Чувилова, О.Н. Шелегина. Новосибирск, 2011. 248 с.
8. Новации в музейном мире. Музей как коммуникационный протокол / отв. ред. И.В. Чувилова, О.Н. Шелегина. Новосибирск, 2013. 262 с.
9. Шелегина О.Н. Музейный мир Сибири: история и современные тенденции развития / отв. ред. В.А. Ламин, М.В. Шиловский. Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2014. 396 с.
10. Труевцева О.Н. Международное сотрудничество Комитета музеологии стран Азии и Тихоокеанского региона и Научного совета по музеям СО РАН как важный фактор сохранения регионального культурного наследия // Современные тенденции в развитии музеев и музееведения: Материалы II Всерос. науч.-практ. конф. (Новосибирск, 29 сентября – 3 октября 2014 г.) / отв. ред. В.А. Ламин, О.Н. Шелегина. Новосибирск: Автограф, 2014. С. 204–208.
11. Сектор археографии и источниковедения // Институт истории. Научно-информационное издание / отв. ред. В.А. Ламин. Новосибирск, ЗАО ИПП «Офсет», 2014. С. 38–44.
12. Музей науки и техники СО РАН // Институт истории: науч.-информ. издание / отв. ред. В.А. Ламин. Новосибирск: ЗАО ИПП «Офсет», 2014. С. 190–197.
13. Ламин В. А., Шелегина О. Н . Проект «Открытый архив СО РАН» как синтез гуманитарных наук и информационных технологий // Вестн. Том. гос. ун-та. Культурология и искусствоведение. 2014. № 3 (15). С. 84–91.
14. Lamin V.A., Simonov D.G. Realization of the research project «History of Siberia: in present and future» // Cultural heritage in Asian countries: from theory to practice: The collective monograph / ed-in-chif O.N. Truevtseva, H.K. Vieregg. Pavlodar: Edition of Pavlodar State Pedagogical Institute, 2015. P. 35–42.
15. Orlov S.B., Shelegina O.N. Creative project «Museum of Siberia» as innovative form of decoding regional heritage // Cultural heritage in Asian countries:from theory to practice: The collective monograf /ed-in-chif O.N.Truevtseva, H.K. Vieregg. Pavlodar: Edition of Pavlodar State Pedagogical Institute, 2015. P. 200–208.

**Шамшиденова Ф.М.**

т.ғ.к., доцент, Алматы қаласы

### **М. ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СІБІР-СІБІР ЖҰРТЫНЫҢ ТАРИХЫ**

Қазақстан тарихында академик М.Қозыбаев өз еңбектерінде орта ғасырдағы Қазақстанның біраз мәселелерін Сібір жылнамалары негізінде ашып көрсетті. Кеңес дәуірінде империялық рухта пайымдалған тұжырымдамаларды қайта қарады, әсіресе, атаман Ермактың бет-пердесін ашып, қазақ тарихындағы ақтаңдықтарды анықтауды күн тәртібіне қойды.

Ғылыми жетекші ретінде Манаш аға методологияға баса назар аударуды үйретті. Оның

ғылыми методологияға қатысты берген кеңестері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Әсіресе, Ресейге тән шығыс мәселесін зерттеушілерді төрт топқа жүйелеуге берген бағыты өте ұтымды еді.

Бірінші топқа кіретін тарихшылар (С.Ремезов, М.Щербатов, М.Ломоносов, С.Соловьев, П.Буцинский, А.Дмитриев, Р.Скрынников т.б.) ең алдымен патша өкіметінің Азия сахарасын жаулап алудың стратегиялық бағытын толық қолдау жасайды. Сібірді жаулап алу заңдылығын, қажеттілігін негіздеуге тырысады. Азиялық Шығыс Россия экономикасын көтерудің шешуші факторы екендігі дәлелденеді. Міне, осылай отаршылық саясат тарих алдында ақталды, шығысты жаулап алу игеру саясатына айналды. Осы бағытта жазылған еңбектердің биігінде Кеңес дәуірінде жазылған Р.Скрынниковтың еңбектерін жеке атаған жөн. Автордың позициясы ашықтан-ашық ұлы державалық рухымен көзге түседі. Ол қарақшы Ермакты ұлттық қаһарман етіп көрсетіп қана қоймай, Сібір жылнамаларындағы фактілерді бұрмалауға дейін барады. Зерттеушілердің екінші тобы Азиялық Шығысты, ең алдымен, Сібір хандығын жаулап алудың қырлары мен сырларына талдау жасайды. Бұл бағыттағы зерттеушілер Азиялық Шығысты империя кәдесіне жарату, бірнеше ғасырға созылған стратегиялық патша өкіметінің саясаты, екендігін Ермак сияқты шапқыншылардың сол саясаттың құлы, қолшоқпары болғанын, Сібір хандығының Қазақиямен етене байланысып, ең даланы жайлаған тайпалардың енді тоз-тоз болып, қазақтардың, башқұрттардың, Сібір татарларының құрамды бөлігіне айналғандығын, Сібір хандығы Россияның отары, Азияға сұғанақтап енуге керекті плацдарм екендігін тұжырымдайды. Мысалы, Г.Миллер, И.Фишер неміс халқының менталитетіне тән мұқияттық пен дәлдікке негізделген аса құнды еңбектер жазып, патша өкіметінің саясатын дөп басады [1-2]. Ал Н.Карамзин болса, жылнамаларға сүйене отырып, Г.Миллердің концепциясын дамыта түседі. Ол, әсіресе, Ермактың сұрқия бейнесін тереңірек ашады.

Зерттеушілердің үшінші тобы /В.Вельяминов-Зернов, В.Бартольд/ шығыс деректері негізінде қазақ-орыс қатынастарын ғылыми тұрғыда пайымдайды. Орта ғасырдағы қазақтардың тарихын зерттеуде В.Бартольдтың еңбектерінің маңызы зор. Осы зерттеулерде XVI - XVIII ғғ. Орта Азияның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы жөнінде шығыс тарихшыларының мәліметтері жинақталған, қазақтардың көрші халықтармен сыртқы саяси байланыстары сипатталған. Ал ғылыми есептерінде В.Бартольд Шайбанидтер мен Аштарханидтер тарихына байланысты Шадидің «Фатх-наме», Абдаллах Насраллахидің «Зубдат ал-асар», Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-асрар» сияқты бір қатар деректері алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Шығыстанушылардың көпшілігі шығыс қолжазбаларымен В.Бартольдтың еңбектері арқылы танысты.

Зерттеушілердің төртінші тобы Қазақстан, Орта Азия тарихын зерттеуші ғалымдар болып табылады.

Қазақстан тарих ғылымында Шоқан Уәлиханов Сібір жылнамаларын терең біліп, орынды пайдаланған. Әсіресе, Сібір қырғыздары туралы жазбаларында, Оразмұхамед жөнінде жазған профессор Березинге хатында шебер қолданғанын байқаймыз. Сонымен бірге қазақтардың қоныстануы, рулық құрамы, эпостар мен аңыздар туралы көп мағлұмат қалдырған.

Ермак Пелым князының шабуылына құлақ аспады. Отанының дұшпанымен әділ күрестен қорықты ма, земство басшыларынан және мақсатпен Сібірге барған жоқ, Көшім ханның айбарынан да қашты. Сол кезде патша әскері ғана Сібірді жаулады.

Строгановтардың Ермактың жорығы мен Сібірді жаулау барысындағы ролі туралы мәселеге төрт түрлі жауапты тұжырымдауға болады. Бірінші, Строгановтар Ермак жорығын бастаушы әрі ұйымдастырушысы. Бұл пікірді Н.И. Карамзин, Н.Г. Устарялов, С.М. Соловьев, Л.Н. Майков, Е.Е. Замысловский, А.А. Дмитриев, С.Ф. Платонов, В.И. Огородников, С.В. Бахрушин жақтайды. Екінші, М.А. Погодин, П.И. Небольсин, С.А. Адрианов, А. Ставрович Строгановтардың Сібірді жаулауға ешқандай қатысы жоқ деп, жоғарыдағы авторларға қарсы пікір айтады. Үшінші бағыт компромисті шешімге сай келеді: Ермак пен оның казактары Сібірді жаулап алуды ойлады, ал Строгановтар Ермактың

казактарынан қорыққандықтан өздерінің Пермьдегі вотчиналарын казактардан тек азат ету үшін оларды қаруландырды, сөйтіп Сібірді жаулауда ерекше роль атқарды. Ғылымда бұл бағытты Г. Миллер, И.Э. Фишер, М.М. Щербатов, П.А. Словцов, Д.И. Иловайский құптайды. Төртінші шешімді Н. Шляков Ермактың жорығы IV Иванның ісі деп тұжырымдайды.

Ресей тарихи әдебиеттерінде Сібірді жаулау деген түсінік жоқ. Сібірді қосып алу, игеру деп анықтайды. XVII ғ. бірінші жартысындағы Есипов, Строганов повестерінде Сібір мәселесін провиденциализм белгілері бар екенін байқаймыз, яғни оқиғалар аспан әлемі күштерін орындады деп бағалайды.

Тобыл жылнамасы Ресейді Сібірге қосу заңдылықтарын шеше отырып, православие шіркеуі формасына лайықтап жазды. Көшімнің «дінсіздігі» нәтижесінде әскері жеңілді, Ермактың отряды «құдайдың қаруы», оның әрекеті Оралдың ар жағында христиан дінін бекемдеді деген пайымдамалар бар, яғни орыс патша билігінің ойымен теңестірілді.

Строганов жылнамасында халыққа онша мән берілмеген. Оны Г.И. Спасский тауып, 1821 ж. жариялаған. Строганов жылнамасын құрастыру жөнінде анық мәлімет жоқ. Дегенмен де ол XVII ғ. бірінші жартысында Строгановтардың сауда-өнеркәсіп отбасы төңірегінде шыққаны анық. Жылнаманы жазудағы мақсат Сібірді Ресейдің иемденуінде Строгановтардың ролі жоғары болғанын көрсету еді. Патшаға сенімді қызмет ете жүріп, мемлекеттің пайдасын ойлап, Строгановтар «Чусовой қалаларына» Ермакты казактарымен шақырып, Оралдың ар жағына жорық жасауға көндіреді.

XVII ғ. дворян тарихшыларының еңбектерінде Сібір мәселесі одан әрі дамыды. Көптеген деректерге сүйеніп жазған Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихы» алғашқы іргелі еңбек болды десек қателеспейміз. Г. Миллер үшін Ермактың казактары «үлкен жолдағы қарақшылар» Оралдың ар жағын «орыстардың иемденуіне жол ашты» дейді. Г. Миллердің орыс тарихшыларынан айырмашылығы «Сібірді жаулау» деп шындығын жазады. Сібірді жаулау үрдісі біртіндеп жергілікті халықты әскерлердің көмегімен алғанын, пайдасын ойлаған «өнеркәсіп» саудагерлерінің соңынан жүріп, острогтар салғанын жазады. Кейіннен бұл острогтар қалаға айналған болатын. Миллер Оралдың ар жағындағы кеңістікті жаулауда халық бұқарасын басты күш деп есептеген жоқ. Осы мәселе бойынша Г. Миллердің көзқарасын И.Э. Фишер бекемдеді, яғни Сібірді жаулау орыс қызметші адамдарының әскери экспедициялары негізінде мемлекеттік саясатты жүргізді.

Қазіргі Қазақстан тарих ғылымында Ермак жөнінде орыс деректері негізінде жазылған азды-көпті еңбектер бар М. Қ. Қозыбаев, Абдиров М. Ж., [3-4].

Ермак орыстарды тағдырдың тәлкегіне түсірді. Ермактың тобыры да татарларды, Көшім хандығын тонауға бірауыздан келісті, Строгановтарға бұл қарақшы ұрылардың қаупі төнді. Олар шақырылмаған қонақтан құтылғысы келді. Азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етпекші болды. Строганов жылнамасында «Ермакқа зеңбірек те берді» деп жазылған. Ол мүмкін емес.

Ермак 1581 ж тамызда Чусовойға келіп, үстемдігін пайдаланып, чусовойлық шаруаларды тонауы мүмкін және 1 қыркүйек 1581 жылы із-түзін білдірмей, тығылуы да ықтимал. Ол шынында да осылай. Строгановтардың өздері Чусовойда тұрған жоқ, Камада тұрды. Чусовой халқының қарақшыларға тойтарыс беруге жағдайы жоқ. Сан жағынан да көп болды, әрі 40 Строганов шаруаларын, казактарды қосып алған. Ермактың қайда екені белгісіз болды.

Бузунов жылнамасы дәл осы оқиғаны былай сипаттайды: «Сібір қаласын алғаннан кейін, Ермак салық және көп тұтқындар жинады, Москваға ұлы тақсырға 50 адамдық казак отрядымен бас июге жіберді. Сібірді алғаны жөнінде хат берді және өз қолынан челобитная берді, онда қарақшылық жасағаны жөнінде өз кінәсін мойындады, кешіруін өтінді және сіңірген еңбегі үшін оны ұмыт деп, Сібір хандығын өз вотчинасына беруін сұрады. Патша Ермакты Сібір князы деп атауды бұйырды». Мұнда Ермакты асыра сілтегені байқалады. Бірақ Ермактың жорығымен Сібір хандығы жойылды деген сөз емес. Солай бола тұрса да патша өкіметінің шығыстағы саясаты қарқынды түрде дамығаны даусыз. Ермак бүкіл өмірін



қарақшылықпен өткізді. Жергілікті халықты өлшеусіз трагедияға душар еткен қанды жорықты басқарды. Бұл патша өкіметінің өз қолтығына су бүріккен қарақшылық, алдын ала жоспарлаған отаршылық еді. Оған Строгановтар көмектесті. Демек, өкімет қолға алғаннан кейін мемлекеттік дәрежедегі отарлау осылай жүзеге аса бастады. Жылнамаларда жазылған осындай жайттардың терең тұңғығына барғысы келмейтін орыс тарихшыларының шовинистік көзқарасына адам таңғалады. Яғни Ресейде мындаған шақырым қашықтықтағы өз жерін қорғаған «агрессор» болыпты және ол жерге қаһарлы Иван әскері «қорғану» үшін келіпті. Қалай болғанда да олар тарих шындығын аттап кете алмас. Осындай тарихтың «ақ-тандақ» беттерін ашып көрсетуде М.Қозыбаев Ібір-Сібір жұртындағы оқиғалармен ұштастыра отырып талдауы - оның тарихшы ретіндегі шеберлігін айқындайды. Ресейдің Шығысында түркі халықтарының ішінде тәуелсіздік үшін күресті Көшім бастағанын Манаш аға бекемдеді. Осы бағыттағы оның ғылыми ұстанымы «Ақтаңдақтар ақиқаты» еңбегінен толық байқалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Миллер Г.История Сибири. - Т.1. - Л.,1937.
2. Фишер И.Сибирская история. - Спб.,1774.
3. Қозыбаев М.Қ. Ермак: аңыз бен ақиқат // Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы, 1993.
4. Абдиров М.Ж. Хан Кучум: известный и неизвестный. – Алматы, 1996.

ӘӨЖ 94:63 (574)

**Байсарина Қ.Қ.<sup>1</sup>, Ботабекова А.Р.<sup>2</sup>**

т.ғ.д., профессор<sup>1</sup>, 1 курс магистранты<sup>2</sup>

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДА ТЫҢ ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН ЗАРДАПТАРЫ

XX ғасырдың 50-60 жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығында орасан зор өзгерістер болды. КОКП Орталық комитеті 1954 жылы 2 наурызда «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдаған болатын. Пленум Қазақстанның және Сібір колхоздары мен совхоздарында әр гектардан 14-15 центнерден астық алуға және екі жүз миллион пұт астық өндіруге толық мүмкіндік бар деп санады.

Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру: Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Көкшетау облыстарында және Сібірде, соның ішінде Алтай, Красноярск өлкелерінде, Оралда, Повольже және Солтүстік Кавказдың, Қиыр Шығыстың бірқатар аудандарында жүргізілді [1].

1950 жылдардың басында елдегі астықтың тапшылығы айқын сезілді. Республиканың көптеген облыстарында егістік жерлердің көлемі қысқарды. Мәселен, Павлодар облысында әр жүз гектардың 10,5 гектарына егін салынды. Осы облыстың Лебяжинск, Куйбышев атындағы және Май аудандарында 3-5 гектар жерге егін егілді [2].

1953 жылы Қостанай облысының Аят совхозында 21,6% жерге, Шевченко совхозында 28,4 %, Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь атындағы совхозында 24,2 %, Көкшетау облысының Приишим совхозында 16,4 % жер өңделіп, егін салынды. Осындай көлемде егін салынғанмен аталған совхоздарда алынған өнім өте төмен болды, әрбір 100 гектардан алынған өнім 252 пұт астықтан аспады. 1940-1953 жылы егістік жер 13%-ке қысқартылды. Ал мемлекетке өткізілген әрбір 100 гектардан 15,9 астық алынды [3].

1954 жылдың көктемінен бастап тың көтеру жұмысы өрістейді. Республикада негізгі астық беретін колхоздар және совхоздар ауыл шаруашылық өнімдерді өндіруді көбейтуде бірталай шараларды жүзеге асырды: дәнді-дақылдар егісін механикаландыру, агротехникалық және механизаторлармен қамтамасыз ету және тағы басқа іс-шаралар

жүргізілді. Ауыл және село еңбеккерлері еңбегінің нәтижесінде 1954-1955 жылдары 18 млн. гектар тың жер көтерілді, бұл бүкіл еліміз бойынша игерілген жердің 60,6 пайызы еді [4].

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары (1954-1956) республиканың солтүстік облыстарында астық дайындау мәселесінің экономикалық қана емес, саяси мәні де болды. Қазақстан бірнеше миллиард пұт астық өндірумен қатар жаңа селолар «астық фабрикасы» атанған астық совхоздары құрылды. Егістік жердің көлемі тың игеру жылдары 9,7 млн. гектарға өсті. Бұрынғы одақ көлемінде астық жинаудан республиканың үлес салмағы 1949-1953 жылдары 5-тен 12 пайызға дейін көтерілді. Негізінен астықты облыстар Қостанай (18,2%), Көкшетау (12,7%), Солтүстік Қазақстан (9,8%) мемлекетке астық тапсырды. 1949-1953 жылдары орташа жылына 1819 млн. тонна қамбаға астық құйды [5].

Қазақстанда негізінен тың игеру 1954-1958 жылдары жүзеге асырылды. Ф.Т. Моргунның есептеуі бойынша 1964 жылы Қазақстанда 29 млн. гектар жаңа жер, соның ішінде республиканың солтүстік облыстарында 20 млн. гектар жер игерілді [6].

1956 жылы ақпан айында өткен КОКП-ның XX съезі енді Қазақстанға астық өндіруді бес есе арттыру міндетін қойды. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары ауыл шаруашылығы саласын басқаруды жетілдіру мақсатында 1956 жылы Астық шаруашылығы министрлігі /Министерство хлебопродуктов/ құрылды. Аталған министрліктің қызметі колхоздар мен совхоздардан түскен астықты қабылдап алу, астықты сақтау, халықты нан және нан өнімдерімен қамтамасыз ету және басқа да жұмыстармен айналысты [7].

1961 жылы министрлік таратылып, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау министрлігі болып құрылды, бірақ көп ұзамай оның міндеті қайта құрылған Қазақ КСР Совхоз министрлігіне берілді.

Кеңес өкіметі 1950-1960 жылдары дәнді-дақылдарды көп өсіру бағытында бидай егісі солтүстік аймақтан оңтүстік аймаққа қарай, тіпті Қазақстанның шөлейт бөлігіне тарады, тары егісі шығысқа қарай, сол сияқты Орталық Қазақстанға етек жайды, арпа дақылы тауға қарай, күріш Сырдария, Қаратал өзендірінің алқабына өсірілді. Астық өндірудің негізгі базасы ретінде солтүстіктегі бес облыс Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары алынды. Қазақстанда жаздық бидайды және әсіресе бидайдың қатты сорттарын өндіруді арттыру қажеттілігі өкімет тарапынан қабылданған барлық қаулы-қараларда атап көрсетілді.

Барлық жаздық бидайдың егіс көлемі Қазақстанның Солтүстік аймағында 4/5 бөлігін алып жатты. Тым қысқа мерзімде шамадан тыс өте көп жерді жырттып тастау партия мен халықтың «ұлы ерлігі» ретінде бағаланды.

Алғашқы тың игерген жылдары республиканың колхоздары мен совхоздары едәуір табыстарға қол жеткізді. Тың жерді игерудің алғашқы жылдарында астық өндіру 35 пайызға артты. Колхоздар мен совхоздар 242 миллион пұт астық өткізді, яғни 1953 жылмен салыстырғанда екі еседей көп еді. Осы бір жылғы нәтижеге сүйенген партия мен өкімет тың және тыңайған жерлерді одан әрі игеру жөніндегі жұмыстарды едәуір ұлғайтуды ұйғарды. Оның нәтижесі ұзаққа бармайтынын елеп-ескерген ешкім болған жоқ. Республикада 1955 жылы 9,5 миллион гектардай тың жер игерілді, яғни 1954 жылдағыдан 1 миллион гектарға көп [8].

Ауыл еңбеккерлері тың жерлерді игерудің алғашқы кезеңінде қыстың суығына киліккен болса, 1955 жылы бұрын болып көрмеген қуаңшылық болды. Жер құрғап, топырақ шаң болып ұшып жатты, жаңбыр болмады. Осындай жағдайға қарамастан 1956 жылы тың жерлерді игеру жөніндегі жұмыс одан әрі жүргізілді. Тағы да қосымша 2 миллион гектар жер игерілді. Ал 1956 жылы табиғаттың қолайлы жағдайына байланысты тың жерге бітік егін шықты. Көп колхоздар мен совхоздар бұрын болмаған өнім алды. Мәселен, қарастырылып отырған Солтүстік Қазақстан облысы, Держинский совхозы 1956 жылы көлемі 21 мың гектар жердің әр гектарынан 18,6 центнерден астық бастырды. Ал, Ақмола облысы колхоздарының диқандары 1956 жылы мемлекетке 90 мың тонна астық тапсырса, Павлодар облысының колхозшылары 59,6 мың тонна астық өткізді.

Қазақстан тың астық өндіруге зор үлес қоса тұрса да, бүкіл одақ көлемінде астық дайындау жоспарлары тиянақты орындалмай жатты. Тың игеріле бастағаннан-ақ егін жинау маусымы – кәдуілгі ауыл шаруашылық науқаннан «алапат майданға» айналып кетті. 1954-1955 жылы Павлодар облысына 1904 жанұя келген. Ал, Көкшетау облысының Рузаев ауданына 18 маман келген [9].

Тың игеру жылдарындағы ірі өзгерістердің бірі – республикада халықтың, оның ішінде ауыл тұрғындарының саны тез өсуінде болды. 60-шы жылдары Солтүстік Қазақстан өңіріне сырттан келушілер саны көп болды. Әсіресе, Көкшетау мен Қостанай облыстарына келушілер басқа аймақтармен салыстырғанда басым еді. Атап айтсақ, бұл кезде Көкшетау облысына сырттан келушілер 49 %-ға артқан, ал Қостанай облысына келушілер саны 26 %-ға өскен. Мұндай жағдай аталған аймақтарда өнеркәсіп дамуымен, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игеруге де байланысты болды. Осылайша тың игеру Қазақстан жерінде үлкен ауқымда жүзеге асырылып, республикамыздың өміріне жан-жақты әсерін тигізді.

Қазақстанда тың жерді игерудің алғашқы жылдары астықты дақылдар егілетін жер көлемін арттыру есебімен, яғни негізі экстенсивті жүргізілгені белгілі. Тым қысқа мерзімде шамадан тыс өте көп жерді жыртып тастау партия мен халықтың ұлы еңбегі ретінде бағаланды, шұғыл және төтенше қимылдар республикамызға зардабын тигізді, оны елеп-ескерген жан болған жоқ. Қазақстанға тың жерлерді игеру екі жақты әсер етті. Ол біріншіден, әрине жаңашылдығымен, прогрессшілдігімен халық шаруашылығының кейбір салаларының жан-жақты дамуына серпінді әсер ете білді, Қазақстан экономикасының, халық шаруашылығының дамуына уақытша болса да жақсы әсер болғаны белгілі. Бұл науқынның өзіндік көлеңкелі саясатты іске асырар екінші жағы да болған еді.

1950 жылдардың басында Қазақстан, Батыс Сібірдің тың және тыңайған жерлерінің көлемін анықтау, құнарлығын тексеру мақсатында КСРО Ғылым Академиясы топырақ зерттеу институты бастаған зерттеушілер және туған жер топырағының түзілу процесін жанашырлықпен жете тексерген Қазақстан ғалымдарының ғылыми зерттеулері Қазақстан топырағының 20% эрозияға бейімділігін дәлелдеп, жаңа жерлердің топырағы мен табиғатының жағдайын үнемі зерттеу және тыңайтқыштар қызметін құруды ұйымдастырды. Комиссияның жарамсыз деп тапқан жерлері қысқа мерзім ішінде басқа жерлерге ауыстырылды. Павлодар облысындағы жарамсыз деп тапқан жерлер Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарына ауыстырылып, сол жерлер жыртылатын болды. Одақ көлемінде 4,95 млн. гектар жер егін егуге жарамды деп табылды. Оның ішінде Ресейде 2,5 млн. гектар, Қазақстанда 2,4 млн. гектар жер. Осының дұрыстығы сол кезде ескерілмеді. Алайда оның дұрыстығы көп ұзамай-ақ дәлелденді. Мәселен, 1954-1958 жылдары Павлодар облысының 800 мың гектар жері эрозияға ұшырап, істен шыққан. Мұндай жағдай Ақтөбе, Қостанай, Көкшетау облыстарында да орын алған.

Республиканың солтүстік облыстарынан – Қостанай, Павлодар, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Ақмола аймағында жабайы аңдар мен құстардың алуан түрлері ығыстырылды. Қазақ жерін мекендейтін қарақұйрық, орман сусары, құндыз, тырна, дуадақ, безгелдек, ақ дегелең тәрізді құстар мен аңдардың азая түсуін тың процесі тездете түсті. Көп жерлерде көлдер суалып, жылғалар тартылды. Қазір Қостанайлықтар бір кездегі облыс территориясында тың игергенге дейін бұнда бес мың көл болғанын, бүгінгі күні олардың бес жүзі ғана сақталып қалғанын, бұрынғы бес шағын өзеннің 20 жайылып кеткенін, әсіресе ірі, мол сулы – 121 мың шаршы километр алқапты арнасы қамтып жататын Тобыл өзенінің тың игерілгеннен кейін 52,2 мың шаршы километр жерді ғана айналып ағатыны есептеп отыр [10].

Ауыл шаруашылығы ғылымының тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жердің ең шұрайлы қабаты гомустың (шымның) қалыңдығы бір сантиметр қалыптасуы үшін аз дегенде 2-3 ғасыр керек екен – бұл біріншіден. Екіншіден, гомусты қалыптастыру үшін ол жерде міндетті түрде ақ селеулі далада сыңсыған мал жайлауы керек. Солардың тұяғы ақ селеуді жаныштап, малдың тезегімен араласып, 2-3 ғасырда қалыңдығы бір-екі елі гомусқа айналмақ. Тың жерді жаппай игергеннен кейінгі соңғы 30 жылдың ішінде жердің жыртылатын қабатындағы сол

шұрайлы гомустың азайып кетуі әсіресе, тың жерлер көп жыртылған облыстарда орын алғандығы шындық.

Ғалымдардың нақты мәліметі бойынша көрсетілген мерзім ішінде ол Көкшетау облысында 4,3 тен 3,6 пайызға, Қостанай облысында 3,7 ден 2,7 пайызға төмендеп кетті [11]. Жалпы, Солтүстік Қазақстанда тоғыз миллион гектар егістік эрозияға ұшырады. Бұл жалпы егінге жарамды жердің тең жартысы еді. Табиғаттың бергенін өзіне қайтармай, одан тек ала беруді, оны «Бағындыруды» көздеген біржақты көзқарас бізді міне, осыған алып келді. Мұның нәтижесі де қайғылы – тек солтүстік облыстардың бір өзінде ғана жер эрозиясы игерілген тың жерлердің 1 миллион гектардан астамын істен шығарды.

Жерді талан-таражға салу – орны толмас шығынға ұрындырды. Ғалымдардың есебі тыңды игеру жылдарында топырақтың сапалы қыртысының 15-20 пайызы, ал кей жерлерде 23 пайызға дейіні бүлініп, құнарсызданған. Қазір бұрынғы тың игерген аймақтардағы жердің құнарсыздануы 35 пайызға дейін жетті.

Солтүстік Қазақстан облысының егіншілігінде таза парды айналымға енгізудің тиімділігі мол екендігі тәжірибеде айқын дәлелденген. Мұның өзі басқа елдердің де, соның ішінде бізбен табиғатты және ауа райы ерекшелігі қанаттас, Канаданың егіншілікті жүргізудегі тәжірибесі де осы бағыттың дұрыстығына күмән келтірмейді.

Сонымен, тың жерлерді жаппай игеру кезеңінде ауыл шаруашылығының экстенсивті жолмен дамуы ауыл шаруашылығының күрт төмендеуіне алып келді. Мұның үстіне, тың жерлерді игергенде республиканың табиғи – географиялық және ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Тың игеруге тиісті жерлер қазақтардың сан ғасырлар бері келе жатқан ата қонысы екендігі, ол қазақтардың халық болып қалыптасқан, дәстүрлі шаруашылығы бар, сан-салалы мәдениеті өркен жайған, алтын бесігі болғандығы ескерілмеді. Осының барлығы ауыл шаруашылығын бірте-бірте тоқырауға жақындата түсті.

Астықты өндіруді ұлғайтудың басты көзі – тың деген тұжырым жасалынды. Тың игерудің ең басты дәлелі жүргізілген бірлі-жарымды тәжірибе болатын. Атап айтқанда, Челябинскі облысындағы «Петропавловск», Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ленин жолы» шаруашылықтарының негізінде енгізілді. Қазақстанда тың игерілген 1954-1960 жылдар ішінде астық өндірудің жалпы көлемі 106 млн. тоннадай болды, осы жылдар ішіндегі өндірілген астықтың жылдық орташа мөлшері 1949-1953 жылдардың көрсеткіштерінен 3,8 еседен астам асып түсті. Қазақстан бұл жылдарың ішінде мемлекетке 63,4 млн. тонна астық тапсырды [12].

Қорыта келе, 1950 жылдардың басындағы экономикалық тәсілдерге негізделген жаңа аграрлық саясатты жүзеге асыруда жүйеліліктің болмауы, колхоздар мен совхоздардың тіршілік тынысына орынсыз араласуы тиімді нәтиже бермеді. Міне, сондықтан тың игерудің де ауыл шаруашылығын алға бастыруға қадам жасай алмауының да себебі осы деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Райханов Н. Тың игерудің оңы мен солы // Ақиқат. – 1999. - №5. 19-28 б.
2. ҚРПМ. 708 қ., 27 т., 1185 іс, 7-8 п.
3. ҚРПМ. 708 қ., 27 т., 41 іс, 61 п.
4. Народное хозяйство Казахской ССР: Стат.сборник. Алма-Ата, 1957.-381 б. /140/.
5. Қазақстан жоғарғы мектебі // №1, 2004. – 194-195 б.
6. Моргун Н. Тың туралы ойлар. М., 1960. – 327 б. /63/
7. ҚРОММ. 1481 қ., 15., 182 іс, 215 п.
8. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық // Жұлдыз. №6, 1991 – 120 б.
9. ҚРПМ. 708 қ., 27 т., 54 іс, 187 п.
10. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық // Жұлдыз. №6, 1991
11. Казахстанская правда. 1988. – 12 апреля
12. Казахстан за 50 лет: Стат. Сборник. Алма-Ата, 1971.-248 с. /66/

**Байдалы Р.Ж.<sup>1</sup>, Елкей Н.Н.<sup>2</sup>**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>,  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты<sup>2</sup>

**МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ҚАЙРАТКЕР**

Дана халқымызда «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөзі бар екені ақиқат. Осы ретте, бұл сөзді елі қадір тұтып, Ұлт тарихын зерттеп-зерделеуде өлшеусіз үлес қосқан, биыл туғанына 85 жыл толып жатқан туған жердің тарланы, тарихтың тарланбозы, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа арнап айтсақ артық болмасы анық. Өйткені, Манаш Қабашұлының қазақ тарихына, соның ішінде ата тарихымыздың шығу тегін белестерге бөліп, азаттық жолында ерлігімен танылған батырларымызды, отаршылдық езгінің зардаптарын, тәуелсіздіктің даңғыл жолын зерттеудегі үлесі қомақты.

“Қайраткер болар адам ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды, ұлттық және жеке бастың мүдделері бір жерден табылады. Ендеше қайраткер болар жанға көрегендік аз, ұлтжандылық керек. Қайраткерлік күш-қуатын, шешендік пен көсемдікті, тапқырлықты, өжеттікті, батылдықты қарқынды іске бағыттаудан көрінеді” дейді Манаш Қозыбаев. Бұны ол ісімен көрсете білген [1,114 б].

Ғалымның өз айтқандай оның қайраткерлігін өзінің кәсіби тарихшылығын, ел мүддесін ойлаудан туған қарқынды істерді қалай атқарғандығынан көруге болады. Мысалы ол студент кезінің өзінде-ақ ҚАЗ МУ-дің қоғамдық жұмысына белсене араласады, студенттерді жақсы істерге жетелейді, үлгі болады. Бұған дәлел ретінде архивтен табылған ҚАЗ МУ-дің тарих факультетінің деканы Горячеваның Манаш Қозыбаевқа берген мінездемесін келтіруге болады.

“Тов. Козыбаев с самого начала своего пребывания в университете, принимает самое активное участие в общественной жизни университета и факультета.

На I курсе Козыбаев был агитатором, на II курсе - лектором вновь организованной лектоской группы комитета комсомола и комсормом, на III курсе руководителем Совета лекторам при комитете ЛКСМК и зам. руководителя агит. коллектива факультета. На IV курсе был избран членом комитета комсомола, работал также внештатным лектором. ЦК ЛКСМК и лектором лекторской группы университета. На V курсе был внештатным пропагандистом фрунзенского ГРК КПК также избран членом пленума фрунзенского ГРК ЛКСМК” [2,18 п].

Бұл дерек бізге Манаш Қозыбаевтың қайраткерлік жолындағы қалыптасуының алғашқы баспалдағын көрсетеді.

Ал, университет бітіргеннен кейінгі туған жері Қостанайда - педагогикалық институтта еңбек еткенде институттың қоғамдық жұмысы шеңберінен асып, қаланың, облыстың қоғамдық өміріне белсене араласады. Бұл сөзімізге архивтен алынған Қостанай педагогикалық институтының директоры Л.А. Середкиннің берген мына сөздер айқын дәлел бола алады: “С 1954 г. трижды избирается секретарем партийной организации института. Является также кандидатом и Пленума Костанайского ГОРКОМО партии” [3,38 п].

Ғалымның қайраткерлігі сонда - ол тарихты зерделеп қана қоймай, тарихтың қоғамды алға жылжытушы екендігін, өзінің нақты ісімен көрсете білуінде. Мысалы, ол туған жерінде жоғарыда аталған институтта тарихтан дәріс беріп жүрген кезінде азамат соғысында ел үшін құрбан болған М.Г.Летунов, К.М.Иноземцов, Н.И.Миляевтардың және иісі қазаққа білім нұрын сенкендердің бірі Ы.Алтынсаринның ардақты аттары ел жадында сақталуы үшін қала көшелеріне, кейбір ауданға есімдері берілуін тиісті орынға мәселе етіп қояды. Солардың көбі

кейін жүзеге асты. Қазір Ыбырай Алтынсарин атындағы аудан бар, батырлардың атымен аталатын көшелер бар.

Тарихшының қайраткерлігін көрсететін тағы да бір нақты дәлел - оның тарихтың бұрмаланып жазылуына қарсы тұруы. Мысалы, ол батыс Қазақстан облыстық "Приуральская правда" газетінің азамат соғысы туралы тарихи шындықты бұрмалап көрсеткенінен кәсіби тарихшы ретінде әшкеріледі, оқырмандарды түзу жолға жетелейді.

Бұл сөзімізге ғалымның сол кездегі жазған мақаласынан үзінді келтірсек нақты дәлел бола алады. "Приуральская правда", публикуя материалы о гражданской войне и деятельности Чапаева, не всегда вникает в подробности и часто отходит от исторической правды, путает факты, вводя своих читателей в заблуждение.

Допуская досадные искажения при освещении истории гражданской войны в Западном Казахстане "Приуральская правда" делает плохую услугу [4,3 б].

Институтта жүргенде Манаш Қозыбаев Қостанай пединститутының ғылыми жазбаларын шығаруды алғаш бастаған. Осындай қоғамдық жұмыстарды атқарумен белсене атқарады. Бұл сол кездегі тың игеру саясатымен тұспа-тұс келеді. Орталықтан Болшунов, Рынков сияқты т.б. ғылым кандидаттары келе бастайды, солармен бірге орыс шовинизмі етек жаяды. Жергілікті ұлт кадрларына қысым жасала бастайды. Оның соңы Манаш Қозыбаевтың институттан өз еркімен кетуімен аяқталады. Бұл туралы ғалымның өзі бұлай деп жазған: "Бүкіл институтта 3-4 ғана қазақ, дауысымызды шығармауға тырысты. Маған әлі келмеген кулар менің соңыма КГБ-ны салды, "ұлтшыл" деп айыптауға "материал" жинай бастады..." [5,54 б].

Қозыбаев Қазақстан компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтына қызметке ауысады. Сол кезден бастап ғылыми жұмыспен біржола алаңсыз айналыса бастайды. Көптеген ғылыми еңбектері жарық көреді. Аға ғылыми қызметкерден партия құрылысы тарихы бөлімінің меңгерушілігіне дейін өсіп, тарих ғылымының докторы, профессор, танымал ғалым дәрежесіне дейін көтеріледі.

Ол 1974 жылы З.А.Голиковамен бірлесіп "Золотой фонд партий" атты еңбек жазады. Тарих ғылымының докторы, профессор М. Қозыбаев осы еңбегі үшін орнынан алынып, Алматы малдәрігерлік институтына кафедра меңгерушісі етіп жіберіледі. Осы оқу орнында ол дәрістерді қазақша оқу, тарихты оқытуда, техникалық құралдарды қолдануда енгізіп қана қоймай, КСРО көлеміндегі 100 қатарлық оқу орындарының қоғамтану кафедралары оқытушыларының басын қосып, үш бүкілодақтық конференция өткізеді, оның материалдарын баспаханадан басқызып шығарады. Қайраткерлік қажырының арқасында бүкілодақтық бойынша Алматы Ауыл Шаруашылық институтында тұңғыш рет партия тарихы кафедрасында аспирантура ашады. Одақтық деңгейдегі ғалым болып танылады, көптеген одақтық ғылыми конференцияларда баяндама жасайды. 1979 жылы Қазақ Ғылым академиясының корреспондент - мүшесіне сайланады.

1980-1986 жылдары білімді де, білікті ғалым Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакторы болады. Осы энциклопедияға тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов т.б. қазақтың ардагер азаматтарының өмірбаянын енгізеді. Бұл туралы ғалым М.Құл-Мұхаммед: "Ол кездері жазуды қойып, есімдерін айтуға тыйым салынған қазақтың біртуар перзенттерінің өмірін энциклопедияға кіргізу туралы мәселе көтеру ерліктермен парапар еді" - дейді [6,80 б].

Терең білім мен біліктірікті қажет ететін осы бір жауапты жұмыс кезінде М. Қозыбаев қазақ және орыс тілдерінде 4 томнан тұратын "Қазақ ССР", "Алматы", "Қарағанды" және отбасылық "Шаңырақ" энциклопедиясын, Ш.Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағын құрастырып шығарды.

М.Қабашұлы Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан тарихын жүйелеп қарапайым халыққа шынайы тұрғыда жеткізе білгендігімен де зор қайраткер. Атап айтар болсақ, ол Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арнап 40 сериялы тарихи деректі фильм шығаруға белсене араласып, бас кеңесші-сарапшы болған. Бұл фильмде білгір тарихшы Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның үлесін көрсете білген.

Ғалымның осындай сан-салалы жұмысының ішіндегі кесегі энциклопедия шығарудағы еңбегін С.Сартаев: "Думаю, что он оставил большой след в истории Казахстана, будучи главным редактором Казахской советской энциклопедии, так же, как французские энциклопедисты во главе с Дени Дидро" [7,195 б].

М.Қозыбаевтың қайраткерлік қыры әсіресе оның 1986 жылы 1981 жылдан бері Кеңестік Қазақстан тарихнамасы бөлімінде негізгі жұмысына қоса еңбек етіп келе жатқан Қазақ ССР ғылым академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына жұмысқа ауысқан кездеріндегі атқарған жұмыстарынан айқын көрінеді. Оның ерекше қасиеті - өзінің де, бүкіл ұжымның да назарын тарих ғылымының көкейтесті мәселелеріне және оның міндеттерін шешуге аудару алушылығы болды. Оның тікелей басшылығымен Институттың ғылыми-зерттеу жұмысында басым бағыттар ашылды. Олар Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері, өлкенің XX ғасырдың бас кезіндегі саяси өмірі, ұлт-азаттық қозғалыс, кеңес кезіндегі ұлттық-мемлекеттік межелену және ұлтаралық қарым-қатынастар тарихы мәселелері еді.

М.Қозыбаев директор болғаннан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Қазақстанның тарих ғылымының орталығы ретінде берік орнықты. Оның халықаралық байланыстары кеңейіп, олар іскерлік, шығармашылық сипат алды. Басшылық жұмыста осындай үлкен істерді атқара жүріп ғылыми мақалалар жазуын ешқашан тоқтатқан жоқ. Соның бір дәлелі ретінде "Тарих және әдебиет", "Голощекин" атты мақалалары үшін 1988 жылы "Қазақ әдебиетінің" лауреаты атанды.

Сондай-ақ ол Қазақстанның егемендігін жариялау қарсаңында 1988 жылы республиканың ұлттық территориясы туралы ғылыми-практикалық конференциясын және күштеп ұжымдастыру мәселелері туралы бүкілодақтық дөңгелек стөл өткізді. Осы жылдары М.Қозыбаев бастаған зерттеушілердің /Ж.Әбілғожин, М.Тәтімов/ "Ашаршылық ақиқаты" деген ұжымдық мақаласы жарық көреді. Ол "Вопросы истории" журналының (1989) -7 саныда жарияланды. Мұнда тұңғыш рет шаруаларды ұжымдастыру күшпен, зорлықпен жүргені дәлелденіп қана қойған жоқ, ең бастысы, ол саясаттың мемлекеттік деңгейдегі этноцид саясаты екендігі айқындалды. Көптеген қалың оқырманға белгісіз деректер келтіріліп, қазақ халқының 42 пайызы сол жылдары қырылып қалғаны айтылды. "Ашаршылық ақиқаты", "Казахстанская трагедия" деген атпен Одақтық журналда шығып, кеңестік жүйенің зұлымдығын әшкерелеген ғажайып мақала басылды. Бұрын ұжымдастыру жылдары лениндік кооперативтік жоспар бұрмаланды деп дәлелденіп келген қазақ сахарасында осы зорлық-зомбылықтың жүйелі түрде, үздіксіз, өте қатаң жүргізілгені, бұл саясаттың қолдан жасалған. "Ақтабан шұбырынды" саясатына ұласқаны жан-жақты көрсетілді.

Арғы алыс тарихымызды ақтарып, ақтаңдақтарын аршып көрсетуде, алаштың ақиқатын ашуда тарих саласындағы бірден-бір академик, тарих институтының директоры Манаш Қозыбаевтың ерлігі ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Сондай қайраткерлігінің арқасында ол халық қалаулысы болып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XII шақыруының депутаты болды. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған "Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның" жобасын әзірлейтін комиссиясының мүшесі болды.

1991 жылы қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі құрған Парламенттік арнайы комиссия, сол кезде халық депутаты болған М.Қозыбаевтың басшылығымен бір жыл жұмыс істеп, 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және 1931-33 жылдардағы жаппай ашаршылықтың себептері мен зардаптарын арнайы сраптаудан өткізді. Бұл комиссия жұмысының қорытындысы тоталитаризм мен оның зардаптарын бұрынғы Кеңестер Одағы республикалары ішінде Қазақстанда ғана таңғылықты әрі жүйелі зерттеліп келе жатқандығын ерекше атап өткен жөн.

1991 жылы коммунистік партия тарағаннан кейін оның аса құнды деректерге бай архиві иесіз қалды, міне осы кезде М.Қозыбаев қоғамтанушы ғалымдармен бірлесіп архивті сақтап қалу қажет екенін айтып "Казахстанская Правда" газетіне хат жолдап және

депутаттық сауал жасап, соның арқасында партия архиві негізінде Қазақстан Республикасы президентінің архивінің құрылуына мұрындық болады. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат комиссиясы академик Манаш Қабашұлының басшылығымен жасалған тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасын қабылдады. Ең алдымен ғалым тарихта орын алып келген қанды ақтандақтар беттерін жоюды алға тартты. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Н.Ә.Назарбаевтың мүмкіндік туғызуымен республикада құрылған түрлі қоғамдық ұйымдарға мүше болып, кейбіреулерін басқарып орасан зор жұмыстар атқарды.

- 1993 жылы қазақстан Республикасы Тарих және мәдениет қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің төрағасы.

- Республикалық тарихи-ағартушылық "Әділет" қоғамының президенті.

- Қазақстан Республикасының (Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы) комиссиясының төрағасы.

- Республикалық "Азалы кітап" /книга памяти/ кітабын дайындап шығаруға қатысты құрылған редакциялық алқасының төрағасының орынбасары.

- 1993-2001 ж.ж. "Қазақ тарихы" журналының редакциялық алқасының мүшесі.

- 1998 жыл. "Отан тарихы" журналының бас редакторы.

- 2001 жыл. "Қазақстан-Заман" газетінің құрылтайшысы.

Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, халық бірлігі мен ұлттық тарих, халық бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы жылдарымен, Түркістанның 1500 жылдығы, Абай Құнанбаевтың, Қаныш Сәтпаевтың мерей тойларын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссиясының мүшесі ретінде ерекше құлшыныспен еңбек етті.

Қазақстанның жаңа тарихын, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік және саяси болмысын толымды таразылып, еліміздің әлеуметтік өсуіне, ғылыми беделінің артуына өлшеусіз зор үлес қосты.

М.Қозыбаевтың "Тарих және қазіргі заман", "Ақтандақтар ақиқаты", "Жауды шаптым ту байлап", "Тарих зердесі" (екі томдық), "Отан тарихы проблемалары: методология, тарихнама, деректану" (екі томдық) т.б. монографиялық еңбектерінде біздің заманымыздың, Қазақстан тарихы ғылымының қазіргі дамуының көкейтесті, өзекті мәселелері, ірі де, іргелі теориялық проблемалары әлемдік ғалымтанудың ең соңғы, сандарлы жетістіктеріне сай сараланды.

Жапон ғалымдары, профессорлары: Ито Шунги, Масахиро Фукукава, АҚШ Фиер Уильям, Ресей М.Устинов, Татарстан М.Хасанов, Башқұрстан Р.Кузеев, Түркия М.Сарай, Ю.Калашоғлы, Украин М.Кравчув, Н.А.Буцко, М.Коваль, Қытай Яң Фарын, Ж.Мырзахан, СуБәйхай, Тәжікстан Асқаров, М.Джураев, С.Тұрсынмұхамед сияты дүние жүзіне белгілі ғалымдармен іскерлік қарым-қатынас орнатқан. Қозыбаев Қазақстан тарихын Отан тарихы туралы ғылымды томаға тұйықтан шығарып, әлем халықтары тарихымен өзектес сараптау үшін Ресей, АҚШ, Қытай, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Түркия, Франция, Иран екілді әлемнің ірі мемлекеттерінің жетекші ғылыми зерттеу институттары, орталықтарымен шығармашылық қарым-қатынас орнату, ғылыми дерек көздерін бірлесе пайдалану, ғылыми ақпараттар алмасу ісін дамыту жолында қажырлы еңбек етті [8].

Елімізде бірнеше халықаралық ғылыми конференциялар өзізген Манаш Қозыбаев, сонымен қатар түрлі халықаралық конгрестерде, конференцияларда, симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасап, Отан, халық игілігі үшін атқарған адал еңбектің үлгісін көрсетті.

Қазақстан тарих ғылымының көшбастаушысы - Қозыбаевтың еңбектері орыс, украин, әзірбайжан, молдаван, ағылшын, қытай, жапон, неміс, түрік, француз, иран және басқа тілдерге аударылды. Оның ғылыми еңбектері бүгінгі күн тақырыбына, өткен тарихымыздағы бұрын дұрыс бағасын алмаған мәселелердің заңды шындығын ашуға арналған.



М.Қозыбаевтың Қазақстан тарихын дүние жүзі тарихымен сабақтастыра, байланыстыра жанаша көзқараспен зерттеуі шетел ғалаымдарының қолдауына ие болды. Батыл көзқарастарымен Қозыбаев тарихшылар арасында үлкен беделге ие болды. "1996 жылы Үрімжіде өткен "Еуразия-күрлық көпірі" атты халықаралық конференцияда жасайтын баяндамасында Ян Фарын мырза шетелдік ғалымдардан М.Қозыбаевты өзіне рецензент етіп шақыруы - оның Манаш Қабашұлын әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде бағалайтындығын аңғартса керек" [9,112 б]. Қытайдан оралған оралман, тарих ғылымдарының кандидаты Нәбижан Мұқаметханұлы ағынан жарылып "Манаш Қабашұлы - өзінің ғұлама ғалымдылығымен, тектілік қасиетімен, шебер мәмлегер ұйымдастырушылығымен Қытай елінде, жалпы диаспора әлемінде зор беделге ие, халықаралық деңгейдегі ірі тұлға" - деп мақтанышпен өз ойын да білдірді [10,115 б].

Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, ұлт мақтанышы, біртуар азамат - Манаш Қозыбаевтың ел үшін еткен еңбегімен, халыққа көрсеткен қызметімен жоғары бағаланды.

Қорыта айтқанда, М.Қозыбаевтың қайраткерлігі - оның бүкіл өмір жолындағы атқарған сан-салалы істерімен қабыса отырып, еліміздің кешегісі мен бүгінгісінің тарихын зерделеп, қоғамның дамуымен бірге жылжып, еліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуындағы іргетасын қалағандардың бірі болуында жатыр. Кәсіби тарихшылығын елінің қамын ойлап, тоқсан тараулы сан істерді іске асыруға қолданғандығында жатыр деуге болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Манаш Қозыбаев Жұлдызым менің // А., Арыс 2001 ж, 114 б.
2. Ведомственный архив КГУ им. А.Байтұрсынова. Личное дело преподавателя ОМЛ тов. Козыбаев Манаш Кабашевич, связка «АВ» л., 18.
3. Сонда л., 38.
4. М. Козыбаев Правдиво освещать исторические события // Казахстанская правда 11 август 1957 г 3 с.
5. Манаш Қозыбаев Жұлдызым менің //А., Арыс, 2001. 54 б.
6. Мұхтар Құл-Мұхамед Академик Манаш Қозыбаев. Портрет-эссе // А., Атамұра 2001, 80 б.
7. С. Сартаев Крупнейший тарлан истории. Академик Манаш Қозыбаев //Мерейтойлық жинақ А., Атамұра 2001, 195 б.
8. А. Байтұрсынов ат. ҚМУ., Академик М.Қозыбаев атындағы 212 аудитория.
9. Н. Мұқаметқанұлы. Текті кісі, ғұлама ғалым. Академик Манаш Қозыбаев // Мерейтойлық жинақ А., Атамұра, 2001, 112 б.
10. Сонда 115 б.

#### **Мукатаева Л.К.**

Казахский гуманитарно-юридический университет

#### **МЫ ПОМНИМ ВАС**

Костанайская земля - это часть великой Евразии. Она веками впитывала в себя все происходящее на ней и рождала своих великолепных сыновей. В разные периоды это были Шокан Уалиханов, Ибрай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Ильяс Омаров. В число этих замечательных личностей входит и Манаш Кабашевич Козыбаев.

На историческом факультете Костанайского государственного университета имени А. Байтұрсынова часто вспоминают приезд Манаша Кабашевича в Костанай в июне 2001 года. Студенты и преподаватели-историки знали, что этот год — юбилейный для академика. И силами факультета буквально за две недели была подготовлена экспозиция, освещающая жизненный путь ученого. Студенты ждали Манаша Кабашевича и предполагали, что он побывает в родном ауле, встретится с аксакалами, вспомнит юность, но и обязательно придет

к ним. Но Манаш Кабашевич, как всегда, поступил неординарно. Встреча на родной земле не стала просто тоем. Академик приехал не один, а привез своих коллег, друзей - видных деятелей науки, литературы.

Дни науки в Костанайской области прошли незабываемо. Сальк Зиманов, Аманжол Кошанов, Серик Кирабаев, Умурзак Султангазин, Кенжегали Сагадиев, Кенес Нурпеисов, Сагындык Сатубалдин, Гульнар-апа Дулатова, Жумагали Исмагулов, Кенес Ушпаев, Еренгайып Шайхутдинов, Касымхан Ерсарин, Когабай Сарсекеев, Сабит Бабаев, Махтай Сагдиев, Ерлан Сыдыков, Куат Есимханов, Галым Мутанов... Целое созвездие видных юристов, экономистов, писателей, историков. И среди них самая яркая звезда для нас, костанайцев, - это Манаш-ага. Доклады выступавших ученых нашли живой отклик в сердцах и умах студенчества, представителей интеллигенции. Итоги политического, экономического развития Республики Казахстан за 10 лет независимости, новые методологические подходы в изучении отечественной истории и восстановления подлинной и правдивой истории казахского народа, эволюция Конституции страны, перспективы развития республики на будущее - проблемы, которые были обсуждены на конференции. Ученые были открыты к диалогу, удивительно коммуникабельны, восприимчивы в те дни. Каждый вечер костанайцы могли видеть их и слушать с экранов телевизоров. Так благодаря Манашу Кабашевичу их идеи, теории стали нам ближе, понятнее. Такое впечатление, что Манаш-ага хотел показать костанайцам: кто его коллеги, соратники, в какой среде выкристаллизовывается истина, кто во главе науки республики, т.е. по-хорошему похвалиться своим кругом общения (дай бог каждому такое окружение), а им показать свой родной край, земляков.

Выступая с университетской трибуны, наверняка, Манаш Кабашевич вспомнил, как он начинал молодым преподавателем заниматься исследовательской работой еще в Костанайском пединституте. Начальный этап этой деятельности связан с краеведением. По воспоминаниям Манаша Кабашевича ему всегда хотелось найти истоки истории родного края, объяснить названия местности. В те годы было много споров о происхождении наименования нашего города. Из всех легенд и преданий, отдавая должное их романтическому началу, Манаш Кабашевич из трех наиболее достоверных версий предпочел и обосновал следующую: Кос (кош) - стоянка, место кочевья рода Танай племени Кыпшак. Археологические данные подтверждают, что ближайшая стоянка кочевников еще эпохи бронзы находилась у р. Тобол (пос. Заречный). В свои 25 лет будущий ученый так обостренно воспринял историю города и ответственно заявил о своем открытии. Теперь эта версия считается единственно верной, однако мало кто знает, что авторство за ним. Но Манаш Кабашевич был тогда молод и щедр. Он еще много сделает за свою жизнь открытий в истории.

Мы попытались собрать список его первых изданий по исследованию Костанайской области и обнаружили, что первая брошюра «Партия большевиков в борьбе за установление Советской власти в Кустанае» была издана в 1956 году. Далее «Алиби Джангильдии - первый комиссар Степного края» (1957 г.), «Из истории нашей области», «Страницы былого», «Прошлое нашей области», «Некоторые вопросы истории Октябрьской революции и гражданской войны в Кустанае и Кустанайской области», «Первые шаги кустанайских комсомольцев». Молодой преподаватель М.К. Козыбаев был учредителем и редактором первых «Ученых записок Кустанайского пединститута» в 1958 г. В фондах Костанайского краеведческого музея есть рукопись его работы «Революция 1905-1907 гг. в Тургайской области». А вот брошюра «Прошлое и настоящее Кустанайской области», изданная в 1956 г. при содействии зав.лекторским бюро отдела культуры облисполкома П.П.Белоножко, сыграла важную роль в создании семьи Козыбаевых. Благодаря гонорару за эту книгу они сыграли свою свадьбу.

Работая в Алма-Ате в Институте истории партии, Манаш Кабашевич продолжал заниматься исследованием истории родного края. Можно сказать, что в перерывах между защитами своих диссертаций, написанием фундаментальных трудов, Манаш-ага время от

времени возвращался к любимой, как мы считаем, теме. Так была написана «История Кустанайской губернской парторганизации».

В двухтомник «Герои Советского Союза - казахстанцы» его рукой вписаны имена костанайцев. Манаш Кабашевич исследовал жизнь и деятельность нашего земляка Ильяс Омарова, а также он один из тех, кто вернул потомкам имя и богатое научное наследие Ахмета Байтурсынова.

На вопрос «Каковы факторы Вашего успеха в научной работе?» Манаш Кабашевич среди главных называл поддержку семьи, близких. Эту страницу своей биографии он рассказывал так... Уезжая в очередной раз после каникул, молодой студент Манаш познакомился с прекрасной девушкой из Костаная по имени Сара. Это была любовь на всю жизнь. Рука об руку два прекрасных человека более 40 лет прожили вместе. Родились дети Ильяс и Гульшат, продолжатели дела отца. Сын на дипломатической работе. Гульшат в докторантуре. Конечно, это большая заслуга Сары-апай. Сара Пшембаевна с отличием закончила физико-математический факультет КазГУ и начинала как педагог трудовую деятельность в нашем, тогда еще педагогическом институте. Ее питомцы, а это учителя школ и преподаватели математики нашего университета, говорят о ней как о талантливом педагоге и прекрасном человеке. Но, как известно, большое видится на расстоянии. Видимо, Сара Пшембаевна, как математик, рассчитала гот нелегкий, но благородный путь становления ученого, который приведет к достижению цели и решила, что математика незыблема, а вот история, тем более отечественная, ждать не может, и взяла на себя основную тяжесть труда по сохранению семейного очага, становлению и процветанию династии Козыбаевых.

Еще один маленький, но очень важный штрих. Работая над своей темой исследования в архиве Национальной Академии наук, молодой исследователь Серикжан Исмаилов встретил там бесценный документ среди других бумаг. Это был отзыв корифея отечественной исторической науки Ермухана Бекмаханова на кандидатскую диссертацию будущего академика: «Работа богато документирована. С любовью автор пишет о трудовом героизме. Следует сказать, что Козыбаев Манаш Кабашевич проявил себя зрелым исследователем, способным решать самостоятельно большие научные проблемы. Диссертация отвечает возросшим требованиям к научной работе» (ф. 23, оп. I, д. 377, л. 2). А ведь Е. Бекмаханов, как отмечают его современники, был принципиален и требователен к научным исследованиям.

Учитель ушел от нас, но оставил свое научное наследие, завещал продолжить его дело.

ӘОЖ 94.07.29 (574)

**Султанова В.И.<sup>1</sup>, Қалшабек Б.Н.<sup>2</sup>**

т.ғ.к., доцент<sup>1</sup>, «Мирас» университеті<sup>2</sup>, Шымкент қаласы

### **АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**

Кез-келген елдің тарихында өзіндік қайталанбас із қалдырған тарихи тұлғалары болады. Олардың халқы үшін жасаған өнегелі істері, қарымды қызметі, өшпес ерліктері өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалады. Сондықтан, ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу, танып-білу, насихаттау үлкен маңызға ие. «Қайраткер болар адам ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды, ұлттық және жеке бастың мүдделері бір жерден табылады. Ендеше қайраткер болар жанға көрегендік аз, ұлтжандылық керек. Қайраткерлік күш-қуатын, шешендік пен көсемдікті, тапқырлықты, өжеттікті, батылдықты қарқынды іске бағыттаудан көрінеді» дейді Манаш Қозыбаев. Бұны ол өз ісімен көрсете білген [1, 114 б.].

Ғалымның өзі айтқандай оның қайраткерлігін өзінің кәсіби тарихшылығын, ел мүддесін ойлаудан туған қарқынды істерді қалай атқарғандығынан көруге болады. Ғалымның қайраткерлігі сонда – ол тарихты зерделеп қана қоймай, тарихтың қоғамды алға жылжытушы екендігін, өзінің нақты ісімен көрсете білуінде. Ол Қостанайдағы педагогикалық институтта дәріс беріп жүрген кезінде азамат соғысында ел үшін құрбан болған М.Г.Летунов, К.М.Иноземцов, Н.И.Миляевтардың және иісі қазаққа білім нұрын сенкендердің бірі Ы.Алтынсаринның ардақты аттары ел жадында сақталуы үшін қала көшелеріне, кейбір ауданға есімдері берілуін тиісті орынға мәселе етіп қояды. Солардың көбі кейін жүзеге асты. Қазір Ыбырай Алтынсарин атындағы аудан бар, батырлардың атымен аталатын көшелер бар.

Тарихшының қайраткерлігін көрсететін тағы да бір нақты дәлел – оның тарихтың бұрмаланып жазылуына қарсы тұруы. Мысалы, ол батыс Қазақстан облыстық «Приуральская правда» газетінің азамат соғысы туралы тарихи шындықты бұрмалап көрсеткенінен кәсіби тарихшы ретінде әшкерелейді, оқырмандарды түзу жолға жетелейді. Бұл сөзімізге ғалымның сол кездегі жазған мақаласынан үзінді келтірсек нақты дәлел бола алады: «Приуральская правда», публикуя материалы о гражданской войне и деятельно-сти Чапаева, не всегда вникает в подробности и часто отходит от исторической правды, путает факты, вводя своих читателей в заблуждение. Допуская досадные искажения при освещении истории гражданской войны в Западном Казахстане, «Приуральская правда» делает плохую услугу [2, 3 б.].

М.Қозыбаев Қостанай педагогикалық институтының ғылыми жазбаларын шығаруды алғаш бастаған. Бұл сол кездегі тың игеру саясатымен тұспа-тұс келеді. Орталықтан Болшунов, Рынков сияқты т.б. ғылым кандидаттары келе бастайды, солармен бірге орыс шовинизмі етек жаяды. Жергілікті ұлт кадрларына қысым жасала бастайды. Оның соңы Манаш Қозыбаевтың институттан өз еркімен кетуімен аяқталады. Бұл туралы ғалымның өзі бұлай деп жазған: «Бүкіл институтта 3-4 қана қазақ, дауысымызды шығармауға тырысты. Маған әлі келмеген қулар менің соңыма КГБ-ны салды, «ұлтшыл» деп айыптауға «материал» жинай бастады...» [3, 54 б.].

М.Қозыбаев Қазақстан компартиясы Орта-лық Комитеті жанындағы партия тарихы институтына қызметке ауысады. Сол кезден бастап ғылыми жұмыспен біржола алаңсыз айналыса бастайды. Көптеген ғылыми еңбектері жарық көреді. Аға ғылыми қызметкерден партия құрылысы тарихы бөлімінің меңгерушілігіне дейін өсіп, тарих ғылымының докторы, профессор, танымал ғалым дәрежесіне дейін көтеріледі. Ол 1974 жылы З.А.Голиковамен бірлесіп «Золотой фонд партий» атты еңбек жазады. Тарих ғылымының докторы, профессор М.Қозыбаев осы еңбегі үшін орнынан алынып, Алматы малдәрігерлік институтына кафедра меңгерушісі етіп жіберіледі. Осы оқу орнында ол дәрістерді қазақша оқу, тарихты оқытуда, техникалық құралдарды қолдануда енгізіп қана қоймай, КСРО көлеміндегі 100-ге жуық оқу орындарының қоғамтану кафедралары оқытушыларының басын қосып, үш бүкілодақтық конференция өткізеді, оның материалдарын баспаханадан басқызып шығарады.

Қайраткерлік қажырының арқасында бүкілодақтық бойынша Алматы Ауыл Шаруашылық институтында тұңғыш рет партия тарихы кафедрасында аспирантура ашады. Одақтық деңгейдегі ғалым болып танылады, көптеген одақтық ғылыми конференцияларда баяндама жасайды. 1979 жылы Қазақ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесіне сайланады. 1980–1986 жылдары білімді де, білікті ғалым Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакторы болады. Осы энциклопедияға тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов т.б. қазақтың ардагер азаматтарының өмірбаянын енгізеді. Бұл туралы ғалым М.Құл-Мұхаммед: «Ол кездері жазуды қойып, есімдерін айтуға тыйым салынған қазақтың біртуар перзенттерінің өмірін энциклопедияға кіргізу туралы мәселе көтеру ерліктермен парапар еді» – дейді [4, 80 б.].

Терең білім мен біліктерді қажет ететін осы бір жауапты жұмыс кезінде М.Қозыбаев қазақ және орыс тілдерінде 4 томнан тұратын «Қазақ ССР», «Алматы», «Қарағанды» және

отбасылық «Шаңырақ» энциклопедиясын, Ш.Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағын құрастырып шығарды.

М.Қабашұлы Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан тарихын жүйелеп қарапайым халыққа шынайы тұрғыда жеткізе білгендігімен де зор қайраткер. Атап айтар болсақ, ол Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арнап 40 сериялы тарихи деректі фильм шығаруға белсене араласып, бас кеңесші-сарапшы болған. Бұл фильмде білгір тарихшы Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның үлесін көрсете білген. Ғалымның осындай сан-салалы жұмысының ішіндегі энциклопедия шығарудағы еңбегін С.Сартаев: «Думаю, что он оставил большой след в истории Казахстана, будучи главным редактором Казахской советской энциклопедии, так же, как французские энциклопедисты во главе с Дени Дидро» [5, 195 б.].

М.Қозыбаевтың қайраткерлік қыры әсіресе оның 1986 жылы 1981 жылдан бері Кеңестік Қазақстан тарихнамасы бөлімінде негізгі жұмысына қоса еңбек етіп келе жатқан ҚазақССР ғылым академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына жұмысқа ауысқан кездеріндегі атқарған жұмыстарынан айқын көрінеді. Оның ерекше қасиеті – өзінің де, бүкіл ұжымның да назарын тарих ғылымының көкейтесті мәселелеріне және оның міндеттерін шешуге аудару алушылығы болды. Оның тікелей басшылығымен Институттың ғылыми-зерттеу жұмысында басым бағыттар ашылды. Олар Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері, өлкенің XX ғасырдың бас кезіндегі саяси өмірі, ұлт-азаттық қозғалыс, кеңес кезіндегі ұлттық-мемлекеттік межелену және ұлтаралық қарым-қатынастар тарихы мәселелері еді.

М.Қозыбаев директор болғаннан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Қазақстанның тарих ғылымының орталығы ретінде берік орнықты. Оның халықаралық байланыстары кеңейіп, олар іскерлік, шығармашылық сипат алды. Басшылық жұмыста осындай үлкен істерді атқара жүріп ғылыми мақалалар жазуын ешқашан тоқтатқан жоқ. Соның бір дәлелі ретінде «Тарих және әдебие», «Голощекин» атты мақалалары үшін 1988 жылы «Қазақ әдебиетінің» лауреаты атанды. Сондай-ақ ол Қазақстанның егемендігін жариялау қарсаңында 1988 жылы республиканың ұлттық территориясы туралы ғылыми- практикалық конференциясын және күштеп ұжымдастыру мәселелері туралы бүкілодақтық дөңгелек үстел өткізді.

Осы жылдары М.Қозыбаев бастаған зерттеушілердің (Ж.Әбілғожин, М.Тәтімөв) «Ашаршылық ақиқаты» деген ұжымдық мақаласы жарық көреді. Ол «Вопросы истории» журналының (1989 ж.) №7 санында жарияланды. Мұнда тұңғыш рет шаруаларды ұжымдастыру күшпен, зорлықпен жүргені дәлелденіп қана қойған жоқ, ең бастысы, ол саясаттың мемлекеттік деңгейдегі этноцид саясаты екендігі айқындалды. Көптеген қалың оқырманға белгісіз деректер келтіріліп, қазақ халқының 42 пайызы сол жылдары қырылып қалғаны айтылды. «Ашаршылық ақиқаты», «Казахстанская трагедия» деген атпен Одақтық журналда шығып, кеңестік жүйенің зұлымдығын әшкерелеген ғажайып мақала басылды. Бұрын ұжымдастыру жылдары лениндік кооперативтік жоспар бұрмаланды деп дәлелденіп келген қазақ сахарасында осы зорлық-зомбылықтың жүйелі түрде, үздіксіз, өте қатаң жүргізілгені, бұл саясаттың қолдан жасалғандығы қозғалды. «Ақтабан шұбырынды» саясатына ұласқаны жан-жақты көрсетілді.

Арғы алыс тарихымызды ақтарып, ақтандақтарын аршып көрсетуде, алаштың ақиқатын ашуда тарих саласындағы бірден-бір академик, тарих институтының директоры Манаш Қозыбаевтың ерлігі ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Сондай қайраткерлігінің арқасында ол халық қалаулысы болып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XII шақыруының депутаты болды. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» жобасын әзірлейтін комиссиясының мүшесі болды. 1991 жылы қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі құрған Парламенттік арнайы комиссия, сол кезде халық депутаты болған М.Қозыбаевтың басшылығымен бір жыл жұмыс істеп, 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және 1931-33 жылдардағы жаппай ашаршылықтың себептері мен зардаптарын арнайы сараптаудан өткізді. Бұл комиссия жұмысының қорытындысы тоталитаризм мен оның зардаптарын бұрынғы

Кеңестер Одағы республикалары ішінде Қазақстанда ғана таңғылықты әрі жүйелі зерттеліп келе жатқандығын ерекше атап өткен жөн.

1991 жылы коммунистік партия тарағаннан кейін оның аса құнды деректерге бай архиві иесіз қалды, міне осы кезде М.Қозыбаев қоғамтанушы ғалымдармен бірлесіп архивті сақтап қалу қажет екенін айтып «Казахстанская правда» газетіне хат жолдап және депутаттық сауал жасап, соның арқасында партия архиві негізінде Қазақстан Республикасы президентінің архивінің құрылуына мұрындық болады. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі болды. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат комиссиясы академик Манаш Қабашұлының басшылығымен жасалған тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасын қабылдады. Ең алдымен ғалым тарихта орын алып келген қанды ақтандақтар беттерін жоюды алға тартты. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін республикада құрылған түрлі қоғамдық ұйымдарға мүше болып, кейбіреулерін басқарып орасан зор жұмыстар атқарды:

- 1993 жылы Қазақстан Республикасы Тарих және мәдениет қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің төрағасы.

- Республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының президенті.

- Қазақстан Республикасының («Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» комиссиясының төрағасы.

- Республикалық «Азалы кітап» (книга памяти) кітабын дайындап шығаруға қатысты құрылған редакциялық алқасының төрағасының орынбасары.

- 1993–2001 ж.ж. «Қазақ тарихы» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

- 1998 жылы «Отан тарихы» журналының бас редакторы.

- 2001 жылы «Қазақстан-Заман» газетінің құрылтайшысы.

Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, халық бірлігі мен ұлттық тарих, халық бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы жылдарымен, Түркістанның 1500 жылдығы, Абай Құнанбаевтың, Қаныш Сәтпаевтың мерей тойларын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссиясының мүшесі ретінде ерекше құлшыныспен еңбек етті. Қазақстанның жаңа тарихын, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік және саяси болмысын толымды таразылып, еліміздің әлеуметтік өсуіне, ғылыми беделінің артуына өлшеусіз зор үлес қосты.

М.Қозыбаевтың «Тарих және қазіргі заман», «Ақтандақтар ақиқаты», «Жауды шаптым ту байлап», «Тарих зердесі» (екі томдық), «Отан тарихы проблемалары: методология, тарихнама, деректану» (екі томдық) т.б. монографиялық еңбектерінде біздің заманымыздың, Қазақстан тарихы ғылымының қазіргі дамуының көкейтесті, өзекті мәселелері, ірі де, іргелі теориялық проблемалары әлемдік ғалымтанудың ең соңғы, сандарлы жетістіктеріне сай сараланды. Жапон ғалымдары, профессорлары: Ито Шунги, Масахиро Фукукава, АҚШ – Фиер Уильям, Ресей – М.Устинов, Татарстан – М.Хасанов, Башқұрстан – Р.Кузеев, Түркия – М.Сарай, Ю.Калашоғлы, Украина – М.Кравчув, Н.А.Буцко, М.Коваль, Қытай – Яң Фарын, Ж.Мырзахан, Су Бэйхай, Тәжікстан – Асқаров, М.Джураев, С.Тұрсынмұхамед сияты дүние жүзіне белгілі ғалымдармен іскерлік қарым-қатынас орнатқан. Қозыбаев Қазақстан тарихын Отан тарихы туралы ғылымды томаға тұйықтан шығарып, әлем халықтары тарихымен өзектес сараптау үшін Ресей, АҚШ, Қытай, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Түркия, Франция, Иран екілді әлемнің ірі мемлекеттерінің жетекші ғылыми зерттеу институттары, орталықтарымен шығармашылық қарым-қатынас орнату, ғылыми дерек көздерін бірлесе пайдалану, ғылыми ақпараттар алмасу ісін дамыту жолында қажырлы еңбек етті.

Елімізде бірнеше халықаралық ғылыми конференциялар өткізген Манаш Қозыбаев, сонымен қатар түрлі халықаралық конгрестерде, конференцияларда, симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасап, Отан, халық игілігі үшін атқарған адал еңбектің үлгісін көрсетті. Қазақстан тарих ғылымының көшбастаушысы – Қозыбаевтың еңбектері орыс, украин, әзірбайжан, молдаван, ағылшын, қытай, жапон, неміс, түрік, француз, иран және басқа

тілдерге аударылды. Оның ғылыми еңбектері бүгінгі күн тақырыбына, өткен тарихымыздағы бұрын дұрыс бағасын алмаған мәселелердің заңды шындығын ашуға арналған.

М. Қозыбаевтың Қазақстан тарихын дүние жүзі тарихымен сабақтастыра, байланыстыра жаңаша көзқараспен зерттеуі шетел ғалымдарының қолдауына ие болды. Батыл көзқарастарымен Қозыбаев тарихшылар арасында үлкен беделге ие болды. «1996 жылы Үрімжіде өткен «Еуразия – құрлық көпірі» атты халықаралық конференцияда жасайтын баяндамасында Ян Фарын мырза шетелдік ғалымдардан М.Қозыбаевты өзіне рецензент етіп шақыруы – оның Манаш Қабашұлын әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде бағалайтындығын аңғартса керек» [6, 112 б.]. Қытайдан оралған оралман, тарих ғылымдарының кандидаты Нәбижан Мұқаметханұлы ағынан жарылып «Манаш Қабашұлы – өзінің ғұлама ғалымдылығымен, тектілік қасиетімен, шебер мәмлегер ұйымдастырушылығымен Қытай елінде, жалпы диаспора әлемінде зор беделге ие, халықаралық деңгейдегі ірі тұлға» – деп мақтанышпен өз ойын да білдірді [10, 115 б.]. Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, ұлт мақтанышы, біртуар азамат – Манаш Қозыбаевтың ел үшін еткен еңбегімен, халыққа көрсеткен қызметімен жоғары бағаланды.

Қорыта айтқанда, М.Қозыбаевтың қайраткерлігі – оның бүкіл өмір жолындағы атқарған сан-салалы істерімен қабыса отырып, еліміздің кешегісі мен бүгінгісінің тарихын зерделеп, қоғамның дамуымен бірге жылжып, еліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуындағы іргетасын қалағандардың бірі болуында жатыр. Кәсіби тарихшылығын елінің қамын ойлап, тоқсан тараулы сан істерді іске асыруға қолданғандығында жатыр деуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Жұлдызым менің // – А.: Арыс, 2001. – 114 б.
2. Козыбаев М. Правдиво освещать исторические события // Казахстанская правда. 11 август. 1957 г. – 3 с.
3. Қозыбаев М. Жұлдызым менің. – А.: Арыс, 2001. – 54 б.
4. Құл-Мұхамед М. Академик Манаш Қозыбаев. Портрет-эссе // – А.: Атамұра, 2001. – 80 б.
5. Сартаев С. Крупнейший тарлан истории. Академик Манаш Қозыбаев // Мерейтойлық жинақ. – А.: Атамұра, 2001. – 195 б.
6. Мұқаметқанұлы Н. Текті кісі, ғұлама ғалым. Академик Манаш Қозыбаев // Мерейтойлық жинақ – А.: Атамұра, 2001. – 112 б.
7. Сонда 115 б.

ӘОЖ: 323(574)

**Аширов Ш.А.<sup>1</sup>, Буртебаева А.А.<sup>2</sup>**

т.ғ.к, доцент м.а., ОҚМФА<sup>1</sup>, магистрант, АӘИУ<sup>2</sup> Шымкент қаласы

#### **СЕРЖАН АҚЫНЖАНОВТЫҢ ҚЫПШАҚ БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ЖҰРАҒАТТАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

Отандық тарих ғылымына, оның ішінде археология саласына сүбелі үлес қосқан тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу тарих ғылымының ерекше жанры және құрамдас бөлігі. Тұлғаның өмірбаяны тарих ғылымының даму үрдістері арқылы берілуі осы жанрдың негізгі ерекшелігі болып табылады. Мұндай жұмыстардың маңызды тәрбиелік ролі бар. С.М. Ақынжанов сияқты ғалымның өмір жолын зерттеу болашақ археолог жастарға оның үлгілі жолын көрсетуде маңызды шаруа болумен қатар, жалпы археология ғылымының романтикасымен қатар үлкен бейнеттің, ұлттың көне, ортағасырлық тарихын ашудағы маңыздылығымен байланысты. Көне дәуірлердің археологиялық мұраларын зерттеумен қатар, С.М. Ақынжанов археолог мамандарды дайындауда үлкен қызмет атқарды. Нәтижесінде тарих, археология саласында ірі ғалымдар шоғырын қалыптастырды. Олар

қазіргі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында, республиканың ғылыми зерттеу мекемелерінде табысты ғылыми және оқытушылық қызметтер атқаруда. Ғалымның еңбектері қазіргі Қазақстан ғылымының дамуы мен қалыптасуын көрсетумен бірге ғылымдағы өзекті проблемаларды шешуде үлкен септігін тигізеді.

XI-XIII ғасырларда қыпшақтардың ішінде қандай әулет басқарғаны өте шиеленісті мәселе. Бұл сұраққа байланысты тарихшы ғалымдардың арасында ешқандай бәтуаластық жоқ. Онсыз да қыпшақтардың ішінде қанша әулет басқарғаны түсініксіз.

Қыпшақ хандары туралы куәландыратын бірқатар түпкі деректер бар. Орыс шежірелері Шаруканид әулеті туралы айғақтайды. Хорезм шежірелері Хорезмшахтарға қызмет еткен қыпшақ хандары әулеті туралы баяндайды. Олардың генеологиясын С.М. Ақынжанов жақсы талдаған. Насави мәліметіне сай, қыпшақ ханы әулетінен шыққан Теркен қатын йемек тармағының байаут руынан тараған. Жүзжанидің мәліметі бойынша, ол қыпшақ ханының қызы болған. Жүвейнидің айтуы бойынша, ол Қаңлы руынан шыққан. Бұл жерде, Жүвейни қателесіп оны Қаңлы руынан шыққан Жалал ад-Диннің анасы Айшешекпен шатастыруы мүмкін. И.Маркварттің айтуы бойынша, қыпшақ хандарының бір әулеті (Юань қолбасшысы Тутуқтың арға аталары) 1115-1125 жылдары өзімен ірге Қыпшақ атауын әкеліп, Монғолиядан Орал тауларына қоныс тепкен. П.Пелльо онымен келіспей, Тутуқтың арғы атасы Құнан қыпшақ этнонимінен емес, байаут тайпасынан шыққандығын атап көрсетті [1]. С.М. Ақынжанов бұл көзқарасты қолдап: «XII ғасырдың басында Қазақстан жеріне қоныс аударған байауттар елбөрі тайпасынан шыққан жергілікті қыпшақ әулетін алмастырған» деп қосты [2]. П. Голден XII ғасырда Елбөрі (Ильбари) тайпасы Манчжуриядан Орта Азия мен оңтүстік орыс даласынан келген деп пайымдайды [3]. О.Прицак Кай әулетіне келмес бұрын Дешті Қыпшақ даласының батысында Болыс және Сақал, Тұғорқан, Қотан кіретін Тетер-оба әулеті басқарған деп есептейді. Оның көзқарасы бойынша, Кай әулетіне Боняк пен оның ұлы Осень кірген. 1100 жылдан кейін осы жерге Шарукан бастаған Елбөрілер әулеті көшіп келген. 1116-17 жылдар шамасында, О.Прицактың мәліметіне сай, Елбөрі әулеті мен Кай әулеті бәтуаласып, тең басқарушыға айналады [4]. В. Стоянов Боняк (украин фольклорында «қыршаңқы» деп атайтын) және Тұғорқан («Тугарин жылан»), сондай-ақ, Шарукан Кай мүмкін «жыландар руы» әулетіне кірген шығар деп есептейді. Сондай-ақ, В.Стоянов, ешқандай дерекке сілтемесіз, Боняктың әкесі Осень (Асень) болған деп жазады.

С.М. Ақынжанов: «үнді сұлтандарының бірі XIII ғасырдың бірінші жартысында (шындығында XIII ғасырдың екінші жартысында) Ұлық хан Аджам Жүзжанидің мәліметі бойынша «елбөрі ханы және йемек шахы» деп жазған [5]. Әрі қарай Жүзжанидің жазғанында Ұлық хан Аджамның әкесі Түркістанда елбөрі тайпасының арасында өте беделді тұлға және хан лауазымына ие болғандығы айтылады. Ұлық ханның атасы «Абархан Елбөрінің ұрпағы болған». С.М. Ақынжанов Ұлық ханның атасын, Махмұд Қашғари атап өткен Табар ханмен теңдестіреді. Я. Пилипчук: Ұлық хан Аджам (ол - Гияс ад-Дин Балбан) оның тайпасын монғолдар жеңгеннен кейін, құлдыққа түскен, Бағдатта сатылып, Делиге түсіп және өзінің тума талантының арқасында Дели сұлтандығының жасағын басқарып, 1247 жылдан бастап монғол шапқыншылығына бірнеше тойтарыс берген. Ең соңында, ол Дели сұлтандығына басшы болды. Ұлық хан -Жалал ад-Диннің бұрынғы серіктесі болған және Рим сұлтанының қолынан қаза тапқан Ұлық хан Аджамның әкесі болғандығын біз тұжырымдай аламыз [6].

Я.Пилипчук бір жағынан Абар (Табар) есімін Елтебер титулымен теңдестіреді. Екінші жағынан, ол П.Пелльоның ізімен бұл Абарды Тутуқтың ұрпағы Кунанмен (Құнан, Цюйцу) теңдестіреді .

Бір жағынан, Р.П.Храпачевский Тутуқ атауын Құнан ретіндегі (Цюйцу немесе Кучу емес) оқылумен дәйектейді, екінші жағынан, Кунйан Күн руынан деп есептейді [7]. Ж.М. Сабитов те мұны сынаған . Бұл жерде Құнанды 1000 жылы өлтірілген Цзубудың жетекшісі, Тутуқтың арғы атасы Хунанмен теңдестіру болашағы бар тұжырым екенін атап өткен жөн .

Ал Абар болса 1013 және 1015 жылдары қидандардан жеңіліс тауып, кейін қидандар патша атағына ұсынған Цзубудың басқа көсемі Убамен жеңіл теңдестірілді.



Тутуктың өмірбаянындағы Инасы бәріне танымал Иналчук Қайыр хан, Теркен қатынның немере ағасы және Монғол-Хорезм соғысының себепшісі екендігін П. Пелльо атап өткен. Бұл пікірді Я. Пилипчук те қолдайды. Сондай-ақ, Р.П. Храпачевский бұл пікірді ескермей, Инасы 1115-1120 жылдары туып, 1208 және 1208-1217 жылдары аралығында қайтыс болғандеп есептегенін атап өткен жөн. Біздің білуімізше, Теркен қатын (Иналчуктің бөлесі) байаут тайпасынан (Насавидің мәліметі), ал Тутуктың немересі (Иналчуктің тікелей тұқымы) де сол рудан (Юань Ши мәліметі), яғни Қыпшақ хандығының негізін салған Құнанның өзі де осы байаут тайпасынан болған.

Бұл жерде көшпелі халықтардың ру-тайпалық құрылымын зерттеуде С.М. Ақынжановтың қандай методологияға жүгінетініне тоқталған жөн. Еуропалық тарихнамада бүкіл халықты құрайтын, сол немесе басқа тайпаның бөлінбес бөлшегі, кірпіші болып қарастырылатын рулық-тайпалық құрылымды зерттеуде «атомистік» әдіс басым. Сондықтан да С.М. Ақынжанов бұл жағдайдан байаут, кимек, ұран, кай, елбөрі бір деңгейдің таксондары ретінде қабылданатынын көреміз. Бірақ та бұл жерде өзіндік ерекшелігі бар. Яғни, бұл жерде 5 деңгейдің таксондары берілген, және олар «атома» болып есептелмейді. Дәл сондай тұстар қытайлық деректерде көрсетілген, яғни қидандардың басшысы Абаоци бір мезетте Қидан, Ила (тайпа -бу), Сялайм (ру-шиле), Елюй (тегі, рудың ішінде -миле) болғаны назар аудартады. Сондықтан, рулардың ұсақ тарауларға көшпелі бөліну дәстүрін ескеру арқылы, Елбөрі, Байаут, Кай (Ұран) секілді атауларды қабылдауға болады. П.Пелльоның өзі Тутуктың ата-бабалары қоныстанған Юйболи таулары –Елбөрі руының қытайлық атауы екендігін болжаған. Біз «Теркен қатынның туыстары» Ұран руына (Кай монғол атауының түркілік көшірмесі) қарағанын ескере отырып, Қыпшақ әулетінің келесідей таксономиялық бөлінуін болжай аламыз: Ұлты Қыпшақ, Тайпа – Кай (Ұран), Ру – Байаут, Рудың ішінде (әулеттің атауы) - Елбөрі.

Сондай-ақ, С.М. Ақынжанов Теркен қатынның ағалары ретінде: Тағай хан мен Құмар тегінді атап өткен. Сонымен қатар, Теркен қатынның немересі Хан сұлтан Жошы ханға күйеуге шығып, бірнеше ұл дүниеге әкелгені белгілі. Насави былай деп жазған: «Мынадай жағдай орын алған: Мұхаммад [‘Ала’ад-Дин] сұлтанның үлкен қыздарының бірі Хан-Сұлтан Теркен қатынмен бірге [татарлар] тұтқынға алынған. Души хан оны өзіне әйелдікке алып, ол оған бала туып берген. Души хан өлген соң, ол өзінің ағасы [Джалал ад - Дин] сұлтанға татарлар туралы мағлұмат, ондағы жаңалықтар мен жағдайларды баяндаған. Ол сұлтан Хилатты қоршауға алған кезде, Мұхаммед сұлтанның атымен жез көк таспен көмкерілген әкесінің жүзігінің бірін жіберген. Бұл елшінің одан келгенінің белгісі болатын. Ол ағасына, ал хақан өзінің балаларына Құранды үйретуге бұйрық бергенін жеткізген».

А.Н.Иванов Назави мен Муииз әл-Ансабтың мәліметтері негізінде, Жошының Хан-Сұлтаннан балалары Берке, Беркечар, Бөрі деп болжайды [8]. С.М. Ақынжанов бұл болжаммен келіседі, бірақ үшінші ұлы Бөрі емес, Буда. Сондай-ақ, Осман сұлтандығының әулеті Кай руынан шыққандығы, ал Османның атасы Евфратты кесіп өтерде суға батып кеткені де айқын. Османның арғы аталары Жалал ад-Диннің (хорезмдіктер) жасағының құрамында және Дели Сұлтандығында билік еткен Ұлық хан аджам секілді Қыпшақ хандары тармағының өкілі болғанын болжай аламыз. Бұл жерде біздің мәмлүк сұлтаны Құттыздың генеологиясымен келіспеушілігімізді айта кеткен жөн. З.М. Буниятовтың құнды деректер бойынша Құттыз (сонымен бірге Махмұд деп те атаған) Жалал ад-Дин қарындасының ұлы, ал оның әкесі Жалал ад-Диннің әкесі жағынан (әкесі жағынан немере ағасы) ағасының баласы әлдебір Мамдұд. Алайда, З.М. Буниятовтың генеологиялық кестесінде Хан-сұлтанның баласы ретінде Құттыз көрсетілген (яғни Берке, Беркечар және Буданың немерелес ағасы). С.М. Ақынжановтың ойынша, Хан - сұлтанның күйеуі әлдебір Мамдуд емес, себебі оның Жошыға дейінгі күйеуі Қарахан әулетінен самарқандық Усман сұлтан болғаны белгілі, сондықтан, оның анасы Джалал ад-диннің басқа қарындасы. 1212 жылы Хан-Сұлтанның талап етуі бойынша Қарахан әулетінің барлық өкілдерімен бірге Усман өлім жазасына кесілді. Сондай -ақ, Құттыз Юань Ши дерегінде Батыс жорығында Жебе мен

Сүбедейден талқандалған Қаңлы халқының басшысы Хотосы хан ретінде аталуы әбден мүмкін.

С.М. Ақынжанов Қыпшақ әулетінің батыстық бұтағының генеологиялық байланыстарын қарастырған. 1082 жылы Шарухан мен Сүгірдің әкесі Осень қайтыс болған. Шаруханның ұлдары Отрок пен Сарчан. Отрактың ұлы Қоңшақ болған. Қоңшақтың ұлы Юрий болған. Гурандохта Отрактың қызы және IV Давид Құрылыстың әйелі болған. Шарукандықтар «жыланды тайпаға» жататынын С.М. Ақынжанов дәлелдеген.

Белгілі болғандай, 1108 жылы Юрий Долгорукий 5 бала туып берген (соның ішінде Андрей Боголюбский бар) қыпшақ ханы Аеп Асеневицтің [56] қызы Аннаға үйленеді. Сонымен қатар, 1151 жылы орыс князьдерімен шайқаста қаза тапқан Боняктің ұлы Севенч те белгілі.

С.Г. Кляшторный Асенді булгар әулеті дунай қыпшақтарынан шыққан деп есептейді Қыпшақ хандары (Осеньнің ұрпақтары) әулетінің жанама бұтағы болуы әбден мүмкін. Біздің ойымызша, әр түрлі деректерде Аеп, Боняк, Шаруканның әкесі ретінде көрсетілген Осень мен Асень – бір адам болған, сондықтан осы үш хан мен Сүгір Осеньнің баласы болған. О.Прицактің пікірінше, Аеп Кай-обаның бұрмаланған түрі.

Әрине, бұл тайпалардың таза түркі тілінде сөйлемегендігі де анық. Ортағасырлық қыпшақтар тарихы туралы сүбелі еңбек жазған марқұм Сержан Ақынжанов (1939-1991) оларды моңғол мен түркі тілі аралығындағы өтпелі тілде сөйлеген деген пікірге қосылатынын айтады. Бір жағы қидан және екінші жағы қырғыз бен татарлардың бірлескен шапқыншылығынан кейін екі бағыттан келіп Ертістің бойында басы тоғысқан бұл босқын тайпалар моңғолша қай немесе араб, парсы бастауаттарындағыша кимақ деген атаумен өзара тайпалар бірлестігін құрады. Кейін, жоғарыда айтқанымыздай, оғыз-кимақ немесе оғыз-қай ұлысының құрамына еніп, біршама уақыт мамыражай күй кешуге мүмкіндік алады. Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қорқыт ата кітабына» жазған алғыс сөзін де осы қайларды қоңыраттар деп тұжыратын пікір бар («Қорқыт ата кітабы», «Жазушы», 1986, 6-бет). Бұлай болуы да әбден мүмкін. Өйткені, қай этнонимінің моңғол тілінде жылан деген мағынаны білдіретінін Сержан Ақынжанов барынша жан-жақты талдап жазған.

С.М. Ақынжановтың пайымдауымызша, Осень мен Алп-Кара Ұран -Цзубу басшылары Құнан мен Абардың ұрпақтары болған. Цзубу, оның пікірінше, қидан деректерінде Қимақтар (Кумостар) деп аталған.

С.М. Ақынжановтың Қазақстанның ортағасыр тарихына, оның ішінде әсіресе Қыпшақтар мен Хорезмнің XI-XIII ғғ. басындағы өзара саяси қарым-қатынастарына арналған зерттеулері терең ой тұжырымдарға толы. Оны қазіргі археология ғылымының даму бағытынан да көруге болады. Өйткені С.М. Ақынжановтың өз дәуірінде жасаған ғылыми тұжырымдары қайта айналып жаңаша қырынан қарастырылуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Pelliot P. Hambis L. Histoire des campagnes de Gengis Khan, Chen-wuts'in-tchenglou. traduit et annote par Paul Pelliot et Louis Hambis, t. I, Leiden, 1951.-490 p.
2. Ақынжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. -Алматы. Ғылым, 1995. - 296 с.
3. Голден П. К вопросу о происхождении племенных названий кыпчаков. //Кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. Сборник материалов международной научной конференции, посвященной 1100-летию Кимекского государства в рамках Дней тюркской письменности и культуры. -Астана, 2013. С. 22-36.
4. Стоянов В. Драконы и ельбиры в куманско-кыпчакском мире. Вариации по теме структурирования жилого пространства//Кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. Сборник материалов международной научной конференции, посвященной 1100-летию Кимекского государства в рамках Дней тюркской письменности и культуры. -Астана, 2013. С. 37-47.

5. Смагулов Е.А. Памяти Сержана Мусатаевича Ахинжанова (1939-1991) // Российская археология. 1992. №3.
6. Пилипчук Я.В. Политическая и военная история кыпчаков в Индии в XIII в. // Военное дело кочевников Казахстана и сопредельных стран эпохи Средневековья и Нового времени. - Астана, 2013. С. 70-79.
7. Храпачевский Р.П. Половцы - куны в Волго-Уральском междуречье (по данным китайских источников). - Москва: ЦИВОИ, 2013
8. Иванов А.Н. К вопросу о причинах принятия ислама золотоордынским ханом Берке // Золотоордынская цивилизация. Сборник статей. Выпуск 2. –Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2009.

ӘОЖ 845.078.7.

**Абдурахманов Н.А.<sup>1</sup>, Сайдахметов С.И.<sup>2</sup>**

т.ғ.к., доцент м.а.<sup>1</sup>, магистранты АӘИУ<sup>2</sup>, Шымкент қаласы

## **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

ХІХ ғасырдың соңына қарай кең өріс алған қоныс аудару қозғалысына патшалық Ресей зерттеушілері тарапынан да, 1917 жылдан кейінгі уақытта да кеңінен назар аударылуына қарамастан, оның кейбір қырларының тарихнамада толық пайымдалмағаны байқалады. Әсіресе, самодержавиенің крепостниктік саясатының Ресей империясының қоғамдық өміріндегі елеулі құбылыстың барысына тигізген әсері, бұл мәселе жөніндегі үкіметтік лагерьдің өз ішіндегі түрлі ағышдардың күресі егжей-тегжейлі зерттелмей, көмескілеу күйінде қалып келеді.

Мәселенің танымдық қырын былай қойғанның өзінде, қоныс аудару қозғалысын Ресейде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескермей зерттеуге тырысушылық методологиялық тұрғыдан да кейбір келеңсіздіктерге ұшыратады. Себебі Ресейдің қоғамдық ой-пікіріндегі аграрлық мәселе туралы пікір таласы Қазақстандағы аграрлық – жер проблематикасын Ресейдегі осы тақырып бойынша мәселеден ажыратып қарауға болмайды. Олар: үкіметтің орталық аудандарда және шеткері аймақтардағы жер саясаты, жер пайдаланудың формалары, дәстүрлі әлеуметтік институттардың трансформациясы, қауымның эволюциясы, мал шаруашылығы мен егіншілік арасындағы арақатынас, көшпелілік және отырықшылық, қоныс аудару саясаты және шаруалардың Оралдың шығыс беткейіне қоныс аударуының барысы, аграрлық қоғамдағы әлеуметтік жіктелу, т.б. мәселер.

Саясат дегеніміз мемлекеттің объективті де, субъективті мәселелердің жиынтығына иек арта отырып, белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылысы деп ұғынсақ, қоныс аудару мәселесі бойынша үкімет шешімінің қалай қабылданғаны, бұл жөніндегі саяси күштер арасындағы тартыстың барысы, осы тақырыптардың тарихнамада көрінісі секілді проблемалардың басын ашып алу қажет. Қазақстанды экономикалық тұрғыдан игеру, оны дамып келе жатқан капиталистік қатынастар үрдісіне тарту секілді факторларды ғана басшылыққа алу аталмыш шешімнің қабылдану тетігін толық түсіндірмейді. Бұл жерде В.И. Лениннің “беделіне” сүйену де тарихшыны методологиялық дағдарыстан алып шыға алмайды. Өйткені қоныс аударушылықты Ресейдегі капиталистік қатынастардың “жайыла” даму туралы қағидамен түсіндіруге тырыссақ, 1861 жылғы крепостниктік құқықты жою туралы реформадан кейін капиталистік қатынастардың дамуына кең жол ашыла қоймағандығы, тіпті, қоныс аударудың да өріс ала қоймағаны белгілі. Олай болса, көптеген тарихшылардың еңбектеріндегі қоныс аудару қозғалысының алғы шарты ретінде 1861 жылғы реформаны ғана ұсыну таным аясын кеңітпейді, кейде бұрмалаушылыққа да ұшыратады.

Патша өкіметінің қоныс аударусаясаты бойынша П. Шарова Москва, Санкт-Петербург, Ташкент қалаларындағы мұрағаттық материалдарға негізделген екі мақала жариялады. Автор “бұл процестің бастапқы кезде баяу дамығанын және біркелкі болмағанын” жазады. Бірақ Ресейде XIX ғасырдың 60-жылдары шаруалардың бірден шет аймақтарға лап қоюына мүмкіндіктің болмағанын таратып көрсетпейді. Қазақстанға қоныс аударғандардың басым көпшілігі бұрын крепостниктік тәуелділікте болғандығын ескерсек, бұл процеске қажетті алғы шарттардың жасалуы зерттеушінің назарынан тыс қалмауы тиіс еді.

Қазақ тарихшысы Ә.Б. Тұрсынбаев та орыс шаруаларының шеткері аймақтарға кеңінен қоныс аудару қарсаңында Ресейде қалыптасқан жағдайды В.И. Лениннің “Ресейде капитализмнің дамуы” шығармасы тұрғысынан баяндайды. Әсіресе, автор үшін ондағы “капитализмнің жайыла дамуы”, “Еуропалық Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы, Кавказ, Орта Азия, Сібір - орыс капитализмінің отары іспеттес” деген тұжырымдар методологиялық бағдар болып табылады.

Патша өкіметінің қоныс аудару қозғалысының қалыптасуы басқа да тарихшылардың еңбектерінде талқыланбайды. Бұл құбылыс, жалпы алғанда, 1861 жылғы реформамен, осыдан кейінгі мерзімде де орыс шаруаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайының ауыр болып қалғандығымен түсіндіріледі. Зерттеушілер Қазақстандағы жағдайға ғана назар аударады да, Ресейдегі ахуалға көңіл бөлмейді. Көпшілігі шаруаларды азат ету жөніндегі реформадан кейін капиталистік қатынастар шет аймақтарды да қамтиды, қоныс аудару қозғалысы осы арнада өрбіді деп ойлайды. Реформадан кейін шаруалардың толық азат болмағандығы жөніндегі ақиқатты мойындайтын авторлардың өздері де осыған орай жүргізілген үкімет саясатын айналып өтеді. Р. Таштемханованың кандидаттық диссертациясынан мына жолдарды келтірейік: “Деревняда капиталистік қатынастардың көптеген қалдықтарымен: дворяндық жер иеленушіліктің үстемдігімен, “азаттық” бергенде тонауға түскен шаруалардың басым көпшілігінің жерге тапшылығы мен шектен тыс қайыршылығы, крепостниктік құқықтың қалдықтарымен, салықтың, жерді жалға алудың ауыртпалығы, орыс деревнясындағы әлеуметтік жіктелудің өсе түсуімен астасып жатты [1].

Орыс шаруаларының жағдайын сипаттауға қатысты факторлардың аталуы тарихи шындыққа сай келіп, үкіметтің бұл мәселелерге көзқарасы, Р. Таштемханованың зерттеуінде нақтылы түрде көрсетіледі. Автордың айтуынша: “Крепостниктік құқықтың жойылуынан кейін қалыптасқан қайшылықтарды және деревнядағы шиеленісті шешу үшін самодержавие шаруаларды Еуропалық Ресейден тыс жерлерге қоныс аудару саясатына көшуге мәжбүр болды.

Енді осы тұжырымды таратып көрелік. Ең алдымен елдегі қайшылықты жағдай 1861 жылдан кейін қалыптасқан жоқ, деревнядағы әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал реформа нәтижесінде шешілмеген, бұрыннан келе жатқан, ескі қарым-қатынастардың қалдықтары еді. Екіншіден, үкімет қоныс аудару саясатына бірден көшкен жоқ. Патша өкіметінің саясаты бірден анықталмады. 1881 жылы ғана “Шаруаларды қоныс аудару туралы Уақытша ережелер қабылданды, бірақ бұл құжатта да біраз кедергілер сақталып қалды.

Келесі топтағы авторлар патша өкіметінің қоныс аудару саясатының бастауын “Дала облыстарын басқару жөніндегі” 1868 жылғы реформадан іздейді. Е.Г. Федоров бұл реформадан кейін орыс көпестеріне, орыс капитализміне, оларға іле-шала шаруалардың қазақ даласына енуіне үлкен мүмкіндіктер туғызғаны туралы жазады. Ал, Л. Складов: “1905 жылға дейін қоныс аудару мәселесі патша өкіметінің аграрлық саясатының құрамды бөлігі болған жоқ”. - дейді. Алайда патша өкіметінің қоныс аудару саясатына бей-жай қарамағаны белгілі.

М.С. Симонова мен Е.М. Брусникиннің Ресей үкіметінің қоныс аудару мәселесіне бет бұруы жөніндегі пікірлері басқа да деректермен, ресми құжаттармен, түрлі заң жобаларының дайындалуы барысындағы саяси ағымдар өкілдерінің сөздерімен бекітілген. Осыған байланысты түрлі саяси ағымдар арасындағы пікір таласта қоныс аударуға негізгі кедергі шаруалардың селолық қауымнан шығуына қойылған шектеулер екендігі көрсетілді. Ішкі

істер министрі М.Т. Лорис-Меликов: “Шаруалардың қоныс аударуына олардың селолық қауымнан шығуы және жаңа мекендерінде тіркелу жөніндегі шектеулерді жою үлкен септігін тигізеді” деп көрсетті [2]

Тарихнамада XIX ғасырдың екінші жартысындағы аграрлық мәселе төңірегіндегі саяси тартыстың басты мазмұны орыс шаруаларының жеке басына толық азаттық беру, ол үшін олардың селолық қауымнан шығып, қоныс аударуға, жеке-дара шаруашылық жүргізуіне мүмкіндік беру мәселелері төңірегінде шоғырланды. Айналып келгенде, бұл - буржуазиялық-либералдық бағыт пен помещиктік-дворяндық бағыт араларындағы күрес еді. Ол И.В. Чернышевтің, Б.Д. Бруцкустің, В.А. Степынинің еңбектерінде баяндалады.

Авторлардың көзқарастары түсінікті болуы үшін 1861 жылғы “Ереженің” кейбір баптарына назар аудара кетейік. “Ережеде” бұрын помещиктерден тәуелді шаруалардың көпшілігі жерді қауымдық құқық негізінде, барлық төлемдерді де қауым болып төлеуге міндеттелді. Шаруаның қауымда болуы мәжбүрлі түрде болды. Қауым мүшесі өзінің жер телімін жеке иеленуі үшін екі шартты орындауы тиіс еді: егер бүкіл қауым жеке шаруалылыққа көшетін болса, не болмағанда жер телімі үшін бүкіл төлемінен құтылған жағдайда.

1861 жылғы “Ережеде” шаруалардың қауымнан шығуы 165-бап бойынша реттелген. Сол себепті шаруалардың қауымда болуы, не шығуы жөніндегі жарты ғасырға созылған күрес осы бап төңірегінде жүрді.

Шаруалар қауымы жөніндегі идеялық күрестің тарихы, оның патша өкіметінің отарлау саясатына тигізген ықпалы И.В. Чернышевтің монографиясында көрініс тапқан.

Бірақ авторлар селолық қауымнан шығу мәселесі мен қоныс аудару қозғалысы арасындағы байланысты түрліше түсінді. Кеңес тарихшысы В.А. Степынин бұл екі мәселе арасындағы ешбір байланысты байқамайды. Оның пайымдауында олар бір-бірімен байланыссыз, дербес құбылыстар ретінде суреттеледі.

Шын мәніне келгенде, шаруалардың қауымнан еркін шығуына тиым салу олардың басқа жерлерге барып қоныстануына мүмкіндік бермеді. Дегенмен бұл талассыз шындықты мойындаудан патша өкіметінің аграрлық саясаты жерге қауымдық меншікке негізделді деген ұғым тумайды. Ондай қате пікір И.В. Чернышевтің еңбегінде ұшырасады. Оның “Патша өкіметінің 150 жыл ішіндегі аграрлық-шаруа саясаты” деген еңбегінде патша өкіметінің афарлық саясатының мазмұны қауымға көзқарас тұрғысынан баяндалады. Басқаша сөзбен айтқанда, өкіметтің аграрлық саясаты жерге қауымдық меншік пен жерге жеке иеленушілік арасындағы тартыс арқылы баяндалады [3].

Патша өкіметінің қауымның ыдырауына жол бермеуге әрекеттенуі өзінің әлеуметтік тірегі ретінде саналған помещиктер мен дворяндарға қолдау көрсетуден туындаған еді. Орыс, кейін кеңес тарихнамасында бұл мәселе, яғни шаруалардың қауыммен қарым-қатынасы жөніндегі пікір таласы осы мағынасында жан-жақты көрсетілді.

Н. Куломзин мен А.И. Ермоловтың қатысуымен дайындалған шаруалардың қоныс аударуы туралы заңның жобасында селолық қауымнан шығуға кейбір жеңілдік жасалды. Заң жобасының аяғына дейін дайындалуын күтпеген Министрлер комитеті шаруалардың қоныс аударуы туралы “Уақытша ереже” қабылдады. 1881 жылы 10 шілдеде бекітілген бұл құжатты шаруалар ішкі істер министрі және мемлекеттік мүлік министрінің келісімі бойынша ғана қоныс аудару алатын болды. Рұхсат беру, не бермеу осы екі құрылымның құзырында қалды. Алайда бұл секілді либералдық қадамның өзі де ұзаққа бармады [4].

Патша өкіметінің қоныс аудару қозғалысының эволюциясының отандық тарихнамада көрініс табуы біркелкі болмады. Негізінен ол буржуазиялық-либералдық және помещиктік-дворяндық көзқарастардың тартысы ретінде бейнеленді. Бірақ бұл тақырыптың кейбір компоненттерінің, әсіресе, шаруалар қауымының ыдырауы мен қоныс аудару қозғалысы арасындағы байланыстың, үкімет шешімдері мен қоныс аудару қозғалысының ішкі мазмұны арасындағы қарым-қатынастың, әр кезеңнің мазмұны мен сипатының баяндалуында бірізділік байқалмайды. Аталмыш мәселелер Қазақстан тарихнамасындағы “ақтандық” беттердің бірі болып табылады. Орыс ресми тарихнамасында қазақ жерінің “мемлекет

меншігі” дегенге сүйене отырып, қоныс аудару қорына қаншалықты жер алынса да, оның “заңды” екендігін негіздеу буржуазиялық-либералдық бағыттың басты тақырыбына айналады. Сонымен бірге қазақтардың мүддесін қорғауға үкіметтің тиісті шаралар қолданып отырғандығы айтылып, қазақ жерін тонаушылық жоққа шығарылады.

Демократиялық-халықшылдық тарихнама өкілдері (В.Я. Бенькевич, И. Аничков, Т. Седельников, А.И. Добросмыслов) көшпелі өмірді дамудың төменгі сатысы ретінде қараудың қателігі, отаршылдық саясаттың оған тигізіп отырған зардаптары, көшпелі тұрмысты қоршаған ортаға байланысты түсіндірудің керектігі жөнінде жазады.

Соңғы бағыт өкілдерінің тұжырымдары кеңестік тарихнамада жалғасын тапты. Бірақ қоныс аудару қозғалысының зардаптары, жерінен айырылып, шөлді-шөлейтті өңірлерге қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтардың қайыршылануы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы таптық көзқарас тұрғысынан зерделеніп, орыс мүжықтарының оларға ешбір қатысы жоқ дегенс ыңай танытылды. Кеңес тарихшылары Қазақстандағы аграрлық-отарлық мәселені этникалық сипатта емес, таптық құбылыс екендігі, қазақтардың қанаушылыққа ұшырауына қарамастан қоныс аудару қозғалысының игілікті ықпалы жөніндегі ұжырымды ұстанады.

Жалпы алғанда кеңес тарихнамасында қазақ жерін отарлаудың барлық зардаптары патша өкіметі саясатының еншісіне берілді де, қоныс аударған орыс мүжықтары жоғары мәдениет пен егіншіліктің озық әдістерін әкелген болып суреттеледі [ 5].

Қоныс аудару қозғалысының зардаптарын жоққа шығарушылық қазіргі кезеңдегі Ресей тарихнамасында орын алып келеді. Бұл бағыттағы үрдістің бірнеше қырларын атап өтуге болады: 1) “өзара ықпалдастық” теориясы; 2) патшалық Ресейдегі халықтардың “тең құқылы” болғандығы жөніндегі пайымдаулар; 3) қоныс аудару қозғалысының зардаптарын басынан кешірген дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуын бірорталыққа бағынған ірі мемлекеттің құрамына енген көшпелі халықтың қоғамдық дамуы эволюциясы тұрғысынан талдау.

Бұл концепциялардың авторларының бәрі көшпелілердің әлеуметтік- экономикалық дамуындағы ілгерілеушілікті тек қана отырықшылық және егіншілікпен байланыстырады.

Мұнан зерттеушілер көшпелілердің отырықшылыққа көшуі прогресшілдік сипатта болды, ал ол өз тарапында, капиталистік қатынастардың, немесе социалистік қатынастардың дамуына жол ашады деп есептейді [6].

Жалпы алғанда тарихнамалық ізденіс қазақ халқының өз жері үшін күресінің орыс әкімшілігіне ғана емес, қоныс тепкен орыс мүжықтарына да қарсы сипатта болғандығы, оның ұлт-азаттық қозғалысының экономикалық мазмұнын анықтағаны жөнінде арнайы зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл болса қазіргі уақытта отарлық үстемдікті мадақтап, тәуелсіз өмір сүруді мансұқтауға бағытталған концепциялардың зияндылығын ашу үшін керек. Отарлаушылық саясатының жалпы тарихын, әдістері мен формаларын нақтылау да бүгінгі күн талаптарынан туындайды.

Қазіргі уақытта қарастырылып отырған тақырыптың тарихнамасы қоғамдық сананың бір бөлігі ретінде орын алып отырған қоғамдық түсініктердің жаңаруына байланысты кедергілерді социуммен бірге бастан кешіруде. Осыған қарамастан еліміздің тәуелсіздігін баянды етуге қатысты тарихи ізденістер ғылымның ең маңызды әлеуметтік-танымдық функцияларының бірі болып есептеледі.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Таштемханова Р. Переселенческая деревня и ее взаимосвязи с казахским аулом во второй половине XIX - начале XX в. (на материалах Семипалатинской обл.): Дис. канд. ист. наук.- Алматы, 1994. - 167 с.
2. Савельева О. «Отчет» А.А. Свечина как источник по изучению переселенческого движения в Кустанайский уезд // Мир на рубеже тысячелетий. Материалы региональной научно-практической конференции. - Костанай, 2001.

3. Вошинин В.П. Переселенческий вопрос в Государственной Думе III созыва. Итоги и перспективы - СПб, 1912
4. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. - Т.1: Акмолинская область. Кокчетавский уезд- Воронеж, 1898
5. Казахстан в начале века: методология, историография, источниковедение / Под редакцией М.К. Козыбаева. - Алматы, 1994. - Вып.2.120 с.
6. Алимова Д.А. Современные парадигмы и некоторые "болезни роста" исторической науки // Научный журнал. — 2006. — № 2. — С.3-10.

ӘОЖ: 336.7 (574)

**Жанысбеков М.А.<sup>1</sup>, Нуржаубаева Г.С.<sup>2</sup>**

т.ғ. к., доцент м.а., ОҚМФА<sup>1</sup>, магистрант, АӘИУ<sup>2</sup>, Шымкент қаласы

## **XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында патшалық Ресейдің Мырзашөлді игеру жұмыстарының тарихы**

Мырзашөл тарихын зерттей отырып, өңірдің алғаш Николай Константинович Романов канал қаздыру жұмыстарын қолға алудан алдын Шөл дала болғандығын аңғарамыз. Бірақ, Мырзашөлдің тарихы Н.К.Романов канал тартуымен басталды деп айтуға болмайды. Мырзашөл өңірінің тарихы әріден басталады. Мұны ғылыми зерттеу жұмыстары, археологиялық қазба деректері, ескі заманның ғұламаларынан қалған жазбалар дәлелдеп отыр.

Шаш-Ташкент шәһарынан таяқ тастам жерде жатқан, айналасын ғылым-мәдениет ордасы болған Отырар, Сайрам, Сығанақ, Сауран, Созақ, Иассы-Түркістан, Самарқан, Үргеніш сияқты қалалар қоршаған, үстінен қоңыраулатып дүниенің шартарабына керуендер өткен, Жібек жолының бойындағы дүбірлі күйді кәрі құлағы ғасырлар бойы тыңдаған Мырзашөлде тарих болмауы мүмкін емес қой. Мырзашөл, Сырдария өзенінің сол жағалауын алып жатқан қаһраған дала, құс ұшса қанаты, адам жүрсе табаны күйетін осы үлкен Оңтүстікте Түркістан шатқал сілемдері, солтүстікте Арнасай шұңқыры, шығыс жағында Сырдария өзені, батыс жағында Малғузар таулары қоршаған бір миллион гектар жерді алып жатқан тегістік. Бұл дала жанында ағып жатқан Сырдария бір тамшы суды шөлге бермей Арал теңізіне әкетіп жатты. Бұл жерден өз кезінде Искандер Зұлхарнайынның әскери саптары (фалангалары) батыстан келіп, Парсы шахы Дарийді қуып, артынан келіп өтті, қаһарлы Шыңғысханның түмендері Мәуереннахрдың гауһарлары Самарқанд, Бұхара, Үргеніш қалаларын басып, қиратуға бара жатып, шығыстан келіп өтті. Даңқты Әмір Темір жауынгерлері Алтын Орда ханы Тоқтамысқа, Ресейге, Қытайға жасаған жорықтарына осы даладан өткен. Ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке дейін 160 шақырым, шығыстан батысқа 130 шақырым болатын бұл аймақ, бауырына су жүріп, соры шайылса шаруашылық жанданатын, шаруалардың еңбегін еш етпейтін Мырза дала еді. Тек, 20 ғасырдың басында Ресей империясы ағылшындармен бәсекелесіп, мақта мануфактурасын, тоқыма өнеркәсібін дамытуда Мырзаның өнеркәсібін дамыту мақсатында Мырзаның шөлін суландыру жұмыстарын қолға алып, мақта, егістік жерлерінің көлемін көбейтті[1]

1865-1866 жылдары қыс айларында генерал Черняев бастаған басқыншы отрядтың Мырзашөлдегі экспедициясы кезінде керуен сарайлары мен бекеттердің қиранды орындары ұшырасты және бір ғажабы, солардың кейбіреулерінің қасында егіншілікпен шұғылданатын отырықшы қоныстардың іздері табылды. Жыззақтың солтүстік шығысында отыз шақырым жерде Ағашты бекет жайы болған. Жергілікті аңыздарға қарағанда, өзінің Ағашты деген атауы да мегзеп айтып тұрғандай, осыдан екі-үш ғасыр бұрын бекет жайдың маңайы шулаған қалың ну орман екен. Тағы бір ерекше назар аударып қадап айтатын жәйт, әдетте,

Орта Азиядағы, Түркістандағы мақташылық Ресей тоқыма өнеркәсібінің талаптары арқасында ғана туындап, дамыды деп саналады. [2]

XIX ғасырдың 60 жылдарында Ресей империясына Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағы қосылған болатын. Сондықтан да енді осы аймақтарды әкімшілік жағынан бағындыру және шаруашылық жағынан нығайта түсу қажет болды. З.Е.Қабылдинов пен А.Т.Қайыпбаевтың Қазақстан тарихы (XVIII-1914 жыл), жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулығында 1867-1868 жылдардығы енгізілген реформалар бүкіл Қазақстанды түгел қамтығандығы, онда үш генерал-губернаторлық әкімшілік құрылғандығы баяндалады. Генерал-губернаторлық облыстарға бөлінді. Мысалы, Орынбор генерал-губернаторлығына – Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір генерал-губернаторлығына – Ақмола және Семей облыстары, ал Түркістан генерал-губернаторлығына – Жетісу және Сырдария облыстары кірді. Түркістан генерал-губернаторлығына қараған Жетісу және Сырдария облыстарының құрамына қазақ жерінің үлкен бөлігі, сонымен бірге қырғыз және өзбек жерлерінің де бір бөлігі енген. 1869 жылдың 22 қыркүйегінде топографиялық суретке түсіру экспедициясы Шыназдың тұсынан Сырдария өзенінің арғы бетіне өтіп, екі айға созылған негізгі жұмыстарына кірісті. Экспедиция жинақтаған материалдардың нәтижелері үміт артуға тұрарлықтай қызғылықты болды. 1873 жылдың 10 шілдесінде «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған, «барон Аминов» деп қол қойылған «Жыззақ-Шыназ даласы және ондағы ежелгі отырықшылық іздері» деген танымдық зерттеу мақаласында автор былай деп жазады: «Аш дала деген өз атауына әбден сәйкес келетін (*Мырзашөл аймағын орыс ғалымдары «Голодная степь» деп атаған – М.А.*) мен зерттеген өңір бір қарағанда ешбір ықылас тудырмайды. Бірақ оған жақынырақ, зерде көзімен үңілсек, онда қазіргі уақытта ешнәрсеге жарамсыз, десек те, бүкіл осы сусыз жазық бір кездері отырықшы елге қоныс болғанын, олар одан өз тіршілігіне қажетті нәр алып, ауқат тапқанын аңғарар едік. Бұған осы шөл даладағы әлі өшіп үлгермеген отырықшы белгілері айғақ. Ол белгілер ескі ғимараттардың қирандыларында, қаңыраған егіс сұлбаларында, ең бастысы, ежелгі-су құбырларының іздерінде сайрап жатыр». [3]

Ресей бодандығына өткеннен кейінгі Түркістанның бірінші генерал-губернаторы К.П.Кауфман әскери инженер болған. Мырзашөлдің географиялық сипаттамасымен, табиғат ерекшеліктерімен танысқаннан кейін, ол 1871 жылы инженер штаб-капитан Н.Ульяновқа болашақ канал жобасын жасау үшін барлау-іздірету жұмыстарына кірісуді тапсырады. Келесі жылы Н.Ульянов өз жобасын ұсынды, сөйтіп 1871 жылдың аяғына қарай жер қазу жұмыстары басталды. Өкінішке орай, жұмыс нашар ұйымдастырылды, қаржы дұрыс бөлінбеді, соның салдарынан құрылысты тоқтатуға тура келді. 1873 жылы Петербургпен екі ортадағы хат алмасуға және қаржы іздеуге кетті. Жұмыс 1874 жылы қайта жанданды. Төрт жыл бойы Мырзашөлдегі канал құрылысы міндетті борыштылық негізінде, яғни зорлық пен өктемдік негізінде жүргізілді, жергілікті халық өте ауыр, бейнетті жер қазу жұмыстарына еріксіз жегілді. Осы уақытта канал құрылысына 68294 жұмысшы қатыстырылды. Техниканың болмауы, еңбек жағдайының ауырлығы және жұмыстың нашар ұйымдастырылуынан төрт жылда 13,5 шақырым жерде ғана канал қазылды, ал бұған 125840 сом ақша жұмсалды. 1881 жылы патша үкіметі Мырзашөлге канал тарту жөніндегі жұмыстарды алдымен уақытша кідірте тұруға, кейінірек мүлде тоқтатуға мәжбүр болды. Патшалық Ресей осынау кең де шөл даланы су жүйелерін салу арқылы суландырып, бұл өңірге мақта өсіруді көздеген. Кешегі кеңес өкіметі кезінде бұл идея дамытылып, Мырзашөл даласын игеріп, мақта және басқа да ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын көптеген колхоз, совхоздар құрылып, өндірістік және тұрғын үй-жайлар салынды. Киров каналының қазылуы мен тың жерлерді игеру көптеген мелиораторлар мен құрылысшылардың маңдай терінің, ерен еңбегінің арқасында орындалған тарихи жағдай.

Патша үкіметінің өлкеде мақта өндірісін дамытуға деген мүддесінің қарама қайшылықты болуы кездейсоқ емес еді. Сол кезде Орталық Ресейдегі тоқыма өнеркәсібінің қарқынды дамуы мақта талшығына деген сұранысты күрт арттырды. Солтүстік Америкадағы азамат соғысы (1860 жж) әлемдік мақта саудасының даму бағытына кері әсер етті (шикізатты



экспортқа шығарудың азаюы, бағаның қымбаттауы және т.б). Метрополияның тоқыма фабрикаларын шикізатпен қамтамасыз етуінде Орта Азия аудандарына маңыз берілді. Өйткені ол жерде мақта өсірудің дәстүрлері қалыптасқан еді. Өлке тек тиімді географиялық жағдайымен ғана емес, отарлық мәртебесімен және өте мол әрі арзан жұмыс күшінің болуымен де қызықтырды.

Осылайша Түркістан өлкесі қысқа мерзімде Ресей империясының алып мақта плантациясына айналды. 1881 жылдан 1911 жылға дейін мақта өсіретін жер көлемі жеті есеге артты. 1916 жылы ол көлем 680 мың десятинаға жетіп, барлық суармалы егістіктің 31 пайызына жетті. Бұл барынша қолайлы гидрогеографиялық тәртіпке сай қалыптасты. Негізгі мақта базасы Ферғана аңғары болды. 1916 жылы Ферғана облысында мақта өндіру 60 тан 80 пайызға дейінгі жерді қамтыды [4]. Осылайша Түркістан өлкесі Ресейді мақта шикізатына деген импорттық тәуелділіктен құтқарды. 1902 жылы жалпыресейлік өнеркәсіптің мақтаға деген қажеттілігінің 40 пайызы, ал 1915 жылы 70 пайызы Түркістан мақтасының есебімен жабылды. Осы кезде Орта Азиядағы мақта талшығының өндірісі 20 миллион пұтқа жетті.

Түркістанға жер аударылып және әкесінен (әкесінің өлімінен кейін) қалған мұраның үлкен бөлігін Николай Романов Шөл даланы игеруге жұмсаған деген дерек те бар. Суландыру жұмысымен қатар Н.К.Романов Шөлде бірнеше ауылдардың негізін қалады, олар: Запорожский (1885 г), Надеждинское (1886 г), Никольское (1891 г), Верхно-Волынское, Нижне-Волынское, Конногвардейское (1896-1897 гг) жылдары.

Бір жарым миллион рублін Николай Романов Шөл даланы игеруге салды. Бұндай ақша сол кезде өте қомақты болатын. Бірінші салынған оның каналы қазіргі уақытта да бар. Ол бірақ кінәз Н.Романовтың атында емес, әуелде өзгертілген, анықтап айтқанда «К-3». Киров атындағы каналдың ірілерінің бірі. Мәртебелі император Николай Константинович Романов Шөл далаға осындай белгілі із қалдырған [5].

Қорыта айтқанда, патша өкіметі кезінде мырзашөлдің игерілуіне байланысты батыл қадамдар жасалды. Жергілікті тұрғындардың жерін тартып алу, оларды арзан жұмыс күші ретінде пайдалану, суармалы жерлерге қоныстандырмау сияқты қысымдарына қарамастан, жүргізілген өзгерістер мырзашөлдің болашақ өркендеуіне негіз қалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1976. 8 том.
2. Семенов П.П.-Тянь-Шанский. Россия. Полное географическое описание нашего отечества : Настольная и дорожная книга для русских людей: [В 19-ти т.]. Т.19. Туркестанский край.
3. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. -Алма-Ата, 1935.).
4. Макшеев А.И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае. Записки Императорского Русского географического общества по отделению статистики. – СПб.: 1871.
5. Костенко Л. Средняя Азия и водворение въ ней русской гражданственности. – СПб.: Изд. А.Бабунова, 1871.

ӘОЖ: 336.7 (574)

**Төребаев О.А.<sup>1</sup>, Мирзакулов А.<sup>2</sup>**

ф.ғ.к., доцент м.а., ОҚМФА<sup>1</sup>, магистрант, АӘИУ<sup>2</sup>, Шымкент қаласы

#### ҚАЗАҚТАРДЫҢ САЯТШЫЛЫҚ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТАРИХИ МӘНІ

Адамзат күн көріс қарекетімен әуелден әр түрлі табиғаттағы жабайы жеміс – жидекті теріп жей келе, аң құс аулауға машықтана бастады. Мұны дала мәдениетінде сақталып қалған көне жәдігерлер дәлелдеуде. Әсіресе тасқа «қашалған» аң-құсаулаудағы бейнелер соның айғағы іспетті. Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күн көріс қарекетінің бірі болғаны мен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды. Аңшылық – түз жануарларын аулау кәсібі.

Қазіргі Қазақстан жерінде адамдар аңшылықпен ежелгі палеолит дәуірінен айналысқан. Мысалы, Үшбұлақ қойнауында (Қаратау қаласының солтүстік-батыс жағында 36 км жерде) мустье дәуірінде өмір сүрген аңшылардың шағын топтарының қысқа мерзімді тұрақтарының ізі сақталған. Ондай тұрақтар суатқа келетін аңдарды (бизон, бұғы, киік, жылқы) аңдуға қолайлы бұлақ түбіне салынған. Соңғы палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау, адам қорегінің басты негізі болды. Мысалы, адамдар Жайық өзенінің бойынан мамонттар мен жүндес мүйіз тұмсықтарды аулап, олардың сүйектерінен әр түрлі кескіштер, қырғыштар, найзалар мен сүңгі-лердің ұштары, шанышқылар, лақтырылатын найзалар, сүйек инелер, біздер жасаған. Сонымен қатар адамдар аң терісінен киім тігуді де үйренген. Аң аулау дәстүрлері мен тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, аң аулау шаруашылығы дамыған. Соған байланысты қазақтар арасында аңшылықты жақсы меңгерген мамандар – аңшы (аңды аулаушы), аңкөс (аң аулаудың сырларын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды түрге, топқа жақсы ажырататын), бүркітші (бүркітті баптай алатын) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын) пайда болды. Олар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қазып, ұшпалардан ұшырып, қарға омбылатып аулау, тасқақпанмен, тормен, құмқақпанмен, тұзақпен ұстау, құспен, итпен қуу, түгін, жемтік салу, мұзға отырғызу, т.б.) жетік меңгерген[1]. Аңшылық мақсатына қарай кәсіптік, спорттық-әуесқойлық және ғылыми болып бөлінеді. Кәсіптік аңшылықтың мақсаты – аңдар мен құстардан ет, тері, мамық, қауырсын, мүйіз, т.б. өнімдерін алу. Өнімнің сапасы аңның түлеуіне, балалау мерзіміне байланысты белгіленеді. Спорттық-әуесқойлық аңшылық аңдар мен құстарды белгілі тәртіппен аулап, табиғат саясында дем алу. Әуесқой аңшыға мемлекет тар-апынан шек қойылады. Ғылыми аңшылықтың құрамына: аң шаруа-шылығының экономикасы, кәсіптік аңдар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, олардың сан мөлшерін көбейту, алынатын өнімді арттыру және сапасын жақсарту, аң аулау әдістерін, құралдарын жетілдіру мәселелері жатады.

Тарихи даму барысында табиғат ананың қорының, дәлірек айтсақ аңқұс фаунасының қатарының сиреуі, адамзат баласының санының күрт өсіп, экологиялық апаттың қылаң беруі мен технократтық өркениеттің кең қанат жаюы аңшылықты тежеуге мәжбүрледі. Осы кезден аң аулаудың көптеген тәсілдерінің бірі алғашықты, ал қайсы бірі екінші қатарға ысырылды. Аңшылық тәсілдерінің аңды қыран құспен алу, құмай тазы мен аулау, ату қарулар-мен (садақ, мылтықпен), түрлі жабдық-саймандармен (тұзақ, абақ, шаншу, қақпан, атқы), әр алуан тәсілдермен (құм қақпан, орға жығу, қысаңға қамап, сойылмен ұру) аулау деген негізгі түрлері бар. Осылайша табиғи тәсілдермен аң аулаудың өрісі тарылып, оның кейбір түрі, айталық құсбегілік пен тазы бартау кәсіптен гөрі, өнер сипатына ие болды. Құсбегілікте олжа алу негізгі мәселе емес, керісінше тұз тағысын қолға үйретіп жуасыту арқылы бейне бір құс тілін білетін орнитолог-этнолог мамандай немесе цирк өнерпазындай тұз тағысына өз "әмірін" жүргізу маңызды, әрі адамның өзі баптаған аушы құсының көкте самғауы мен оның аспанда қалықтап, шүйіле келіп аңға түсуін тамашалау жанға ғанибет, саятта құсбегіге еріп жүрген жұртқа рахат сыйлайтын көрініс. Өйткені, аспанда қалықтап ұшу адамзаттың бағзыдан бергі арманы, оны қолға үйреткен құсы арқылы тамашалау үлкен ләззат. Саятқа топ-тобымен шыққан жұрт бұл тамаша көріністің куәсі ғана болып қоймай, оған өзінің сақадай-сай әзірлігін сынайды. Өйткені жылы киім, дұрыс қайырылып үйретілген құс, тазының ұшқырлығы, бапты ат, мықты денсаулық бәрі-бәрі саяттасыналады. Сондай-ақ серуендеген серілер «ақ қар, көк мұз» аязды шақта табиғаттың екіншісінің бірі бажайлай бермейтін қыр-сырына тереңірек үніле түседі.

Дегенмен, қазірге дейін мәлім болғандай сұңқаршылыққа қатысты дерек бағзы дәуірдегі мысырлықтарға барып тіреледі. Көне Мысырдың XVIII династиясы дәуірінде, яғни б.д.д. 1580-1350 жылдары жазылған магиялық мәтіндер арасындағы бір кестеде басына томағаға ұқсас "бірдене" кигізілген, тұғырға ұқсас бөрене үстінде отырған, қарақұйрық жотасына "қонған" бірқатар сұңқардың бірнеше бейнесі салынған. Мысырлықтардың сұңқар патшалық биліктің рәмізі, Хорус құдайының бейнесі, иероглиф таңбасы орнына жүрді. Түркия жеріндегі Богаз қап қалашығы қиратындылары арасынан саздан жасалған барельефте

бірі қолына сұңқар ұстаған (балақ баутәрізді бауы төмен салбыраған) қолдарына шабатын қару ұстаған екі жігіт бейнеленген. Ескерткіш б.з.д. XIII ғасырдікі, хеттер мәдениетінікі, сұңқаршылықтың 3300 жылдық тарихын көрсетеді. Ал Саргон II патша заманындағы (б.з.д. 722-705 жылдары) Ассирия барельефінде осыған ұқсас деректер бейнеленген ескерткіш Лувр музейінде сақтаулы [2]. Бұлардан шығатын қорытынды сұңқаршылықтың ежелгі мекені туралы мағлұмат береді. Адамзат тарихындағы аңшы құстарға қатысты заттық айғақ б.з.д. 2400 жыл бұрын Месопотамия жерінен Нойон ула тауынан табылған атақты ғұн қазынасы арасындағы кілем, сырмақтарда тауешкіге түсіп жатқан жыртқыш аңның айқасы, Есіктегі сақ обасынан табылған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде дәл сондай көріністі бейнелеген алтын тоға – Орта Азиялықтарда аушы құс культінің аса көнеден келе жатқандығының айғағы [3]. Ертедегі қазақтар тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйітпен бірге жерлейтін болған.

Қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері орта ғасырда адам мүрдесімен бірге қыран бүркітті қоса жерлегендігін келтіріп отыр. Айталық, Атырау облысы Құлсары кентінің солтүстік шығысындағы атақты Бекет Ата -Ақмешіт культтік-жерлеу кешенінен алты шақырым жердегі Аралтөбе қорымындағы үш қорғанның бірінен еркек пен әйел мүрдесімен аң стилінде жасалған алтын бұйымдар, бүркітпен протомалары бірге жерленген. Шығыс Қазақстан облысындағы Маңырақ, Тарбағатай арасындағы Шілікті жазығындағы ертетемір дәуіріне жататын атас қорғандарынан табылған алтын әшекейлер арасынан бастары артқа қайырылған шеңгелімен жанары перуза тастармен көмкерілген 36 дана жыртқыш құс (бәлкім бүркіт) кескініндегі құйма алтын қапсырмалары ұшырасады. Ал Алтайдағы әйгілі Берел қорымында жерленген көсемнің табытының төрт бұрышында «мүрдені күзететін» грифон бейнесі ертедегі далалықтар өмірінде жыртқыш құсқа қатысты танымның (бәлкім олардың өмірінде құсбегіліктің) қаншалықты маңызды болғандығын аңғартады". Өскемен қаласынан қырық шақырымда Құрық қорғанының (б.д.д. IV—II ғғ.) бірінен мәйітпен бірге жерленген 4 бүркіт қаңқасының табылуы, атақты Есік «Алтын адамының» бас киіміндегі стильденген құс бейнелі фигуралар тәрізді көне археологиялық жәдігерлердің көптеп ұшырасуы – жыртқыш құстардың қазақ жеріндегі тарихи тамырының тереңге жайылғандығын көрсетеді [4].

Бұл қазақтарда қыран құс культінің ерекше дамығандығының көрінісі. Мұндай культтің жоғары деңгейін қазақ мемлекеттілігінің рәміздерінде және халық санасында, ауыз әдебиетпен тілдік деректерде өміршендікпен жалғасқандығынан байқауға болады. Шығыс халықтарының аңыз-ертегілерінде феникс, грифон, сенмурв, самұрық, шойынқара т.б. ертегілік «арыстан денелі, бүркіт басты» алып құбыжықтар туралы мәліметтер жиі кездесіп жатады. V ғасырда Сасанид патшасы V Баһрам Гурдің ермегі сұңқар мен аң аулау болғандығын және қытайлықтардың оған сұңқарды сыйға тартқандығын жазады. Еуропаға жасаған жойқын жорықтарында қолданған қару-жарақтар мен қалқан бетінде хандық белгі (таңба) ретінде ақсұңқар бейнеленген.

Ежелгі Қытайда сұңқаршылық екі мыңжылдық тарихы бар дегенімен бұл тартпас айғақ VI ғасырдың еншісінде. Лианг әулеті (502-557 жылдары) заманында мұрагердің бірі тазы мен бірге үйретілген сұңқарды қырғауылға салған деген. Осындай деректер ежелгі Эллада, Үнді, Парсы жұрттары көптеп кездеседі. Тіптен 720 жылдары аяқталған жапон жылнамасы "Нихон Шохи" императордың сұңқар ұстағаны туралы баяндайды. Ал батыс елдеріндегі құсбегілік туралы мәлімет эпикалық "Нибелунга туралы жырда" Кримгильд патшайымның сүйікті сұңқарын басқа екісу бүркіт өлтіріп тастағаны айтылса, Сигурд жырында екі ақсұңқардың тырнағы ажарысып түскенін жазады [5]. Екі деректе ғұндардың Бургундиялықтарды жаулап алған кезіне дөп келеді. Батыс ғұндарының қолбасшысы Еділдің (Атилла) Еуропаға жасаған жойқын жорықтарында қолданған қару-жарақтар мен қалқан бетінде хандық белгі (таңба) ретінде ақсұңқар бейнеленген. Немістердің заң жинағында ұядан өз бетімен балапан алса, құсты ұрласа үлкен айыппұл салынады делінген. Тіптен аушы құс ұя салған ағаш арнайы таңбаланған. VI-VIII ғасырлар тазы мен құс, оның құрал-жабдық,

киімдеріне містердің ажырамас атрибутына айналған. Құс бейнесі көне түркі дәуіріндегі ескерткіштер, тас мүсіндер де молынан көрініс тапқан. Айталық:

1. Күлтегіннің бастас мүсініндегі құс бейнесі.
2. Күлтегін, Білге қаған ескерткіш кешені маңындағы тас қорғанындағы құсбейнесі.
3. Алтын тамған тархан бітіктасындағы құс бейнесі.
4. Күлі-чүр ескерткіш кешені тас қоршауындағы құс бейнесі.
5. Жетісу тас мүсініндегі құс бейнесі және т.б деректерді келтіруге болады.

Көне түрік таным түсінік Тәңірлік ұғым бойынша құс көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісі, қанаттылардың төресі саналады. Аталған құс бейнелерін зерттеушілер бүркіт, көгершін, самұрық тәрізді деп жорамалдайды. Демек, байырғы түріктердегі таным-түсінік бойынша төрелік билік мәңгілік көк аспаннан жаратылады. Ал Тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныды. Соның ішінде қыран құстың қырағылығы мен алғырлығынаерекше қастерлеп, биліктің рәмізі ретінде көшпелілер тұбайрақтарын да қыран құстардың бейнесімен әшекейлеген. Түркі халықтарындасаятқасалатын құстарды аушы (аңшы, аң алатын) құс немесе қысқартып құс деп атайды. Атаудың ілкі тұлғасы баба түрік тіліндегі қут «құт» болып, одан тілдік даму заңдылығымен құтқұс болып өрбіді деугесаяды. Құт тұлғасы құс, құр, қырғи, құзғын, қаз, сұңқар, кезқұйрық т.б. атаулардағы ұқсас құрылымдармен түбірлес, тектесосы семантикалық өрісіне «құс, қос, қыз, қырқын» т.б. сөздері де төркіндес. Басқашаайтқандаосы атаулардың морфемалық мағынасы «екі, қос, жұп қанатты, қос қанатты» дегенді білдіреді. Қыран, қырғи, қарға, қаршыға, қарлығаш, қырғауыл, сұңқар деген атауларындағы қар, қыр тұлғалары даосы құт, құс түбірлерімен бір желілес, ұқсас дүниелер. Әбілғазы Баһадүрханның «ШежіреТүрк» еңбегінде Оғұз қаған аңызына байланысты оның 24 ұл немересінің құстары, таңбалары жайлы даосы құт, құс танымымен сабақтастырып айтуға болады. Мысалы, шежіредеаталатын құстардың атауы: сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қырғұ, қызыл қаржығай, көжген, жере лажын, сарыша, баһари (қарға), су бүркіт, ала тұғанак, бұғдайнақ, құмай.Махмұт Қашғаридың «Түрік тілдерінің жинағы» (Диуани-лұғат-ат-Түрік) сөздігінде «ым білсе ер өлмес» деген сөз бар.

Бүгінгі егемен еліміздің мемлекеттік рәміздерінде қыран құссоның айқын дәлелі. Сонымен қатар елдің бейресми рәміздерінде барыс, бабыр, бөрі, қабылан сияқты жыртқыштармен әспеттелу сол тамыры терең тарихи сабақтастықтан бастау алған үрдістің жалғасы деуге тұрады. Ұлы Абай да құсбегілікті жан-тәнімен ұнатқан адам. Бұл өнерден ләззат алған даланың дүл-дүл ұлдары Біржан мен Ақан, Сегіз Сері мен Қанапия бұл өнерді ұлттық ерекшелік деңгейінде жырлады.

Саяттың денсаулыққа пайдалы спорттық қасиеттері де бар. Кең сахараның бойын шүйіп, тазаауасындасеруен құрып, сәйгүлікпен заулатып қансонарда із қуып, сан қилы қызықты көзбен көргенде шаршағаның сейіліп, жақсы тынығасың. Саят дертке шипа, бойға қуат беретін өнер, әрі спорт.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тұрдыбаев А., БабалықұлыЖ.- Алматы: Қайнар.Саят.1990. 205 б.
2. БабақұмарХ., Исабеков Қ.Алматы :Алматы кітап, Саятшылық : қазақ-тың дәстүрлі аңшылығы, 2007. - 208 б.
3. КәмәлашұлыБ.Алматы: Өнер баспасы, Қазақ халқының дәстүрлі құс-бегілігі жәнеатбегілігі. 2006-120 б
4. Бабалықұлы Ж.ТұрдыбаевА. Алматы:Қайнар, Қырандар. 1983-176 б.
5. БабалықұлыЖ., Тұрдыбаев А.,- Алматы : Қайнар, Саят. 1989. - 142 б.

## **ОҒЫЗДАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ АТАУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӨНІНДЕ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Тарихта қандай да бір мемлекет болмасын міндетті түрде оның белгілі бір пайда болуы мен қалыптасу тарихы болатындығы сөзсіз. Қазіргі Қазақстан территориясында ежелгі дәуірлерден бастап-ақ тайпалық одақтар мен мемлекеттік бірлестіктер болғандығын білеміз. Кез келген мемлекеттің құраушы халқы мен сол халықты құраушы этникалық бірлестік топтары болады. Біз қарастырып отырған Оғыз мемлекетінің де белгілі дәрежеде қалыптасу тарихы мен дамуымен қатар оғыз мемлекетін құраушы этникалық топтарда болды.

Оғыз мемлекетінің мемлекеттік құрылымына тоқталмас бұрын, алдымен сол Оғыз мемлекетінің қалай және не себепті пайда болғанын айқындап көрсек. Ең алдымен, Оғыз қауымдастығының басты пайда болуы сол территориядағы қарлұқ, қимақ тайпаларының ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен құлдырауға ұшырауы тарих сахнасында жаңа дамыған орта ғасырлық Оғыз мемлекетін өмірге әкелді.

Мақаланың өзектілігі сонда, Оғыз мемлекеті кейінгі қазақ хандығының өмірге келуіне негіз бола отырып, қазіргі қазақ халқының пайда болуы мен қалыптасу тарихында зор орын алатыны белгілі болып отырғандығы.

Тарих дегеніміз фактілердің жай қоймасы емес, ол дегеніміз едәуір дәрежедегі оқиғалардың көрінісі дейтін болсақ, онда сол қайнар көздердің бірегейі Оғыз мемлекеті екендігін естен шығармаған абзал. Сол себепті де Оғыз мемлекеті тарихын қарастыру үлкен дәрежедегі жұмысты қажет етеді. Қазақстан жерінде ІХ ғасырдың аяғы мен Х ғасырдың басында өмір сүрген Оғыз мемлекеті де қоғамдық құрылысы, басқару жүйесі тұрғысынан ежелден келе жатқан түркілер дәстүрі аясында қалыптасты. Мемлекетті ябғу (жабғу) басқарған, оның мұрагерлері инал, орынбасарлары күл-еркіндер атанған. Мемлекетте тұрақты салық жүйесі қолданылды. Мемлекет әскери демократияға негізделді.[1]

Оғыздарда «халық жиналысының» сақталуы сол баяғы сақтар заманынан келе жатқан мемлекеттілік дәстүр сабақтастығының бірі көрінісі бағалағанымыз орынды шығар. Кейін келе ол ел басқарудың ең жоғарғы органы болып есептелетін ұлы және кіші құрылтай жиналысына айналады. «Оғызнамедегі» Оғыз қаған «Ұлы құрылтай шақырды» деген жол осы институттан хабар берсе керек.

Оғыздар қазақтардың этникалық тарихында елеулі орын алады. Тарихи аңыздарда олар қазақ халқының арғы аталарының бірі ретінде аталады. Сонымен бірге, олар өзбектердің, түрікмендердің, қарақалпақтардың, әзербайжан, татар, башқұрт, түрік халықтарының қалыптасуына үлес қосты.

Қыпшақтардан ығысқан оғыздардың бір бөлігі Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға өтіп кетеді де, қалғандары ХІ ғасырдың ортасында Дешті Қыпшақ тайпаларының арасына тарады. Оғыз руларының атаулары қазақтардың Кіші жүз, Орта жүз тайпалары атауларында сақталып қалды.

Оғыз мемлекеттік бірлестігі, ІХ – ХІ ғасырларда Қазақстан жерінде өмір сүрген. Негізгі алып жатқан аумағы Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі аралықты қамтыды. Оңтүстігінде Хорезммен, Мауераннахрмен және Хорасанмен шектесіп жатты. Батыс Түрік және Түркеш қағандықтары құлағаннан кейінгі тайпалар арасындағы өзара күрес пен Қарлұқ қағандығының құрылуымен байланысты Батыс Жетісу жерін мекендеген оғыз тайпалары VIII ғасырда бұл өңірден жылжи бастады. ІХ ғасырдың бас кезінде оғыздар қимақтармен және қарлұқтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін талқандап, Сырдарияның орта және төменгі ағысы аймағы мен Арал өңірін қаратып алды. ІХ ғасырдың соңында Арал өңірінің солтүстік жағалауындағы саяси билікті қолына алған оғыз көсемдері хазарлармен одақ құрып, печенегтерге қайта соққы беріп, Еділ мен Жайық

өзендерінің аралығына иелік етті. X ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы болған Янгикент қалашығы (Жаңакент немесе Жаңа Гузия) Еуропа мен Азияны жалғастыратын маңызды керуен жолы торабына орналасты. Янгикент арқылы маңызды керуен жолдары қимақтар еліне, Хорезм мен Мауераннахрға өтті. Оғыз мемлекетінің жоғары билеушісі “жабғу” (ябгу) деп аталды. Олардың “күл-еркіндер” деген кеңесшілері болды. Жабғу ресми түрде сайланып қойылғанымен, билік атадан балаға мирасқа қалдырылып отырды. Дегенмен, басқарудың әскери-демократиялық түрі сақталғандықтан, жабғудың билігі тайпа көсемдері кеңесімен шектелді. Мемлекетте тұрақты алым-салық жүйесі болды. Оғыз мемлекетінің Еуразияның саяси, әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 ж. Оғыз жабғуы мен Киев князі Святославтың арасында хазарларға қарсы әскери одақ жасалып, нәтижесінде Хазар қағандығы талқандалды. Хазар қағандығының құлауы Оғыз мемлекетінің саяси қуатының өсуіне себепші болды. X ғасырдың аяғында оғыз жабғулары Киев князьдерімен біріге отырып, Еділ бұлғарларын күйрете жеңді. [2]

Оғыздардың бір бөлігі Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға кетті, енді біразы Мауераннахрдағы Қарахан әулетінің және Хорасандағы салжұқ билеушілерінің қол астына өтті. Қалғандары XI ғасырдың ортасында туыстас Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларына бірте-бірте сіңісіп кетті. Оғыздар көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, Сырдария алқабындағы қалаларда дәнді дақыл егіп, бау-бақша өсірді. Олардың көпшілігі отқа табынушылар болды. Сонымен бірге оғыздардың мәдени өмірінеде өзгерістер енді, олардың арасында бірте-бірте ислам діні тарай бастады. Сырдария алқабындағы, Арал теңізі, Каспий теңізінің солтүстігіндегі жерлерді мекендеген оғыз тайпалары қазақтардың этно-мәдени тарихында елеулі рөл атқарды. Тарихи аңыздарда олар қазақ, түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтары аталарының бірі саналады [3].

Оғыз этимологиясының пайда болуы турасында осы уақытқа дейін нақты пікір қалыптаспаған. «Оғыз» этнонимі «ұыз» сөзінен пайда болды десе, ал екінші бір зерттеушілер садақтың оғы «оқ» сөзіне көпше мағына беретін «уз» жұрнағы қосылған деген пікір айтса, үшіншілері «оғыз» сөзінің түпнегізі тотемдік «өгіз» деген сөзден пайда болған деп дәлелдеуге тырысады.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы X ғ. оғыз мемлекетінің астанасына айналды. Оғыз мемлекетінің халқы — түркі және иран тілінде сөйлеген. «Жабғу» атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. Оғыз жабғуларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметі мұрагерге — «иналамиға» — беріліп отырған. Жабғу мемлекетінде оғыз әскерінің «сюбаши» деп аталатын бас қолбасшысы маңызды роль атқарған. Оғыздар мал шаруашылығымен айналысты. Отырықшылықта қатар дамыды. Жент, Сауран, Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ деген қалалары болды. Құл саудасы дамыды. Оғыздар мәжусилер болып, ел ішінде бақсы-балгерлер ықпалын жүргізді. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.

X-XI ғғ. Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті XI ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуераннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Оғыздар - түркі тілдес тайпалар. Тарихта V ғасырдан бастап белгілі. Олар ертеректе Жетісу өңірін мекендеген. Алайда қарлұқтармен соғыста жеңіліп, Жетісу өңірін тастап шығуға мәжбүр болады. Сөйтіп, олар Қаратау бөктері мен Сырдарияның төменгі сағасына қарай қоныс аударады. IX ғасырдың екінші жартысында оғыз көсемдері қарлұқтар мен қимақтардың бір бөлігімен одақтасып, Сырдария аймағын мекендейтін печенег, баджагар, т.б. тайпаларға соққы береді. Оларды ығыстыра отырып, Сырдария бойына, Арал маңайына қоныстанады. Осылайша олар Оғыз мемлекетін (IX-XI ғғ. өмір сүрген) құрып, Сырдарияның төменгі сағасындағы Жаңакент (Янгикент) қаласын астана етеді. Жаңакент Орта Азияға, Шығыс Еуропаға және Қиыр Шығысқа апаратын керуен жолының бойында орналасқан.

Оғыз мемлекетінің билеушісі «жабғу» лауазымын иеленген. Жабғудың мұрагерін «инал» деп атаған. Мемлекетте бас қолбасшы үлкен рөл атқарған, оларды басқа да түркі тілдес тайпалардағы сияқты «сюбашы» деген.

Оғыз мемлекетінің халықтары мал шаруашылығымен айналысқан. Терісі әдемі қойлар (қаракөл) мен қос өркешті түйелер өсірген. Кейін келе малынан айырылған көшпенділер отырықшылыққа өткен. Олар «жатақтар» деген атпен белгілі. Жатақтар, негізінен, жер өңдеумен және қолөнер кәсібімен шұғылданған.

Оғыздардың жерінде Жент, Сауран, Сығанақ, Фараб және басқа да қалалар болған. Оғыздар Киев Русімен одақтаса отырып, Солтүстік Кавказдағы хазарларды талқандаған. Еділ (Волга) бойындағы бұлғарларға күйрете соққы берген. [4]

XI ғасырдың бас кезінде қыпшақтардың қысымына шыдай алмаған оғыздардың көптеген тайпалары Орта және Кіші Азияға, Шығыс Еуропаға ығысқан.

Қарлұқ қағанатының солтүстік-батыс жағында, Сырдарияның орта және төменгі бойында, оған жалғасып жатқан Батыс Қазақстан далаларында IX-X ғасырларда Оғыз тайпаларының ежелгі феодалдық мемлекеті қалыптасты. Оғыздардың ата-бабаларының әуелгі қоныстанған жерлері Ыстықкөлдің маңы. Оғыздар IX ғасырда Сырдария бойына келіп орналасады, бірақ ондағы кангар-печенег бірлестігімен ұзақ уақыт соғысуға тура келеді. Махмұд Қашғаридың Оғыз еліне қатысты дерегінде 24 тайпаға бөлінгенін және әр тайпаның өз белгі таңбасы мен туы болғанын айтылады. Оғыздар одағы әрқайсысы 12 тайпадан тұратын екі бірлестікті құраған. М. Қашқари оғыздар бастапқыда 24 рулы ел болды деп көрсетеді де, 22 тайпаның атын келтіреді. Олардың құрамында печенег, ас, алан, т.б. далалық тайпалардың бөліктері болған. 965 жылы Оғыз жабғуы Киев князі Святослав пен одақтасып хазарларды талқандады. 985 жылы оғыздар Орыс князьдарымен бірігіп, Еділ Булғариясын күйрете жеңді. IX-X ғасырларда Оғыз мемлекетінде ескі рулық-тайпалық институттардың тез ыдырауы жағдайында патриархаттық-феодалдық қатынастар дамыды. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бас кезінде Оғыз елінде алым-салықты тиянақты түрде жинап отыру жүйесі орын алды, бұл – мемлекетте тұрақты басқару аппаратының құрылғанын көрсетеді

Бірақ XI ғасырдың басында-ақ Оғыз мемлекеті құлдырай бастады. Оғыздар мемлекетінде ішкі саяси-әлеуметтік қайшылықтар туып, әлсірей бастады. Оған алым-салықты жыртықшытықпен аяусыз жинауға наразылық білдірген оғыз тайпаларының көтерілісі себеп болды. Бұл жағдай X ғасырдың екінші жартысында өкімет басына келген Әлиханның билік құрған кезіне жатады. Жабғының өкіметіне қарсы халық наразылығын. Бұл жағдайды Жент маңына X ғасырдың орта кезінде келіп қоныстанған салжұқтар пайдаланды. Салжұқтар Янгикенттегі оғыз билеушілеріне қарсы көтерілісті бастап, Жент қалашығын басып алғанымен, ұзақ уақыт ұстап тұра алмай, тастап кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай оғыздар қайта ес жиып, 1041 ж. Хорезмді басып алады. Алайда 2 жылдан кейін оғыз жабғуларының соңғысы Шахмәлік салжұқтардың қолына түсіп өлтіріледі. Осы кезде ел басына Әлиханның мұрагері Шахмәлік келіп, мемлекет едәуір күшейді. 1041 жылы оғыздар Хорезмді жаулап алады. Алайда, арада екі жыл өткеннен кейін оғыздардың соңғы жабғысы Шахмәлік салжұқтардың қолына түсіп өлтіріледі. Салжұқтарға қарсы ұзақ жылдар жүргізілген соғыстар мен қақтығыстардың да әсері Оғыз мемлекетін іштей қатты әлсіретіп, ол XI ғасырдың ортасында қыпшақ тайпаларының соққысынан біржолата құлап, тарих сахнасынан кетті. Оғыздардың бірсыпыра топтары осыдан кейін Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға қоныс аударды. Енді біразы Орта Азияға, Оңтүстік Қазақстандағы Қарахан әулетінің және Хорасанның салжұқ билеушілерінің қол астына көшті. Ал XI ғасырдың ортасында қыпшақтар талқандаған оғыздардың кейбір қалдықтары кейін келе Дешті Қыпшақтардың түркі тілдес тайпаларына сіңіп кетті. [5]

Сонымен, Оғыз этникалық қауымының қалыптасуы күрделі де ұзаққасозылған үрдіс болды. Оғыздардың құрамына Сырдария аңғары мен Арал Каспий даласының ертедегі этникалық компоненті де, Жетісу мен Моңғолия даласының жартылай көшпелі және көшпелі рулары мен тайпалары да енді. Алғашында Моңғол даласынан бастау алған оғыз тобының алғашқы ұйытқысы батыс Жетісуда қалыптасты, алайда өзінің батысқа қарай

жылжу үрдісінде ол Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы көшпелі және жартылай отырықшы халық есебінен едәуір толықты.

Оғыз халқының қалыптасуының тездеуіне ескі қандас туысқандық байланыстардың ыдырап, жаңа аумақтық шаруашылық бірлестіктердің құрылуы және ертедегі феодалдық қатынастардың орнығуы да бірден-бір себеп болды. Алайда орта ғасырлардағы бұл үрдіс толық аяқталған жоқ. Оғыздар мемлекетінің ыдырауынан кейін, оғыз тайпалары қазақ, татар, қырғыз, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарының қалыптасуында компоненттердің бірі болып қатысты.

Оғыздар мемлекетінің тарихынсыз түркі халықтарының тарихын көз алдына елестету тіпті де мүмкін емес. Еуразия даласында өзінің мәдени ерекшелігіне қоса, географиялық орны, мемлекеттік және этникалық дәрежедегі үйлесімділігі жөнінен оғыздар қоғамы тарихының алар орны айрықша.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Агаджанов С. Г. Некоторые проблемы истории огузских племен Средней Азии. - "Тюркологический сборник". М., 1970.
2. Левина Л. М. Керамика Нижней и Средней Сыр-Дарьи в первом тысячелетии нашей эры. М., 1972.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
4. Кононов А.Н. Тюркология. Сб. Азиатский музей - ЛОИВ АН СССР.-М., 1972,
5. Карамзин К.М. История государства Российского. Т. II, - СПб., 1833.

ӘОЖ 94( 574)

**Азиев Т.Р.<sup>1</sup>, Кәрім А.Ә.<sup>2</sup>**

аға оқытушы, ОҚМФА<sup>1</sup>, магистрант, АӘИУ<sup>2</sup>, Шымкент қаласы

#### **XV-XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ НАНЫМ-СЕНІМ КӨРІНІСТЕРІ**

Қазақ халқының ХҮ-ХҮІІІ- ғ.ғ. мәдениетіндегі қара өлең - қазақ халқының пайда болуы мен дамуы тарихындағы өзіндік поэтикалық негізде тұтаса дамыған мәдени-рухани қазынасы. Ауыз әдебиетінің, яғни фольклордың халықтық поэзия жиынтығы - қара өлеңде қазақ халқының бай әдеби мұрасы, мәдени-философиялық танымы мен тарихи кезеңдері тұтастай қамтылған. XV-XVIII- ғ.ғ. Қазақстан мәдениеті тарихында қара өлең ерекше орын алады. Өйткені, осы уақытта халық ауыз әдебиеті қалыптасып өркен жайды, жазба әдебиеті мен музыка өнері, жыраулық өнер кең қалыптасты. Моңғолдар жаулап алған аумақта моңғол тілі тарай қойған жоқ. Жошы мен Шағатай ұлыстарында хан жарлықтары түркі тілінде жазылды. Моңғолдар Дешті Қыпшақтың жергілікті халқымен сіңісіп кеткеннен кейін қыпшақ тілі Алтын Орданың мемлекеттік тіліне айналды. ХҮ-ХҮІІІ-ғ.ғ. көркем сөздің нағыз шеберлері ақын-жыраулар шығармашылығы кең тарады. Атақты жыраулар – Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Марқасқа жырау, Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Шал ақын есімдері ел арасына кең тарады. Ақын-жыраулар шығармашылығы өз бастауын халық поэзиясынан, соның ішінде қазақтың қара өлеңінен алады. Қазақ халқының ХҮ-ХҮІІІ-ғ.ғ. рухани мәдениеті өткен замандар мәдениетімен, оның ең құнды қара өлеңімен сабақтас болды. Қара өлеңмен сусындаған ақын-жыраулардың поэзияларынан халықтың ой-өрісін, салт-санасын, тілек-мақсатын айқын аңғаруға болады. Халық өлеңі мен ақын-жыраулар шығармаларында халықтың келер ұрпаққа айтар өсиетін, мұң-мұқтажын, қуаныш-сүйінішін, қайғы-қасіретін шынайы түрде танып-білуге болады. [1] Наным-сенімдердегі әлем мен ғарыш шеңберіндегі адамның орны жиі өзгеріп, құбылып отырады. Дүние түйсінудің байырғы мақұлықтық-жануарлық сатысы, хайуандарды киелі санау бірте-бірте шектеліп, оның орнына ақыры



рухани адам болмысы жетекші мән ала бастаған. Дүние туындыларының бәрін, құдайдың өзін де адамиландыру-антропоморфистік даму арнасы жайын табиғатпен күресте, әсіресе өмір орнықтырушылық құдіреті асқақ нышандық бейнелердің пайда болуына кең жол ашып берді. Ол қорғансыздар мен қорланғандардың мүддесін қорғап, мол бақытқа кенелетін жеңімпаз да қайырымды, ержүрек батырлар келбеті болды. Нәтижесінде адам баласының қоршаған әлемді тану аясы дүние құбылысын бірте-бірте түйсіну қасиетінің өзінде түбегейлі көп өзгерістерді бастан кешірген. Әлсіз жануар, жәндіктерді қорғау арқылы ежелгі дәуірлерде-ақ табиғатқа жаңаша көзқарас қалыптаса бастаған. Қазақ поэзиясында зоомифизмнің элементтері, сол сияқты тотемизм көріністері де басымдылықпен көрінеді. Осы мифтік элементтер қазақ поэзиясында қоршаған ортаға көзқарас, оны бастапқы сана деңгейінде танудан объективті шындықты танудың және осы танымды жүйемен таратудың бейнесі, көркем әдісі дәрежесіне көтерілген. Поэзиядағы анимизм белгілері деп есептеліп, діни түсініктер немесе діни ұғымдардан туған деп саналатын кейбір үлгілер тереңдеп үңілгенде натуралистік түсініктерден әлдеқайда жоғары тұрғандығын, болмысқа ойлы көзқарастың тұтастай жүйесін құратындығын немесе халықтың философиялық ойының элементтерін көреміз. Қазақ мифологиясы жеке эпизоттарды саралап, одан ортақ түйінді ой шығарып, тұтас ұғым қалыптастырады. Қазіргі біздің тіршілігімізден мыңдаған жылдар шалғай жатқан көне заман адамының жер-жаһан туралы ұғым-түсінігі мен наным-сенімі ертегі-аңыз, мифологиялық үлгілермен бірге фольклор туындыларында өз ізін қалдырған. Өнердің бұл бастауы алғашқы бастамаларында ғарыштық сипатта ғана дамыған. Жекеленген көзқарастан бұрын мұнда да жалпы ұғым мен түсінік шешуші қызмет атқарады. Адам қоғамы мен жеке адам қарым-қатынасының өзара бауырластығы көрінісі арқылы сол қоғамның салыстырмалы тұтастығы сезіледі. Халықтық мұраға рухани азық болған табиғи мифологияның өзі шын мәнінде еркіндік өрісі әлі ашылмаған жалпы жаратылысқа тәуелділік негізінде туған. Мұны Э.Тайлордың пікірімен өзектесек, онда былайша тұжырымдалған ой көрініс береді: «Поэзия түрінде аңыздарды тудырушылар мен оларды айтушылар біздерге өздерінің еркінен тыс толып жатқан іргелі тарихи деректерді сақтап жеткізді. Олар құдайлар қаһармандарының мифтік өмірбаяндарын өздерінің ата-бабаларының ойлары мен тілі арқылы өздерінің ойлау жүйелерінен дерек береді, осылайша олар өздері өмір сүрген уақыттың көркемөнерін, ғұрыптарын, философиясы мен діни сенімін сақтап жеткізеді. Миф ондағы кейіпкерлердің емес, сол мифті жасаушылардың тарихы. Ол табиғаты өзгеше батырлардың өмірі туралы емес өзінің қиялымен осы қаһармандарды тудырған халықтардың өмірі туралы естеліктер»[2]. Бұл пікір біздің миф және т.б. наным-сенімдер туралы ойымызды шындыққа жақындата түседі. Өйткені бұл айтылғандар халықтың көне заманында пайда болып, ғасырлар бойы өз іздерін оның поэтикалық, фольклор т.б. түрінде сақтаған рухани дүниелерінде, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде, нанымдық дәстүрлері мен танымдық ой-пікірлерінде қалдыра отырып, қазіргі күнде де өзінің қалдықтарын күнделікті өмір тіршілігінің барысында көрсетіп қалып отырады. Сондықтан да мифтерде, ертегі-аңыздарда да әдетте көшпелі малшылар өмірі, тұрмыс ерекшелігі бейнеленеді. Табиғаттың жұмбақ сыры, дүлей күші қайталанбас ғаламат қасиетімен ерекше қоғамдық-рухани сипат алған. Біздің түсінігімізде көшпелілер қашанда табиғат құшағында жүреді. Ол жаратылысты жатсынып, одан өзін ешуақытта бөліп-жарып қарамаған, қайта керісінше, оған біржола шынайы өң беретін өзі болып табылады. Ол табиғат жемісін өз игілігіне айналдырып, содан қуаныш та тапқысы келеді. Қоршаған әлемнің құрылысы, дүние болмысы, тұтастық пен бірегейлік туралы көшпелілердің осы бір ұғым түсінігін де мейлінше дәл жеткізетін ертегілер ғана. Бұл жанрлық тұтастық (синкретизм) жалпы эстетикалық сана-сезімнің әлі жіктеле, саралана қоймағанын білдіреді.

Қара өлеңде нанымдық көріністе тағдыр мәселесі де бейнеленген. Ол кейде тәңірі, өмір, жалған, дүние ұғымдарымен астарласып та, орайласып та беріледі. Ол - адамның өмірі алдын-ала жазылып қойылатын, адам ісін соған байланыстыратын жазмыштың бұйрықты жағдайда атқарылар әрекеттілік. Мысалы, «... Тағдырдың жазуымен іс болады, Басыңды ұрсаң дағы барып тасқа...», «Тағдырдан сәтсіздікті елден көрме...»,

«...Пенденің ойға алғаны бола бермес,

Тағдырдың тап қылғаны болады ақыр...», [3] - деген өлең жолдарында адам пендесінің қолынан келер ештеңе жоқ, бәрі де тағдырдың жазуы, оны өзгертуге, басқаға ауыстыруға болмайды, өйткені ол - адамға мәңгілік жазылып қойылатын пешенесі, - дегенді тұспалдап жеткізіп, өмірде сәтсіздікке ұрынсаң, жолың болмаса - оны елден емес, тағдырдың жазуы деп түсін, - дейді де адамның наным мен сенімін жоғарғы құбылыстық ғажайып күшке апарып телиді. Пенде не нәрсе жасамақ болса да, нәтижесінде тағдыр оның пешенесіне жазғанын қылады, одан ешқайда кете алмайсың, - деген нанымдағы түсінікті оның санасына ендіреді. Дәстүрлі сенімде бұл жағдай күнделікті өмірде адам әрекетінен де өз көрінісін табады. Сондықтан да «пенденің ойға алғаны бола бермес», - деп халық адамдағы жақсы-жаманды іс-әрекет себебін тағдырдан деп нанады, оны жағымды жағынан орайластыруға, өмірде жақсылық ісін қалдыруға тырысады. Өйткені адам тағдыры жақсылықты көп жасауға ниеттендіруі тиіс, әйтпесе оның құдай алдында ана дүниеде есеп беруіне тура келеді, - деген нанымдық ой да орын алады.

Діни сенімдегі құндылықтар жүйесі жалпыадамзаттық идеялар мен құндылықтарға негізделген және ол жеке адамның рухани тұрғыдан жетілуін көздейді. Шынайы діни құндылықтар адамзатты біріктіруші құралға айналады. «...Адамдардың шынайы бірлесуі тек әрбір адамға бүкіл адамзатқа деген жүректердегі шекараны жою жағдайында ғана мүмкін. Бұл жерде сүйіспеншілік деп әлем мен адамға деген ашықтықты, сенімді, олар үшін жауапкершілікті, жан жылуын бөлісуге ұмтылуды және өзіне деген ешнәрсе талап етуді білмейтін шығармашылық қабілеттерді түсінеміз. Бұл біртұтас діннің негізі болады, өйткені сүйіспеншілік діни міндеттерді орындаудың бастауы бола отырып, барлық діндердің бірігуіне себеп болады» [4]. Бұдан діни сенімнің рухани құндылыққа бастама беретін жалпыадамзаттық құндылықтардың сүйіспеншілік мәселесіндегі жауапкершілігімен, ішкі шығармашылықпен байланысты болатыны, нәтижесінде ол барлық діндердің бірігуіне бастау болатыны да нақтылы пайымдалып, адамның рухани түрдегі жетілуіне де бағытталатыны айтылады.

Қара өлеңдегі сенім мәселесі де осы тұжырымды қамтып, өз қалыптасу процесінде адамды ынтымаққа, тура жолға, дұрыс жүріс-тұрыс пен адами мінез-құлық ережесіне жөн сілтейді және тыңдаушы қауымды ақ та адал жүректен бір Аллаға ризалық білдіруді ұмытпай, тәубеге келуді нұсқайды. Онда мейіріманды адам ғана мұсылман бола алады, санасыз сиынғанда қасиет болмайды, құдайдың құдіреттілігін танып, шариғат шарттарын сақтауға ең алдымен біліктілік, адалдық, шын жүректен шыққан сүйіспеншілік керектігіне танымдық-бағдарлық ой береді. Бұған діннің әлеуметтік бірігу құралы ғана емес, оның әлемді игерудің ерекше тәсілі ретінде орны да үлкен рөл ойнайды. Дінде адам өзінің болмысы мен алғышартының басты адамгершілік мәселелеріне жоғарғы болмыстық мағыналар мен құндылықтарға бет бұрған бағыттың да болуына үлес қосады.

Қара өлеңде қандай жағдай басқа түссе де, «бір Алладан үміт үзбеуді» баса айтқан өлеңдік жол нұсқалары жетерлік. Халық жастарды діни жолмен тәрбиелеуде де адамдық қасиеттерден аттамауды, таза да шынайы дін жолымен жүріп, өз сенімін ештеңеге айырбастамауды баса айтып, ғұламалардан, пайғамбардан үгіт-өнеге көруге шақырады. Осыдан жалпы көпшілікке бағытталған діни тәрбие мәселесі келіп шығады. Ол адамның шынайы имандылықты өмірге бейімделуінің әсерінен туындайтын әрекетін бағалауы. Діни тәрбиенің өзі ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа байланысты қамтамасыз етіледі. Ол арқылы жастар сенім шынайылығы мәселесінде жинақталған тәрбиелер мен білімді өз бойына меңгеріп, ұғынуы керек. Ал бұл жекелей алғанда, «1) Тілде: құдайдан қорқатын адам жалған сөйлеуден, өсек айтудан және сандырақ сөзден тартынады; 2)Жанда: өзінің мұсылман бауырларына жаулық ойламайды, ол өз жанынан өсек-аяндық, қызғаншақтық т.б. сондай сөздерді аластайды; 4) Қолда: тыйым салынған нәрсеге емес, тек құдай қалаған нәрсеге ғана ұмтылады; 5)Аяқтарында: бағынбаушылық, көкіректік жолымен емес, Аллаға табыну жолымен жүреді. Білім мен сауаттылыққа ие болу үшін ол ғалымдар мен қайырымды адамдардың жиналыстарына барады» [5]. Бұл діни сенімді адамның рухани іс-әрекетінің

оның өн бойында қалай орын алып, адами қасиеттер ретінде дамитынын көрсететін ой-тұжырым бола отырып, фолклор деңгейіндегі, соның ішінде қара өлең үлгілерінде де орын алатын адамның сенімдік дәстүр шеңберінде орындайтын әрекеттерімен орайластығын да нақтылайды.

Қазақ қара өлеңіндегі дәстүрлі нанымдар мен сенімдер мәселесі туралы негізгі айтылар ой сараптамалары көрінісі осылайша адам бойынан ізгіліктік нормалар үрдісінде рухани түрде дами алатынын, оның адамды діни тәрбие беру арқылы да құндылықтық сипатта дамыта беретінін нақтылауға болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әлімбаев М. Құмықтың қазақ жырлары//Ана тілі. 1992Базарбаев М. Өлең сөздің тапшасы, сөз сарасы. - Алматы: Жазушы, 1973.
2. Е.Рахметұлы. Өзіңді таны немесе рухани жорық//Жас қазақ. № 40(92). 13 қазан 2006 ж.
3. Қара өлең (толықтырылып басылуы). (Ел аузынан жазып алып құрастырған О.Асқар). - Алматы: Жалын, 1997.
4. Валиханов Ч. Собр. Соч. Т-І. - Алма-Ата: Наука. 1961.
5. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. - Алматы: Жеті жарғы, 1997

УДК: 902.01

**Жунисханов А.С.**  
АОО “Назарбаев Университет”

### **НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТОУРБАНИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ ГОРОДА СЕМЕЙ**

История города Семей корнями уходит вглубь. Семей расположен на месте одного из древних металлургических поселений бронзового века. О древности города свидетельствуют археологические и письменные источники. Однако, в исторических литературах история города начинается с Доржикента [1], а история современного города Семей описывается с 1718 года, когда была заложена основа Семипалатинской крепости, ставшее дальнейшим административно-политическим центром обширного региона. В 1782 году Семей получает статус города и становится центром Семипалатинского уезда. Эти события были началом нового этапа в истории развития города. И так возродилась древняя традиция города как центра культуры, торговли и ремесла.

Поселения эпохи бронзы, курганные комплексы бронзового века и древних кочевников, выявленные на территории современного города, дает нам возможность предполагать о сложении основных компонентов протогородской культуры здесь уже три-четыре тысячи лет назад.

Задача данной статьи – на основе доступных нам археологических материалов показать некоторые моменты урбанизации города Семей. Мы не ставим цели решить все спорные вопросы и проблемы, а лишь попытаемся обобщить имеющиеся археологические данные и показать основные вехи урбанизационного процесса.

Урбанизация – это многогранный процесс. Его изучают историки, географы, политологи и другие представители гуманитарной науки. Для исторической науки урбанизация прежде всего это – исторический процесс который дает возможность понять те социально-экономические, культурно-демографические процессы, протекавшие в городе. В связи с этим историкам крайне важно понять истоки урбанизации и этапы ее развития.

За свою историю г. Семей прошел многоэтапный урбанизационный процесс. В рамках данной статьи мы будем лишь затрагивать вопросы урбанизационного процесса бронзового века. Сегодня для полной реконструкции этапов урбанизации г. Семей перед нами стоит

вопрос о поисках следов оседло-городской культуры с эпохи древних и средневековых кочевников.

Археологические материалы четко показывают начальный этап урбанизационного процесса города, который был связан с эпохой бронзы, длившийся со II тыс. до н.э. до начала I тыс. до н.э. Условно этот период можно назвать протоурбанизационным. В это время в междуречье от Иртыша до Урала появляются поселения, которые изменили представление об истоках урбанизации на территории Казахстана.

По мнению К. Байпакова поселения Аркаим, Кент, Талдысай, Токсанбай и другие – это остатки протогородов среднего и позднего этапа бронзового века в диапазоне 1600-800 лет до н.э. Они имели развитую фортификацию в виде городских стен и укрепленных въездов, глубокие рвы, заполненные водой; организованную планировку внутреннего пространства, разреженную системой улиц; высокий уровень производственной деятельности, основанной на базе разработки рудных месторождений и металлургии полиметаллов; скотоводство разных форм и земледелие с использованием ирригации; международный обмен керамикой, металлом и украшениями [2, 373].

В целом бронзовый век в истории Евразийских степей, в частности Казахстана можно считать временем появления первых скотоводов, зарождение и развитие строительной техники и развитие металлургии меди и бронзы [3, 19].

Археологические данные показывают нам о существовании в бронзовом веке на территории современного города Семей поселения (протогородов) металлургов. В данное время можно с уверенностью сказать о четырёх поселениях. Это поселения-Семипалатинские дюны 1 и 2 [4, 18-19], поселения в районе Старой крепости и РСУ?

Первые сведения об археологических памятниках эпохи бронзы в окрестностях города Семей известны по материалам В.В. Радлова. В 1862 году он раскопал несколько курганов бронзового века и в одной из них обнаружил медный нож. Аналогичные ножи он также находил в Барабинской и Кулундинских степях [5].

Исследуя древние памятники казахских степей, он сделал вывод, что казахские степи были районами разработки месторождений меди, олова и золота и дает заключение: «Многочисленность чудских копей, большое распространение разработки руд и обильное добывание меди дает нам право заключить, что народ этот добывал медь не только для своего употребления, но добытым металлом производил обширную торговлю» [5].

Огромную роль в изучении древности Семей играла подотдел Русского географического общества в Семипалатинске. В сборе материалов о древностях активно участвовали Н.Я. Коншин, братья Белослюдовы, Ф.Н. Педщенко и др. краеведы.

В 1901 г. Н. Коншин составляет большую перечень археологических памятников Семипалатинского уезда и упоминает о курганах и находке биметаллического ножа прикопани колодца [6]. В другой своей статье он утверждает на основе археологических материалов (ножи, топоры, наконечники стрел), что в прииртышье в далеком прошлом жили неизвестный народ чуды, которые оставили после себя курганы и городище [7].

В том же году Ф.Н. Педщенко собрал большую коллекцию вещей в окрестностях г. Семипалатинска, в том числе 72 предмета из камня, 54 из бронзы, 8 из железа, большое количество обломков глиняной посуды [8, 9].

20 годы XX века положили начало сбору и накоплению археологических материалов. 1925 году А.Н. Белослюдов передал музею антропологии и этнографии Академии наук СССР коллекцию собранных на семипалатинских дюнах: фрагменты глиняных сосудов, различные бронзовые и железные предметы отличной сохранности.

1930 годах начинает свою работу Восточно-Казахстанская археологическая экспедиция под руководством С.С. Черникова. Хотя археологический маршрут ученого была верхняя часть Иртыша, но все же он 1947 году провел исследования на поселении в Семипалатинских дюнах. Был собран подъемный материал: два бронзовых шила, две бронзовые пластинки, обломки зернотерок, куски медной руды, обломки тиглей, обломки

керамики и т.д. С.С. Черников дает заключение, что в бронзовом веке здесь было крупное, богатое поселение развитой металлургией [4].

В конце прошлого века Семейский краевед А.С. Долгушев находит круглодонный, толстостенный, слегка раздутым туловом и прямым, немного отогнутым наружу венчиком, украшенным жемчужными вдавлениями и редкими горизонтальными штрихами по внешней и внутренней поверхностях сосуда. Также в 2006 году В.К. Мерц в совместном осмотре памятника с А.С. Долгушевым находит фрагменты керамики и каменные орудия [9, 156]. Хотя в научной литературе имеется дискуссия по поводу культурной принадлежности данных артефактов. Однако, датирование материалов неолитом и ранней бронзой не оспаривается в научной среде.

Первичные результаты наших исследований дают нам возможность предположить, что расположенные в окрестностях города поселения зарождалась и развивались на основе небольших неолитических стоянок. Где хорошо была развита каменная и керамическая индустрия. В основном древнее население использовало высококачественный камень: яшмоиды, кремнь, кварцитовидный сливной песчаник, халцедон и т.п. Это плотные и твердые породы первичного и вторичного окремнения, хорошо колющиеся и пригодные для призматического расщепления и бифасиальной мелкофасеточной обработки. Возможно, территория г. Семей была одним из центров экспорта вышеназванных камней в лесостепные районы Сибири.

В конце неолита и в начале бронзы начинается процесс формирования нового типа поселений - они отличаются от всех целым рядом функций и предшествуют городу. Такие поселения, укрепленные или не укрепленные, относят к так называемым протогородам [10].

На основе имеющихся материалов мы допускаем мысль, древние поселения полностью может и не могли отвечать всем параметрам протогородов Урало-Казахстанских степей, однако следует говорить видимо, о большой роли ремесленно-торговых укрепленных центров, которые возможно дали толчок к появлению и развитию протогорода.

В эпохе бронзы начинается переход к более высоким формам производства. Новое культурное сообщество, продолжая традиции неолита, начинает осваивать металл – дает большой толчок строительному буму. Небольшие стоянки прошлого развивается и трансформируется в поселения. *Хозяйственный культурный тип* дает ясную картину о взаимодействии нескольких групп населения Обь-Иртышском междуречье. Удобное географическое расположение Семей – в своеобразной буферной контактной зоне, связывающий историко-культурные районы Южной Сибири, Центрального Казахстана, Жетысу и Сынцзына, как отмечают исследователи, «...на определенном отрезке времени такой культурный район сам мог превращаться в очаг культурогенеза, так как формирование новых археологических культур во многом являлось результатом взаимодействия нескольких культурных традиций» [11. С7].

Однозначно в бронзовом веке Семейские дюнные поселения формируются как крупный центр признаками протогородской культуры. Вне наших исследований остались вопросы планиграфии, типы жилищ и демографии. Для полного решения этих и других актуальных вопросов необходимо увеличить источниковедческую базу. Необходимо провести междисциплинарное рекогносцированные и исследовательские работы.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Серия: История городов Казахстана: Семипалатинск Алма-Ата: Наука, 1984. - 224 с.
2. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга I. Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы – раннем средневековье. Алматы, 2012. - 390 с., илл.
3. Маргулан А.Х. Развитие строительного дела в Казахстане в эпоху бронзы // Архитектура Казахстана., 1959. - 179 с.
4. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. М.: АН СССР, 1960 – 285 с. Серия: Материалы и исследования по археологии СССР, № 88.

5. Радлов В.В. Из Сибири. Изд.: «Наука», 1989. - 750 с.
6. Коншин Н. Я. О памятниках старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Зап-Сиб. отдела ИРГО вып. I Семипалатинск. 1903. – 1-32 с.
7. Коншин Н. Я. Краткий Исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 г.) // Труды по казахской этнографии. - Астана, 2007. - 309 с.
8. Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. Усть-Каменогорск, - 2006. – карты, ил.
9. Мерц В.К. Керамика ямно-афанасьевского типа из Семипалатинского Приртышья // Современные решения актуальных проблем евразийской археологии. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2013. - С. 153-158.
10. История первобытного общества. М. 1988. - 250 с.
11. Шорин А.Ф. Энеолит Урала и сопредельных территорий: проблемы культурогенеза. Екатеринбург: УрО РАН, 1999. - 182 с.

ӘӨЖ 908-05 (574.41)«19»

**Мухамеджанова Р.Ж.<sup>1</sup>, Асылканова Г.Қ.<sup>2</sup>**

т.ғ.к., профессор м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті<sup>1</sup>,  
Семей қаласының №38 мектеп-лицейі<sup>2</sup>

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНАН ШЫҚҚАН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖАҢА СИПАТТАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

Ресей империясының отарлық жүйесіндегі қазақ халқы мемлекеттік басқару органдарынан мүлдем шеттетілген еді. Бұл саясаты арқылы патшалық Ресей феодалдық мешеулік қойнауында жатқан қазақ жұртының санасынан мемлекеттік деген ұғымды өшіруді, өзін-өзі басқару қабілетін толық айыруды көздеді. Империялық басқару жүйесінде біржола қалыптасқан тәртіп бойынша қазақтардың басқару аппаратына тартылуы ең төменгі болыстық буынмен ғана шектелді. Сонымен бірге, Патшалық Ресей кезінде қазақ елінде мектептер мен арнаулы оқу орындарын, ең алдымен, Қазақстандағы қоныс аударушылар мен казактардың, шенеуніктердің мүддесі үшін ашса, 2 класты орыс-қазақ училищелерін қазақ халқының арасынан тілмаштар мен отарлық мекемелердің іс-қағаздарын жүргізушілерді даярлау үшін ашқанды. Міне, осындай саяси-құқықтық және рухани езгіге түскен қазақ қоғамына Ақпан төңкерісінен кейін билік басына келген Уақытша үкімет тарапынан мемлекеттік билік ісіне қатынасу және сайлау құқықтарының берілуі, ұлттық - діни сипаттағы шектеулердің алынуы қазақ халқының әртүрлі деңгейдегі әкімшілік-саяси билік органдарының жауапты қызметтеріне араласуына жол ашты. Енді, оқыған, білімді қазақ зиялыларының мемлекеттік билікке араласуына орай қазақ жұртының құқықтарын қорғаудың маңызды тетіктеріне ие болды. Бұл тарихи кезеңнің ең маңызды ерекшелігі – қазақ қоғамында идеялық бірлікке, саяси тұтастыққа негіз қаланды. Оның ең басты себебі – қазақ халқы үшін барлық азаптың зорлық-зомбылық аталуының ұйтқысы болған патшалық биліктің құлауы, рухани қысымшылдықтың ең басты арман мұраттардың бірі болатын, зиялы қауым өкілдері осы істердің ұйтқысы болуымен қатар басқа жұртты да бірлік-берекеде болуға үндеп қоғам алдында тұрған жаңа міндеттерді шешуге мүмкіндіктер осы кезеңде туды. Ұлт зиялылары үшін мемлекеттік саяси билік органдарына тікелей араласудың бастауында қазақ комитеттері тұрғанын білеміз. Ұйымдық жағынан қазақ комитеттерінің төңірегіне біріккен барлық мемлекеттік басқару аппаратына өз өкілдерін осы ұйым атынан енгізген болатын. Сондықтан да, қазақ жұрты үшін саяси – құқықтық тұрғыда болсын ұлттық – азаматтық комитеттердің зор тарихи маңызы болды. Түрлі аймақтарда орналасқандарына қарамастан бұл ұйымдардың негізгі мақсаты – ұлттық дербестікке жету үшін күрес болатын. Кезінде Ресейдің құрамында болған украин, башқұрт, түркімен, татар

тағы басқа халықтардың қоғамдық ұлттық ұйымдарымен бір сапында тұрған қазақ комитеттері де ұлттық дербестікке қол созып, өз елін өркениетті елдер қатарына қосуға асықты. Мәселен, Семей облысының зиялы қауым өкілдері осы жайды дер кезінде түсініп, шұғыл түрде облыстық қазақ комитетін құрды. Алғашқы қоғамдық негіздегі ұлттық ұйымды ашып, басқарма мүшелері болып кіргендер қатарында Ә.Ермеков, А.Қозыбағаров, С.Дүйсенбин, Ш. Керейбаев, Б.Сәрсенов, М.Малдыбаев, С.Молдабаев, С.Қияқов, Н.Құлжанов, С.Торайғыров, С.Сабатаевтар болды. Комитет төралқасы Р.Мәрсековты төраға, Х.Ғаббасовты және И.Тарабаевты төраға серіктері, С.Молдабаевты қазынашылыққа, Ә.Ермековты хатшы етіп сайлады. Облыстық қазақ комитеті жер – жерлерге уездік комитеттер құру үшін өз өкілдерін жіберді. Уездік облыстық ұйымдар ашылды.

Осылайша қазаққа тиесілі жұмыстардың бәрі қазақ комитеттері арқылы жүргізіліп жатты. ХХ ғасыр басында А.Байтұрсынов атап көрсеткеніндей қазақ халқы үшін өзекті мәселеге айналған жер мәселесі, түйіні шешілмей жатқан жер дауына қазақ комитеттері де араласты. Уақытша үкімет жерге байланысты түпкілікті заң жасағанша уақытша басқара тұруды жер комитеттеріне тапсырды. Қазақ комитеттері жер роформасы даярланар тұста жер комитеттеріне өз өкілдерін қатыстыра отыра жұмыстар жүргізуді қолға алды. Аталған кезеңде «Алаш» партиясының мүшелеріде оларға барынша қолдау жасап тіпті кей жерлерде оның басшы құрамын толықтырып отырды. Мысалы, Семей облысының «Алаш» партиясының комитеті құрамына облыстық Қазақ комитетінің белсенді мүшелері Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, И.Әлімбаев, А.Қозыбағаров, М.Малдыбаев, Б.Сәрсенов кіреді. Комитеттің төрағасы болып Х.Ғаббасов сайланды. Ұлт зиялыларының қазақ жұртына да земство жүйесін енгізу туралы тілегі тарихта белгілі және оны 1905 жылғы Қарқаралы петициясында білдіргенді. Өзін-өзі билеу құқығын айтпағанда, патша үкіметінің қазақ елін сайлау құқығынан айыруы земство мәселесінің оң шешімін табуына мүмкіндік бермеді. Бұл мәселені шешуде 1917 жылы 17 маусым айында Уақытша үкімет бұрын земство жүйесі енгізілмеген аймақтарда Земство мекемелерін ашу лайық деп тауып, арнайы заңмен бекітті. Бірақ, Қазақстанда Земство жүйесін Ресейдің отарлық аудандарымен салыстырғандағы ерекшелігі – «әкімшілік» негізде жасалынды: Өйткені, Уақытша үкімет өзін-өзі басқару жүйесі ретінде земстволарға берілген құқықтардың өте кең болуынан Ресейдің мемлекеттік тұтастығына нұқсан келеді деп қауіптенген еді. Ал, үкімет шенеуніктерді әкімшілік негізде құру себебін Қазақстан халқының қоныстану сиректігімен және мәдениеттінің артта қалуымен түсіндірді.

«Сарыарқа» газетінің мәліметтері Семей облысында Земство сайлауы 1917 жылы қараша айының соңына қарай ауылдарда әлі аяқтала қоймағанын білдіреді. Ал, облыстық және уездік Земство мекемелері жұмысқа кірісуге дайындық үстінде екенін жазған. Қараша – желтоқсан айлары қазақ халқы үшін өте қарбалас кезең болды. Себебі, Қазан төңкерісін түсіне алмаған, оны үреймен қабылдаған қазақ халқы қараша-желтоқсан айларында Земство сайлауы мен Құрылтай жиылысында сайлау науқанына тартылып, бұл жауапты шаралар мен саяси өзгерістердің мәнін тез қабылдап, қорытып үлгере алмай жатты. 1917 жылдың 9-шы желтоқсанда Земствоны енгізу жөніндегі комитеттің бастығы С.С.Брюханов бірінші төтенше Семей уездік Земствоның отырысын ашып, сайлау қортындысы негізінде төрағасы болып Р.Мәрсеков тағайындалады. Ал 18-ші желтоқсан күні Семей уездік Земство Басқармасына Ахметжан Қозбағаров төрағалыққа сайланып, Болатов Айтмұхамед Есембайұлы, Дюсембин Сыдық, Ботагырев Иван Емельянович, Воробьев Никанор басқарманың мүшелігіне кіреді. Одан іле шала 1918 жылы 5-қаңтарда үміт етіп күткен Құрылтай жиылысының большевиктердің тарапынан қуылуы және саяси ахуалдың жедел өзгеруі ұлт зиялыларын біраз дағдартып қойды.

Сонымен бірге, сайлау ісі аяқталып, қазақ зиялылары Земство мекемелері арқылы ұлт мүддесі үшін қызметке енді кірісе бастаған уақытта, 1918 жылы қаңтар – ақпан айында Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағында кеңестік большевиктік биліктің орнауына байланысты Земство мекемелерінің жұмысы да қарқын алмай жатып тоқтатылды. Сөйтіп, большевиктер Земство жүйесінің жұмысының тоқтатуы арқылы, Земство ісіне қарсы

әрекетімен халықтың өзін-өзі билеу құқықтарына қарсы екендіктерін дәлелдеп берді. Сол кезеңдегі саяси процесстерге жан-жақты талдау жасай келе, тарихшы К.Нұрпейісов тарихи жағдайлардың өрбуін былайша сипаттайды: «Алаш партиясының басшылары осыған дейін Қазақстанның ең басты, ең өзекті мәселелерін (ұлттық-мемлекеттік құрылыс, жер, қоныс аударушылар, казак-орыс әскерінің зорлық-зомбылығы т.с.с) шеше алмаған Уақытша үкіметке сенуден қалса, енді оның орнына келіп, жоғарыда аталған проблемаларды таптық принциптер негізінде шешуге уәде еткен Кеңес үкіметіне күмәнмен қарады» – деп, одан әрі «Советтер бел алған мұндай жағдайда Алашорда жетекшілері жергілікті өкімет органдарын құруда олармен ымыраға баруды жөн деп тапты. Алайда бұл тактика барлық жерде бірдей табысқа жеткен жоқ. Большевиктер партиясының радикалдық тобының өкілдері көпшілікке ие болған Петропавл, Перовск (Қызылорда), Әулиеата (Жамбыл) Советтері билік жүргізген аудандарда Алаш белсенділері сол кездің өзінде-ақ саяси қуғын – сүргінге душар болды, тек жекелеген облыс және уезд орталықтарында, атап айтқандай, Семейде, Верныйда тағы басқа қалаларда 1918 жылғы көктемде ұлттық демократиялық Алаш қозғалысының кейбір өкілдері жергілікті Советтермен қысқа мерзімдік ырымға қол жеткізіп, ресми (Советтік) басқару органдарында мүше болып сайланды» - деп, қоғамдық-саяси өмірдің даму процесінің әрбір аймақтардағы ерекшеліктерінен мәліметтер береді. Дерек көздеріне қарағанда, осындай келісімге келудің нәтижесінде жергілікті Алаш ұйымының жетекшілерінің бірі, Алашорданың мүшесі Халел Ғаббасов Семей облыстық Кеңестің атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қаржы комиссиясының мүшесі қызметіне өтсе, Алаш партиясының белсенділері Биәхмет Сәрсенов Халыққа білім беру комиссарының орынбасары, Имам Әлімбеков Еңбек және өнеркәсіп бөлімінің бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Сонымен бірге, жоғарыда аталған адамдардан басқа Семей облыстық және қалалық Кеңесінің Атқару Комитетіне 1918 жылы 22-23 наурыздағы отырысында Жер бөлімінің төрағасының орынбасары ретінде Ә. Ермеков, почта, телеграф және жол байланысы бөлімінің бастығының орынбасары қызметіне Әубәкіровты, азық-түлік бөліміне Ы.Оразалинді, сот ісі бөлімінің мүшелігіне М.Боштаевты енгізеді. Ал, уездік Кеңеске төрағаның орынбасары, жер бөлімінің төрағасының орынбасары, дәрігерлік-санитарлық бөлім комиссары ретінде А.Қозбағаров, жол байланысы бөлімінің бастығы А.Е.Болатовты, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы етіп С.Дүйсенбин енгізілген. Қарқаралы уезінде де Кеңес депутаттарының билігі құрылғанда құрамына Нығмет Нұрмақовпен бірге алашшыл азаматтар енгізілді. Өйткені, бұл істі ұйымдастырған Қарқаралы уезі бойынша комиссар, Семей облыстық Кеңестің атқару Комитетінің мүшесі Б.Сәрсенов болатын. Ал, Қарқаралы уездік Кеңестің төрағасы болып А. Райымбеков, орынбасары С.Байтенов сайланды.

Алашшыл зиялы қауым өкілдері Кеңестік билік органдарына ене отырып, қазақ жұртының мүддесі үшін қандай игілікті істер атқарды, қандай істерді тындырды деген мәселеге тоқталғанда, әсіресе, Семей облыстық және уездік Кеңесіндегі қазақ зиялыларының саяси күресі ерекше көрініс берді. Уақытша үкіметтің өз кезінде жер мәселесін шешпеуі большевиктік билік кезінде де ең өзекті мәселе болып келді. Уақытша үкімет алдына ұлт зиялылары жер мәселесін шешу талабын қойғанда, ең алдымен Қоныстандыру басқармаларын жоюды талап еткен болатын. Бірақ та, бұл мәселенің дұрыс шешілуіне мүдделі болмаған Уақытша үкімет билік басынан кеткеннен кейін, Семей облыстық Земство басқармасы облыстағы әкімшілік билікті өз қолына ала отырып, 1918 жылы 6-ақпанда облыстық Земство жиылысының І-ші төтенше отырысында қабылдаған қаулысы бойынша Қоныстандыру Басқармаларының жұмысын тоқтатып, оның бөлімдері мен мүлкін Земство жанынан құрылған арнайы бөлімге тапсыруды шешкен еді. Алайда, өлкедегі саяси билікті Кеңестер өз қолына алғаннан кейін Қоныстандыру Басқармаларын жою ісі аяқсыз қалды. Өйткені, большевиктер Қоныстандыру Басқармаларын жоюға мүдделі болған жоқ еді. Керісінше, олар шаруалардың қолдауына ие болу мақсатында Қоныстандыру Басқармаларының ісін жандандырды. Сондықтан да, қазақ зиялыларының Кеңестердің жер мәселесі жөніндегі ұстанған саясатына қарсы шығуы қазақ жұртының талап –тілектерінен



туындаған саяси күресі еді. Саяси пікірталастарда Уақытша үкіметтің де, Кеңес билігінің де жер мәселесі жөнінде ұстанған саясаты патшалық Ресейдің отарлық саясатымен сабақтасып жатқандығын қазақ зиялылары ресми биліктің мінбелерінен батыл әшкереледі. Мәселен, 1918 жылы 12 наурыздағы шаруалардың жұмысшы және солдат депутаттардың біріккен съезінде А.Қозбағаров жер мәселесі төңірегінде айтыста Қоныстандыру Басқармасының қазақтарға қарсы саясат жүргізіп отырғандығын, қоныс аударушылар көптеген жеңілдіктерге ие екендігін айтып, ең бірінші қазақ халқына жеңілдіктер жасалуын талап етеді. Ал, И.Әлімбаев бұл съездегі сөйлеген сөзінде : Қоныстандыру Басқармасы бір халықты бақытсыздыққа ұшырата отырып, екінші халықты бақытты еткісі келеді деп, алдыңғы кезекте қазақтардың мүддесі қорғалуы қажеттілігін дәлелдеді. Алайда, қазақ зиялыларының бұл қойған талаптары іс жүзіне аспады және оның жүзеге асуы да мүмкін емес еді. Себебі билік басына келген Уақытша Сібір үкіметінің де, басқа саяси партиялардың қызметі қазақтың жерге деген мүддесіне қайшы келді.

Жергілікті билікті жүзеге асыруда қазақ зиялылары білімділігін, белсенділігін әрекетшілдігін іс жүзінде көрсетіп берді. Өлкеде 1918 ж. маусым айында Кеңес билігі толық жойылғаннан кейін, қазақ зиялылары Алашорда үкіметінің уездік-болыстық бөлімдерін құру және оның қызметін дұрыс жолға қою ісін ұйымдастыруға жұмылды. Большевиктер таратып жіберген Земство мекемелерін қайта қалпына келтіріп, халық игілігі жолында жаңа қадамдар жасай бастады. Алашорда үкіметі мен оның жергілікті жерлердегі бөлімдері негізінен саяси және ел қорғау мәселелерімен шұғылдануға, мәдени-экономикалық хал-ахуалды реттеу жұмысымен Земство мекемелері айналысты. Осы кезеңде қазақ зиялыларының земство мекемелеріндегі сан-саналы қызметі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бұл кезеңге де тән сипат қазақ зиялылары большевиктік жүйедегі сияқты Уақытша Сібір үкіметінің, одан кейін Колчак диктатурасының тарапынан көрсетілген саяси-моральдік қысым жағдайында қызмет атқарды. Дегенмен, уездік Земство жүйесінде қазақ жұртының да өкілдері де тең дәрежеде ел мүддесіне қызмет атқаруы халықтың қам-көңіл жүрегіне, үмітіне үлкен медеу болғаны анық. Өйткені, отарлық жүйеде саяси-құқықтық, рухани-моральдік қысымда өмір сүрген жұрттың шағымданатын, арызданатын, талап-тілегін білдіре алатын ресми орындары көбейе бастады. Оның алғашқысы Қазақ комитеттері болса, екінші кезекте Земство мекемелері болды, ал бұлардың ішіндегі маңыздысы - Алашорда Ұлт Кеңесі мен оның жергілікті Кеңестері тағы басқалары болды.

1918 жылы жаз айларында қайта қалпына келтірілген Земство мекемелеріндегі бұрынғы мүшелері қайта сайланып қойылды. Сонымен бірге, Алашорда үкіметі де қазақ жұртына Земство жүйесінің қоғам өміріне терең енуіне мүдделілік танытты. 1918 жылы маусым айының басында «Земство туралы» арнайы заң қабылдап, Алаш автономиясында 1917 жылы 17-маусымдағы Уақытша үкіметтің заңы бойынша енгізілген және Кеңес үкіметі таратқан барлық Земство мекемелерін жедел түрде қайта қалпына келтіруін, ал Земство ісі қолға алынбаған жерлерде Земство мекемелері 1917 жылы 17-маусым заңына сәйкес енгізілуін белгіледі. Болыстық Земстволар ашылғанша заңды билік ретінде революциядан кейін құрылған жұмыс бағыттарын көрсетіп берді.

Семей обылысында Земство ісін, яғни, өзін-өзі басқару мекемелерінің тізгінін қазақ зиялылары өз қолдарына алды деуге толық негіз бар. Облыстық Земство Басқармасының төрағасы болып Р. Мәрсеков және мүшелері ретінде Х. Ғаббасов пен Ә. Сәтпаевтың сайлануы үлкен жетістіктерінің бірінен саналады. Басқаша айтқанда, облыстың мәдени-экономикалық дамуының бағыт – бағдарын қазақ зиялылары өздері айқындап, тізгінді өз қолдарына ұстады. Оның өзіндік себебі де бар еді. Өйткені, Семей облыстық Земство жиылысының мүшелерінің саны барлығы 43 болса, оның 29-ы қазақ өкілдерінен тұруы және олардың ішінде беделді әрі білімді Ә. Бөкейханов, Ә. Ермеков, Т. Құнанбаев, Х. Ғаббасовтардың болуы себепті ахуалдың басқадай бағытта өрбуі ешбір мүмкін емес еді. Сондықтан облысқа қатысты мәдени-экономикалық, заңдық негізі бар мәселелер осы жиылыс отырысында шешімін тапқан болатын. Әсіресе, әлеумет істерге ертеден араласып жүрген білімді заңгер әрі тәжірибелі Райымжан Мәрсеков өзінің Земство ісіндегі қызметінде барлық жақсы қырларымен танымал

болды. Ол тек Земство ісі мен шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырудағы қабілетілігімен ғана емес, батыл саясаткер екенін де танытты. Мәселен, 1918 жылы қыркүйекте Алашорда мен Сібір үкіметі арасында уақытша қазақ сотының қызметіне қатысты келіспеушілік туғанда, Р.Мәрсеков қазақ соттарының жұмысының заңдық негізі бар екенін дәлелдеп, облыстық комиссар алдына қазақ соттары арқылы іс жүргізетіндігін атап көрсетеді. Ал, Облыс комиссары сот жүйесінде патшалық заманның Далалық өлкені басқару туралы Ережесін жетекшілікке алуын талап еткен болатынды. Осы келіспеушіліктерге байланысты Р.Мәрсеков: егер де Сібір үкіметі Алашорданы үкімет ретінде мойындамайтын болса, онда Земство тарапынан Сібір үкіметінің қаулы – қарарлары орындалмайтынын ескертеді. Бұл келіспеушіліктің нәтижесінде Сібір үкіметі Алашорданың корреспонденцияларын тегін жөнелтуді тоқтатады. Бұған қарсы қадам ретінде Р.Мәрсеков Уездік Земство жұмыстарын тексеріп қадағалауды және олардың Облыстық Земство Басқармасына есеп беруіне қарсы шыққан Уездік Земство басшыларына біз осындай шараны заңдастыру арқылы облыстық немесе Губерниялық комиссардың бақылауынан шығып кете аламыз деген тактикалық қорытындысын білдіре отырып, көндіреді. Дерек көздерінен Семей облысының уездерінде де Земство басқармаларының жұмысын қазақ зиялылары өз қолына алғандығын көреміз. Мәселен, Семей уездік Басқарма төрағасына А.Қозыбағаров, мүшелері болып А.Болатов, С.Дүйсенбин, П.Воробьев А.Богатырев сайланады. Семей Уездік Земствосының халық мүддесі үшін сан – салалы жұмыстарының алға басуына себепші болған іскер Басқармасының заңгер – көмекшісі ретінде 1918 жылы желтоқсаннан бастап тәжірибелі саясаткер, І-ші Мемлекеттік Думаның депутаты Ахмет Бірімжановтың қызметке алынуымен және 1919 наурыз айынан бастап Басқарманың Құрылыс – техникалық бөлім бастығы ретінде инженер – құрылысшы, ІІ-ші Мемлекеттік Думаның депутаты М.Тынышпаев Ұлт Кеңесіндегі қызметімен қатар, құрылыс және техникалық бөлім бастығы ретінде Семей уезінде мектептер мен ауруханалар салу мақсатында Сібір қалалары Ново-Николаевск, Томск, Омск қалаларынан құрылыс материалдарын алдыру үшін өзі бас болып іс-сапарға шығады. Деректеріне жүгінсек, Семей уездік Земство Басқармасы халық игілігі үшін сол сынаптай толқыған заманда ең зәру деген мәселелерді шешу жолында қажырлы еңбек еткеніне көз жеткіземіз.

Жер мәселесінің күрделілігіне байланысты ол кезде жер комитеттері, кейін жер мәселесіне қатысты Кеңес құрылады. Семей облыстық Жер Кеңесінің төрағасы болған Р.Мәрсековтың басшылығымен жер дауы бойынша арызданған азаматтардың мәселелерін осы Кеңесте қаралып, шешімі шығарылып, реттеліп отырған. 1919 жылы 9-мамырдағы отырысында Кеңес Белағаш өңірінің қазақтарының қазыналық жерден көшіруге байланысты оларды күзге дейін көшіруді тоқтата тұруды сұраған өтінішін қанағаттандырып, егер де қазақтарды көшіретін жағдайда оларды міндетті түрде жермен қамтамасыз ету туралы шешім шығарды. Семейдің облыстық Земствосы 1918 жылы желтоқсанда Қиыр Күншығыс жаққа барып елге керек – жарақ, кездеме сатып әкелу үшін Р. Мәрсековты жіберді. Р. Мәрсеков бұл іс-сапарды 1918 жылдың 5-желтоқсанынан 1919 жылдың 29 наурызына дейін болады. Іс-сапарының нәтижесінде Американың «Мейер» деген фирмасымен 15 млн. сомның товарын шикізат өнімдеріне айырбастау туралы келісімге қол жеткізген. 1918 жылы желтоқсан айының соңына қарай Семей Уездік Земство басқармасының Қиыр Шығыстан қажетті заттар мен бұйымдарды сатып алып, оны Семейге жеткізу жөніндегі өкіл есебінде Әбдіқадыр Бейсеков пен П. Воробьевты тағайындайды. Ал, облыстық Земство тарапынан 1919 ж. қыркүйек айында А. Райымбеков Қиыр Шығыстан тауар сатып алу жөніндегі өкіл қызметіне алынады.

Облыс халқын өмірге ең қажетті тауарлармен қамтамасыз ете отырып, қазақ зиялылары болашақта шет мемлекеттермен іскерлік байланыс орнатуды, елдің экономикасын дамытудың жолдарын іздестіру талабында келіссөздер жүргізді. Бұл туралы «Сарыарқа» газетінің хабарында толық мәлімет беріледі: «Владивосток қаласына біздің өкіл барып Алаштың шаруа қауымын, шаруаның жәйін Американың атақты, зор байларына, фабриканттарына білгізіп, бұларға қазақтың малын, байлығын түсіндірген соң, арадағы жай

саудагерлермен, алыпсатарлармен іс қылмай, ... қазақтың топ ұйымымен іс қылып, нәрсе айырбастап, керек-жарақ сауда ісімен алыс-беріс қылып тұрмақ болған және де басқа нәрселерді жеткізбек ... бұдан басқа да қазақ ортасына фабрика, заводтар ашу, автомобильмен таситын машинелерінде сөйлескен. Жақын арада кісілері келмек. Бұлар жаңа саудагерлермен, «Алаш ұйымымен» іс қылады». Облыстың шаруашылық жүйесін қалпына келтірудің де негізгі бағыттарын айқындай отыра шаруашылықты дамыту мақсатында Семей облыстық Земство Басқармасы өзінің жанынан өнеркәсіп бөлімін (1919 ж. маусымда) ашып, оның жұмысының бағыттарын белгілейді: 1. Жол құрылысына көңіл бөлу; 2. Земство жанынан өнеркәсіп орындарын ашу; 3. Жеке ұсақ кәсіпорындардың дамуына жағдай жасап, біріктіру; 4. Кооперация жұмысын дамыту. Семей облысының экономикалық ерекшелігіне сәйкес шикізат көзі негізінде кәсіпорындар мал өнімдерін өңдеуге, дәнді дақылдар өндіруге және тау – кен өндірісін жолға қоюы тиіс деп белгіленеді.

Шаруашылық бағыттағы істі Семей облыстық Земствосы да уездерде шаруашылыққа зиянды жәндіктерге қарсы күрес жүргізу үшін қазақ халқына арнап арнайы курс ашып және әрбір уезде қазақ халқы үшін гидротехникалық көмек көрсету мақсатында уездік Земстволар жанынан гидротехникалық бөлімшелерін ұйымдастыруды қатаң тапсырды. Қазақ жұртына гидротехникалық көмек көрсету және шаруашылыққа зиянды жәндіктерге қарсы күрес жүргізу жолын оқытатын қазақ жастары үшін арнайы курстар ашу жұмыстарын Земство басқармаларының қолға алуына, бұл жұмыстардың дұрыс жолға қойылып, оның қазақ халқының шаруашылығы үшін маңыздылығын түсіндіруде, сол уақытта, Семей облысының агрономы міндетін атқарушы Сатылған Сабатаевтың тікелей ықпалымен жүзеге асырылғандығы даусыз болса керек. Семей облыстық Земство жиылысының 1918 ж. 9-қазандағы отырысында халыққа ветеринарлық көмек көрсету жөні туралы мәселе көтерілгенді, Семей уездік Земство Басқармаларының мүшелері А.Қозыбағаров пен Н.П.Воробьев Семей уезінде 5 ветеринарлық бөлім ұйымдастырғанын және олардың құрал-саймандармен қамтамасыз етілгендігін баяндай келе, осы бағытта ең қажет табылған елді-мекендерде жұмыс жүргізгендіктерін білдіреді. Қазақ халқының негізінен мал шаруашылығымен шұғылданғандығын ескерсек, бұл жүргізілген шаралар өте маңызды іс болып табылады.

Қазақ зиялыларың сан-салалы қызметтері арқылы ең алдымен ұлттық мүдде тұрғысында мәдени – шаруашылық мәселелерін шешуге тырысқанын көреміз. Жалпы алғанда, қазақ зиялылары саяси-әкімшілік билік органдарында қызметтер атқара отырып, қазақ жұртының құқықтарын, талап-тілектерін, қорғап-қадағалауға, өзін-өзі билеу мүмкіндіктерін кеңейтіп, өздерінің саясаткерлігін, білімділігін, қажырлылықтарын көрсетті. Ең бастысы, автономия ісін ілгерілетуге қабілетті екендіктерін іс-жүзінде дәлелдеп берді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Санат», 1995. 48б
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек» 1995 78 б., 46 б. 130 б.
3. Қозыбаев М. Қ. Тұлғалар тұғыры. Алматы: ҚазАқпарат. 2009. 191 б.
4. Пірманов Ә., Қапаева. А. Қазақ интеллигенциясы. Алматы: «Атамұра», 1997. 159 б.
5. Сыдықов Е. Б. Алаш қаласының тарихы. Семей, 2010ж. 42,80,97 б.
6. Канафин К.К. Райымжан Мәрсеков. Формирование мировоззрения. Общественно-политическая деятельность (1879-1922г.г). Алматы, 1999.
7. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Алматы: «Жалын», 2004. 256 б.
8. Төлепберген Б. Мәңгі жас-Алаш идеясы. Алматы, 2008ж. 304 б.
9. ХХІ ғ. Алаштың Ақ жолы (ғылыми-публистикалық еңбектер, мақалалар мен сұхбаттар) Астана: «Экономика», 2015ж. 768 б.
10. Қозыбаев М.К. Аласұрған ХХ ғасыр.(толқын, ізденіс, проблемалары). Казакстан в начале ХХ века. Алма-Ата. 1993ж. 10б.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА САУДА ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМУДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРДІҢ РӨЛІ (XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

XIX ғасырдың ортасынан бастап капиталистік қатынастардың дамуына байланысты Қазақстанда сауда дами бастады. Шаруашылықтың типіне сәйкес Қазақстанда сауданың негізгі үш түрі: көшпелі аудандарда – тасымалды сауда, шаруашылық типі жартылай отырықшы аудандарда – жәрмеңке саудасы, отырықшы шаруашылықтары басым аудандарда – тұрақты сауда (магазиндер, қоймалар, дүкендер) болды.

Дала халқына барынша жақындай түсу үшін Россия саудагерлері Қазақстанға сауданың жаңа түрін – жәрмеңкелік сауданы енгізді.

Халқы сирек, ұшы-қиырсыз жері бар, қатынас жолы дамымаған, халқының дені көшпелі өлкеде жәрмеңкелер ірі сауданың қолайлы түрі болды. Орыс қалаларында ғана өткізіліп келген жәрмеңке Қазақстанда тұңғыш рет 1832 жылы Бөкей ордасында хан ордасы жанынан ашылды. Кейіннен (1855 ж.) Семейде екі қалалық жәрмеңкелер ашылды. Ақмола облысы Тайыншакөл, Константиновск, Петровск (Атбасарда) және 50-ден астам ұсақ және орташа жәрмеңкелер жұмыс істеді. 1848 жылы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесі, ал кейіннен Шар (Семей облысы), Қарқара (Жетісу), Әулиеата (Сырдария облысы), Ойыл, Темір (Орал облысы) жәрмеңкелер жұмыс істеді.

Патша үкіметі де, ірі саудагерлер де далалық өңірде сауда жасаудың қажеттігін ерте түсінді. Алайда, алғашқыда сауда орындарын, базарларды елді мекендерден ашып көрмекші болды.

Жергілікті билік алдымен округтердің орталықтары – приказдарда жәрмеңке ашуды қолға алды. Аягөз, Қарқаралы приказдарында жәрмеңкелер ашуға талпыныстар жасалды. Бірақ бұл жәрмеңкелер күткендегідей нәтиже бермеді. Аягөз приказының Сібір қырғыздары (қазақтар.-Авт.) шекара бастығына 1843 жылғы 6 наурызда жіберген мәлімдемесінде сауда ұйымдастыру ісінің сәтсіз болғандығын баяндайды: «Окружной приказ дал знать всем волостным управителям, вместе с тем обязал старшего султана и российских заседателей внушить киргизам всю пользу от учреждения ярмарки, и дабы они старались сколько можно больше приветить киргиз к съезду на ярмарку [1].

Қарқаралы приказында алғашқы жәрмеңке 1843 жылы 22 тамызда ашылып, бір аптаға созылатыны туралы жарияланды. Бірақ халықтың жиналмауына байланысты жәрмеңке өтпей қалды. Округтің аға сұлтаны: «Қазақтар ең басты товары – қойларын көктемде мамыр айында Петропавлдан, Пермь губерниясынан және т.б. жақтан келетін саудагерлерге сатып жіберетіндіктен, базарға дәл қазір әкелетін малдары жоқ» деген жоғарғы жаққа рапорт жөнелткен.

Қарқаралыдан бар болғаны 50 шақырым жердегі Талды өзенінің Қарасор көліне құярлығында аумағы 100 шаршы шақырымға жететін көк шалғынды Қоянды жазығы бар болатын. Бұл жерде бұрынғы кездерден бері Жетісудан Россияға мал айдайтын саудагерлер малдарын отықтыру үшін тоқтайтын. 1848 жылы Ялуторов көпесі Варнава Ботов елден арық-тұрақ, ақсақ-тоқсақ малдарды арзан бағаға жинап алып, осы жерде қондандырып, келесі маусымда жақсы бағамен сатып жібереді. Осы уақыттан бастап «Қоянды-Ботов» жәрмеңкесінің даңқы дәуірлеп, Сібірге, Орта Азияға, Оралға, Батыс Қытайға атағы мәлім болды. Далалықтар алыпсатарлардың қызметіне жүгінбей-ақ малдарын бірден осы жәрмеңкеде сатуға мүмкіндік алды.

Географиялық жағынан қолайлы жерге орналасқандықтан Семей облысындағы Қоянды жәрмеңкесінде сауда қарқынды дами бастады. Ресей қалаларына Қытайдан келетін керуендердің және қазақтардың саудаға мал айдайтын жолының бойында орналасуы Қоянды жәрмеңкесінің маңызын арттырып, ұлғаюына мүмкіндік туғызды.

Жәрмеңкенің дамуына көрші мемлекеттермен сауда-саттықты жақсарту үшін жасаған үкімет шараларының көмегі де аз болмады. Бұл жеңілдік шараларының қатарына:

1. Сібір линияларына сыртқы округтерден әкелінетін иленбеген тері мен майға салынатын салықтан саудагерлердің босатылуы - 1831 жыл.

2. Батыс Сібір аймағында тұратын бұхарлықтар мен ташкенттіктерге азиялық товарларды шекаралық аймақта гильдиялық салықтан босату - 1834 жыл.

3. Азиялықтардың саудагер куәлігінсіз сауда жасауына рұқсат беру - 1845 жылы

4. Шайдан басқа тауарларды баж салығынсыз қытай шекарасында саудалау, Россия мен Қытай арасындағы сауда келісімі (трактат) - 1852 жыл.

Сөйтіп, аталған шаралардың нәтижесінде 1848 жылы ашылған Қоянды жәрмеңкесінің жылдық сауда айналымы 1869 жылы 500 000 рубльге жетті. Осы жылдар арасында Қоянды жәрмеңкесі алдын ала хабарласу арқылы шақырылып, әкімшілік тарапынан ресми түрде тіркелмеген болатын. 1869 жылы Қояндыны ресми түрде жәрмеңкеге айналдыру туралы ұсыныстар түсіп, Батыс Сібір Басқармасының Бас Кеңесінің 12 қыркүйек 1869 жылғы қаулысымен Талды өзенінің бойындағы Қоянды қонысында 15 мамырдан 15 маусымға дейін ресми жәрмеңке жұмыс істейтін болды. Жәрмеңке негізін салушының құрметіне Ботов аталынды.

Жәрмеңкелік сауда түрі қалалардың барлығында жұмыс істеді. Жәрмеңкелер екі күннен бір айға дейін созылатын. 1899 жылы Семей облысындағы 25 жәрмеңкенің он бесі 4-разрядты жәрмеңке қатарына жататын. Облыстағы ең ірі Қоянды-Ботов пен Шар жәрмеңкесі 2-ші разрядқа жатқызылды [2].

Жәрмеңкедегі саудаға айдалып әкелінетін мал санының жыл сайын ұлғая түсуіне байланысты жайылымдық үшін 1871 жылы қазақтардың жерінен Батыс Сібір генерал-губернаторының жарлығымен 55 кв.верст жер бөлінді. Осы кезден бастап саудаға қажетті құрылыстар (сауда алаңдары мен қоймалар) салына бастады. Жәрмеңке 1919 жылға дейін жұмыс істеп келді.

Қоянды-Ботов жәрмеңкесінің сауда айналымы (рубль есебімен)

Жылдар	Айналымы	Жылдар	Айналымы
1869	500 000	1899	1 731 708
1870	516 425	1900	1 644 894
1875	1 226 297	1901	2 103 945
1880	1 368 016	1902	2 694 088
1882	1 785 114	1903	2 210 479
1885	597 214	1904	3 151 000
1887	892 278	1905	2 292 646
1888	1 217 692	1907	2 722 505
1889	1 781 700	1908	2 135 688
1890	850 730	1910	4 020 060
1892	1 193 219	1911	4 123 116
1893	1 358 885	1912	4 701 024
1894	1 713 358	1913	4 956 106
1898	1 586 842	1914	4 953 106

Кестеде көрсетілгендей жәрмеңкенің тауар айналымы тұрақты түрде үздіксіз өсіп отырған. Осыған орай оның саудаға лайықталып жабдықталуы да түзеле түсті. Жәрмеңкедегі сауда алғашқы кезде киіз үйлер жүргізілетін, ресми статус алғаннан кейін ғана арнай орындар салына бастады. Сауда барактарының санының өсуін төмендегі таблицадан көруге болады:

Жылдар	Сауда барактары	Киіз үйлер
1876	16	120

1879	70	170
1883	110	205
1886	200	Деректері жоқ
1890	276	707

Жәрмеңкедегі сауда айналымының жыл сайын өсуі қосымша қызмет түрлерін де қажет етті. Сондықтан 1885 жылдан бастап жәрмеңке маусымы кезінде почта байланысы жұмыс істеді, ал 1888 жылы телеграф желісі тартылды. Қоянды жәрмеңкесінде 1888 жылы Мемлекеттік Банк бөлімшелерін ашу жөнінде ұсыныстар жасалынды. Банк бөлімшесі 1894 жылы ашылып, оған тастан арнайы ғимарат та салынды.

Жалпы қазақ жеріндегі басқа жәрмеңкелер сияқты Қоянды-Ботовта да негізінен мал және мал шаруашылығы өнімдері саудаға түсетін. Қазақтың ірі байлары саудаға аса көп мөлшерде мал шығаратын: «За один месяц продавали более полумиллиона овец и до 200 тыс. голов крупного рогатого скота. Отдельные степные магнаты, такие, как казахские миллионеры Касимов и Маманов, ежегодно поставляли на ярмарку 50-100 тыс. голов скота» [3].

Ірі қара мен ұсақ мал XIX ғасырдың соңында жалпы сауданың 80%, ал XX ғасырдың басында 40-60% құрады.

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында тұрақты сауда орындары көбейгендіктен жәрмеңкелердің маңызы сәл төмендегені байқалды. Жәрмеңкелер сатылатын тауарларына байланысты бес категорияға бөлінді: мал; мал өнімдері шикізаты; «тұрмыс қажеттері мен шаруа бұйымдары»; азиялық тауарлар; еуропалық тауарлар. XIX ғасырдың 90-жылдарында алғашқы екі категория сауда айналымының 70%, бесінші категория 20% құрады [4].

Саудагерлер үшін фабрикалық бұйымдарды сатып, мал мен шикізат түріндегі мал өнімдерін сатып алудан түскен айырма далалық өңірден түскен таза пайда болып есептелетін.

Қоянды жәрмеңкесінде сатылатын мал саны XX ғасырдың екінші онжылдығынан бастап азайғанымен, ауылшаруашылық машиналары, россия фабрикаларының маталары және тағыбасқа тауарлар (мануфактура, галантерея және т.б.) есебінен сауданың жалпы айналымы көбейе түсті. (таблица).

### 1910-1913 жылдар аралығындағы Қоянды жәрмеңкесінің тауарлар ассортименті мен сауда айналымы (рубль) [5].

№		1910 ж.	1911 ж.	1912 ж.	1913 ж.
1.	Мануфактура тауарлары	2.242.000	2.195.191	2.350.000	2.500.000
2.	Галантерея тауарлары	69.650	77.325	85.000	85.000
3.	Бакалея тауарлары	12.000	15.500	23.250	35.000
4.	Азия тауарлары	82.550	90.250	101.525	100.000
5.	Тері: а) ірі қара малдың	60.000	50.000	83.000	78.000
6.	б) жылқының	50.000	37.000	110.650	88.000
7.	в) түйенің	5.000	4.000	4.300	5.700
8.	г) ешкінің	25.000	20.000	53.500	65.000
9.	д) қойдың	70.000	50.000	90.000	125.496
10.	Былғары	80.000	87.500	105.886	115.800
11.	Жүн: а) қойдың	270.000	300.700	297.300	311.849
12.	б) түйенің	42.000	32.500	50.000	94.926
13.	в) ешкінің	35.000	34.300	31.000	45.435
14.	Жылқының қылы	34.760	58.800	148.000	62.000
15.	Киіз	32.000	40.000	50.000	45.000
16.	Құстың қауырсыны	8.800	8.250	8.750	8.000

17.	Аң терісі мен елтірі	25.500	27.900	31.400	32.600
18.	Шай мен қант	680.000	760.000	800.000	780.000
19.	Ыдыс-аяқ	6.000	7.200	8.000	12.000
20.	Москатель тауарлары (бояулар, желім, т.б. химия заттары)	12.000	15.800	19.200	23.000
21.	Аяқ киім	5.600	6.200	7.000	15.000
22.	Жібек	20.000	25.000	30.000	42.000
23.	Темірден жасалған бұйымдар	30.000	35.000	41.409	48.500
24.	Шойын бұйымдары	50.100	65.000	80.000	82.000
25.	Бас киім	4.000	5.000	6.500	5.300
26.	Сандықтар	25.000	33.500	38.000	35.500
27.	Қайыс бұйымдар	2.000	2.400	2.800	4.500
28.	Тігін машиналары	4.500	5.000	5.556	13.000
29.	Күміс пен алтын	1.500	1.800	2.000	2.500
30.	Ұсақ-түйек тауарлар	35.100	30.200	37.318	40.000
31.	Астық	-	-	-	40.000
32.	Темекі мен сіріңке	-	-	-	12.000
	Барлығы	4.020.060	4.123.116	4.701.021	4.953.100

Жәрмеңкелер товар-ақша айналымын ұлғайтып, нарық қатынастарын дамытуға жәрдемдесті, мал шаруашылығының товарлылығын арттыруға ынта туғызды. Жәрмеңкелер қазақ шаруашылығының капиталистік экономикамен байланысын нығайтты. Натуралды шаруашылықтың ыдырауын тездетті.

Сауданың дамуына ең басты кедергі жердің шалғайлығы, жол қатынасының нашарлығы болды. Жолдардың болмауынан тау-кен өндірісі де, олардың өндірген шикізатына сұраныс та баяу дамыды, соған орай сауда айналымының көлемі де қарқындап өсе алмады. Шаруаға салатын бос капиталдың болмауы, істі белгілі бір шеңберден аспай ескі тәсілдермен жүргізу сауданың дамуына едәуір кедергі келтірді.

Соған қарамастан Семей облысының жәрмеңкелерінде 1901 жылы 2899030 рубльға сауда жасалынған, бұл 1898 жылғыдан 373598 рубльге артық [6]. Ең ірі Қоянды жәрмеңкесінде осы жылы 1731708 рубльдің саудасы жасалынған, оның ішінде мал 638965 рубльге сатылған.

Сатылым мөлшері бойынша Екінші орынды Шар жәрмеңкесі (215170 рубль), Павлодардың Баянауылындағы Покровская (214902) және Спиридоновская жәрмеңкелері (207000 рубль) иеленді.

Сұраныс пен ұсынысқа байланысты жәрмеңкелердің саны да өзгеріп тұрды. Нарық заңдары тезірек пайда табу үшін өндірушілерді тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру бағытында жұмыс істеуге итермеледі. Нарықтық экономиканың басты қағидасы – сұраныс пен ұсыныс – жәрмеңкелердің жиілігі мен санын, өтетін жерлері мен сауда көлемінің мөлшерін анықтады. Семей облысында 1901 жылы 26 жәрмеңке жұмыс істесе, 1906 жылы 29 жәрмеңкенің 18 ғана жұмыс істеп, айналымы 8 миллионды құрады [7]. 1911 жылы 14 жәрмеңке жұмыс істеді, оның ішінде бір ғана Ботов жәрмеңкесінің сауда айналымы 4 миллионнан асты. Ішкі саудада мануфактура тауарлары 36% жетіп басымдыққа ие болды, бакалея тауарлары - 15%, сусындар -11% құрады.

Революция кезіндегі саяси жағдайлар жәрмеңкелерге, жалпы сауда саласына жағымсыз әсерін тигізді. Сауда айналымы төмендеді, саудаға шығарылатын тауарлардың ассортименті де жұтаң тартты. Ішкергі жақтан әкелінетін тауарлар түрлері де, жалпы сомасы

да азайды, саяси қиыншылықтардан туған дағдарыстан халықтың сатып алу мүмкіндігі төмендеді. Мұның өзі жәрмеңкелік сауданың ролінің түсуіне әкеліп соқтырды.

Қоянды жәрмеңкесінің ролін қайтадан қалпына келтіру мақсатында Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында біршама талпыныстар жасалынды. 1923 жылдан бастап Қоянды жәрмеңкесі қайтадан тұрақты түрде жұмыс істей бастады. Мұнда жеке саудагерлер Дүйсенбаев, Анашин, Хайбулин, Мамраев, Шеломенцевтер сауда жасауға келді. Мемлекеттік сауданы «Текстиль», «Кирцентрторг», «Кожсиндикат», «Сибторг», «Семгубсо-Юз» трестері жүргізді. Жәрмеңкені Бургс-дорф, Нахинман мен Соколов ашты.

Алайда революция мен азамат соғысына кейін ашылған жәрмеңке бірден жанданып кете алмады. Сауда тым жұтаң өтті. Бірақ, 1924 жылы Қоянды қайтадан түрленіп шыға келді. Ақмола, Омбы, Жетісу, Алтай, Батыс Қытай, Монғолиядан келген саудагерлер сауда айналымын көтеріп жіберді. Жәрмеңкеге 15 мыңнан астам жергілікті мал өсіруші шаруалар келді. Олар 50 мың қой, 10 мыңнан астам ірі қара мен жылқыны саудаға салды [3].

Шығыс өңірдегі жәрмеңкелік сауданы қолдау үшін одақтық үкімет 1925 жылы Қоянды жәрмеңкесін түрлі алымдар мен салықтан босатты. Жәрмеңкеге темір жол арқылы товар апаратын саудагерлерге жеңілдіктер жасалды. Жеке адамдардың саудасының үлесі жоғары болды (22%). Сауда маусымы кезінде Семей-Қоянды-Қарқаралы маршрутында автокөлік те жүргізілді. Алайда, сауда қарқын алып кете алмады, айналымы аз болды.

Нақты айтқанда, 1925 ж. - 1104,6 мың руб., 1926 ж. - 1503,5 мың руб., 1927 ж. - 1620,9 мың рубль, 1928 ж. - 1416,8 мың рубль ғана болды [3].

Ең соңғы рет 26 сәуір 1930 жылы Қарқаралы округтік атқару комитеті жәрмеңке өткізу туралы мәселе қарады. Бірақ, осы жылдың мамыр айында Москвадан жәрмеңкеге товар бөлінбейтіндігі туралы хабар келіп түседі. Жәрмеңкені жергілікті билік өз мүмкіндіктерін пайдаланып өткізуіне ұсыныс жасалынады. Жәрмеңке өткізуге бұрыннан белсене араласып келе жатқан «Казгосторг», «Окрживсоюз», «Потребсоюз», «Маслосоюз» және басқа тұрақты қатысушылардың талпынысынан ештеме шықпайды. Мұның бәрі ұжымдастырудың нәтижесі еді, малдың бәрі колхоздар мен совхоздардың меншігіне айналды. Бұрыннан бері саудаға түсіп келе жатқан мүліктердің барлығы мемлекет меншігіне өтіп кеткендіктен сататын да ештеме қалмаған болатын.

1930 жылдың қыркүйегінде жәрмеңкені жою комиссиясы құрылып, оның барлық жылжымайтын мүліктері сол жердегі жаңадан құрылған колхоз, совхоздарға таратылып берілді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ЦГА РК, Ф.374, оп.1, д.1018, л.62-62 об. Копия.
2. ЦГА РК, ф.460, оп.1, д.19, л.104
3. Попов Ю. Вспоминая Куяндинский торг // Индустриальная Караганда. - 6 нояб. 1992. - С.2
4. ЦГА РК, ф.15, оп.1, д.1594, л.57
5. Куяндинская ярмарка. 1924, Ведомость №2. Қарқаралы С. 381
6. ЦГА РК, ф.15, оп.1, д.472, л.82
7. ЦГА РК, ф. 460, оп.1, д.20, л.15

#### **Мағзұмова Н.А.**

1 курс магистранты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

#### **МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ СЕМЕЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946 – 1990 жж.)**

Қоғамды дамытуда білімнің маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның деңгейі мен сапасы мемлекеттің даму дәрежесін, экономикасының жалпы жай-күйін білдіретін көрсеткіш. Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде Семей облысындағы білім саласында да оң



өзгерістер орын алды, орта және жоғары оқу орындарының саны көбейді. Бұл сөз жоқ мемлекеттің оқу-ағарту саласындағы саясатымен де байланысты.

Соғыстан кейінгі жылдарда ағарту ісіне бөлінетін қаржының көлемі үнемі артып отырды. Мектептерге көмек көрсетілді, қор жасау үшін жексенбіліктер ұйымдастырылды, малшы балалары үшін мектеп-интернаттар салынды. Оқу ісінің одан арғы дамуында 1947 жылы қабылданған “Қазақ КСР-де жоғары және орта білім беруді одан әрі дамыту шаралары туралы” қаулының маңызы ерекше болды. Сонымен бірге, жоғарғы және орта білім беру жүйесіне бөлінетін қаржының да көлемі молайды.

1949 -1950 оқу жылында бүкіл елде халыққа жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беру енгізілді. Бұл сөз жоқ үлкен жетістік болатын. Оқуға тартылмай жүрген 15 жасқа дейінгі бала саны 1948 жылы 200 мың болса, 1955 жылы ол 16 мыңға азайды.

1950 жылдары мектептерде политехникалық білім беруге, оқушыларды өндірістік еңбекке араластыруға, мектептің өмірмен байланысын нығайтуға бағытталған шаралар да кең жүргізіле бастады. 1959 жылы “Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру туралы” заң қабылданды. Осыған сәйкес 1962-1963 оқу жылынан бастап 8 жылдық білім беруге көшу, 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерін құру, жұмысшы жастар мектептерін көбейту, мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту шаралары көзделді.

Соғыстан кейінгі мәселенің бірі – мамандарға, оның ішінде мұғалімдерге деген зәрулік болды. Мемлекет осыны да реттеуге күш салды. 1946-1956 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 344,5 мың жас маман дайындалды. 1965-1966 оқу жылында 39 жоғары оқу орындарында 144,7 мың студент оқыды. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар даярлау 11 есеге өсті. 1965 жылы халық шаруашылығында 0,5 млн-нан астам дипломды маман жұмыс жасады.

Жалпы мемлекет тарапынан қолға алынған осы шаралар республикадағы білім саласының дамуына әсер еткен жағдайлардың қатарына жатады. Соның нәтижесінде 70 - ші жылдары жалпыға бірдей орта білім беруге көшуге мүмкіндік туды. Осы кезеңде кабинеттік жүйені енгізу шаралары атқарылды. Ауыл мұғалімдеріне жеңілдіктер жасалынды. Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін тарату, әдістемелік жаңалықтарды енгізу жұмыстары жаппай жүргізілді. Ал 80 - ші жылдардың басында жалпыға бірдей міндетті орта білім беру жүзеге асырылды. Бұл өз тарапынан 1984 жылы кезекті мектеп реформасын жүргізуге негіз болды. Осы кезеңде мектептің материалдық базасын одан ары нығайту, 6 жастан бастап оқыту, жаңа пәндер енгізу, мұғалім беделін көтеру мәселелері де қарастырылды.

Осындай оң өзгерістерге қарамастан, қазақ мектептерінің жағдайы әлі де болса біршама ауыр болып қала берді. 1970 жылдары ірі агрокешендер құрылып, “болашағы жоқ” елді мекендер жойылып жатты. Бұл шағын комплектілі қазақ мектептеріне зиянды әсер етті. Себебі, олар еріксіз жабылды. 50-70 жылдардың ішінде орыс тілінде оқытылатын мектептер 1,5 мыңға артқанда, қазақ мектептері 3891-ден 2577-ге азайды. Әрине бұның осылай болуына басқа да факторлардың әсері аз болған жоқ.

1980 жылдардың ортасында республикадағы ЖОО-ның саны 55-ке жетті. Бұл жылдары студенттік құрылыс отрядтары өріс алды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетті. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарынан 550 мыңға жуық студенттер мен оқушылар 200 түрлі мамандық алды.

Сол кезеңдегі болған қиындықтарға қарамастан, халыққа білім беру жүйесіне үздіксіз мұғалім мамандар даярлау ісінде ондаған жылдар бойы 1937 жылы 31 қазанда Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің қаулысымен құрылған Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының орнының ерекше болғандығын айтамыз. Сол қаулыда Қазақ КСР Халық ағарту кеңесі мен Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің Семей қаласында 1937 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 4 жылдық педагогикалық институт ұйымдастыру жөніндегі ұсынысының қабылданғаны айтылған [1,32].

Сонымен, 1937 жылға дейін жоғары оқу орны құрамында тарих, география, физика – математика және жаратылыстану факультеттері бар Мұғалімдер институты ретінде өмір

сүрді. Ал, жаңадан құрылған Семей педагогикалық институтының бір ерекшелігі сол, оның құрамында Мұғалімдер институты да қызметін жалғастырды. 1937 жылы Семей педагогикалық институтының физика – математика және жаратылыстану факультеттеріне алғаш рет студенттерді қабылдау жүргізілді. Педагогикалық институтта да, әрі мұғалімдер институтында да орыс тілі және әдебиеті факультеттері алғаш рет ашылды.

Педагогикалық институт студенттер құрамын жасақтау барысында қиындықтар туындағанына қарамастан, сондай - ақ Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Ақмола облыстарындағы мектептердің оқушылары арасында да, бүгіндері кәсіби бағдар деп аталатын, үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді. Институтқа түсуге үміткерлерге арналған плакаттар, үндеулер және өзге де материалдар таратылды. Педагогикалық институтқа қабылдау туралы хабарламалар газеттер беттерінде жарияланды.

Студенттер, күндізгі бөлімде орыс тілі мен әдебиеті, жаратылыстану және химия, математика, ал сыртқы бөлімде орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, математика, жаратылыстану және химия сияқты мамандықтар бойынша білім алды. Институт түлектері орта мектептің мұғалімі мамандығын иеленді.

Институтты дамыту барысында мемлекет тұрмыстық жағдайға да көңіл бөліп отырды. 30 жылдардың соңына қарай 68 бөлмелі 4 қабатты жатақхана тұрғызылды. 500 мың сом қаржы жұмсалып, кабинеттер мен зертханаларды қайта жабдықтау жүргізілді. 1940 жылы институттың ішкі және сыртқы бөлімдерінде 1200 студент білім алды.

Жоғары оқу орнының сапалық деңгейінің артқанының көрсеткіші – оқытушылардың ғылыми және кәсіби біліктілігінің өсуіне көп көңіл бөлінуі болып табылатыны аян. 1940 жылы институттың Ғылыми кеңесі кандидаттық минимум тапсыру, кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғату мақсатында Мәскеу, Ленинград, Алматы, Қазан және өзге де қалаларға оқытушылардың 17 ғылыми іс сапарын белгіледі. Осы кезеңде оқытушылардың түрлі ғылыми жұмыс бағыттары қалыптаса бастады.

Семей педагогикалық институтының оқытушылары елдегі түрлі жоғары оқу орындарының түлектері болғанын да атап өту керек. Бірнеше оқытушы Қазан мемлекеттік университеті мен Қазан педагогикалық институтын бітіргендер болатын. Мәскеудегі Герцен атындағы Бүкілодақтық педагогикалық институтта және Ленинградтағы Философия, Тілтану және әдебиет институтында білім алған оқытушылар да институт қабырғасында қызмет етті. Сондай-ақ, бұлардың қатарында Мәскеу мемлекеттік университетінің, Мәскеу философия тарихы институтының түлектері де қызмет жасады.

Соғысқа дейінгі жылдарда Семей педагогикалық институтында ірі ғалым және қоғам қайраткері Қайым Мұхамедханов білім алды. Ол педагогикалық институттың жұмысына оқуға түспей тұрып ақ ат салыса бастады. 1935 – 1937 жылдары мұғалімдер даярлайтын курста оқи жүріп, Облыстық халыққа білім беру бөлімінің мұғалімдер даяндау курсына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ жүргізді. Семей педагогикалық институтында оқи жүре, ол 1938 жылдан бастап институттағы дайындық бөлімдеріндегі орыс топтарына дәріс берді. Институтты бітіргеннен соң Қайым Мұхамедханов қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қалтырылды. Қ.Мұхамедхановтың ғылыми ізденістері студенттік кезден басталған еді. Оның өзі айтқандай, ол тек білім ғана бермей, ғылымға деген қызығушылық оятатын оқытушылардан да дәріс тыңдау бақытына ие болды.

Ұлы Отан соғысының басталуы институт өміріне де үлкен өзгерістерді алып келді. Ең бастысы, оқытушылар мен студенттер бүкіл еліміздің азаматтары сияқты отанын қорғауға аттанды. Соғыстың бастапқы кезеңінде ақ 40 оқытушы майданға аттанды. Соғыс жағдайының қиындықтарына қарамастан, оқу ағарту саласына мамандарды даярлау ісі одан әрі, тоқтаусыз жүргізілді. Педагогикалық институттың барлық жұмыс соғыс уақытының жағдайына сәйкес бейімделіп, қайта құрылды. Оқу процесі өзгермелі жоспарлар бойынша жүргізілді. Институттың ғимаратында әскери госпиталь орналасты. Елдегі қабылданған тәртіп бойынша институттың оқытушылары мен студенттері әскери мамандықтарды игеруге де міндеттенді. Институтта байланысшылар, атқыштар, мейірбикелер дайындайтын үйірмелер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, педагогикалық институттың қызметкерлері мен студенттері елдің экономикалық күш қуатының артуына да өз үлесін қосты. Новосібір облыстық отын дайындау және өткізу мекемесімен жасалған келісімге сәйкес, институт сол облыстың жеріндегі шахталардағы жұмысқа 100 адам жіберуге міндеттенсе, отын дайындау және өткізу мекемесі институтқа 400 тонна көмір жіберуге міндетіне алды [1,34].

Осы қиындықтарға қарамастан, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы студенттердің бір жағынан жолдары болды деп те айтуға болады. Себебі, осы кезде еліміздің ірі ғылыми орталықтары – Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен, Харьковтен, Одессадан, Бакуден және өзге де қалалардан Семейге эвакуацияланғандармен бірге небір атақты ғалымдар келді. Сол кездегі студенттер осы адамдардан білім алу бақытына ие болды [1,50].

1944 жылы соғыс туғызған қиындықтарға қарамастан, жоғары оқу орнының 10-жылдық мерейтойы да аталып өтті. Сол жолы Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты институттың жоғары білікті мамандар даярлау ісіндегі жемісті еңбегін атап көрсетті. Онда соғыс басталғаннан кейін институттың өз жұмысын соғыс мақсатына сай өзгерткені атап өтілді. Қорғаныстық – шаруашылық мақсатта ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінгені, майданға көмек ретінде жылы киімдер мен ақшалай қаржы жинау істеріне, халық шаруашылық жұмыстарына ат салысқаны көрсетілді [1,35].

1942 жылы Семей педагогикалық институтының құрамындағы Мұғалімдер институты жабылды. Бірақ, 1943 жылы құрамына физика-математика және тарих-филология факультеттері енген Мұғалімдер институты жұмысын қайта жалғастырды. Бұл институт Семей педагогикалық институтының құрамында 1952 жылға дейін қызмет жасады [1,56].

Соғыс жылдары институтты Н.С.Ким (1942 – 1945), ал 1945 – 1951 жылдар аралығында педагогикалық институтты Р.М.Барлыбаев басқарды, одан кейінгі жылдарда оқу орнының басшылары К.Д.Даукеев (1951 – 1953), А.А.Курочкин (1953 – 1971), Ю.Г.Чернов (1971 – 1983), Е.А.Кузнецов (1983 – 1985), М.С.Панин (1985 – 1995) болды.

Педагогикалық институт тарихының жарқын беттері қатарына институттың профессор-оқытушылар құрамының жаңадан құрылған жоғары оқу орындарына қамқорлық көрсеткен кезеңін де жатқызуға болады. 1952 жылы Семей мұғалімдік институтының базасында Өскемен педагогикалық институты құрылды. Осы кезде Семей мұғалімдік институтының оқытушылары толық құрамда Өскемен педагогикалық институтына ауыстырылды. Семей педагогикалық институтында ұзақ жылдар бойы сабақ берген оқытушылардың көпшілігі жаңадан құрылған оқу орнына ауысты. Семей педагогикалық институтынан Өскемен педагогикалық институтына кітапхана қорынаң бір бөлігі мен оқу құралдары берілді. Павлодар педагогикалық институтының қалыптасуына да осындай көмек жасалынды [1,5].

Бір сөзбен айтқанда, аса бір күрделі уақыттары бар, соғыстан кейінгі кезеңдегі Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының республикамыздың мектептеріне және т.б. оқу орындарына үздіксіз білікті мамандар дайындаған орасан зор қызметі, әлі де осы мәселені тереңдете зерттеуді қажет етеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Еліміздің шығысындағы ұстаздар дайындау ордасы. Старейший вуз на востоке страны. Семей:СМПИ, 2009. – 264б.

**Акмадиева Г.П.**

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНАУ ТАРИХЫ (1990-2000 жж.)**

Дипломатиялық қатынастар – «Халықаралық құқық ережелеріне және тәжірибесіне сай, мемлекеттер арасындағы ресми қатынастарды ұстаудың негізгі нысаны».

Дипломатия дегеніміз - ол мемлекеттің сырқы саясатын жүргізу тәсілі, яғни ол әскери емес, тәжірибелік іс-шаралардың жиынтығы, белгілі бір мәселелерді шешуге арналған қабылдаулар мен әдістер. Шет елдегі мемлекет және Үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлерінің, сырқы істер ведомстволарының, дипломатиялық өкілдіктерінің, ресми қызметі, мемлекеттің сырқы саяси мәселелерін және мақсаттарын жүзеге асырушы халықаралық конференциялардағы делегациялар, сонымен қатар мемлекеттің шетелдегі азаматтардың және мекемелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қызметі.

«Дипломатия» ұғымын, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдетумен, сонымен қатар халықаралық қатынастарда кедергілерді болдырмау, не реттеу мақсатында жүргізілетін келіссөздер өнерімен байланыстырады.

Тәжірибедегі ең негізгі және ең кең тараған дипломатиялық тәсілдер мыналар: жоғарғы және жоғарғы деңгейдегі ресми және басқа визиттермен келіссөздер; дипломатиялық конгресстер, конференциялар, екі жақты кездесулер және құжаттарды бекіту, халықаралық ұйымдар және олардың өкілдігі, дипломатиялық хат алысу, дипломатиялық құжаттардың құрылуы мен көп жақты дипломатия жүргізу тәсілдері.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қатынастарды орнату тарихының алғышарттарының ерекше қадамы ретінде еліміз бен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынастардың орнауын атап өтуге болады.

1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан тәуелсіздігін әлемде бірінші болып таныған мемлекет- Түркия Республикасы болды. Халықтарының түптамасы, ортақ әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері ұқсас қос мемлекет халықаралық аренада стратегиялық әріптес болып табылады.

Қазақстанға ең бірінші болып қолдау көрсеткен Түркия мемлекетінің теңдесі жоқ бұл қадамы тәуелсіз жас мемлекеттің халықаралық деңгейде тез таңылып, өзінің сыртқы саясатын айқындауға, басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарының негізін салуға жол ашты. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынастардың алғашқы қадамдары жасалып және Алматы қаласында тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы ең бірінші болып Түркия Республикасының елшілігі ашылды. Әрине, бұл ресми дипломатиялық қатынастың орнауы болды. Дегенмен, айта кететін жайт, Түркиямен мәдени қарым-қатынастың орнатылуы, алғашқы ресми байланыс 1990 жылы тұңғыш рет Түркиядан мәдениет министрі Намук Кемал Зейбектің ресми сапармен Қазақстанға келуінен басталды. Онда Қазақ КСР-ның мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Түркия Республикасының мәдениет министрлігінің арасындағы қатынас туралы келісімдерге қол қойылды. Келісім-шарттар бойынша жастарға білім беру саласы қарастырылды, ЖОО арасындағы қарым-қатынастар, бірлескен ғылыми жобалар жасау, студенттер, ғалымдар және әртүрлі саладағы мамандармен алмасу, халықаралық конференциялар, семинарлар, симпозиумдар мен дөңгелек үстелдер өткізу шаралары, көрмелер ұйымдастыру, мәдени орталықтар ашу, музыкалық, театрлық және де басқа да шығармашылық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастарды қолдау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ

тіліне аудару жөніндегі келісімдер, Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстан Баб кесенелерінде өңдеу жұмыстарын Түркия Республикасы өз қолына алатындығы жөніндегі келісімдер және бірлескен археологиялық зерттеулер ұйымдастыру және тағы басқа да ғылым, білім және мәдениет саласындағы қатынастар туралы шаралар қарастырылып, келісім-шарттарға қол қойылды.

Бұл ресми қарым-қатынастар ең алдымен, түбі бір туысқан түрік халқы мен қазақ халқы арасындағы бір кездері тарихи жағдайларға байланысты үзіліп қалған мәдени және рухани байланысты қалпына келтіріп, екі халық арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастырудың алғашқы қадамдары болды. Түркия мемлекеті мен Қазақстанды байланыстырған осы шаралар республика жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапқанын айту қажет. Мұнан кейінгі туысқандық байланыстар, әсіресе халыққа етене жақын мәдениеті, білім, ғылым саласындағы өзара қарым-қатынастар екі ел арасын одан да тығыз жақындатты. Бұған Түркия мен Қазақстанның экономикалық байланыстары да зор ықпал етті. Сондықтан, бүгінгі күні қазақ-түрік ынтымақтастығы кең әрі жан-жақты екендігін, қатар екі елдің маңызды мәселелер бойынша ұстанған бағыттарының бірлігі мен ұқсастығын атап айту да қажет.

10 жыл ішінде Қазақстан мен Түркия арасында 90-нан астам келісім-шарттар және хаттамаларға қол қойылды /4/. Екі елдің Президенттерінің білім, ғылым және мәдениет министрлерінің бірнеше іс-сапарлары орын алды. Екі жақты делегациялар алмасу, мемлекетаралық ресми байланыстар кезінде келісілген қатынастар туралы шарттар негізінде, тікелей мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдар мен ұжымдар, оқу орындары мен ғылыми институттар және орталық өкілдерінің тұрақты байланысы қалыптасты. Ғылым Академиясына және ведомстволарға қарасты ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары арасында мамандардың алмасуы, сондай-ақ, университеттер арасында студенттер мен маман оқытушылардың алмасуы Қазақстан үшін ғылым, білім, мәдениет саласында шетелдік тәжірибе жинақтаудың алғашқы мектебі болды. Себебі, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания мемлекеттерімен мұндай қарым-қатынастар 90-жылдары Түркия елімен сияқты кең көлемде жүргізілген жоқ болатын. Бұл мәселе қазір де сондай сипатта деуге болады.

1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР-і Президентінің шақыруы бойынша Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озал Қазақстанға тұңғыш рет ресми сапарымен келді. Осы сапар кезінде Н.Назарбаев пен Тұрғыт Озал Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының арасында ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімде мәдениеттерінің, тілдерінің, рухани мұра мен дәстүрлердің ортақтығын біріктіретін екі ел халықтарының саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, гуманитарлық, хабарламалық және басқа салалардағы ұзақ мерзімді негіздегі өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге ұмтылды.

Қазақстан мен Түркия арасында саяси, экономика, мәдени қатынасы тез дамып кетті. Екі елдің арасында дипломатиялық достық, ынтымақтастық қарым-қатынастары орнатыла бастады.

1994 жылы екінші түрік мемлекетінің басшыларының бас қосуы болды. Бұл бас қосуда Н.Назарбаев түркі мемлекеттерінің Президенттеріне Еуразия Одағын құруға ұсыныс жасады. «Н.Назарбаев бұл одақ әскери емес, мемлекеттер арасындағы дипломатиялық, экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың дамуы үшін деді».

Қазақстан мен Түркия арасында 9-жылдық дипломатиялық қарым-қатынаста 66 құжатқа қол қойылып, оның ішінде 49 мемлекетаралық құжат болды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркия Республикасымен сауда-экономикалық қарым-қатынас кең қанат жайды. Екі елдің арасында сауда қатынасы 1992-жылы 30 миллион АҚШ доллары болса, 1997 жылы- 360 миллион АҚШ долларын құрап, ал 2000 жылы-460 миллион АҚШ долларын құрады.

1995 жылы Түркия Президенті Сүлеймен Демирел мен Н.Назарбаев «Экономикалық ынтымақтастық келісім-шартына қол қойды». Бұл келісім шарт негізінен, Қазақстанның

Каспийдегі мұнайын Түркияның территориясы арқылы Еуропа базарына шығаруы туралы болды.

Туысқан елдер арасында мәдениет қатынасы қарқынды дамыды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін екі ел арасында мерекелік іс-шаралар өткізу мен мәдени күндерін өткізу туралы келісімге қол қойылды. 1995-1996 жылдары Түркияда Қазақстан мәдениет күндері болды. Түркия қазақ халқының ақындары мен жазушыларының мерей тойларын атап өтті. Олар Абайдың 150 жылдығы, Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерей тойларын және арнайы конференциялар да өткізілді.

1996-1998 жылдары аралығында «Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени ынтымақтастықты дамыту жөніндегі хаттамада» мәдениет министрлері Т.Мамашев пен И.Қақарман қол қойды.

Бұл хаттамада мәдениет және өнер саласындағы байланыстарды одан әрі тереңдету туралы мәселелер қамтылған. Атап айтқанда, түрлі фестивальдар, конференциялар ұйымдастыру, кино апталықтарын өткізу тағы басқа шаралар қарастырылды.

2000 жылы қазан айының 19-21 күндері аралығында Қазақстан ежелгі ХҮ ғасырлық тарихы бар Түркістанның 1500 жылдық мерейтойын тойлады. Бұл мереке тойға Түркі халықтарының мәдениет министрлері келді. Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі реставрацияланып, ХҮІІІ ғасырда үш жүзді біріктірген Абылай ханның мәйіті Ақсарайға арулап қайта қойылды. Түркістанның 1500 жылдық тойына Қазақстан ғалымдары «Түркістан энциклопедиясын» жарыққа шығарды. Энциклопедияда түркі халқының тарихы мен мәдениеті жазылған.<sup>1</sup>

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде, қазақ-түрік қатынастарын жан-жақты зерттеу, талдау және екіжақты қарым-қатынастардың бағыттарына сипаттама беру тарихи зерттеулер қажеттілігін туғызғанын да айта кетуге болады. Сонымен, Қазақстан мен Түркия Республикасының қарым-қатынастары туралы сол кездерде бірқатар еңбектер мен кітаптар, ғылыми мақалалар жарыққа шыға бастады.

Қазақстан мен Түркия Республикасының қарым қатынастарының бастамасы, екі елдің тұңғыш рет келісім жасауы, кәсіпорындардың бірлесуі туралы Келімбаев М. «Қазақстан коммунисті» газетінде өзінің көлемді мақаласын жария етті.

Сондай ақ, Н.Назарбаев тәуелсіздік алған кезде тұңғыш мойындаған және туысқан Түркия Республикасының Президенттері туралы өз еңбегінде ерекше атап өтті. Қ. Тоқаев та өзінің еңбектерінде Түркия Республикасы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы стратегиялық орны жайлы пікірлер қалдырды.

Түркия Республикасымен мемлекетаралық кең көлемді қатынас орнату — Қазақстанның халықаралық қатынастар саласындағы басты міндеттерінің бірегейі. Бұл екі мемлекетті жақындастыратын басты фактор — екі халықтың түбі бір туыстығы, өткен тарихының ортақтығы, этнолингвистикалық жақындығы, геосаяси және экономикалық алғышарттарының бірлікті бастаулары.

Түркиямен ынтымақтастық Қазақстанның Азиялық аймақтық процестерге тереңдеп енуіне, Орталық Азия мемлекеттерінің көбіне ортақ түркі өркениетін қайта жаңғыртуына жәрдемдесті. Түркияның, Қазақстанның және басқа түркі тілдес мемлекеттердің арасындағы тығыз қатынастарды дамыту аймақтағы күштердің ара салмағына елеулі ықпал жасады. Мұның бәрі және бірқатар басқа факторлар Қазақстан-Түркия қатынастарының тарихи бастауларының негізгі кезеңдерін зерттеген тұста болашақ бағыттарын анықтаудың айрықша көкейтестілігін көрсетіп берді.

Сондықтан, Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары туралы ой қозғағанда екі ел арасындағы экономикалық, рухани және мәдени салалардағы байланыстарды жан-жақты саралаған жөн. Осман империясынан Республикаға айналысымен Ататүрік бастаған Түркия басшылығы, сонау 1923 жылдың өзінде-ақ барлық түрік халықтарының, олардың этностық,

мәдени, тарихи ортақтықтарына байланысты бірігу идеясына негізделген өзінің сыртқы саясатының жаңа—бағытын белсене әзірлеуге кіріскен болатын. Сол кезде-ақ құрамына Қазақстан да кіретін Орталық Азия елдерінің дербес мемлекеттер ретінде қалыптасуына қолдау көрсетуді Түркия өзінің тарихи миссиясы деп есептеді. Бұл күндері де Түркия түркі тілдес мемлекеттердің саяси-экономикалық одағы арқылы өзіне қолайлы деп санайтын аймақтағы жетекші рөлге ұмтылуға тырысып отыр.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, Қазақстан, 1996, 43С, 513-6.
2. Фейзуллах Будак «Қазақстан: өткені, бүгіні мен ертеңі» Анкара, 2000ж.
3. Келімбетов М. «Қазақстан-Түркия бауырластық бастаулары» Қазақстан Коммунисті-1991ж. №8-39 бет
4. Ph.Robins. The Middle East and the Central Asia in "The new deopolitions of Central Asia and its Neighbovrs". Pinter Publishears. London. 1994. Chapter iv - P. 165.
5. Торгово-экономическое сотрудничество. Протокол о торгово-экономическом сотрудничестве между Правительством Казахской Советской Социалистической Республики и Правительством Турецкой Республики от 15 марта 1991 года. - В сбор. Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара, "Билиг". 1996. С.149-152.
6. Соглашение между Казахской Советской Социалистической Республикой и Турецкой Республикой в области транспорта и телекоммуникаций от 26 сентября 1991 года. - В" сбор. Казахстан - Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара, "Билиг", 1996. С.158-162.
7. Встречи глав тюркоязычных государств Анкарское заявление. - В сбор. Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара, "Билиг", 1996, 413-416 бетгер.
8. Токаев К. Под стягом независимости. Оценки о внешней политике Казахстана. Атматы. Білім. 1997, С.347.

### **3 СЕКЦИЯ**

#### **М.Қ. КОЗЫБАЕВ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ИДЕОЛОГЫ**

---

#### **М.К. КОЗЫБАЕВ - ПЕРВЫЙ ИДЕОЛОГ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА**

**Искакова Г.К.**

доктор полит.наук, Государственный университет имени Шакарима г. Семей

#### **М.К.КОЗЫБАЕВ: МОНОЛОГ ОБ ОТЧИЗНЕ – МОНОЛОГ О НЕЗАВИСИМОСТИ, СВОБОДЕ И ПРАВАХ ЧЕЛОВЕКА**

Творчество известного ученого-историка, гуманиста и общественного деятеля М. К. Козыбаева не только интересно, но и во многих отношениях уникально. Творчество Козыбаева уникально тем, что он не ограничивается исследованием проблем истории, а через свое интеллектуально-мировоззренческое видение он раскрывает и осмысливает глобальные проблемы развития человечества, место и роль Казахстана в мировом сообществе. В своем «Монолог об отчизне» Манаш Козыбаевич, анализируя содержание и смысл понятия «независимость», писал «Говоря о независимости, мы сегодня говорим о том, что демос – народ стал свободен и волен, высоко держит голову, от однопартийной диктатуры перешли к многопартийности, к плюрализму мнений, к росту защиты гражданских прав человека» [1].

Обеспечение прав и свобод человека – в этом видел М. Козыбаев важнейшую цель политики современного государства. В качестве необходимых политико-правовых условий реализации прав и свобод человека выступают обеспечение верховенства права, соответствия закону праву и равенства всех перед законом. Проблема прав и свобод человека, таким образом, напрямую связана с формированием правового государства, в котором источником права признается личность, а не государство; человек от рождения имеет совокупность естественных прав, а государство и политическая система общества должны строиться в соответствии с этими правами.

В соотношении государства и права первичным является право. Д. Локк, например, рассматривал право выше всех государственных институтов. Государство выступает не только как законотворческое начало и нормотворческий фактор, но и как тот политический объект, который оформляется и функционирует, а также ограничивается правом. Право выступает как инструмент согласования различных социальных интересов, как необходимый фактор достижения политического согласия и социальной стабильности.

Выступая важнейшим регулятором политических отношений, закон должен быть правовым. Нормы закона не должны нарушать основные права и свободы человека, что «конституционно закрепляется как принцип связанности законодателя правами человека», а «содержание и применение законов должны соответствовать принципу формального равенства» [2, с.67]. Право и права человека составляют неразрывное единство, а неотъемлемые права человека должны стать смысловым ядром национального законодательства и национальной правовой системы любого демократического государства. Наряду с правовым характером закон должен иметь и правовое происхождение, то есть должны быть легитимными и процедура принятия закона и процесс формирования высшего законодательного органа. Среди субъектов, на которых распространяется действие правовых актов, находится и само государство, которое не вправе игнорировать изданный им акт. Государство не должно вторгаться в сферу неотчуждаемых прав человека. Для этого необходимо создать политико-правовые условия ограничения государства посредством принятия основного закона – Конституции, закрепляющей политико-правовое устройство государства и общества, права и свободы граждан. Законы должны отражать не только перспективы развития государства, но и характер, культуру, национальные традиции и менталитет народа. Гегель подчеркивал, что разумны только те законы и государственные устройства, которые соответствуют природе человека и понятию человека о его свободе [3, с.98]. Для каждого конкретного народа общие законы имеют свою специфику, соответствующую свойствам данного народа, поэтому «в чрезвычайно редких случаях, по мнению Ш. Монтескье, законы одного народа могут оказаться пригодными и для другого народа» [4, с.289]. Поэтому любое государство, в том числе и Республика Казахстан, формирует свою собственную политико-правовую систему, свое национальное законодательство, отражающие не только тенденции развития современной эпохи, но и характер казахстанского народа и потребности развития его духовной сферы.

Реализация прав и свобод человека зависит и от политической условий, созданных в обществе, в частности, от политической системы, политического режима и политики, проводимой государством. Политика является сферой, непосредственно затрагивающей интересы практически каждого человека. Политика появилась в связи с ее способностью согласовывать различные группы интересов, обеспечивать целостность общества, регулировать социальные взаимодействия. При всей многоаспектности содержания политики и, соответственно, множественности трактовок, понятно, что она имеет сущностные признаки: политика является сферой властных отношений, способом организации общественной жизни и особым типом управления общественными конфликтами на основе согласования различных групп интересов в общий интерес через государство и его институты. При этом на каждом крупном историческом этапе общественной эволюции политика, по мнению А. Соловьева, неизменно перестраивала композицию властных институтов, совершенствовала формы и механизмы публичного



принятия решений, способы укрепления легитимности и обеспечения стабильности власти, проявляя тем самым свои определенные свойства и качества [5, с.67]. Ряд концепций политики рассматривают политику и государство производными от права, прежде всего, от естественных прав человека, которые находятся в основе публичного права, законов и деятельности государства (например, теория «общественного договора» Дж. Локка, И. Канта и др.), справедливо представляют политику государства как специализированную деятельность по обеспечению и защите неотъемлемых прав и свобод человека.

Политика связана с формированием власти и ее институтов, однако она не ограничивается исключительно контекстом власти: в основе политики лежат индивидуальные, групповые и общественные интересы. Практика демократических государств показывает, что такие общезначимые потребности как права и свободы человека обеспечивает государство и его институты, а граждане через созданные общественные организации и политические партии доносят до институтов власти свои интересы и потребности.

Права и свободы человека невозможно обеспечить без государства, имеющего по своей сущности и содержанию политическую природу. Все международно-правовые акты о правах человека рассматривают государство как основной инструмент обеспечения этих прав и закрепляют за ним соответствующие обязательства. Выступая в качестве организованной политической власти, государство обладает огромными потенциальными возможностями для утверждения прав и свобод человека.

Государство призвано разработать и реализовать стратегические направления развития общества, которые обеспечивают, в конечном счете, экономические, политические, культурные и другие права каждого человека. Цели государственной политики для их практического осуществления закрепляются в соответствующих нормативных правовых актах, прежде всего в конституциях. Так, в Конституции Республики Казахстан записано: «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы» (ст.1). Конституция любого государства определяет политические цели и ориентиры развития государства и общества, а также основополагающие принципы деятельности государства. Так, статья 1 Конституции РК в качестве основополагающих принципов определила общественное согласие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами. После конституционного закрепления цели государственной политики, ее основные принципы определяют основные направления практической деятельности всех органов государственной власти.

Закрепленные конституцией цели и принципы государственной политики непосредственно связаны и с политическими документами, определяющими главные (стратегические) направления развития общества. Так, в политическом документе «Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства» определены концептуальная модель развития Казахстана и стратегические цели, в том числе повышение политического веса Казахстана в мировом сообществе за счет соблюдения демократических свобод и прав человека [6, с.34].

Для самосохранения и поддержания своего авторитета власть в любом ее институциональном выражении должна представлять себя как защитницу всеобщих интересов, подкреплять свою политику такими нравственными понятиями, как справедливость, честность и т.д. «Истинная политика, - писал Кант, - не может сделать шага, не присягнув заранее морали...Право человека должно считаться священным, каких бы жертв ни стоило это господствующей власти» [7, с.139]. Отсюда необходимость постоянного духовно-нравственного обоснования всех принимаемых органами власти политических решений.

К сожалению, пренебрежение нравственными ценностями и принципами морали – нередкое явление в политике. В современной геополитической реальности это проявляется в милитаризации многих областей жизни общества, в росте насилия и терроризма, господстве

культы силы как в мировой политике, так и политике отдельных государств. Поскольку отрыв политики от морали остается реальной и актуальной проблемой современности, широкая общественность активно обсуждает вопросы о том, как придать государственной власти, ее политике нравственное, «человеческое» измерение.

Как же должны взаимодействовать право и политика в обществе, стремящемся реализовать провозглашенные права и свободы человека? Право, как считает Кант, первично по отношению к политике. Он писал, что «всей политике следует преклонять колени перед правом», а право должно получить «в конце концов верховную власть» и призвано ограничивать политику [8, с.11]. Политика, в конечном счете, должна соответствовать праву.

При авторитаризме право и политика не соответствуют друг другу, граждане лишены возможности предотвратить злоупотребления властью, заметна ограниченность институтов политического выражения общественных интересов. А силовое подавление разнообразия интересов приводит к возникновению серьезных общественных конфликтов (например, Кыргызстан). Ограничение и подавление различных интересов неизбежно ведет к появлению оппозиции, которая в условиях тоталитарного режима вынуждена действовать нелегально (например, Узбекистан). Как правило, такая власть использует в борьбе с оппозицией неправовые (нередко карательные) методы. Политическая жизнь в этих условиях представляет собой серьезное противоборство, способное привести к неустойчивости самой власти и политической системы в целом.

В демократичном обществе институциональная система включает государство и политические партии, которые осуществляют свои специфические функции. Если политические партии представляют интересы различных социальных групп и реализуют тем самым политический плюрализм, то государство призвано выражать общие интересы и обеспечивать компромисс между социальными группами. Участники политического процесса, вступающие в борьбу за государственную власть или за влияние на нее, не располагают равными ресурсами и соответственно не обладают равными возможностями в этой борьбе. Поэтому необходимо внедрение в политику права – единых и общеобязательных правил для всех участников политического процесса. Практика последних лет показывает, что в странах, имеющих демократическое законодательство и развитые демократические институты, государственная власть остается по-прежнему мощной социальной и политической силой (государства Европы). Трансформируемое государство, в котором политика нередко выдвигается на первый план, для устойчивого воспроизводства нуждается в праве, в том числе в ее ключевой области - правах человека.

Со времени принятия Всеобщей Декларации прав человека и демократических конституций важнейшим критерием внутренней и внешней политики современного государства стало соблюдение прав и свобод человека. К сожалению, не все государства руководствуются этим критерием. Например, Узбекистан, Беларусь по-прежнему идентифицируют себя с обществом, которое "растворено" в государственной жизни. Основным содержанием законов явились не столько ценности прав и свобод человека, сколько государственный интерес. В результате граждане остаются пассивными исполнителями воли государственной власти, равнодушными к процессу принятия политических решений. В свою очередь, отсутствие широкого участия граждан в управлении обществом и государством снижает их патриотизм, гражданственность и соответственно способность реагировать на грубые нарушения своей свободы органами государственной власти.

Права и свободы человека становятся реальной категорией общественно-политической жизни лишь в случае, если последняя представляет единство гражданского общества и правового государства (и то, и другое мы относим к важнейшим политико-правовым условиям реализации прав и свобод человека). Связывая «гражданское общество» со свободой, собственностью и безопасностью, многие исследователи особое внимание уделяют развитию частной собственности. От реализации в стране права на собственность и предпринимательскую деятельность зависит наличие среднего класса, его жизнеспособность.

Средний класс в цивилизованном обществе – это главная сила рыночных преобразований в экономике, ведущий налогоплательщик, обеспечивающий возможность реализации государственных социальных и экономических программ. Осознавая собственные цели, средний класс не только создает материальные блага, но и активно участвует в создании политических институтов, представляющих и продвигающих их интересы, ценности и притязания на политическом пространстве, выступает инициатором, носителем и гарантом политической свободы, предсказуемости и стабильности. Современные политические системы развитых государств отличает именно наличие в социальной структуре общества широкого среднего класса, обеспечивающего стабильность существования и развития демократических институтов.

В постсоветских государствах средний класс, процесс формирования которого существенно отличается от западного (например, происходит в других исторических, социально-экономических, политических и международных условиях), пока еще институционально и статусно не состоялся. Реальным фактором социальной практики средний класс и институт частной собственности в постсоветских государствах возможны только в условиях разделения между экономическим классом собственников и политической властью, демократизации государственно-политической системы и выведения сферы экономических отношений и интересов граждан страны из-под влияния и контроля государственной бюрократии и чиновничества.

Гражданское общество, согласующее политические воли различных субъектов с основными принципами права, с идеей незыблемости прав и свобод человека, придает легитимность государству и его законам. С гражданским обществом неразрывно связано правовое государство, которое является его политико-правовым оформлением. Современные концепции плюралистической демократии, рассматривая различные признаки и пути формирования правового государства, пришли к выводу о правовом государстве как форме (само)ограничения государства правом, поскольку либерализм усматривал в самом государстве как сильном субъекте права потенциального нарушителя прав и свобод человека. Согласно либеральной теории, правовое государство - это государство, в котором обеспечено верховенство закона, власть основана на праве, им ограничивается и через него реализуется. Существуют множество различных определений правового государства через такие понятия как «свобода», «гражданское общество», «права человека» и др. Например, суть правового государства как высшей формы государственности Б. Кистяковский видел в ограничении власти признанием за личностью неотъемлемых, неприкосновенных прав.

Таким образом, важнейшим критерием правового состояния государства является реализация прав и свобод человека. Государство становится правовым в силу того, что признает, развивает и защищает права и свободы человека. Правовое государство, по мнению Г. Акмамбетова, выступает как условие реализации естественных прав человека, поскольку общество, которое мы имеем, переходит к гражданскому обществу в иных исторических условиях [9]. В правовом государстве вопрос о соотношении государство – личность должен решаться в пользу личности и ее прав.

Правовое государство – это не только всеобщая форма выражения, организации и защиты свободы человека в общественных отношениях, но и соответствующая практика организации политической власти и обеспечения прав и свобод. При этом правовое государство выступает как средство реализации прав и свобод человека и гражданина.

Наряду с незыблемостью прав и свобод человека основополагающими принципами правового государства являются верховенство права и основанного на нем закона, разделение единой власти на ветви с функционированием «системы сдержек и противовесов», взаимная ответственность общества, государства и личности, независимость судебной власти и др. Представляется важным наличие достаточно развитых политико-правовых институтов, различных общественных структур, многопартийной политической системы, сильного парламента, свободных СМИ, развитого местного самоуправления и др. Мировая практика свидетельствует, что для крупных по территории и полиэтничных по

составу государств, переживающих период трансформации (такowymi являются, например, Казахстан и Россия), наличие значительной части вышеназванных элементов, является вопросом не только устойчивости демократии и реальности прав человека, но и существования самого государства.

Сегодня гражданин предъявляет к органам государственной власти все более высокие требования, и государство, реагируя на возросшие индивидуальные требования своих граждан, предпринимает действия по реформированию всей системы государственного управления, направленного на обеспечение их конституционных прав и свобод. Однако при этом постсоветские государства, допуская свободу экономическую, стремятся ограничить свободу политическую, держать все важнейшие социальные и политические процессы под своим контролем. Как следствие, здесь отсутствует целостная система политической социализации и развитые институты участия, а также политическое доверие друг к другу и к институтам государственной власти.

Реализация прав и свобод человека – это сложный и длительный процесс, требующий активных усилий граждан, общества, государства, его институтов, т. е. всех субъектов политического процесса. Последний может способствовать (или не способствовать) созданию институциональных предпосылок для индивидуальной свободы человека, образования независимых организаций и институтов, выполняющих посредническую роль между властью и гражданином. В трансформирующихся обществах такие основные субъекты политического процесса, как государство в лице государственных органов и институты гражданского общества сосуществуют в качестве относительно изолированных сегментов политической системы, слабо взаимодействуют между собой. В тех государствах, где сформировано гражданское общество и есть гражданский контроль, не имеет кризисной остроты и вопрос о правах и свободах человека. Степень реализации прав и свобод человека выступает одним из важнейших критериев правового состояния государства и зрелости гражданского общества и зависит от таких объективных условий, как уровень социально-экономического развития общества, модели социально-политической организации, политической культуры, а также степени развития в обществе гуманистических и демократических традиций.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Козыбаев М.К. Монолог об отчизне //Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). Алматы, 2006. С.267.
2. Матюхин А.А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП «Эдилет», 2000.- 596 с.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия права. - М.: Мысль, 1990. - 324 с.
4. Монтескье Ш. О духе законов. Избранные произведения. - М.: Госполитиздат, 1955.- С.288 - 289.
5. Соловьев А.И. Политический облик постсовременности: очевидность явления // Общественные науки и современность. - 2001.- №5.- С.63 - 67.
6. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. - Алма-Ата, 1992. - 32 с.
7. Кант И. Сочинения на немецком и русском языках. - М., 1967. - Т.1. - 237 с.
8. Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. К вечному миру. - Алматы: Научные труды «Эдилет», 1999. - 113 с.
9. Акмамбетов Г.Г. Особенности формирования гражданского общества в Казахстане // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. - 1994.- № 3.- С.10 - 17.

**Есенғазы Қуандық**  
т.ғ.д., профессор

## **МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫСТЫ ИДЕОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ ...**

Қазақстан тарихындағы мемлекеттік маңызы бар, ең өзекті күні бүгінге дейін өзінің шынайы бағасын ала алмай, кеңестікдәуір тұсындағы тұжырыммен шектеліп қалған, ғылымда жаңашазерттеле қоймаған мәселелердің бірі-20-30 жылдардағы мәдениқұрылысты идеологияландыру, ондағы интеллигенцияны "ұлтшылдыққа" айыптау.

Қазан төңкерісіне дейін патша отаршылары шешіп-пішкен "қазақтарда зиялы қауым болған жоқ" деген қате пікір сауатсыз, қараңғы халық деген жалған тұжырыммен заңдастырылды. Ал 20-30жылдары большевиктер өмірге әкелген әміршіл-әкімшіл жүйенің жалған идеологиясы қазақ халқының санасын улап, жан дүниесін лайлап, оларға еркінен тыс зорлық жасап, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр жораларынан, мәдени жетістіктерінен еріксіз айырып, кеңестік қалыпқа салып, ұлттық бет-бейнесін өзгертуге шұғыл кірісті. Олар "көшпелі ел ХХ ғасырда өмір сүруге тиісті емес" деген "теориямен" қаруланып, қазақтарды өз "қамқорлықтарына" алды.

Көшпелі елді "қараңғы болды, мәдениеті төмен еді" деген жасанды тұжырымдар әлі күнге дейін қазақтардан көлеңкедей қалмай келеді. "Қазақтардың көшпелі ел болып өмір сүруі-өркениеттен артта қалушылық емес, ата кәсіп"-деген осы саланы зерттеуші орыс профессоры С.П.Швецовтың ғылыми пікіріне де ешкім құлақ аспады. Ал, кейін сол пікірдің ақиқат екенін уақыттың өзі дәлелдеп шықты. Көшпелілер атанған қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, қолөнер мәдениеті, материалдық рухани байлықтары, сондай-ақ басқа халықтарда қайталанбайтын өзіндік дала этикасы болғандығына **академик Қозыбаев Манаш** ағамыз: "Бұл-көшпелілер өркениетінің этикасы. Ол-сұлулыққа, батырлыққа, парасаттылыққа бас иіп, әдептілік пен тәрбиелілікке үлкен мән беріп, басына көтерген халықтың этикасы"[1, 37-б.]-деп баға берген.

Ал осындай дала этикасының тамаша үлгілерін ғасырларға созылған жаугершілік заманда, одан қала берді отаршылдық бұғауы жүздеген жылдар мойнынан түспеген кезеңдерден бері сақтап келуі, қазақ халқының дамуында осындай қиын-қыстау заман болмағанда өркениетті елдер қатарынан кенже қалмаған болар еді деген ойға жетелейді. Тағы бір ескеретін жәйт, бұл халықтың мәдени салт-дәстүрлері өзгеше, яғни шығыстық болды, ал оны Батыс елдерімен салыстырып, бір өлшемге салып бағалау әділетсіздік болар еді. Көшпелі ел атанған қазақтардың қонақжайлылығы, сөзге шешендігі, зеректігі, алғырлығы, үлкенді құрмет тұтатын асыл қасиеттері өркениет төрінен орын алған халықтардан кем соқпады.

Өзге халықтар секілді тарихта қазақтардың да елінің, жерінің бет-бейнесін, болмысын, қадір-қасиетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айшықтап тұратын, жұртының мақтанышына айналған, маңдайына біткен тума талант, оқыған, өмірде тоқығаны көп аяулы перзенттері аз болмағаны ақиқат. Олар өздері өмір сүрген кезеңдерде халқының бетке ұстар зиялылары болды. Мәдениеттің әр саласының өкілдері болған олардың өз халқының мақтанышына айналғанына тарихта, ел аузында қалған есімдері дәлел. Тек соңғы екі ғасырдағыларын атасақ олар: ғалым-этнограф Шоқан, ағартушы Ыбырай, қазақ поэзиясының классигі, данышпан Абай, ақын-философ Шәкәрім, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Әлихан, Ахмет, Мағжандар сияқты ұлт мақтаныштары және Мұстафа, Тұрар, Смағұл, Сұлтанбек, Ыдырыс секілді қоғам қайраткерлері т.б. болды. ХХ ғасырдың басында қазақтардың 20 пайызынан астамы оқи да жаза да білген. Мұның ішінде мұсылманша оқығандарыда бар, олардың біразы Стамбұлда, Францияда, Петерборда, Мәскеуде, Қазанда, Уфада, Омбыда оқығандар еді, олардың көбі парсы, араб, орыс және басқа да шет тілдерін білді. Мысалы, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әріп Тәңірбергенов, Нәзір Төрекұловтар бірнеше тілдерді меңгергендер.

Ал 1926 жылғы халық санағы мәліметі бойынша Республика халқының 25 пайызы сауатты болған [2, 22-б.]. Елдегі мәдени саладағықайта құрулар социалистік құрылысты орнатудың маңызды буыныдеп есептелді. Оның ішінде әдебиет пен өнер саласындағы өзгерістердің жаңа қоғамның адамдарын тәрбиелеудегі рөлі баса көрсетілді. Сол кездегі Кеңес елінің, оның ішінде Қазақстанның идеялық өмірінде БК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы қаулысының ықпалы күшті болды."Көркем әдебиет саласындағы партия саясаты туралы" деген бұл қаулыда жат идеологияға қарсы күресті күшейту қажеттілігі айтылды. Қаулыда "пролетариат жазушыларының үстемдігі жоқ, партия бұл жазушыларға осы үстемдікті алудың тарихи құқығын иемденуге көмектесуі керек"- делінген.[3, 27-б.]. Сонымен бірге партияның Орталық Комитеті жаңа әдебиеттің негізгі міндеттерін, оның социалистік қоғам құрудағы күресінің орнын белгілеп берді. Сөйтіп, партия көркем әдебиеттің еркін дамуына тұсау салып, оны айтқанына көніп, айдауына жүретін жағдайға бейімдеді. Оған дәлел буржуазиялық идеологияға қарсы күресу мақсатында пролетариат жазушыларын біріктіретін ұйым-Пролетариат жазушыларының ресейлік ассоциациясы (РАПП) құрылды да, оның үлгісімен дереу 1926 жылы (ҚазАПП) пролетариат жазушыларының қазақтық ассоциациясы құрылды. Оның "Жыл құсы" атты баспа органы болды. Бұл альманахтың беттерінде теориялық маңызды мәселелер бойынша қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдері мен әдебиет сыншыларының мақалалары басылды. Партия тарапынан тапсырма бойынша жазылған олардың бұл мақалалары өмір шындығынан алшақ жатты. Ол мақалалардың басты мақсаты ұлтшыл-буржуазиялық идеологияның өкілдерін мұқатып, талқандау болды.

РАПП басшылығы да кез-келген ұлт әдебиетінің революцияға дейінгі мұрасы буржуазиялық мұра болып табылады, өйткені оны буржуазиялық ортадан шыққан жазушылар жасаған деген идеяны басшылыққа алуды ұсынады. Бұл тұжырымдамаға орай, пролетарлық әдебиетті тек пролетарлар әулетінен шыққан жазушыларғана жасай алады деген бір жақты бағыт ұстады. Ал ҚазАПП-шылардың (Қазақстан пролетар жазушыларының ассоциациясы)орталыққа еліктеген өз мақсаттары мен ұрандары болды. Олар Абайды ұмытуға, шығармаларын өртеуге шақырды. Оны "енді туып келе жатқан қазақ буржуазиясының идеологы"-[4.] деп кемсітті.М.Жұмабаев сияқтыларға қара бұлт төндірді. "Пролеткульт"идеологтары пролетариат мәдениетін классикалық мұрадан айырып алу ұранын, біздің революцияға дейінгі мәдениетіміздіңдемократиялық дәстүрлерін нигилистікпен жоққа шығару ұранынжария етті. Сол кездері туып, уағыздалған пролетарлық мәдениетті тек пролетариаттың өзі ғана жасауы керек деген ұғымның түп-төркіні, міне, сонда жатты. Осы бір идеяның түр-түсін сәл ғана өзгертіп, РАПП-шылар "пролетар тегінен" шықпаған талантты жазушыларды социалистік мәдениеттен аластамақ болды. Ол солай болды да. Ал жас ұлт әдебиеттері топырағына егілген бұл "бағалар" сұмдық зиянды болып шықты. ҚазАПП-шылар, қазақ әдебиетінің негізін салған Абайды және оның барша ізбасарларын, сол сияқты екі революция арасындағы ұмытылмайтын ауыр жылдарда терең із қалдырған әдебиетке қосылған жазушыларды түгелдей "буржуазия жандайшаптары", "буржуазиялық ұлтшылдар" деп жариялап, өткеннен қалған бай мұрадан біржолата аластап тастауға тырысты. Бұл шабуылға ең алғашқылардың бірі болып ұшырағандар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтар болды.

"Алашорданың" басшысы Ә.Бөкейхановқа қазақ әдебиетінің ескі, күні өткен шығармаларын (Кенесары, Наурызбай және Абылай туралы) поэмаларды басып шығаруды кеңінен жүргізді, діни феодалдық-патриархалды тақырыптарға жазылған хан мен байлардыңөмірін мадақтайтын ертегілерді басып шығарды деп негізсіз айыптағанды. Алашордашылар мәдениетпен өнер саласында өздерін қожайын санап, өздерін қазақ халқының өкілетті өкілдері ретінде сезінеді деп кінә тағып, оларды қудалады.[5, 201-б.].

Сол кездегі бұл азаматтар Орталықтан жүргізілген большевиктер саясатының түпкі мәнін дер кезінде түсіне біліп, оның халыққа түбінде ешбір жақсылық әкелмейтінін, тек отарлаудың жаңа біртүрі екенін сезіп, оған қарсылық жасап бақты, жандары ауырып,жүректері сыздады. Мысалы, осы аласапыран кезеңде ауылдағы тапкүресін және

идеологиядағы таптық принципті жоққа шығара отырып, А.Байтұрсынов: "Қазақтың қаламұстаған отаншыл қайраткерлері әрі интернационалист болып, әрі өзОтанына қарсы шығушылар қатарында қала алмайды. Олар сырттай өзгеруі мүмкін, бірақ ішкі жан дүниесі өзгермейді. Олар қазақхалқын құрбандыққа апаратын отаншыл рухтағы емес өкіметпенбірге бола алмайды"-деп ашық айтты.[6, 40-б.]. Ал, большевиктер партиясының халық мүддесінен алшақ тұрғанын көре білген Мағжан коммунистерді еңбекші халық деген атауды желеу еткен түпкі мақсаты бұлыңғыр, жалған идеологияның жалауын көтеруші топ деп баға берді.Өлкелік партия ұйымы оған қарсы болып, оны өшіп бара жатқан өмірді, пантюркизмді, "Алашты", билерді жырлады деп айыптады. М.Жұмабаевтың Ташкентте өлеңдер жинағының басылып шығуына байланысты Шығыс Коммунистік университетінің және рабфактың тыңдаушыларының 1924ж.ылы қараша айында Мәскеуде ұйымдастырылып өкізілген жиналысы болды. Ал 1925 жылдың басында іле-шала "Еңбекші қазақ" газетінде сол жиналысқа қатысушылардың сөздері басылып, ақынның творчествосына баға берілді. Бұл баға оқырман көпшіліктің әділ бағасы емес, партия ұйымдарының шындықты бұрмалаған жалған сұрқия саясаты еді. Осы жиналыста әдебиет таптық ұғымнан жоғары тұратын құбылыс, саясаттан тыс болуы керек деген Мағжан тұжырымдарына кеңестік идеологияның жанашырлары қарсы шығып, ол саланы бас аяғына дейін өздерінің қалауларынша идеологияландырды. Мағжанның өлеңдері байлардың әдебиеті, кеңестік пиғылға қарсы бағытта деп сипаттама беріледі /7/. ОсыМәскеуде өткен жиналыста қазақ студенттерін Жұмабаевқа қарсы айдап салудағы мақсат, сол кездегі партияның ұлттық әдебиетті өз ықпалына түсірудегі кезекті әккі әрекеттерінің бірі болатын. Бұл жиналыста студенттер бірауыздан Жұмабаевтың поэзиясы формасы жағынан көркем болғанымен, ол кеңестік саясатқа қарсы зиянды, ұлтшыл деген пікір "білдірді".

Қазақстан партия ұйымдары мәдени мекемелерді, оның ішінде баспасөз бен баспа ісін дереу өз ықпалында ұстау мақсатындабатыл шаралар жүргізді. 1925 жылғы желтоқсандағы V өлкелікпартия конференциясының қарарында былай деп көрсетілді: "Баспақызметкерлерінің құрамын сан және сапа жағынан да қанағаттанарлықсыз деп есептеп, конференция баспа қызметкері қатарындағы партия мүшелерінің пайызын ұлғайтуды ұсынады, баспа қызметкерлерінің біліктілігін көтеру үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырып, әсіресе, қазақтарды көптеп тарту көзделді".[8, 446-б.].

Өлкелік партия ұйымы "буржуазия идеологтарына" қарсы жас ақын жазушылар Сейфуллиннің, Мұқановтың, Майлиннің, Жансүгіровтердің қазақ кедейін білімге, өз қанаушыларына қарсы күреске, социализм құруға шақырған шығармаларын бастыртып шебер пайдаланды. Жаңа қоғамға жатырқай қарап, оның келешегіне күмәнданушылар "ұлтшыл буржуазия" өкілдеріне қосақталды, бірен-саранБ.Майлин, С.Мұқанов сияқтылар, еңбекші халықтың мүддесін көздеп, оларды жарқын болашаққа жеткізетін жаңа қоғамды өз шығармалары арқылы насихаттай бастады. Алғашында жаңа өмір жақсылық әкелер, әділеттік орнап, ел теңелер деп үміттенген Бейімбет, өзінің Жалбыр, Раушан, Азамат Азаматыч сияқты өзі жасаған кейіпкерлері арқылы есімі мәтелге айналған,елге мәлім Мырқымбайы арқылы жаңа өмірді бірге құруға шақырды. Бірақ басқалар сияқты ол халқына, ел азаматтарына опасыздық жасап, жағымпаздыққа бармады. Кеңестік саясатты уағыздауға ат салысқанымен де, өмір шындығынан аттап кете алмады. Басын бәйгеге тіге жүріп, замана сырын ашып берді, тұтас бір дәуірдің ғажайып картинасын, сол кезеңдегі қазақы мінездердіңқайталанбас, керемет бейнесін жасап беріп кетті. Ол өзі туралы: "Менің жақсы нәрселерім еленбей, оны аяқпен асыра салған секілденіп, бұдан 15-20 жыл бұрын жазғандарым болса, соны сүйреп әкеп, додаға салу басталды. Бұл-ҚазАПП-тың қыспағының үдеп тұрған кезі еді. Мен сол кезде көзге шыққан сүйелдей көріндім" деп жазуы сол бір аласапыран кезеңнен белгі береді[9]. Міне, осы жоғарыда есімдері аталған екі тұлғаның тағдырлары да өзгеше болды.Қазақ әдебиетіндегі біз атаған екінші алып тұлға-С.Мұқанов болса, ол саяси жүйенің алдамшы идеологиясының жетегінде кете барды, оның айтқанынан шықпай "жан-тәнімен беріле" қызмет етті.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі ағымдар туралы мәселеге келгенде идеологияның ығына жығылған С.Мұқанов оны төмендегідей үш бағытқа бөлді.

Ең бірінші бастысы-"Еңбекшілер бағыты" деп есептелінді. Оған Коммунистік партияны, Кеңес өкіметін, қазақ еңбекшілерін қорғап жазған жазушылар мен ақындар, ұлтшылдар мен отаршылдарға қарсы шығып, қазақ еңбекшілерінің тағдырларын Кеңес өкіметімен байланыстырғандар жатқызылды. Ұлтшыл жазушылар ұсынған әдебиетті С.Мұқанов ірі байлардың, моллалар мен ақсақалдардың мүддесін көздейтін "Кеңес өкіметіне қарсы бағыт" деп бағалады. Олардың жақтастары панисламизм мен пантюркизмді ақтаушылар, Коммунистік партияға, барлық орыстарға қарсы деп жазықсыз кінәлап, екінші бағытқа жатқызды...Нақты тұрақты көзқарастары, принциптері жоқ күш, билік әкімдер жақта, солардың соңынан еруші жазушылар мен ақындарды Мұқанов үшінші бағытқа жатқызады. Осылай, қазақ әдебиетіндегі әр түрлі ағымдарға баға бере келіп, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжановқа қарағанда ұлтшылдарға қарсы дәйектілік көрсетіп, үлкен ымырасыздық танытты. Тіпті С.Мұқанов А.Байтұрсыновты да менсінбей, "Ахметті тек букварь (әліппе) құрастырғаны үшін ғана бағалауға болады. Әйтпесе қазақ еңбекшілеріне ол ешқандай да қымбат емес" дегенге дейін барды. [10, 38,39-б.]. Осылай айтаққа еріп, ұлттың атын жамылып, өз қандастарының сорын қайнатқандар да аз болмады, олардың басым көпшілігі басқару-әкімшілік биліктерде және әдебиет саласында отырып ауызды аштырмады, адамның мысын басып тұратын бір дүлей күшке жанталаса қызмет етті. Ол күш империялық саясаттың идеологиясы болатын.

Партия ұйымдарын жат элементтерден тазартуға ауыл кедейлерін саяси белсенділікке шақырумен қатар идеологиялық майданның барлық учаскелерінде пәрменді шабуылдар басталды. Бұл қадам 1929 жылы өткен Казкрайкомның V пленумының шешімінде ашық айтылды: Қазақ пролетариаты әдебиетін нығайту мен дамыту және барлық көркем әдебиетте жетекшілік рөлді жеңіп алу үшін коммунист-қазақтар мен шығыс ұлттарының арасындағы осы дәуірдің пролетарлық көркем әдебиеттерін жасау мүмкіндігі туралы күдік пен сенімсіздікті батыл жеңу талап етілді. Пленум партия және творчестволық ұйымдардың маңызды міндеті әдебиет пен өнердің басқа да саласында "барлық ұлтшыл-буржуазиялық" (Алаш-Орда) ықпалдарға қарсы аяусыз күрес жүргізу деп есептеді. ҚазАПП-қа өз мүшелері арасында топшыл элементтердің күшін жою бағытында қызметін кеңінен өрістетуді қажет екендігі, пролетарлық жазушылар арасындағы өз жұмыстарынолардың революциялық марксистік көзқарастарын қалыптастырудамәдени және саяси жұмыстарды барынша соған бейімдеу керектігі айтылды.[11.].

Алайда бұл идеологиялық бағыт бұдан былай партияның жіті бақылауымен жүргізіліп отырды. Оған қазақтың пролетар жазушы-ларының 1932 жылғы сәуірде өткен I съезіндегі "Қазақтың көркем әдебиетінің жағдайы және ҚазАПП-тың міндеттері туралы"[12, 82-б.]. деген тақырыпта жасалған Қайып-Назаровтың баяндамасының қарары дәлел. Қарар сол кездегі большевиктер партиясының осы саладағы жұмысының бағытына жан-жақты нұсқау берді. Социализм кезеңінде пролетарлық әдебиет, бұрын-сонды болмаған пролетариаттың тап күресіндегі Кеңестер Одағының барлық еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беретін қуатты құралы болуы тиіс делінді. Қазақтың пролетарлық әдебиеті өзінің алғашқы қадамынан бастап, Алашорда мен байлардың әдебиетін біртіндеп, ойдағыдай ығыстырып шығара отырып едәуір көпшілік әдебиетіне айналды. Сондай-ақ, қазақ пролетарлық әдебиеті алдындағы таяу арадағы міндет барлық қазақ әдебиетіндегі үстемдікті жеңіп алу деп, өзінің идеологиялық сұрыптауын да жүзеге асырып отыруды ұмытпады. Біраз жазушылардың шығармаларында бай-феодалдардың идеологиясы, жергілікті ұлтшылдық, контрреволюциялық троцкизм сияқты белгілер пайда бола бастады. (Сейфуллинде) Қазақ шаруалары ескіліктің сарқыншақтары шеңберінен, ұсақ буржуазиялық идеализм пиғылынан шыға алмауда (Жансүгіров, Майлин, Тұрманжанов және басқалар.) және көркем әдебиетке топшылдық күресті таратуы байқалды. Сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі жолбике жазушылар тарапынан сын және өзара сын дегенді желеу еткен кеңес аппаратына, коммунистерге,



колхоздарға тоғышарлық сындар айтылуда деп атап көрсетті (М.Дәулетбаев, Шанин және басқалар) [13, 82-б.].

Сынның жағдайы мүлдем қанағаттанарлықсыз болып, алашордашылар, ұлтшылдар және троцкишілердің сындарының әшкереленуі әлі әлсіз көрінеді. (Аймауытов, Кеменгеров, Әуезов, Екеу, Мәметовалар) және Сейфуллин сияқты Алашорда агенттері мен олардың жақтастары қазақ партия ұйымдарының ішінен сына қағуда. ҚазАПП-тың "Әдебиет майданы" (бұрынғы "Жаңа әдебиет") журналы мүлдем қанағаттанарлықсыз шығарылады деп танылды. Журнал редакциясы партиялығы жоқ мақалалармен идеологиялық сапасы жағынан жат әңгімелер басуға әуестенуде. Партияның тура нұсқауына қарамастан ҚазАПП-тың өз ішінде сын мен өзара сын соңғы уақытқа дейін өз дәрежесінде болмады деп баға беріліп, дереу осы съезд шешімдерін басшылыққа алу міндеттелді. Онда "РАПП-тың V пленумының РАПП-ты қайта жасақтаудағы алдында тұрған кезекті міндеттері туралы қарары оған нақты бағдарлама және нұсқау болып табылатынын ескертті. ҚазАПП-тың таяу арадағы негізгі міндеті шығармашылық айтысты кеңінен өрістету керектігі айтылды.[14]. Шығармашылық айтысты және ҚазАПП-тың творчестволық міндетін шешуде, әдеби мұраға сын көзбен қарамай оған маркістік-лениндік талдау жасамай өрістету мүмкін емес. Қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл-буржуазиялық ықпалды, контрабандалық, контрреволюциялық троцкистік концепцияны, тошылдықты аяусыз әшкерелеу және кез-келген уклондармен нақты күрес бұдан кейінгі ҚазАПП-тың басты міндеті болуы тиіс делінеді. ҚазАПП күнделікті қызметінде әдебиет пен искусствоға жат ықпалды тықпалаған кез келген әрекетке большевиктік қырағылық және идеялық ымырасыздық көрсетілуі қажет. Сынды маркістік-лениндік деңгейге көтеріп, оны партияның жауынгерлік қаруына айналдыру қажет. Съезд қазақтың ұлттық театрының дамуына үлкен мән бере отырып, оны көпшілікке идеологиялық және мәдени тәрбие берудің қуатты үгіт құралы (V пленумының қарары) ретінде ҚазАПП басшылығына қазақ театрына нақты көмек көрсетуді күшейтуді, социалистік құрылыстың міндеттеріне лайықты идеологиялық ұстамды репертуар құруды ұсынды. Әсіресе ұлттық революциялық музыка шығаруға осы саладағы қандай да болмасын бұрмалаушылық пен (шовинизм, жергілікті ұлтшылдық т.с.с.) батыл күрес жүргізуге ерекше назар аудару көзделді".[15].

Республикада 20 жылдардың ортасынан бастап-ақ қызыл идеологияның қысымымен қазақ ұлтының бет-бейнесі, жан-дүниесі өзгертіліп тілі, психологиясы "интернационаландырылды". Сөйтіп, біртіндеп, олардың өзінің ұлттықпсихологиясы өзгертіле бастады. Осы ұғымды жергілікті халыққа мойындату арқылы бұл процесті жасанды түрде тездетуді көздеген әрекеттер жаппай жүргізілді. Әдетте мұндай әрекеттерге қарсылық білдіретін зиялылар тарапынан болатын кедергіні болдырмау үшін, оларды бұл ортадан дереу аластау керек болды. Халықты айтқанына көндіру үшін алдымен ұлт қамын көксеген осы ел ертеңін ойлаған зиялыларды жою күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, 20-30 жылдарда қазақ интеллигенциясы Кеңестер өкіметі тарапынан бұрын-соңды болып көрмеген жалақорлыққа, жауыздыққа тап болды. Қазақтың ағартушы-интеллигенттерінің алғашқы буынының есімдері халық арасында өте беделді болды, сондықтан олардың соңынан халық ойланбастан ерді. Осы орайда Кеңестер өкіметі олардан сескенгендіктен, ОГПУ органдары арқылы әрекетке кірісті. Кезінде қазақ интеллигенциясы Ресейдің Қазақстанның "бос жерлеріне" 55 миллионнан астам орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы отарламақ болған әрекетіне қарсылық білдірген еді. [16]. Шындығында, ондай бос жерлер болмаған, солай болса да жерлердің иелері-қазақтар, жергілікті тұрғындар қарудың күшімен қуылып, жер босатылған болатын. Қазақ интеллигенциясының осындай өз жерлерін Ресей империясының осылай отарлауына бермей, қарсылық көрсеткен кезі әлі ұмытылмап еді.

Тұтас бір халықтың бетке ұстар маңдай алды тұлғаларын тұншықтыру, құрту, "ел сеніміне енген даралардың" көзін жою арқылы ұлттық сананы жою-империялық саясаттың патша заманынан келе жатқан сенімді тәсілі болған. Оған мына бір оқиға дәлел. Әлихан Бөкейханов "Алашорда" үкіметі Ресейден дербес мемлекет болғысы келетінін мәлімдегенде, патша адмиралы Колчак оларды қалай уыстан шығармаудың тәсілін айтып: "Маған салса,

қазақтарды бағындыру қиынға соқпас еді: ол үшін халыққа сөзі өтетін, халық сенетін 500 интеллигенттің көзін жойса, жетіп жатыр-қазақтар тағзым етті деп есепте"-деген екен.[17,91-б.]. Осы әккі тәсіл іс-жүзіне асырылды. Расында да, қазақ ұлтының ең осал жері сол болатын. Сол осал жерден ойып кірген "қызыл идеология" сан-алуан құйтырқы әдістер арқылы көзі ашық, оқыған азаматтарды өздерінің жымысқы саясатын жүзеге асыруға бөгет болады деп қорқып, оларды орталарынан аластап қуғын-сүргінге ұшыратты.

Қазан төңкерісінен кейін тарихи аренада көрінген ұлтының шынайы жанашырларына большевиктер жүргізген әккі саясатқа қарсылық білдіргендері үшін "халық жауы" деген айдар тағылып қудаланғаны белгілі. Осы жылдары Қазақстанның оқулықтары мен ғылыми әдебиеттерінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтардың есімдері үнемі Кеңес өкіметіне қастандық жасаушы зиянкес жау ретінде берілді. Бұл фамилиялардан кейін таптауырынға айналған "ұлтшыл-буржуазиялық элементтер" деген құбыжық сөздер қосарланып жазылатын болды.

Негізсіз тағылған осы айыптар сол кезде жұртқа найзағайдың жарқылындай әсер еткен "халық жауы" деген анықтамамен байланыстырылды. Кеңес өкіметімен ашық күресте жеңілген олар идеологиялық майданда зиянкестік жасауға көшті деген пікір таратылды. Ал мұрағат материалдары бұл айтылғандарды жоққа шығарады. В.И.Лениннің өзі кешегі алашорда өкілі болған қырғыз әскери ревкоммүшесі А.Байтұрсыновпен кездесіп әңгімелескеннен соң, қырғызөлкесінде кеңсе жұмысын қалай жақсарту керектігі туралы бірнеше кеңестер берген.[18,7т.541-б, 8т.101-б.].

Алайда әдебиет пен өнер саласына партия ықпалын жүргізу оңай болмады. Сондықтан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық санаға большевиктер ұсынған жалған идеологияны сіңірту зорлықпен жүргізілді.

1928-1930 жылдары Қазақстанда ПП ОГПУ-дың (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің) үштігімен қазақтың алғашқы интеллигенттеріне "ұлтшылдар" деген айып тағып "ұлтшыл-буржуазия" өкілдері деп аталған қылмысты іс ашады. Революциядан бұрынғы алғашқы ағартушы-ғалымдардың барлығы бұл атауға жатқызылды десек қателеспейміз. Олар: алғашқықазақ оқулықтарының авторлары, ағартушы-ғалымдар, ақын-жазушылар, заңгерлер, дәрігерлер, саяси қайраткерлер, "Алашорда" ұйымының мүшелері-яғни қазақтың ылғи зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Е.Омаров, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Ж.Күдерін, Ж.Ақпаев және басқалар еді.

Қазақстанда ағарту ісімен шұғылданған осы жайсаңдар қуғынға ұшыраған соң-ақ, қазақ ұлты тұтасымен Ресейге тәуелді болып қалды. Ғылым мен мәдениеттің дамуы да партияның жіті бақылауында жүзеге асырылып отырылды. Бұдан былай қазақ балалары тек орыс тілінен аударылған оқулықтармен ғана білім алатын болды. Олар өз тарихын ұмытып, барлық оқиғаларды бұрмаланғанқысқа тарих оқулығы бойынша оқып, білім алды. Қоғам дамуы туралы "кезеңдер", ұлттар арасындағы "интернационализм" секілді "жаңа аңыздарға" табынып, соған сеніп, жаттап, "жарқын болашаққа" жетеміз деп даурықты. Кім де кім партияның айтқанына көнбесе, олардың алдарынан да тиісті жаза күтіп тұрды. Өмір өзгеріп, жалғандық жалаңдаған заман келіп, халық оған мойынсынып, тіршілік мәні кете бастады. КОКП-ның сұрқия саясатының арқасында зиялылардың жаңа ұрпағы "қалыптасып", олардың көпшілігінің балалары өз ана тілін білмейтін, ата-дәстүрден шошынған, ауылдағы қазақша сөйлейтін туыстарынан жерінген "жаңа қазақтарды" құрады. Ұлттық санадан, психологиядан жұрдай, түрі қазақ, жан дүниесі, ойы, тілі орыс бұл қандастарымыздың келешегі әлі де бұлыңғыр күйде қалып отыр. Міне, "қызыл идеологияның" құдіреттілігінің нәтижесі осындай болды...

Алғашқы қуғынға ұшыраған ғалымдардың бірі Күдерін Жұмахан болды. Оны "1927-28 жылдары Ташкентте Тынышпаевтың астыртын ұйымының мүшесі болып, онымен үнемі байланыста болғансың. Ұйымжетекшісімен бірігіп "Орта шаруалардың одағын" құрдың" деп (өмірде ондай ұйым болмаған) айыптайды. Сонымен 30-жылдардың басында ол Алматыға келіп Бұралқиев пен Ақпаевтарды "ауылда жұмыс жүргізбедің" деп кінәлаған

көрінеді. Осы әрекеттері үшін Күдерин Жұмаханды өмірде болмаған ұйымның өзге де 15 "жетекшісімен" 5 жылға Орталық-қаратопырақты облыстарға Воронеж бен Льгов қалаларына жер аударды.

Қазақ интеллигенциясын осылай жою кезең-кезеңмен жүргізілді. Бірінші: 1928-1931 жылдары; екінші 1937-1953 жылдары; үшінші 1949-1953 жылдары. Қаншама әуреленгенмен деалғашқы интеллигенттердің "қылмыстарын" мойындарына қоя алмады, бірақ олардың халық арасына ықпалы тиіп, іріткі туғызуы мүмкін деген күдікпен Ресейдің Орталық-қаратопырақты облысына, Карелияға, Соловкиге әкімшілік жолмен бес жылдан он екі жылға дейін мерзімге жер аударды/19/. 1931 жылы дұшпан топтың өкілі деген желеумен 10396 адам тұтқындалды, соның басым көпшілігі интеллигенция өкілдері болды.[20].

Осындай зобаландардың асқынуына идеология, әсіресе, 1932 жылы 10 қаңтарда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және Насихат бөлімдері мен Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институты "Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы" алған қаулысы себепші болды. Қазақтың көркем әдебиеті мен әдеби сыны социалистік құрылыстың қазіргі талабына сай емес, олар Алашорда ықпалында болып, әлі өз дәрежесінде жүргізілмей отыр. Бұл мәселелерді жүзеге асыру партияның теориялық күштерін топтастыру арқылы орындалуы қажет деген нұсқау берілді.[21]. Осы қаулы интеллигенция өкілдеріне қарсы қуғын-сүргіннің күшеюіне үлкен әсерін тигізді. Сөйтіп, алғашында ғылыми қателіктерден басталған ой-пікірлер бұдан былай бұлжымас саяси қағидаға айналып, ресми сипат алды. Бұл тұжырымдардан басқа ой-пікірлердің барлығы саяси-ғылыми қателіктерге бағаланып қуғындалды. Осындай теріс көзқарас ақыры зиялылардың түбіне жетіп тынды. Қудалаудың осы идеологиялық әдісі әлі де жалғасып келеді.

Сол кездегі зиялыларды жаппай қудалау қазақтардың патриархалдық-рулық қоғамдағы сипатына тән, қанға сіңген рушылдық пен жікшілдік ел билігіне араласқан азаматтар арасындағы бақталастық, күншілдік, іштарлық, көреалмаушылық сияқты әдетті әрекеттері өршіп, оған себепін тигізуінен де болды. Осы жағымсыз қылықтар партия тарапынан зымияндықпен қолдау тауып, ушықтырылып отырылды. Осындай айлакерлікті әбден меңгерген Голощекин қазақтарды бірін-біріне әшкерелетіп, одан соң жаппай айыптап, қуғындауға кірісті. Бұл жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға идеологияның сенімді құралы баспасөз органдары айтарлықтай "үлес" қосты. Мысалы, "Лениншіл жас" газетінде Еселбаев деген "Семей театры ұлтшыл Бековтің бөлтіріктерінен әбден тазартылсын" деп шу көтерді. Ол мақаласының аяғында алашордашыл, ұлтшыл Бековтың бөлтіріктері Қиялов, Көкібаев, Қалтаевты театрдан қуу керек"- деп ұсыныс білдіреді.[22]. Міне осы жылдардан бастау алған қазақтардың өздерін өздері халық жауы етіп көрсетуші әдеті кейінгі жаппай қуғын-сүргін жылдарына ұласты.

Ш.Өржанов деген "Наркомпростағы халық жауларының ұяларын" тауып "қырағылық" көрсетті. Бірімжанов, Байдәулетов, Сейітханов, Қарымсақов, Садықов, Аспандияров, Үсенов, Айтметов, Есембаев, Әубәкіров, Игенов, Мырзабекова, Ахметова, Назаров сияқты бір топ адамды "халық жауы" Жүргеновтің сілімтіктері деп өзінше "дәлелдеді". "Егерде бұл бай-манаптардың істеген зиянкестік зардаптарын тез жоюды ойласақ, әлгі халық жауы Жүргеновтің сыбайластарын Наркомпростан қуу керек"- деп "ақыл" береді.[23]. Сол кездегі қалыптасқан "қағида" оқу-ағарту халық комиссары Т.Жүргенов жау екен, ендеше оның қарамағында істейтіндердің бәрі жау болды. Саяси сауаты жетерлік философ І.Қабылов өзінің "Троцкишіл, оңшыл, ұлтшыл сұмырайларды түгел құртайық" деген мақаласында Рысқұлов пен Қожановты, Жолдыбаев пен Сұлтанбаевты, Сәдуақасов пен Мұстамбаевты "предатель", "сұмырай", "ұлтшыл", "алашордашыл", "фашист", "агент" деген ғайбат сөздермен қорлауы оның өз пікірі емес, сол кездегі идеологияның арандатуы екені де айдан анық.[24].

Идеологияның негізгі құралы болып саналатын баспасөзде партияның арнайы тапсырмасымен осылай өртке май құйылып отырылды. Бұл орайда, әсіресе, сол кездегі "Лениншіл жас" газетінің редакторы З.Тұрарбеков ерекше белсенділік көрсетті. "Комсомолға

кіріп кеткен жауды толық жоямыз".[25]. "Бухариншіл контрабанда" және "Ауыл мұғалімі" журналының редакциясындағы ашық ауыздар", "Комсомолдағы халық жауларын түгел әшкерелеп, түп тамырыменқұртайық!".[26]. Комсомолдағы халық жауларын бірін қалдырмай, әшкерелейік!".[27]. "Буржуазиялық ұлтшылдардың ұясын тас-талқан жасау керек".[28]. деген сияқты редакциялық нұсқауға толы мақалаларды қаптатып жіберді.

Ұзақ жылдар "Еңбекші қазақ" газеті редакторының орынбасары болған идеологиялық майданның жауынгері Сүгіров Рахым: "ұлтшыл-фашистер өздерінің қастық әрекеттерін ешуақытта тоқтатқан жоқ. Өлкенің жаңа басшылығымен бірге ескі перегибті сөккен болып, сұрқия сөзді бетке ұстап, Құлымбетов, Жүргенов, Жандосовтар-түлкі құйрықты шошқалар-өздерінің фашист қожайындарының тапсырмаларын орындау үшін үнемі астыртын жұмыс жүргізіп келгендігі айқындалып отыр. Халық жаулары Асылбеков, Нұсейітов, Ғатауллин бастаған контрреволюцияшыл ұлтшыл топ Орталық Қазақстанның мал шаруашылығын өсірмеуге, кері кетіруге аз қастандық істеген жоқ".[29]. Осындай жала жапқан материалдарды басу үлкен науқанға айналды."Партияның X съезі қарсаңында,-деп жазды Кеңес өкіметіне "жаны ашығандар", "Социалистік Қазақстан" газетінде-Қожанов, Аспандияров, Жандосов және басқалары троцкистік-ұлтшылдық тезис жасап, ол тезистерін Сталин жолдастың тезистеріне қарсы қойды... Бұл тезиске Досов пен Төртқұлов та қол қойды...".[30]. Міне, кеңес дәуіріндегі өзіндік пікір білдіріп, ұсыныс жасағандарды осылай талмау жерден оңдырмай ұрып отырды. Кешегі жолдас, сырлас адамдардың бір-бірін жау етіп көрсетулерінің басты себептерінің бірі большевиктер жүргізген "қызыл идеологияның" қармағына ілінуінен еді.

Пролетариат жазушысы атанған С.Мұқанов: "Б.Майлиннің 1925 жылы жазған "Ел мектебі" деген революцияға қарсы пьесасын көрдік. Ол бұл пьесасында ауылдың тұрмысын жамандап, халық жауын мақтаған, жазған өлеңдері революцияға қарсы" деп[31] көрсеткен.

Қазақстан совет жазушыларының 1- пленумында ол тағы да:"Әдебиет майданы" журналына жылдан артық редактор болған жолдас Сәкен Сейфуллин еңбек ақы алғаннан басқа еңбек сіңірмеді. "Троцкийдің бандасының бандиткасы Галина Серебрякованың "Маркстің жас кезі" деген революцияға қарсы романын аударып басты"-деген ауыр сөздермен ғайбаттауға дейін барған .[32].

Ал, ол Илияс Жансүгіровті "ұлтшылдық туралы кітап басып шығарды, онда қырғыз бен қазақтың арасына от салатын мәселе көтерген" деп кінәлайды. Академик ағамыздың Илиясты да бұл кезеңге ешқандай қатысы жоқ, Сүйінбайды да, ұлтшылдар етіп шығаруы сол жылдардағы билікке жағынудың айласы болса керек. Кеңестік жүйеге беріле қызмет еткен С. Мұқанов сияқты қуғын-сүргіннен аман қалған жазушының тағы бірі Ж. Саин болды. Белгілі жазушы атанған ол: "Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялығын пайдаланып, әр жерге-ақ қанат жайғысы келді. Олар "сұр күшіктерің" Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында жүр. Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің секретарлары О.Кенжеғараев, Құлымбетов, Есқараев, Сәдуақасов, тағы басқа Жапон империализмінің агенттері бастаған ұлтшыл- фашист бандылары Қазақстанды ұлы Советтер Союзынан бөліп алуға тырысты. Қазақтың бостандық алған Советтік Социалистік Республикасын жапон империализмінің колониясына айналдырып, феодалдардың, байлардың, молдалардың үкіметін қайта орнатпақшы болды. Қазақ еңбекшілерін аштыққа, қайыршылыққа ұшыратпақшы болды. Зұлым ұлтшыл-бандалары жастарға да өздерінің арам қолын созды, жастардың ішіндегі тұрмыс жағынан бұзылған, саяси табансыз элементтердің ішіне шпиондар, диверсанттар, зиянкестер кадрын таратты. Өлкелік комсомол комитеті өзінің басшылығындаұзақ уақыт халық жауы, ұлтшыл-фашист Тәштитовтың отырғандығы осыны көрсетеді" деп соқты.[33]. Сол кезеңдегі партияның саясатына құлай берілгендер осылай оның айтқанын екі етпей орындауға тырысты. Міне,осындай кезекті бір тапсырма Алматы пединститутының бір топ студенттеріне де жүктелді. Олар өз ұстазы, әдебиет теориясы пәнінен сабақ беретін Әмина Мәметованың үстінен шағым ұйымдастырады. "Бізді дұрыс оқытпайды. Алашордашыл

ақындардың зиянды өлеңдерін айтады... Тіпті контрреволюционер, алашордашыл ақын, соңғы кезде бандит болып, талай еңбекшілердің қанын жұтқан Шәкәрімді де мақтайды. Шәкәрім алашорданың әрі ақсақалы, әрі соты болып, контрреволюцияның жырын жырлаған ақын екенін кім де болса біледі"[34]- деп "жаңалық" ашты. Жапония, Германия қайда екенін білмейтін, тіпті ол мемлекеттерді картадан көрсете алмайтын толып жатқан адамдарды солардың агенттері етті. Қолдан жасалған бұл зұлмат творчество адамдарын сенім мен үміттен айырып, мүлде су жүрек етті. Олардың бойын үрей биледі. "Байтал түгіл, бас қайғы" күйге душар етті. Қызметкерлерді "тыныш жүріп, жан бағып аман болайықшы" дегізді. Ақын-жазушылар тарапынан творчествоға селқостық туды, оларды бұқарадан аулақ болуға мәжбүр етті. Зиялы қауымнан жасанды "ұлтшыл-фашистер" жасаудың тағы бір себебі-көп адамдардың жалтақтығы, жағымпаздығы, айтқанды орындай қойып жақсы атануы болды. "Мынаны құрт", "мынаны жаз" десе-ақ болды "ләппай, тақсыр", деп құлдық ұрып тұрды. Жалақорлардың енді бір тобы бассауғалау қамында болды. "Қырағылығың кем деген айыптауға ұшырап, мансабымнан айрылып қалармын" деп сақтанғандарының түрі осы болды. Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, қорлауға, айдатып, аттыруға дайын тұрды. Өзгелерді "әшкерелеп", өздері ғана Кеңес өкіметіне адал еңбек сіңіріп жүрген берілген адам ретінде көрініп, жау болмауға, мансаптарынан айрылмау үшін жанталасты. Сөйтіп, өз бастарының амандығын күйттеуден аса алмады. Осылай "қызыл идеология" адамдардың моральдық жағынан азғындауын тездетіп, кісілік қасиеттен жұрдай етті, ар-ожданға қаяу түсірді, саналы, адамгершілік қылықтарды жоғалтты, адамшылдық іс істеуден айырды.

Голощекин кезінен бастау алған интеллигенцияны қуғын-сүргінге ұшырату "1937-38 жылдарға дейін созылып, тағы қазақтың оқыған 66 мың адамына жапа шектірді. Бұл шығын алдыңғы шығыннан кем соқпады. Бұлар халықтың интеллектуалдық әлеуетін әлсіретіп, психологиясын жасытуда алдыңғы трагедиядан даасып түсті".[35].

Зиялы қауымынан айрылған қазақ халқы "тілсіз", "мылқау", күй кешіп, есеңгіреп,есінен танып қалды. Халық басына төнген бұл зұлмат Кеңестер империясының тұтастығын, беріктігін қамтамасыз ету үшін Орталықтан жоспарлы түрде жасалған шара болатын. Ондағы тағы бір мақсат өкіметке қарсы бас көтерер интеллигенция өкілдерінен құтылу еді. Өйткені көзі ашық оқыған зиялылар большевиктер жүргізіп отырған саясаттың жалғандығына көздері жетіп, олардың осылай бұра тартуларына қарсылық білдіргендер еді. Сол кезде-ақ билік басындағылар өздеріне кедергі болатын осындай ұлтжанды азаматтарды жасырын түнделетіп келіп ұстап, шетінен топ-тобымен жалған жала жауып тұтқындауды әдетке айналдырды.

Осы саяси науқандардан соң-ақ, біздің елдің халқы революциядан кейінгі кезеңде жүргізілген жаңа саясатты, тұрмыстың басқа саласына қарағанда тезірек меңгерді. Оны сол кездегі мына бір Мақаншыдан (бұрынғы Семей облысының ауданы) келген жеделхатта жазылған оқиғадан оқып білуге болады: "Қарағанды облысында ашылған контрреволюциялық бандиттердің, ұлтшыл-фашистердің ұйымы турасындағы айыптау қорытындысын оқысымен,осыған байланысты Мақаншы селосындағы колхозшы, жұмысшы және қызметшілердің қарашаның 19-ында 1275 адам қатынасқан митингісі болды. Митингіге жиналған адамдар әшкереленген халық жауы Асылбеков, Нұрсейітов, Ғатаулин, Избасаров тағы басқа азғын иттердің істеген зиянкестік ісіне қатты ызаланып, Отанымызды сатпақшы болғандарды жер бетінен мүлдем жоюды пролетариат сотынан талап етті".[36,20-б].].

Митингіде шығып сөйлеген колхозшы-жұмысшылар, қызметшілер өздерінің сүйікті Отанына, Ленин-Сталин партиясына шын берілгендігін, КСРО-дағы туысқан көп ұлттардың мызғымайтын берік достығына адалдығын көрсетті. Митингіге қатысушылар өзінің қаулысында: "Біздің ұлы Отанымыз-КСРО-да көп ұлтты елдердің туысқандық достығы әбден бекіп нығайды,халық жауларының қандай әрекеті болса да олар біздің советелінің туысқандық бірлігін бұза алмайды. Бұған ұлы көсеміміз,данышпан әкеміз Сталин жолдас бастаған Орталық партия Комитетібасшылық етіп отырған біздің большевиктер партиясының күші,беделі толық кепіл"-деп қол қойған.

"Ұлтшыл-фашист сатқындардың бандасын әшкерелеп, олардың талқанын шығарған НКВД орындарына, оның айбынды басшысы Ежов жолдасқа алғыс айтатындарын, осы азғын иттердің істеген істеріне ызаланып қана қоймай, Ленин-Сталин партиясының, оның данышпан көсемі Сталиннің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, жаңа табыстармен жауап беретіндерін, аудандағы стахановшылар қатарын бұрынғыдан да көбейтіп, еңбек өнімділігін арттырып, Советтер Союзының күшін бұрынғыдан да нығайтумен жауап беретіндіктерін жазған. Сондай-ақ, олар пролетариаттық әділ соттан Отанды сатпақ болған троцкийшіл, бухариншіл ұлтшыл-фашист сұмырайларды атуға үкім шығаруды талап еткен. Митингінің тапсыруы бойынша: Смауллаев, Кизеев, Қордашев, Шернисов, Ыбыраев, Сағитов, Санкина, Погрерицкийлер қол қойған".[37,20-6].

Биліктерін іс жүзіне асыру жолында большевиктер партиясы халық атынан сөйлеу тәсілінің тиімділігін шебер меңгергені соншалықты, өз жоспарларын, іс-шараларын көпшіліктің талап етуі" ретінде көрсетуге әуес болды. Осы жасанды идеологияға сеніп өздерін-өздері ұстап берген аңғал қазақтар туралы сол кезде-ақ А.Байтұрсынов: "Жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр" деп олардың адасқан дәрменсіз күйін, бұлыңғыр келешегін дөп басып ескерткен еді.[38,33-6].

Халықты алдап-арбап, қорқыту тәсілдерін қолданған большевиктердің жаңа қоғам құру идеологиясы, пролетариаттың социалистік революциядағы жеңісімен, яғни саяси билікті алысымен басталып, ол қоғамның барлық саласындағы қайта құрулардың "қуатты құралы" ретінде қолданылып отырылды.

Енді осы ызғарылы өткен тарихты қазіргі заманмен салыстыра зерделесеңіз биліктің тек аттары ғана өзгерген әдіс тәсілдері сол қалпында...

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті. 1992. (37).
2. Народное образование наука и культура в СССР. стат. сб. М., 1971, (22).
3. Очерки истории Казахской советской литературы. - Алма-Ата.: 1958. (27).
4. Литературная энциклопедия. 1-т. 1929.
5. Бейсембиев К. Победа марксистко-ленинской идеологии в Казахстане.- Алма-Ата: Казахстан. 1970. (201).
6. Қызыл-Қазақстан, 1927, №1, 40б.
7. Еңбекші қазақ. 1925. 14 қаңтар.
8. Бүкілқазақстандық РК(б)П конференциясы. Қызыл-Орда. 1925, 44б.
9. Майлин Б. "Екі оқушыға жауабым"//Социалды Қазақстан, 1934. 12 маусым.
10. Қызыл-Қазақстан. 1927. №1. Б.38-39.
11. БК(б)П Казкрайкомның V пленумының қаулылары мен қарарлары. А., 1929. 82б.
12. Сонда, (82).
13. Бұл да сонда, (82).
14. Казахстанская правда. 1932. 21 апрель, №91.
15. Казахстанская правда. 1932. 21 апрель, №91.
16. ҚРПМ. 141 к., 1 т. 2387 іс. 168п.
17. Михайлов В., Хроника Великого Джута, Алматы. СП."Интербук". 1990. 205с. (91)
18. Ленин В.И. Биографическая хроника.- М., 1976. т.7. 541с; 1977. т.8. (108).
19. Кудерина Л.Д. Геноцид в Казахстане.- АО "Скорпион" М.: 1994. (8).
20. Қазақ әдебиеті, 1989, 26 мамыр.
21. Советская степь. 1932, 20 январь, № 17.
22. Лениншіл жас. 1937. 8 тамыз, № 117.
23. Лениншіл жас. 1927. 21 қазан
24. Лениншіл жас. 1937. 4 тамыз
25. Лениншіл жас, 1937. 18 шілде
26. Лениншіл жас, 1937. 8 тамыз
27. Лениншіл жас, 1937. 12 қыркүйек

28. Лениншіл жас. 1937. 16 қазан
29. Социалистік Қазақстан, 1937. 15 тамыз
30. Социалистік Қазақстан, 1937. 27 тамыз
31. Қазақ әдебиеті, 1937. 26 сәуір
32. Қазақ әдебиеті, 1937. 26 сәуір
33. Қазақ әдебиеті. 1937. 31 тамыз; Лениншіл жас. 1937, 12 қараша.
34. Лениншіл жас, 1937. 21 қаңтар.
35. Лениншіл жас, 1988. 1 қазан.
36. Ақиқат. 1997. № 5. Б. 20.
37. Ақиқат. 1997. № 5, Б. 20.
38. Байтұрсынов А., Шығармалары. "Жауға түскен жан сөзі." - Алматы: Жазушы. 1989. 320б. (33).

ӘОЖ 63.3

**Әбдіғұлова Б. Қ.**

пед. ғыл. докт., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

### **МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ - ТҰҒЫРЫ БИІК ТАРИХИ ТҰЛҒА**

Манаш Қабашұлы Қозыбаев (1931-2001) - Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, ғалым, публист, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғалым қайраткері, Мемлекеттік және Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Президентік «Бейбітшілік және рухани келісімдік» сыйлығының иегері, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Ол Қостанай облысы Ленин ауданы Киевский совхозында дүниеге келген. Бұл кезде 1928-1930 жылдары конфискілеу, ал 1931 жылдары коллективтендіру науқаны жүріп елде жұт пен аштық басталды.

Осындай ауыр кезеңде дүниеге келген ұлын әкесі Қабаш (Ғабдолла) “Манаш” деп ат қойыпты. Әкесі Қабаш колхозды құруға белсене араласып, кейін ол үлкен ауылға айналған.

Тарихшы-ғалым балалық шағын былай еске алады: “Мен отызыншы жылдары ашаршылық жайлы тек әкемнің айтуынан немесе архивтегі құжаттардан ғана білмеймін. Өзім шетін көрдім де. Отызыншы жылдардың аяғы болатын. Бір күні әкеммен бірге келе жатып ескі көңдердің ортасымен өттік. Байқап қарасам, жан-жағымыздың бәрі ескі үйлер. Бірінің төбелері, енді біреулерінің есік, терезелері жоқ. Құллы жаңа ғана көшіп кеткен ауыл сияқты. Әкемнен “Бұл ауылдың адамдары қайда?” деп едім, ол “Балам-ау, бұл ауылдан бір-ақ отбасы тірі қалған, қалғандарының барлығы аштан қырылған”-деді: Тұла бойым тітіркеніп кетті. Сөйтсем, мұндай ауылдар біздің өңірде өте көп екен. Содан болар, менің есімде сол жылдар қатты қалды. Ол кезде жазуға, мұндай шындықтың тіпті шетін шығарып айтуға рұқсат жоқ. Жағын ашқан жан жазаға тартылып, қудалауға ұшырайтын. Қазақ халқының тарихындағы “ақтабан шұбырындыдан”, кейінгі үлкен трагедияның бірі осы кезең болды”, – дейді (1).

Жеті жылдық мектепті бітірген соң, 1947 жылы Меңдіқара педучилищесін үздік бітіріп, бір жылдай мұғалім болып жұмыс істеген. 1953 жылы М.Қозыбаев С.М.Киров атындағы ҚазМУ-тің тарих факультетін А.Иманов атындағы стипендиямен оқып бітіргеннен кейін Қостанай педагогикалық институтында аға оқытушы қызметін атқарды. Сол институт қабырғасында жүріп кандидаттық, ал 1969 жылы тарих ғылымынан докторлық диссертация қорғайды.

1958 жылдан КГИС ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалы, Партия тарихы институтында аға ғылыми қызметкер, ғылыми секретарь болып істеді. Содан кейін түрлі жауапты қызметтерде жұмыс істеп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1941 жылы “Қазақстан-майдан арсеналы”- атты монографиясына Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. Қазақ совет энциклопедиясының бас редакторы, ҚазКСР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы тарих және археология институтының бөлім меңгерушісі, кейін өмірінің соңына дейін сол институттың директоры қызметін атқарды. 1989 жылы ҚазКСР ҒА толық мүшесі, 1995 жылы ҚР мемлекеттік сыйлығын, 1997 жылдан Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының иегері. Ғалым зерттеу жұмыстарында Отандық тарихтағы ең өзекті, “ақтаңдақ” мәселелерді терең зерттеп, 400-ден аса еңбектер, мақалалар жазды, олар орыс, украин, азербайжан, армян, молдаван және басқа тілдерге аударылды. 90 жуық ғылым докторлары мен кандидаттардың ғылыми жетекшісі болды. Қазіргі мектептегі 10 сынып Қазақстан тарихы оқулықтарының, бағдарламаның, хрестоматия мен жұмыс дәптерінің авторы.

«Ақтаңдақтар ақиқаты», «Тарих зердесі» деп аталатын еңбектерін ғалым еліміз егемендік алып, тәуелсіздік туын тіккен тарихымызға, бостандық үшін күресте ту ұстаған, ұлттық мүддені мұра еткен, арыстардың өмір жолына арнаған.

Ғалым былай деп жазады: «Ол бізге қымбат ата-бабаның рухын көтергені үшін!

Ол бізге қымбат-сөнген мемлекетіміздің атын маздатып, жандырғаны үшін! Ол бізге қымбат-елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендіргені үшін! Ол бізге қымбат-ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді, қаз қатар тұрғызып, «Қазақ» деген атауға қан мен жан кіргізгені үшін!

Ол бізге қымбат-«Отан» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін, «Елім» деп елендетіп, «Жерім» деп желпінтіп, барша 62 тамырымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін.

Рухымыз сөнбесін, бағымыз өрлесін, ағайын!».

Манаш Қабашұлының мен соңғы докторанттарының бірімін. Ғалымның тамаша қасиеттерінің бірі қарапайымдылығы, еңбекқорлығы, дарқан даладай көңілі мен ниетінің ақтығы мен кеңдігі. Манаш аға 70 жасқа толғаннан кейін диссертациямды алып барып, аға мен жұмысымды бітірдім дедім. Сол кездегі жарқын жанды, кең пейілді адамның жас баладай қуанғаны көз алдымда. Диссертацияны қолына алып, сондай қуанып, мәз болғанын көріп, өзімде қуандым. Қашанда барсаңыз жұмыс столының алды кітаптар мен диссертацияларға толы болатын. Жұмысының көптігіне қарамастан жылы жүзбен, ренжімей елді қабылдап, қабылдауға уақыт табатын. Жұмысым көп, қарай алмаймын деп айтқанын естіген емеспін. Сайын даладай әрқашанда кең адам еді. Ағамыз жәнатта болсын.

Қостанай университетіне, Алматыдағы көшелердің біріне ғалым есімі берілген. Бүгінде М.Қозыбаев атындағы қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университетінде аудитория бар.

М.Қозыбаев өз елінің адал перзенті, тарих жаршысы, мақтан тұтартұтар азаматы, тұғыры биік тарихи тұлға.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. -Алматы., 1998.

### **Төленова З.М.**

т.ғ.к., доцент, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі

### **АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВ: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

Бүгінгі Қазақстан халқы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған киелі тәуелсіздіктің даңғыл жолымен дамып келе жатқанының 25 жылдығын атап өтуде. Осынау бір атаулы оқиғаның тарихында ерекше орын алатын тұлғалар аз емес. Солардың бірі де, бірегейі де, мерекелі жылы 85 жылдық мерей тойы тұспа-тұс келіп отырған Ұлттық Ғылым



академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Президенттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, «Қазақ ССР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының және «Парасат» орденінің иегері – Манаш Қабашұлы Қозыбаев. Өйткені Қазақстандағы тарих ғылымының дамуы жолында қарымталы еңбек еткен, ал ескі құндылықтардан бас тартып, жаңа құндылықтарды қабылдау мен пайымдауда жаңа тұжырымдамалық тарихи еңбектер қажет болған тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында отандық тарих ғылымының көшбасында болған академик М.Қ. Қозыбаев ғалым, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері ретінде де ұлтына адал қызмет еткен тұлға.

Ойымызды Халық жазушысы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Ә. Кекілбаевтың “Біліммен қоса білік деген, азаматтықпен қоса кісілік деген ұғымдар бар. Халық соңғы екеуін алдыңғы екеуінен кем қадірлемейді. Өз басыңды күйттегенде қайсысына жүгіну өз еркің, ал ел мүддесін күйттегенде төртеуіне бірдей жүгіну шарт. Манаш Қозыбаев – осыны терең түсініп, қапысыз меңгергендіктен де саясатқа келген ғалым” [1], - деп берген бағасы нықтай түсері анық. Ақиқатында кемеңгердің сөз астарында талай сыр мен шындық жатыр емес пе?!

М. Қозыбаевтың ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласқан көрнекті қоғам қайраткері ретінде шындалған кезеңі - ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында басталған қайта құрулардың тұсындағы жаңа серпін, демократиялық ағымдар мен сөзбостандығы уақыты еді. Бұл 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін өріс алған ұлттық сана мен тарихи шындықты қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадамдар болатын, сондықтан тарихшыларға ғана емес, жалпы қоғамтанушылар үшін жаңа міндеттер жүктеген күрделі жылдар деуге болады. М.Қ. Қозыбаев осы тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінен бастап-ақ оның маңызы туралы алғашқы ой қозғап, мәселе көтерген тарихшы-ғалым және халық қалаулысы еді.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұлт тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою мәселелері жөніндегі идеологиялық комиссиясының ғалым-сарапшылар құрамында болған М. Қозыбаев «Қазақстан К(б)П ОК-нің 40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың бас кезінде қоғамдық ғылымдарға қатысты қабылдаған кейбір қаулылары туралы анықтаманы» және «Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы» жайында анықтаманы дайындауға белсене қатысады [2]. Комиссияның мақсаты – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1930-1950-ші жылдарға дейін қабылданған қаулыларын қайта қарап, әділ бағасын беру. Комиссия құрамына тарихшы, әдебиетші, тілші мамандар тартылып, олар Қазақ зиялыларың ұлтшыл деп айыпталған деген қаулыларды түгелдей қарап шықты. Сөйтіп Манаш Қабашұлы Комиссияның мүшесі ретінде оң тұжырымдарын жазып, ұлы арыстарымызды ақтауға үлкен үлес қосты. 1989-1990 жылдардың басында алашқа мәшһүр азаматтарымыз толығымен ақталып, бұл мәселе өз шешімін тапқандығы белгілі [3].

Он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланған 1990 жылдардың басы М. Қозыбаевтың мемлекет қайраткері ретінде танылған тұсының шырқау шыңы болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайлануға жалпы республикалық 41 қоғамдық ұйымдардан 168 кандидат, оның ішінде Ғылым академиясынан - 39 адам тіркеледі. Республика Ғылым академиясының және оның жанындағы ғылыми қоғамдардың 1990 ж. 19 наурызда өткен конференциясында сегіз кандидат бес мандатқа үміткер болды. Сайлау қорытындысы бойынша Академиядан ұсынылған ғалым-қайраткерлерден 8 адамнан – Ш.Е. Есенов, А.А. Абдуллин, С.З. Зиманов, М. Қозыбаев, О.С. Сәбденовтер депутат болып сайланады [4].

Депутат Манаш Қабашұлының сайлау алдындағы платформасында, яғни нақтылы бағдарламасында: саясат, экономикалық дербестік, Ғылым Академиясы жанынан іргелі ғылыми зерттеу бағыттарын сараптау және болжау жөніндегі кеңес құру, ұлттық саясат,

экология, ғылым салаларының жағдайын түбірімен өзгерту арқылы жақсарту мәселелері жан-жақты қаралған [5]. Ғалым-қайраткер ендігі жерде сайлаушылар аманатын орындау үшін осы бағдарламасының үдесінен шығу жолында қызмет етеді.

Алғашқы қадамдарының бірі, өзі басқарып отырған институт ұжымын сталиндік репрессияның зардаптарын ашуға жұмылдырған ғалым, депутат ретінде бұл мәселені Жоғарғы Кеңестің алдына да қояды:

“Қазақ ССР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа  
ҚазССР Жоғарғы Советінің төрағасы Е. Асанбаевқа

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қараша айындағы сессиясының қарауына “Сталиннің Қазақстан халқына қарсы жасаған қылмыстары туралы” қаулының жобасын ұсынамын. Мұндай қаулы қабылдау ел арасындағы дау-дамайдың, жел сөздің ініне су құяр еді, республика халықтарын топтастыра, біріктіре түсер еді деп ойлаймын.

ҚазССР Халық депутаттарына қаулының жобасын ресми құжат ретінде таратып беруге рұқсат берулеріңізді сұраймын.

Құрметпен ҚазССР Халық депутаты, академик Манаш Қозыбаев. 3.XI. 1990 ж.” [6]. Тарихи әділдіктің жеңуін, орнауын сұрауы осы Елжанды азаматтың келбетін, шынайы тарихшы-ғалым екендігін танытады.

XX ғасырдың 90-шы жылдары “Елдіктің шарты – Егемендік, дербестік - даму тұтқасы” деген ұран басшылыққа алынып, қоғам мен халық серпілген тұста Республика дербестігін алу, оның Президентін сайлау керек пе, жоқ па деген сауалдар күн тәртібіне қойылған сәтте депутаттық мінберден уақыт талабына алғашқылардың бірі болып М.Қ. Қозыбаев үн қатты. Ол өз ойын былай білдірді: «Одақтас Республикаға президент керек пе?» деген сұрақты бүгінде ел аузынан жиі естуге болады. Егер Одақтағы Республикамыздың статусы сол күйінде қалатын болса, бұл сұраққа мен “керек емес” деп үзілді-кесілді жауап берер едім. Ал егер Қазақ Советтік Социалистік Республикасы жаңа федерацияның құрамына шын мәнінде шартпен еніп, өзінің саяси, экономикалық дербестігіне сөз жүзінде емес іс жүзінде жетер болса, Президенттік статус керек. Менің түсінігімше, Президент республика басшысы, ел ағасы, демократияны шын мәнінде түсінетін халықтың қорғаны болады. Президент советтік парламентке өз қызметі туралы есеп беруге міндетті, халық алдында тәуелді. Олай болса, ол шексіз биліктің, диктатураның иесі болмауы керек. Ол халыққа қалтқысыз еңбек еткенде ғана ел сүйіспеншілігіне бөлене алады. Міне, сондықтан да Одақ көлемінде, республика шеңберінде өміріміздің толғағы жеткен мәселелерін әрі-сәріге салмай, өз билігімен шешетін, ел алдында, халық алдында, Қазақ ССР Жоғары Советі алдында, өз арының алдында жауап беретін Президент керек деп ойлаймын» [7].

Осы шақырылымда сайланған ғалым-депутаттар көптеген маңызды заңдар мен құжаттар жобасын дайындап, кейбірі бойынша тікелей ұсыныс жасап қана қойған жоқ, олардың қабылдануына, сондай-ақ жылдар бойы кеңестік идеологияның шырмауында келген халықтың оянуына да ықпал ете алды. Мысалға Қазақстанда басқарудың президенттік формасын енгізу туралы Заңды дайындауда құрамына көрнекті ғалымдар мен қоғам қайраткерлері енгізілген жұмыс тобы, «қағидалары дауылдарға бергісіз пікірталастардың туғанына», қарамастан оның Жобасын 1990 жылғы 24 көкекте жалпы қарауға ұсынады. Әлі де үстемдігінен айырылғысы келмеген Мәскеудің атынан СОКП ОК хатшысы Г.П. Разумовскийдің бұл мәселені күн тәртібінен алып тастауды сұрағанына қарамастан, заңның тартысты тұстары болса да, депутаттар басым дауыспен оны қабылдайды [8].

Сонау көне ғасырлардан бастау алған қазақ халқының өз тәуелсіздігі жолындағы күресі бірде өршіп, бірде саябырсып отырғанына қарамастан үздіксіз жалғастығын тауып келді. Оның айқын айғағы мәңгі мызғымастай көрінген кеңестік биліктің ыдырауына әкелген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі екендігі даусыз. Соның тамаша жеңісі Тәуелсіздік

ғасырларға созылған үздіксіз күрестердің жарқын нәтижесі. Қазақ халқы сырттан сыналай кірген шұбарала заңдарға бағынышты болса да, ең алдымен өзінің Далалық заңдылықтары мен дәстүрлі құндылықтарын құрметтеп, сөз ұстаған көсемдерін ұлықтай алған ел. Сондықтан да болар республикамыздың шынайы тәуелсіз дамуын заңды тұрғыдан рәсімдеуге жол ашқан «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» дайындаған комиссияның мүшесі ретінде оны халықтық талқылаудан өткізу, ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау, сараптамадан өткізу сияқты жұмыстармен қатар мерзімді баспасөз бен ақпарат құралдарында Декларацияның маңызы мен мәнін халыққа түсіндіруде де ғылыми негізделген мақалаларын жазған М. Қозыбаевтың атқарған ісі мен сөзі көпшілік қолдауына ие болды. Ол Конституциялық актілер негізінде құқықтық жолмен орныға бастаған тәуелсіздіктің бұл алғашқы актісі тарихымызда тұңғыш рет Қазақстанның ұлттық мемлекеттілік екендігін, мемлекеттік биліктің дербес және толыққанды екендігін мәлімдеп қана қоймай, жаңа мемлекеттік құрылыс пен экономикалық дербестіктің негізін қалап, ұлт тарихындағы «ақтандақтарды» түгендеуге жол ашқандығын өз мақаларына арқау етті.

Кеңестер Одағын сақтап қалу жөніндегі 1991 ж. 17 наурызда референдум өткізу барысында талқылау және оны өткізуді ұйымдастыру жұмыстарына араласқан М. Қозыбаев, референдумды өткізу «бірауыздан қолдау» жағдайында емес, ішкі саяси жағдайлардың ауыр күйзеліске ұшырауынан туындаған шара екендігін айтады. Депутат ретінде Одақтық шартқа қол қоюға қарсылығын, Одақтық шарт – КСРО-ның күйреу тығырығынан шығудағы амалсыздықтан туған жалғыз жол дейді [9].

Жоғарғы Кеңестің “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі” туралы Заңды талқылаған 16 желтоқсан 1991 ж. 7-ші сессия мінберінен бұл жеңіс әлемдік үстемдікке тырысып келген империяның құлдырау сәтінде қалдырған мұрасы емес, бұл қазақ халқының сонау Түрік қағанаты құрылған кезеңнен басталған он бес ғасырлық тарихы бар мемлекеттілік пен өз бетінше даму тәуелсіздігін көкसेген арманы болды. Сондықтан да мемлекеттілік тәуелсіздік туралы заңда халық тағдырының тарихи сабақтастығы, табанды күреспен алған тәуелсіздігін, әсіресе оны жоғалтып барып қайта алғандығын ашық көрсетіп жазу тарих тағылымы үшін қажеттілігін ашық айтады.

Заң туралы өз ұсыныстарында «тәуелсіздік – қағидалары бойынша: өзара егемендік пен территориялық тұтастығын силау; қарсы шабуыл жасамау; бір-бірінің ішкі ісіне араласпау; теңдік және өзара пайда табу; бейбіт өмір сүру. Міне, осы бес қағида жаңа халықаралық және өзара ынтымақтастықты орнатудағы ең тиімді жол болатындығын» баса көрсетеді [10].

ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты М. Қозыбаев 1990-1993 жылдары егеменді Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда орасан зор қайраткерлік танытты. Егеменді, тәуелсіз елдің Негізгі заңы – Конституцияның жобасын талқылау барысында ондағы кемшіліктерді ашық айта отырып, ол өз ұсыныстарын да жеткізеді:

– басты кемшілігі – қазақ мемлекетінің ұлттық сипаты ашылмайды.

– 8- бап – қазақ тілінің мемлекеттік санатын ашып, дәрежесін анықтау керек, “мемлекет ұлттық тілдердің пайдаланатын аясын сақтауға гарантия береді, олардың еркін дамуына қамқорлық жасайды” деп көрсетуді ұсынады.

– “Азамат, оның хұқықтары, бостандығы мен міндеттері” бөлімінің негізгі кемшілігі – социализмнің азаматқа берген экономикалық, әлеуметтік праволарынан шегінгендік бары. Әсіресе, нарықтық экономика тұсындағы білім беру жүйесінің адам құқығына нұқсан келтіретіндігі, еңбек етуге мемлекеттік дәрежеде кепілдік берілмесе, жұмыссыздықтың құрығына іліну қаупі барын айта келіп, “жаңа Конституция жобасында бұрынғы социализм алып берген экономикалық, әлеуметтік хұқықтардан бір шөкім де шегінбеуіміз керек, қайта алға жылжуымыз керек” дейді.

– 2-ші бөлім кемшілігі: ұлттық кәсіпкерлікке қамқорлықтың жоғы. Заңда шетелдік емес, ұлттық кәсіпкерлерді қорғайтын тармақ керек.

– 3-ші бөлімде – мемлекет, оның органдары мен институттары жөнінде концептуалдық олқылықтар: 67-баптағы С.А. Терещенко ұсынған мемлекеттік шенеуніктерге қамқорлықты күшейту емес, керісінше қоғамның әлеуметтік-экономикалық болмысы зиялы қауымға – ғылым, білім, мәдениет потенциалына қажет.

– Халық диктатурадан опық жеген, сондықтан Президенттік республика құру жолында Президент пен Жоғарғы Кеңес тең болып, халық алдында **қалтқысыз, адал** еңбек ететіні Антта айтылсын. Ел билеуде біздегі жалғыз үлгі – тоталитаризм үлгісі ғана, сондықтан Президент құзыры туралы айта келіп, диктаторлық жолға кетіп қалмау жағын қарастыру керек.

– 15-тараудағы отставкаға кету жөнінде алдымен қоғамда өз бетімен отставкаға кетуді енгізбей, өркениетті жоғары елдер қатарына көтеріле алмаймыз.

– 16-тарау бойынша Кеңестер мен әкімдер билігі күрделі екендігі, ол екуінің бір-бірімен қабыса алмайтындығын, тарауды қайта қарау қажеттігі.

– 17-тарау – мемлекеттік қорғаныс пен қауіпсіздік сақтау мақсатында Кеңес Армиясының құрылымынан бас тартып, “бізде жаңа армия болу керек”.

– “Заң жобасы орыс тілінде жазылып, қазақ тіліне аударылған. Шын мәнінде, Заң жобасы ең алдымен мемлекеттік тілде жазылуы керек еді” [1].

Осында жасаған ұсыныстарын 1990-1992 жж. Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі ретінде депутаттық мінберден әлденеше рет көтерген ғалым-қайраткер ұлттың нағыз жанашыр Азаматы келбетін анық көрсете алды.

Сессия мәжілістері барысында Конституция, тәуелсіздік Декларациясы, тіл, жер, т.б. Қазақстан меншігіне қатысты маңызды мәселелерді талқылау дау-дамаймен, пікір таласымен өткендігі мәлім. Идеологиялық бодандық менталитетімізден бірден арыла кету оңай соққан жоқ және болашаққа сенімсіздік үрейі жаулаған ел азаматтары да аз болған жоқ. Осы жерде қысқа мерзім ішінде саяси, экономикалық, рухани тәуелсіздігімізді нығайту қажет болған тұста аяқтан шалғандар да табылды. Солардың бірі, депутат Б. Беликтің Конституцияны әлі қабылдауға ерте деген ұсынысын өткізбек болған әрекетіне мінберден жауап берген М. Қозыбаев: “Мен депутат Б. Беликтің Негізгі Заң – Конституцияны қабылдауға әлі ерте дегеніне қосыла алмаймын. Ол мемлекеттің субъектісі – ұлт жоқ дегендей пікір айтты. Сізді ренжітуге тура келіп тұр, ондай ұлт бар, ол – сонау XVIII ғасырдың ортасында, жоңғарлармен күрес барысында қалыптасқан қазақ ұлты. Қазақстанда одан басқа жүзден аса ұлт өкілдері тұрады. Олардың негізінде Белик мырза қалағандай жаңа ұлт қалыптасады деп айта алмаймын”, - дей келе, - “Қазақ халқы отаршылықтың тепкісі мен азабын әбден-ақ көрген халық. Ал депутат Сенько метрополия тілінің Нигерияда сақталуын метрополияның тарихи маңызы ретінде көрсеткісі келеді. Африка халықтары, Сібір халықтары тілдерінің жоғалуын, қазақ тілінің құрып кетуге шақ қалғанын Ұлыбритания мен Ресей империясының сіңірген еңбегі деу қалай болар екен. Ол мақтаныш емес, ол масқара...”, - арындап барып тоқтаған шешен өз сөзін былай аяқтайды: “Сондықтан да мен айтар едім: “Қымбатты славян әріптестер, рақымды болыңдар, тым болмаса бір рет империялық ойлаудан шығып, қасіреті көп қазақ халқының дамуы мен өркендеуіне бөгет жасамаңдар...” [2]. Міне, осылайша кешегі өктемдіктен оңайлықпен арыла қойғысы келмегендерге халық атынан айтқан жауабы Азаматтың жан айқайы еді. Бұл ел тағдыры шешілер тұстағы ұлт алдындағы перзенттік парызының өтеуіндей болған төрелік кесімі болды.

Депутат-ғалым 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 75 жылдығы қарсаңында оның тарихи маңыздылығы мен қоғам дамуындағы орнын ғылыми тұрғыдан негіздесе, енді халық қалаулысы ретінде – мемлекеттік тұрғыдан қолға алу қажеттілігін көтереді. Тағы да Жоғары Кеңестің атына ұсыныс-хат түсіреді. Хат орыс тілінде жазылғандықтан, үзіндісін аудармасыз беруді жөн көрдік:

“Председателю Верховного  
Совета КазССР  
Асанбаеву Е.М.

1991 год войдет в историю народов Средней Азии и Казахстана как год памяти национально-освободительного восстания 1916 года. Эта дата в исторической памяти народов региона связана с апогеем освободительного движения и мощным подъемом национального самосознания, консолидации общества в борьбе за суверенитет. В ходе этой борьбы народы Средней Азии и Казахстана понесли невосполнимые людские и материальные потери, оставшиеся навечно в их памяти ...

... В связи с этим считаем необходимым принять ряд законодательных актов, которые будут способствовать восстановлению исторической справедливости.

1. Объявить День памяти жертв национально-освободительной борьбы казахского народа.

2. Предоставить казахам, проживающим за рубежом, потомкам борцов за национальное освобождение, жертвам репрессий, организованного в 30-х гг. голода гражданство Казахской Республики или статус политических беженцев.

Народный депутат М.К. Козыбаев. 16.VI.91 г.” [13].

Ұсыныс республиканың Жоғарғы Кеңесінің Төралқасында қабылданып, 1992 ж. 31 мамырынан бастап 1931-1933 жылдары ашаршылық тұсында қайтыс болғандарды, яғни нәубет құрбандарын еске алу күні болып жарияланып, жыл сайын аталып өтуде.

Сонымен, депутат М. Қозыбаев арқалаған аманаттың салмағы да берген нәтижесі де әр түрлі комиссиялардың құрамында атқарған істерден өз қолтаңбасындай анық жарқырап көрініп тұрады. Соның бірі “1928 ж. 27 тамыздағы ХКК мен ҚОАК-тің “Байлар шаруашылығын кәмпескелеуі”, 1930 ж. 19 ақпандағы “Ұжымдастыру мәселесін нығайту мен бай, құлақтарға қарсы күрес жүргізуге” қатысты шыққан жарлықтарын тереңдете зерттеу мәселесіне орай құрылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы комиссиясының төрағасы міндетінің ақталғандығы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1991 ж. қарашада құрған Парламенттік арнайы комиссия бір жыл жұмыс істеп, 1920-1950 жж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және 1931-1933 жж. жаппай ашаршылықтың себептері мен зардаптарын арнайы сараптаудан өткізді. Комиссия құрамына институт қызметкерлері – Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілхожин, Ю.И. Романовтар тартылды. Олар бұрын зерттеушілер үшін жабық болып келген ҚР ҰҚК мен ПМ, республикалық, облыстық мұрағаттарында материалдармен жұмыс істеді. Осы топтың жинаған материалдары негізінде 200 беттен астам Баяндама және комиссия Қорытындысы жазылды. Баяндама мен қорытынды да Қазақстанда 30-шы жылдары орын алған оқиғаларға адамгершілік (гуманистік) тұрғыдан тарихи және саяси бағасы беріліп, 1931-1933 жылдардағы аштық құрбандарының саны анықталады және өзге мәселелер де шешімін табады.

Комиссия жұмысының нәтижелері ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 ж. 7 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып, қолдау табады. Бұл комиссия жұмысының Қорытындысы барша жұртшылыққа ақпарат және баспасөз материалдары арқылы жақсы таныс. Сөйтіп, Комиссия мүшелері дайындаған құжаттар мемлекеттік мәртебеге ие болады [14].

Комиссияның қорытындылары мен ұсыныстары бойынша ҚР ЖК Төралқасы Қаулы қабылдап, ұсынылған шараларды іске асыруды қолға алады. Ал М. Қозыбаев комиссияның кейбір жұмыс қорытындылары хақында өз тұжырымдарын “Қазаққа зұлмат қайдан келді” мақаласында берді [15].

Осыдан барып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” комиссиясы құрылып, төрағалығына М. Қозыбаев, орынбасары болып – Қ.С. Алдажұманов тағайындалды. Осы жерде кеңестік тоталитаризм мен оның зардаптары бұрынғы Кеңестер Одағы республикалары ішінде

Қазақстанда ғана тыңғылықты әрі жүйелі зерттеліп келе жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Академик М. Қозыбаев 30-40-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстар жүргізді. Алматы облысына қарасты Талғар, Іле аудандарының аумақтарында, Кіші Алматы өзені мен Алматы-Николаевка жолы бойында, Әли және Жаңалық ауылдары маңында 30-40-шы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандары жаппай жерленгендігі анықталды. “Жаналық” селосының маңындағы зират басында 1993 ж. “Әділет” қоғамы Талғар аудандық әкімшілігімен бірлесіп, сталиндік жаппай сипат алған террор құрбандарының сүйектерін қайта жерлеп, келешек мемориал-кешеннің орнына тас қойды [16]. Аталған шаралар өз жалғастығын М. Қозыбаев республикалық “Әділет” тарихи-ағарту қоғамының төрағасы қызметін атқарған 1993 жылдан бері жанданып, қанатын кең жая түсті. Соңғы алты жылда оның басшылығымен саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы 5 томдық “Азалы кітап”, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы 60 томнан асатын “Зерде кітабы” – “Боздақтар” басылып шықты.

Осылармен қатар ол, Үкімет тарапынан шыққан құжаттардың қабылдануы мен жалпыхалықтық талдануына да барынша атсалысады. Мысалы, Тұңғыш Ата Заң тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы қалыптасу сәтінде қабылданған болатын, қоғамдағы үрдістердің жылдам дамуына байланысты араға екі жыл салып барып Жаңа Конституцияның жобасы қайта талқыға ұсынылады. Осыған орай ҚР ҰҒА өткізген “дөңгелек стол” барысында академик: - кіріспе бөлімдегі “Біз Қазақстан халқы” деген тезисті

– “біз қазақ халқы және Қазақ мемлекетінде (республикасында) тұратын басқа ұлттардың және халықтардың өкілдері” деу тарихи шындыққа негізделетіндігі,  
– шетелдік ұйымдар бөлімінде шеттен келер діни ұйымдарға тиым салу,  
– “жер жеке меншік болуы мүмкін” 6-баппен еш келісе алмайтындығын, ол қазақ зиялылары ғасыр басында-ақ қазақ сахарасында жер сатудың өте қауіпті екендігін дәлелдегенін айта келіп, “Бізде шет ел капиталымен ауыз жаласу өмірдегі шындыққа айналып отырған заманда қазақ жерін талан-таражға түсіруді Ата Заңға жазудан асқан күнә болуы мүмкін емес”, - деп төрелігін бірақ кеседі.

– Орыс тілі мәртебесі – “орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен бірдей” деген тұжырымның орнына “орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар (наряду) деп берілсін,

– Президент сайлауы баламалы болса демократияға сай болады, - деген шешен, және өзге баптар туралы да нақтылы ұсыныстары мен ескертулерін білдірді [17].

Депутат М. Қозыбаевты жер мәселесі де көп толғандырды, өзге әріптестерімен бірге ҚазКСР ЖК сессиясында осы мәселе туралы, анығырақ айтқанда, Одақтық ведомстволар билігінде болып келген ҚазКСР жерлерін, табиғи объектілерін қайтарып алу көтерілген тұста, ол тағы да сессия мінберінен үн қатты. Сондағы сөйлеген сөзін назарларыңызға ұсынсақ:

“Қадырмен төрағасы – ел ағасы!

Қадырмен халық депутаттары!

Қазақстан Ресей құрамына кіргеннен кейін патша үкіметі 1868 ж. “Далалық облыстардағы басқару жөніндегі уақытша Ереже” (яғни, Орал, Торғай, Ақмола және Семей) қабылдайды. Ереже бойынша қазақ жері басты меншік болып жарияланды. 1891 ж. ол бекітілді. Нәтижесінде 1917 ж. қазақтардың 45 млн. десятин құнарлы жерлері тартылып алынды. Қазақ шаруасы өз елінде күшпен қоныс аударушыға айналды.

Кеңес билігі тұсында жағдайдың өзгергені шамалы. Иесіз жерлер министрліктер мен ведомстволардың билігіне көшті. Тек Қазақстанның бір өзінде ғана кеңестік Пентагон ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің шешімінсіз республика территориясында орналасқан полигон, космос, ядролық, бактерологиялық қаруларына 45 млн. га пайдаланды және қазіргі ЖК Төралқасы ҚазКСР министрліктеріне бұл жерлерді мәңгілік пайдалану мәртебесін қалдыруды ұсынып отыр. Жоба бойынша жерлерді қайтару жалғасын табатын сияқты. Ол шенеуніктердің, әміршіл-әкімшіл аппараттың сатып алуына беріледі.

Ұсынамын:

- 1) жер қазақ халқының, ҚазКСР-нің игілігі болып табылады
- 2) жерді, табиғи нысандарды қайтарып алу – бұл ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің міндеті
- 3) ертеректе одақтық ведомстволар, министрліктерге берілген жерлер ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінде қайтадан қаралып, бекітілуі тиіс.

Біз КСРО мүддесін қолдаймыз, бірақ бұлардың барлығы ҚазКСР Конституциясы нормаларын бойынша жүзеге асырылуы керек.

Бұл - әлеуметтік шындық.

Бұл – іс жүзіндегі егемендікті танытады” [18],- деп жер халық байлығы, халық қазынасы, жалпыхалықтық меншік болып саналатындықтан, оны жекеменшік иелеріне сатуға болмайтындығын, олай болған күнде үлкен даулы мәселеге айналатындығын ескертеді.

“Халықтың мәңгілік ғұмыры оның тілінде” деген халық даналығын басты өмірлік қағидаларының бірі ұстанған М. Қозыбаев және өзгеде Ғылым академиясынан сайланған А. Абдуллин, С. Сартаев, С. Зиманов секілді майталман ғалым-қайраткер депутаттар тобы өз мандаттары жүрген ЖК сессиясының тіл мәселесі қаралған мәжілістерінде қазақ тілінің мәртебесін мемлекеттік деңгейге көтеру үшін аянбай күресті, өзгелерді де осыған шақырды. Тіл мәселесі өткір қойылған тұста олар барлығы 32 депутат пен ғалымдар, өнер адамдары, кәсіпкерлер қол қойған Ашық хат жолдайды. Онда былай делінген (түп нұсқасында беріліп отыр):

“Президенту РК Н.А. Назарбаеву!

XI сессии ВС РК I-го созыва!

Открытое письмо

Согласно “Декларации о государственной независимости” РК – это независимое унитарное национальное демократическое государство самоопределившейся казахской нации. Поэтому государственным языком в нем может быть только язык коренного населения республики, давшего ей свое имя – казахской нации. Провозглашение же вместе с ним государственным языком или “действующим наравне с государственным языком”, (что практически означает завуалированное признание его государственного статуса), любого другого языка, в корне противоречит законам нашей республики.

Учитывая эту объективную и несомненную истину, мы представители интеллигенции Казахстана принципиально настаиваем на том, чтобы касательно языкового статуса в проекте Конституции РК были записаны лишь два пункта:

1. Государственным языком Республики Казахстан является казахский язык.

2. Государство создает условия для свободного функционирования и развития языков всех народов проживающих в Казахстане” [19], - деп тіл тағдырының шешілуі Ата Занда анық та айшықты көрсетілуі қажет екендігін, оны созбалаңға салмай, жалтақтамай нақты шешуді талап етеді. Сонымен қатар, “Мемлекеттік тіл туралы” өз мәлімдемесінде қазақ тілінің мәртебесі республиканың орыс тілді тұрғындарынан бұрын қазақтардың өзін де толғандырып отырған күрделі мәселе. Ұлттық мемлекеттіліктің бірден бір негізі оның тілі, ұлттық тілі, сондықтан да қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін (статусын) беру - өмірлік маңызды мәселе, ұлттың белгісі болып табылатын тілді сақтау болып табылатындығын ашық айтады. Сонымен қатар, ұлтаралаық қатынас тілі болып танылған орыс тілі қорғауға мәжбүр еместігін, ол барлық салада еркін қолданылып отырғандығын және қолдана береді. Әкімшіл-әміршіл партиялық билік тұсында қазақ қоғамын орыстандыру күштеп жүргізілсе, қазіргі тәуелсіз Қазақстанда өзге тілді күштеп енгізу тиым салынып, жол берілмеуін талап етеді. “Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде танығанда ғана өзінің ұлттық қастерлі құндылықтарына ие болатындығын” айта келіп, орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру этикалық ұғымға сымайды ғана емес, қоғамдағы саяси тұрақсыздыққа апаратын жағдай екендігін де ескертеді [20].

Тарихи шындықтарды қалпына келтіруде ҚазКСР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа қазақ батыры Б. Момышұлына Кеңес Одағы Батыры атағын беру туралы қайталап жазған сұрау-хатының [21] да тарихи маңызы бар десек арттық айтпаған болар едік. Қайталау деу

себебіміз, осындай хатты ҚКЭ Бас редакторы болып тұрған шақта ғалым Д.А. Қонаевтың атына, Г. Колбиннің, кейін Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаевқа жолдағанын, бірақ жауап болмады. Ал енді халық аманатын көтерген депутат М. Қозыбаев Президентке жолдап, ЖК арнайы тапсырмасы бойынша институт қызметкері (Қ.С. Алдажұманов) Мәскеу қаласына мұрағаттардан материалдар жинауға жіберіледі. Нәтижесінде, соғыс жылдарының өзінде-ақ Б. Момышұлы екі мәрте бұл жоғары атаққа ұсынылғандығы анықталып, құжаттардың көшірмесі әкелінеді. Бұл ұсынысты кезінде Ғ. Мүсірепов, көптеген азаматтар, жерлестері, соғыс ардагерлері де жасаған болатын. Сонымен, Елағасы атына жолдаған сұрауында Бауыржанға дер кезінде атақтың берілмеуін шындықты пір тұтқан өр мінезінен, әкімшіл-әміршіл жүйені ертерек түсініп, түңілген жан дейді. Автор өз ұсынысын: “Ұлы Отан соғысының Батырлары он екі мыңға таяу. Баукең болса халық өзі батыр деп таныған санаулы ғана ұлының бірі, бір де болса бірегейі. Осылай ол ел сүйіспеншілігіне бөленгенін қанағат етті, медет тұтты, еліне, халқына сенген ол болашақ ұрпақтың өзін әділ бағалайтынына сеніп кетті. “Берген мырза емес, алған мырза” деген мәтел бар. Баукең бар күшін, қолбасшылық дарынын халқының бақытына берді. Енді жүктің ауыры болашақ ұрпақ бізде қалды. Ендеше, сол берешегімізді атқарайық елім, халқым, көш бастаған ағайын. Баукең “Қазақстанның Халық батыры” атағының көшін бастауы тиіс” [22], - деп қорытындылайды.

Осылайша тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында М. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына, ұлттаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуальдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды.

Он екінші шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің сессияларында, әртүрлі комиссиялардың құрамында сан-салалы - ұлттық саясат, Декларация, Ата заң, жер, тіл, әскер, территория тұтастығы, ғылым-білім, билік, сайлау, репрессия құрбандарын ақтау, Президент бағдарламасы, референдум өткізу, Семей полигонын жабу немесе болмай қалған жаңа одақтық шартты талқылау, т.с.с. істерді атқару барысында бірде өткір сын айтса, бірде ұсыныс, бірде жығылыс секілді жолдардан өтті. Жоғарғы Кеңестің құзырына енетін барлық мәселелердің ішкі астарына үңілді, болжам айтып, тұжырым жасар сәтте қателікке ұрынбас үшін кей мәселені парламент арқылы, бірін мерзімді баспасөз бен ақпарат құралдары арқылы, үшіншісін – депутаттық сұраулар арқылы шешті.

Егер академиктің өз тұжырымымен айтар болсақ “Ер-азаматтың тарланы ұлт перзентіне айналар сәті заманға байланысты. Замана ерді болат семсердей отқа да, суға да салады, шыңдайды, сынайды. Күндердің күнінде көп ішінен көлбең етіп шыққан ер шыңға шығады, ұлт тағдырының бағдарын ұғады, жарқ етіп жұмсақты тіледі, қаттыны жарады.

Тарих ер ел көсемі дәрежесіне көтерілуі үшін талай сыннан өтетінін көрсетеді. Ұлттық мүддені нысана еткен ол біліктілік көрсетіп, ұлт шеңберінің аясында шектеліп қалмайды, халықаралық тұғырға қонады” [23].

Өздеріңіз көріп отырғандай, ғалым-қайраткердің қоғамдық қызмет жолы да ғылыми-ұйымдастырушылықпен қатар, артында қалған қыруар ғылыми-шығармашылық мұрасындай комақты да терең, арқалаған жүгі ауыр. Өзіне де, өзгеге де талап қоя білген М. Қозыбаев қоғам қайраткері, ұлтының адал перзенті ретінде де, халық қалаулысы ретінде де алдына қойған мақсат мүддесінен шыға алды, өзіне артылған сенімді де толықтай ақтай алды. Сондықтан алаштың ардақты ұлдарының санатынан ойып тұрып орын алды, артында қалдырған құнды да бағалы рухани байлығымен мәңгілікке ұлтының санасында хатталып қалары сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Кекілбаев Ә. Бүгін мен ертеңге бірдей қызмет еткен ғұлама // Академик Манаш Қозыбаев. – 39-б.



- 2 ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 140-іс, 1-7; - 8-12-пп.
- 3 Әбділдин Ж.М. Алаш азаматтарының ақталуы // Тағлым мен тағзым. – Алматы: Комплекс, 2003. – 102-121-бб.
- 4 ҚР ОММ. -2263-қ., 1-т., 19-іс, 52,54-55-пп.; -29-іс, 51-56-пп.; Академик Манаш Қозыбаев // Социалистік Қазақстан, 1990, 17 наурыз; Халық депутаттары сайланды // Социалистік Қазақстан, 1990, 22 наурыз; От общественных организаций // Казахстанская правда, 1990, 22 марта.
- 5 ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 146-іс, 18-п.
- 6 ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 147-іс, 1-п.
- 7 Қозыбаев М.Қ. Президент – ел ағасы. Халқына қалтқысыз қызмет қылсын // Халық кеңесі, 1990, 24 сәуір.
- 8 Сартаев С. «Басқарудың президенттік формасы Қазақстан үшін аса тиімді» // Президент және халық. – 2006, 6 қаңтар.
9. Қозыбаев М.К. Если по существу // Казахстанская правда, 1991, 27 февраля.
10. М.Қ. Қозыбаевтың Жоғары Кеңестің 7-сессиясында сөйлеген сөзінің қолжазбасы // ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 152-іс, 1-2-пп.
11. Қозыбаев М. Негізгі Заңның негізі түзік болсын // Қазақ әдебиеті, -1992, 17 шілде.
12. Қозыбаев М. Тарих алдындағы парыз (ҚР Жоғарғы Кеңесі сессиясында сөйлеген сөзі) // Тарих зердесі. - Т.1. - 65-б.
13. ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 152-іс, 2-4-пп.
14. Заключение Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан // Казахстанская правда, 1992, 22 декабря.
15. Қозыбаев М.Қ. Қазаққа зұлмат қайдан келді? // Өркен. - 1993, 16 қаңтар.
16. Қозыбаев М., Хасанаев М. Өлі риза болмай, тірі байымайды // Егемен Қазақстан, 1993, 24 тамыз; Аруақтар рухына тағзым // Жетісу, 1993, 10 маусым; Это нужно и мертвым. Это нужно живым // Огни Алатау, 1993, 9 июня.
17. Қозыбаев М. Халық мүддесі қашанда жоғары // Заң газеті, 1995, 22 шілде; Его же. При социализме не все было плохо // Казахстанская правда, 1995, 22 июля.
18. ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 152-іс, 5-7-пп.
19. ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 154-іс, 5-7-пп.
20. ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 154-іс, 27-28-пп.
21. ҚР ПМ. – 163-нл-қ., 1-т., 157-іс, -6-п.
22. Қозыбаев М. Әділдік болса жалғанда // Халық кеңесі, 1990, 11 қазан.
23. Қозыбаев М.Қ. Тәуелсіздік жолы – үміт жолы // Тарих зердесі. 1-кітап. - 91-б.

**Мукатаева Л.**

к.и.н., профессор Казахский гуманитарно-юридический университет

### **БЕЗОПАСНОСТЬ КАЗАХСТАНА КАК ВЕДУЩИЙ ФАКТОР СУВЕРЕНИТЕТА ГОСУДАРСТВА В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К.КОЗЫБАЕВА**

Территория современного Казахстана по своему геостратегическому положению в прошлом, находясь между Российской империей на западе, Китаем на востоке и ханствами Средней Азии на юге, создавала полюс напряженности со всеми вытекающими последствиями. В начале XVIII века Казахский край фактически был втянут в сферу социально-экономических интересов России. После распада единого централизованного государства у народов Центральной Азии появилась уникальная возможность для национального возрождения, и этот шанс был удачно реализован. Несмотря на то, что Россия около двух веков господствовала над Казахстаном, и отношения были чаще напряженными, два соседних государства сумели сформировать добрососедские взаимоотношения на паритетных началах. Перед молодой республикой встала задача создания собственной

государственности. В переходный период, преодолевая кризисные явления 90-х годов, затем в годы подъема экономики наше государство искало эффективные инновационные пути к экономическим и социальным реформам, перенимая при этом успешно международный опыт.

По мнению академика М. Козыбаева проблема национальной безопасности, независимости республик Центральной Азии, в том числе Казахстана, зависела в тот период от совокупности факторов, которые невозможно было игнорировать при условии межгосударственных взаимоотношений [1, с.255]. Главным фактором он называл проблему национальной безопасности, что на деле означает обеспечение территориальной целостности государств. Разрабатываемая в первые годы суверенитета оборонная доктрина Республики Казахстан, началом которой послужил Указ Президента РК Н.Назарбаева «О создании Вооруженных сил Республики Казахстан» от 7 мая 1992 года и ряд других постановлений и законов, настораживала политический мир, особенно азиатских соседей. Однако известно, что создание собственных вооруженных сил – обязательное условие самостоятельности государства. Казахстан сумел преодолеть ряд трудностей, то есть открыть собственные учебные заведения для военных кадров, сформировать офицерский корпус, научился решать проблемы границ с соседними странами, не вызывая при этом конфликты. Республика, придерживаясь преемственности в военном строительстве и учитывая мировую тенденцию к снижению опасности в глобальном масштабе, концепцию своей внешней безопасности основывает на едином военно-экономическом потенциале СНГ. Принципы государственной концепции национальной безопасности закреплены в Основном Законе РК и означают стройную систему, направленную на предотвращение войны, оборонное строительство, подготовку республики и ее армии к отражению агрессора, сохранение территориальной целостности государства и ее народа. Изолированно жить не может ни одно государство, так как в мире происходят события независимо от того, причастны мы к ним или нет. Серьезные противоречия приграничного, экономического, этнического, религиозного характера, участвовавшие террористические акции продолжают иметь место в современной жизни. Учитывая многонациональный состав населения страны, а также возможную эскалацию этих процессов, Казахстан тесно сотрудничает с миротворческими силами ООН и ближайшими соседними странами.

Следующим, одним из наиболее важных, определяющим направлением во внешней политике Казахстана М. Козыбаев считал тюркский фактор, так как восстановление контактов с братскими народами для Казахстана стало воплощением исторической справедливости, и этого требовали возрастающие новые хозяйственно-культурные связи в регионе. Традиционное противостояние Запад – Восток, олицетворяющее ранее две мировые системы, изменилось кардинально по периметру Турция, Ирак, Афганистан, республики Средней Азии, Казахстан, тюркские республики России и, возможно, Монголия, представляющие новую группу стран Востока, как бы заполнившую вакуум после распада Советского Союза [1, с. 259]. Авторитет этого региона стал выше в отличие от более раннего периода, когда регион считался местом с повышенной вероятностью военных столкновений. Существовавшие ранее конфликты в Азии усиливали напряженность, национальную и расовую неприязнь. Происходившие же новые конфликты центрально-азиатских государств, в первые годы их независимости, первые самостоятельные шаги молодых государств на международной арене вызывали недоверие друг к другу. Дипломатическими усилиями, как самих республик, так и других мировых политических сил, прежде всего России, на сегодняшний день успешно разрабатываются реальные возможности для внедрения мер доверия в этом регионе. При этом есть понимание различий геополитических, культурных, исторических условий в азиатских странах. Примерами тому могут служить таджикский конфликт и более близкая к сегодняшнему дню ситуация в Кыргызстане. Казахстан же стремится к сохранению политического нейтралитета и в то же время прилагает миротворческие усилия по урегулированию межэтнических войн в регионе.

В концепции академика М.Козыбаева по развитию суверенного Казахстана исламский фактор также указывается как один из основных в становлении международных взаимоотношений независимого Казахстана с другими государствами. Поскольку в политических кругах Российской Федерации угроза «исламского фундаментализма» вслед за американской позицией стала господствующей идеей в обвинениях происков врага [3, с. 149]. Например, такую общую для всех современных государств опасность как международный терроризм связывают часто с радикальным исламом, несмотря на то, что это некорректно. Современный терроризм совместил в себе целый комплекс неразрешенных проблем нынешнего состояния многих стран и народов, их населяющих. Это отставание отдельных стран в своем развитии, бедность, безработица, неравные возможности в получении качественного образования, тенденция все большего разрыва в уровне благосостояния различных стран, а внутри стран различных групп населения, все то, что составляет предпосылки терроризма [4, с. 14]. В связи с этим, несомненно, играют позитивную роль усилия Республики Казахстан по укреплению межконфессионального согласия не только внутри страны, но и в мировом масштабе. Наше государство, находясь в центре евразийского континента по своему геополитическому положению, стремится проводить посредническую политику при обострении отношений противостояния групп стран Восток-Запад. Ведь казахский народ, как наследник степной цивилизации, «имеет многовековой опыт контактов с различными цивилизациями и культурами, сохраняя при этом свою национальную неповторимость в рамках мусульманской и тюркской тождественности. Казахстан, хотя и является светским государством, но его коренные народы традиционно тяготеют к своим мусульманским братьям на юге и востоке» [1, с. 260]. Правильное понимание особенностей мусульманского мира российскими ведущими политиками и представителями власти, честные и открытые исследования ученых помогут наладить диалог, так необходимый обеим сторонам.

Важнейшим фактором, влияющим как на внешнюю, так и на внутреннюю политику Казахстана является российский фактор. Отношения метрополии и колонии, национально – освободительное движение против политики царизма, культ личности и репрессии, подавление первых проявлений демократии уже в перестроечное время наложили отпечаток на взаимоотношения народов. В свое время стремление Президента РК Н.Назарбаева к подлинной интеграции, его идею создания Евразийского Союза А. Солженицын и его сторонники назвали «призраком, дымом» [3]. В международных взаимоотношениях между Россией и Казахстаном в последнее десятилетие наметилась положительная тенденция конструктивного диалога, выражающегося в реальных итогах. От политического давления, экономической блокады молодой республики отношения перешли к тесному сотрудничеству. Усилия позитивных сил с обеих сторон, прежде всего научных, литературных, влияющих на политику государств, позволяют успешно преодолеть разногласия. Так, хотя и с трудностями, но найден компромисс в заключении Таможенного союза, ряда документов, способствующих тесному и взаимовыгодному сотрудничеству. Расширяются связи между историками двух стран, что помогает находить точки соприкосновения по многим теоретическим проблемам. Обсуждение в научном плане актуальных проблем взаимоотношений помогает преодолеть деликатные вопросы, понять, а иногда и принять мнение различных научных школ, что не должно повлиять на современные взаимоотношения двух государств, находящихся в добрососедских отношениях.

Развитие независимого Казахстана немыслимо без решения демографического, по убеждению академика М.Козыбаева, национального фактора. Колонизация края и силовая коллективизация фактически ликвидировали кочевую цивилизацию. В результате голода 1921-23 годов казахи потеряли значительную часть этноса. В 1931-33 гг. – 2 млн. 200 тысяч, то есть 49% своей численности. При переселении из европейской части России в 1907 – 1912 гг. 2 млн. 400 тыс. крестьян, 1.5 млн. репрессивных народов Северного Кавказа, корейцев Дальнего Востока, поляков и эвакуированного населения прифронтовой полосы в годы второй мировой войны, около 2 млн. из европейской части страны в период массового

освоения целины, казахи превратились в национальное меньшинство в своей стране [1, с. 261]. Казахский язык стал вытесняться. Принимаемые меры Правительства Казахстана постепенно выправляют создавшееся положение. По данным переписи 2009 года по сравнению с предыдущей переписью 1999 года численность казахов увеличилась на 26,1% и составила 10098,6 тыс. человек, то есть 63,1% населения страны [6].

В условиях становления суверенитета республики проблема пробуждения национального самосознания занимает в научном наследии академика М.Козыбаева особое место. Ученый сожалеет, что первоначальная эйфория, рожденная объявлением независимости, в условиях последующего устойчивого экономического кризиса, сменилась пессимизмом, патриотизм временами перерастал в национализм, замкнутость. Эти мысли академик высказывал в конце 90-х годов в твердой уверенности, что это временно и преодолимо [1,с.262]. Последующее развитие Казахстана показало, как республика уверенно входит в мировое сообщество.

Таковы, по мнению академика М.Козыбаева, основные факторы, которые влияют как на диалог для установления межнационального согласия, так и на процесс созидания независимого Казахстана в целом. По истечении более чем десяти лет с тех пор, как были определены академиком эти факторы, они актуальны и в современный период и не только для нашей республики, но и для других государств Центральной Азии, учитывая при этом отдельные особенности экономического, национального развития, а также 20-летний опыт развития независимого Казахстана. Характерной чертой политики большинства из них является попытка поиска собственного пути развития. Сегодня в мире все большее количество стран понимает, что национальные интересы более эффективно обеспечиваются конструктивным диалогом на основе равенства и уважения, нежели силовым давлением.

За период независимого развития концепция безопасности в Казахстане базируется на принципах сохранения этнической и социальной стабильности, проведении экономических реформ, укреплении государственной власти во внутренней политике. А во внешней – предусматривает конструктивный диалог с мировыми державами, коллективную оборону в рамках Содружества Независимых Государств и Организации Договора о коллективной безопасности, укрепление азиатской безопасности, евразийскую интеграцию. В концептуальном понимании именно этими принципами руководствуются в своей деятельности все силы обеспечения национальной безопасности. Задача парламентариев – обеспечить адекватное правовое поле такому взаимодействию. Законодательные нововведения своевременны и актуальны, соответствуют требованиям времени.

Как отмечают ученые К.Жиренчин, К.Айтхожин «...государственный суверенитет связан, прежде всего, с волей, потребностями и целями казахстанского народа. Следовательно, понятие "народный суверенитет" охватывает по своему содержанию и понятие государственного суверенитета. Признание же содержания именно такого понятия суверенитета государства означает, что государственные органы Республики Казахстан обязаны не только проводить в жизнь волю ее народа, но и формировать политико-правовые механизмы, с помощью которых народ в целом, общественные объединения и граждане могли бы осуществлять эту власть в различных сферах общества и государства» [7].

Государства Центральной Азии, переживающие на современном этапе сложный этап трансформации, включающейся в процессы глобализации, стоят перед задачей формирования такой модели социальной политики, которая бы отвечала на вызовы современной социально-политической ситуации в регионе. Новые отношения собственности, рыночное регулирование хозяйственной жизни, преодоление последствий экономического кризиса, изменения в социально-трудовой сфере, усложнившаяся социальная структура, различие уровня доходов отдельных групп населения – все это требует от общества и власти формирования новых отношений. Поставленные задачи необходимо решать уже в обозримом будущем, так как наше государство ставит перед собой цель скорейшего вхождения в число наиболее развитых стран мира.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Козыбаев М.К. Казахстан суверенный: опыт и проблемы. В кн: Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Книга первая. Алматы, 2000.
2. Малашенко А.В. Исламская альтернатива и исламистский проект. - М., 2006.
3. Интервью А.Солженицына журналу «Форбс». Известия, 1994, 4 мая.
4. Об итогах переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Агентство Республики Казахстан по статистике. Астана, 2010.
5. Морозов Е. Россия и Юг: геостратегическая проблема // Наш современник. - М.,1992, №11.
6. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. Косиченко А.Г., Ашимбаев М.С. и др. – Алматы,2002.
7. Жиренчин К.А., Айтхожин К.К. Конституция Республики Казахстан и вопросы теории суверенитета. Материалы Международной конференции «Социокультурные и политико-правовые проблемы суверенитета Казахстана». А., 2000.

УДК:371,13

**Тохметова Г.М.**

к.п.н., доцент, Государственный университет имени Шакарима города Семей

#### **МАНАШ КОЗЫБАЕВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ИДЕОЛОГ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

Манаш Кабашевич Козыбаев (каз. Манаш Кабашұлы Қозыбаев; 16 ноября 1931 год, Мендыкаринский район, Кустанайская область — 2002 год) — советский и казахстанский учёный-историк. Доктор исторических наук (1969), профессор (1970), академик НАН РК, заслуженный деятель науки, лауреат Госпремии Республики Казахстан, лауреат Президентской премии мира и духовного согласия.

Учёный одним из первых внес весомую лепту в ликвидацию “белых пятен” в истории Казахстана. Благодаря его исследованиям научному сообществу и широкой общественности стала известна трагедия 30-х годов, постигшая казахский народ. Опубликованные им работы, посвященные Великой Отечественной войне, показывают огромный вклад казахского народа в победу над фашизмом, дают глубокий анализ истоков единения различных национальностей в переломные периоды мировой истории. Его научное творчество высоко оценено учеными во многих странах. Ученым разработаны новые подходы в освещении таких ключевых проблем истории страны, как формирование территориальной целостности казахской государственности, освободительная борьба казахов против джунгарских завоевателей и их национально-освободительное движение против царизма в XVIII – начала XX вв., вхождение Казахстана в состав России, народ Казахстана в условиях казарменного социализма. Развивая традиционные связи академической науки с народным образованием, он подготовил учебники и пособия по истории Казахстана для средней школы.

М. Козыбаев является основоположником научной школы по исследованию актуальных проблем истории Казахстана. Им написано более 800 научных работ, его труды переведены и изданы в России, США, Китае, Германии, Японии, Иране, Болгарии, других странах. Одной из главных работ учёного Манаша Козыбаева является исследование, посвященное участникам Великой Отечественной войны. Им написаны учебники и учебные пособия по истории Казахстана.

Манаш Козыбаев был действительным членом Национальной Академии наук, народным депутатом Республики Казахстан, постоянным членом Ассамблеи народов Казахстана, активно участвовал в принятии Конституции суверенного Казахстана.

Академик М.К.Козыбаев - участник Международного X конгресса историков, XIX Международного конгресса военных историков, Международного конгресса по культурному и научному сотрудничеству стран Центральной Азии (ЮНЕСКО-Тегеран), многочисленных международных конференций, проходивших в Москве, Ленинграде, Ташкенте, Самарканде, Киеве, Минске, Пекине, Анкаре, Стамбуле, Париже, Тегеране, Улан-Баторе, Бишкеке, Урумчи, Шанхае и т.д.

В 1990-1993 годы он был народным депутатом Верховного Совета РК, принимал самое активное участие в принятии Конституции Республики Казахстан с 1993 г. М.К. Козыбаев был членом Национального Совета по государственной политике при Президенте РК, Государственной комиссии по правам человека при Президенте РК. В последние годы жизни М.К.Козыбаев был бессменным председателем историко-просветительского общества "Адилет".

В 1995 г. под руководством М.К. Козыбаева была разработана концепция по формированию исторического сознания народа Казахстана, принятая Национальным Советом по государственной политике при Президенте Республики Казахстан.

Больше половины своих работ М.К.Козыбаевым опубликованы за период независимости Казахстана. Как ученый-историк, государственный и общественный деятель М. Козыбаев постоянно уделяет внимание утверждению национального самосознания казахского народа, упрочению идеологии государственности, этнотерриториальной целостности Республики Казахстан, о чем ярко свидетельствуют его научные разработки. Это также ярко отражалось в его работе в качестве председателя научно-методического совета Министерства культуры, информации и общественного согласия, члена Государственной комиссии по памятникам и монументам.

Главное содержание трудов и исследований академика М.К.Козыбаева всегда было направлено на укрепление общенационального согласия и единства народов Казахстана, на развитие духовности и патриотизма подрастающего поколения, реализацию идей Президента РК Н.А.Назарбаева, заложенных в "Стратегии -2030".

Заслуги М.К. Козыбаева в развитии отечественной исторической науки и его государственная и общественная деятельность по праву отмечены высокими государственными наградами. За монографию "Казахстан - арсенал фронта" в 1970 г. он удостоен звания лауреата премии им. Ч.Ч. Валиханова. За цикл работ по актуальным проблемам истории Казахстана в 1995 г. ему присуждена Государственная премия Республики Казахстан. За активную и плодотворную государственную и общественную деятельность в 1997 г. он удостоен высокого звания лауреата Президентской премии мира и духовного согласия. Ему присвоено почетное звание "Заслуженный деятель науки Казахстана" (1986), награжден Почетными Грамотами Верховного Совета Казахской ССР, медалями Республики Казахстан и СССР. М.К.Козыбаев избран почетным профессором Семипалатинского государственного университета им. Шакарима Кудайбердиева (1998), Карагандинской государственной медицинской академии (1999), Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова (2001), университета им. Х. Досмухамедова, Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата, Академии "КазГОР". Он является Почетным гражданином г. Костаная, родного Мендыгаримского района. 30 мая 2003 г. постановлением Правительства Республики Казахстан имя академика Манаша Козыбаева присвоено Северо-Казахстанскому государственному университету.

Особое политическое звучание обрели научные труды М. Козыбаева, посвященные развитию независимого Казахстана - формированию суверенной государственности, политике гражданского единства и социального согласия, процессам демократизации, рыночного и социального реформирования, которые, по сути, и являются той фундаментальной научной основой, на которую опирается современная казахстанская политологическая и историческая мысль. Это служит ярким подтверждением высказанной Президентом Н.А.Назарбаевым мысли в книге "В потоке истории" о том, что "понимание

своего места в истории, гордость предками не в масштабах родовой кочки, а в общенациональном смысле, осознание колоссального значения казахов и их предков в истории огромной Евразии, освобожденное от унижающих национальное достоинство ярлыков и стереотипов - это мощный и абсолютно современный способ национальной консолидации" [1]. Президент РК Н.А.Назарбаев, обращаясь к народу сказал: «Сегодня мы с гордостью и восторгом узнаем, что Казахстан является территорией, на которой развивались древние и самобытные цивилизации»). Величайшая заслуга в этом академика М.К.Козыбаева, его кропотливый труд привел к написанию монографий и научно публицистических статей: «Вехи истории», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» в двух книгах, «История казахов — составная часть цивилизации степи», крупная монография (конец 2001г.) «Цивилизация и нация». В работе «Откуда “есть — пошла” Казахская земля» М.К.Козыбаев обобщил следующее: «Среди тюркских народов, чья история изобилует великими и печальными страницами, казахский народ является одним из многочисленных и, в то же время, однородных по составу этносов» [2].

Научный поиск академика Козыбаева М.К. сочетался с активной гражданской позицией, обращением к наиболее острым проблемам прошлого и настоящего, стремлением сохранить национальную самобытность казахского языка, культуры. Как патриота его волнует будущее своей страны. Подводя итог исследованию степной цивилизации, М. Козыбаев отмечает «Казахский этнос как объединяющее начало народов Казахстана – один из преемников историко-культурного наследия степной цивилизации, в ответе за монолитность народов Казахстана, за мир и безопасность на евразийских просторах, за поступательное динамичное развитие Республики Казахстан, за претворение в жизнь долгосрочной стратегии Программы-2030, в результате которой он станет в один ряд с развитыми государствами и народами мира».

В статье «Монолог об Отчизне» М. Козыбаев называет период независимости Казахстана «эпохой возрождения», подчеркивает его закономерную связь с предыдущей историей, которая является составной частью истории мировой цивилизации. Он считает независимость главным достижением любого народа, так как она дает простор для реализации собственных программ и проектов. Последними его словами, в которых слышалась вера в лучшее будущее своего народа и Отечества были: «И поэтому независимость – наш главный лозунг, наш голубой флаг, наше будущее благополучие и счастье, наш наступающий светлый рассвет! Да будет благословенна наша независимость, народ наш высок и крепок духом, народ Казахстана пусть будет великим, а само государство – процветающим и богатым. Пусть наша страна станет лучшей из многих, чтобы на нее равнялись другие страны и народы, дорогие друзья!» [3].

Заслуги Манаша Козыбаева в развитии отечественной исторической науки и его общественной деятельности по праву отмечены высокими наградами: премией им Ч.Ч.Валиханова (1970), Государственной премией РК (1995), Президентской премией мира и духовного согласия (1997).

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Н. А. В потоке истории. – Алматы : Жібек жолы, 2010.
2. М.К. Козыбаев «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Память народа». Книга первая. Алматы, 2000.
3. Козыбаев М. Монолог об Отчизне / Проблемы методологии, историографии, источниковедения (Избранные труды). — Алматы: Ғылым. – 2006.
4. <http://e-history.kz/ru/contents/view/1621>

## **ҚАЗАҚСТАН ТРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ НЕМЕСЕ БАТЫСТЫҢ «ШЕКАРА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ» БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ**

Мақалада жалпылы Қазақстан тарихы, оның ішінде Қазақстан тарихының орта ғасыр кезеңін зерттеуде «жаңа» теориялық тұжырымдама іздеуге бағытталады. Өзіндік экономика жүйеге негізделген Еуразия дала қауымы саяси құрылымы болсын және елара қарым-қатынастары жағынан болсын көптеген ерекшеліктері барбір қоғам болған. Кеңес кезінде Марксизм аясында салған теориялық тұжырым көшпенді елдердегі өзіндік ерекшеліктерді өшіріп оныңқоғам даму кезеңін отырықшы өркениеттермен бір деңгейде сипаттама беруі еді. Нәтижеде көшпенді қауымға, оның ішінде Қазақ қоғамына сол өркениет елдерді қортындылайтын екідаму сатысын да зорлап танып қойған. Кеңес одағы тарап ширек ғасыр өтседе, біз әлі Марксизм тұжырымынан толық арыла алмай отырмыз. Осы орайда Батыс ғылым саласында жылдар бойы бұрқырап қайнап мәресіне жетіп келе жатқан теориялық сараптамаларды Марксизм-ленинизмге толық балама ретінде, орынды түзулер еңгізіп, сол негізде «жаңа» әдістеме тұжырымдаманы іздеу біздің күн тәртібінде бір көкейкесті мәселе.

1950 жылдарынан бері АҚШ-та жарық көріп, 1980-2000 жылдары самғаған «Шекара айналымы» (“Frontier cycle”) тұжырымдамасы (концепсиясы)біз үшін маңызы зор. Атап айтқанда, Еуразия кеңістігін жақсы зерделеген Оуэн Латтимор 1950 жылдан бастап өзінің «шекара айналымы» теориялық көзқарасын сол жылы баспадан шыққан еңбегінде жүйелі түрде қортындылайды. Оның айтуынша тарихта жиі қайталанып отыратын «жоқ жерден» пайда болатын дала империясының қалыптасу сол елдердегі мал шаруашылық экономиксынын шектеуінентуындаған құбылыс. Дала елінде өндірістік өнім деңгейі төмен және ол жүйе сол қоғамның тұрмыстық мұқтажын толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтанда көшпенділер «сыртқы әлеммен»екі бағытта тығыз қарым-қатнас жасауға мәжбүр:

1. Бейбіт өмірдегі отырықшы елдермен жасалатын сауда-саттық.
2. Қарулы күш қолдану арқылы отырықшы елдерді бодаулыққа жығу.

Нәтижеде Еуразияның кең даласына орналасқан көшпенді қауым өздерінің саяси басқару жүйесін көрші отырған өркениеттердің саяси басқару жүйесіне қарай бейімдеп отырған, яғни дала халқының мемлекеттік күш қуаты да Рим империясының, Парсы мемлекеттерінің, әсіресе аспан асты елі--Қытайдың саяси бірлік деңгейіне сай өзгеріп отырған. аспан асты династиялары бір саяси орталыққа бағынған қуатты мемлекет бола қалса, олардың «көлеңкелері», солтүстіктегі осыған дейін кең далада шашылып жүрген тайпа бірлестіктері де «бірден» алып Ғұндармемлекеті, Түрк қағанат және Моңғол империясына айналып үлгіреді. Бұл Отырықшы мемлекеттерге қарай бейімделіп отыратын көшпенділердегі саяси құбылысты өз айналымымен (cycle)қайталанып отырады дейді, автор оны бір сөйлеммен «Шекара айналымы»-мен жеткізген.Бұл еңбектің жарық көруі әуелі осыған дейінгі батыс тарих саласында қалыптасқан «Еуразия көшпенділерінің ара-тұра отырықшы елдерге лап беріп бас салатын жаулаушылық үрдісінің сол даланың құбылмалы климатының әсерінен болған» пікірді теріске шығарады.

Алайда, Оуэн Латтимордың «жаңа тұжырымы»-ның үлкен қаңқасын салып үлгіргенімен, ол көп сұрақтарға жауап бере алмай кеткен. Мысалы, көшпенділердегі алып саяси бірліктің пайда болуына жеке тұлғалардың көсемдік рөлі, сондай-ақ не үшін Түрк қағанатына қарағанда Моңғол империясы жаһанды күйрете аяусызталқандауға барды; не үшін көшпенді елдердегі империялық бірліктің сақталу мерзімі отырықшы елдерге қарағанда тым шолақ болады? Араға 39 жыл салып, АҚШ Гарвард университетінің Томас Барфейльд «Сұрапыл шекара: көшпенді империялар және Қытай» деген еңбегін жариялады да Оуэн Латтимордың салған қаңқасының іргелерін қалап оған жан бітірді. Барфильдтің пайымдауынша, көшпенділердің бірігуіне сол елдердің өз іштерінде аса қабілетті



«харизмаға» толы тұлғаның дүниеге келуі себепкер болған. Бұл кейіпкерлер сахна төрінен орын алғаннан соң өздерін тәңір жарылқап, мол құт бергендіктен ел билеушісі болғанын жаһанға жария етеді. Осыдан кейін олар қол астыларына біріктірілген қалың қауымды аспан асты династияларын жаулауға бағыттайды. «Соның нәтижесінде, өзіне шапқан жауға қарсы тұра алмаған Қытай династиясы тез арада тізе бүгіп, билеушілердің қойған барлық шарттарын орындауға, атап айтқанда, бодаулық құн төлеуге келісім беруге мәжбүр болады», дейді Барфильд.

Осыған қарап дала қауымынан әлсін-әлсін орын алып отыратын империялардың қалыптасуына көрші отырған өркениетті елдер - Қытай, Иран және орта ғасырлардағы Рим империясы себепкер болған деген қорытынды жасауға болады. Осы теорияға ұстамындағы батыс ғалымдарын біз «экстерналист» (externalist) деп атаймыз, яғни қозғалту күшті «сырттан іздеушілер». Бізге мәлім болғандай бұл тұжырымдаманың басты нысанасы көшпенділердің алып саяси бірлікке - Ғұндар мемлекеті (209 б.з.б-93 б.з), Түрік қағанаты (552-744б.з.) және Моңғол империясына (1206-1368) қалай біріккенін талдау болып табылады. Алайда, Батыс ғалымдарының көшпенді қауымында осы бір саяси құбылысты тек екі жүйедегі экономиканы негіз еткен қоғам арасындағы жойғын талас-тартыс деп қарасақ малшы қауымындағы көптеген құбылыстардың ерекшеліктеріне көз жұмған боламыз.

Барфильдтің еңбегі жарық көргеннен кейін, араға он жыл салып, 1999 жылы АҚШ-та Никола Ди Космонның «Ішкі Азия тарихында мемлекеттердің қалыптасуы және оларды кезеңге бөлу» деген мақаласы жарық көреді. Ол Латтимор мен Барфильдтің жасаған тұжырымдарын сынға алып, «шекара айналымы»-на өзінше түзетулер енгізбекші болды. Автор Еуразия кеңістігіндегі түрлі көшпенді елдерден бастап (атап айтқанда, ғұндар) кезінде Қытай мен Орта Азия елдерін бірдей уысына ұстап тұрған Жоңғар хандығына дейінгі (1635-1755 ж.ж.) көшпенділер мемлекеттеріне шолу жасайды да, одан өзгешелеу қорытынды жасап үлгіреді. Ол көшпенді империялардың сахна төріне келуіне дала қауымының ішкі саяси жүйесінің шиеленісуі себепті деп қарайды. Оның пайымдауынша «жанартаудың» атылуы сол саяси дағдарыста жеңіске жеткен көсемдік тұлғаның өзінің руымен билік басына келуінен басталады. Енді осы көшпенділерден шыққан алып саяси бірлікті: қағанат пен империялардың моторын тоқтатпау үшін «жанар майды» (шексіз байлық деп түсінеміз) тек көрші өркениет елдерден алуға болады дейді. Автордың айтуынша, көшпенділер әуелі орталыққа бағынатын мықты саяси бірлікті-қағанат пен империяны, т.б. қалыптастырып үлгіреді. Ол саяси бірлік Іле-шала арнасынан асып шыққан асау өзендей әлемді жаулауға көшеді дейді. Нәтижесінде көшпенділердің алып мемлекеті төмендегі төрт сипаттағы қозғалыстың жоқ дегенде біреуіне жүгіну арқылы отырықшы өркениетке өз билігін жүргізеді:

- 1) бодаулық құн төлету
- 2) сауда қарым-қатынасы және бодаулық құн алуды тең ұстау
- 3) қос билік жүйесін құру арқылы отырықшы халыққа бөлек басқару жүйе қолдану
- 4) отырықшы елдерді әкімшілік-саяси жүйе бойынша бөліп алып, оларға тікелей билік жүргізу, олардан жер салығын жинау.

Никола Ди Космонның бұл ізденісін біз «интерналист» (internalist), яғни «іштен ізденуші» тобына жатқызамыз.

Бізге мәлім болғандай, Батыс ғалымдары «сырттан» қараса да, «іштен» қараса да жалпылы бір «шекара айналымы»-ның екі түрлі сипаттамасын ғана, екеуі де көшпенділердің саяси шарықтауы мен құлдырауын көршілес отырықшы мемлекеттермен тікелей байланыстырады. Бұл тұжырым Батыс ғалымдарының көшпенді мал шаруашылығын негіз еткен дала қауымның қоғамдық экономика және саяси тыныс тіршілігі тұралы танымдарының әлде болса бір жақтылау екенін білдіреді. Бізше Еуразия кеңестігінде тыныс тіршілік еткен қалың көшпенді қауым өздерінің саяси бірігуін әуелі тайпа аралық көптеген шабуылдарға бой беріп, ақыры жеңген жақ өзінің жан-жақты дәлелдеп шығу арқылы қара орман қалың елдісахарадан соққан қара дауылдай отырықшы мемлекеттерге жаулау үрдісіне көшеді. Ғұндар, Түркітер және Моңғолдар солардың қаймағы деп білеміз,

олар сыртқа шабуыл жасауға дейін әуелі өз ішіндегі ұзақ қақтығысты бастан кешіреді де, ішкі жүйелерін реттеп алады. Бұнда туындайтын бір сұрақ қалың көшпенді тайпалық қауымның бірлесуіне не себеп болған?

«Шекара айналымы»-нан «дала айналымы»-на көшу

Батыс ғалымдарының зертеу нысаналары дала қауымы алып мемлекетке айналып шегіне жетіп шарықтаған кезеңіндегі экономика мен әлеуметтік құбылыстар болса, оның қортындысын «шекара айналымы» тұжырымдамасымен шығарған. Ал бізді мазалайтын сұрақ көшпенділер сол «шекара айналымы»-на жеткенге дейінгі дайындық сатылардан қалай өткен? Атап айтқанда, бізді қызықтыратын сұрақ төмендегідей, не үшін Еуразия даласында жасаған көшпенді малшы қоғамында мың жылдар бойы бірлескен кең ауқымды сыртқа бағытталған жойғын жаулаушы соғыстарға қарағанда олардың өзара ру-тайпа барымталары жиы орын алып тұрған; екіншіден, ру-тайпа аралық соғыс шабуылға қарғанда олардағы бейбіт өмір өткізу мерзімі ұзақтау болған. Орта ғасыр заманындағы Еуразия кеңістігіндегі дала қауымының күнделік тыныс-тіршілігін жақыннан қарағанда төмендегі екі үлкен ерекшеліктері ие:

I. 1) Бейбіт кезде халық арасында және отбасында өтетін мерекелер мен іс-шаралар: наурыз мейрамы, құрбан айт, хан сайлауы, ас беру және дәстүр бойынша отбасында тоқтаусыз жүріп жататын той-домалақтар: қыз ұзату, құда түсу төңірегіндегі алыс-берістер, шілдехана, бесік той, тағы сол сияқты өмір бойы кезегімен өтіп жататын халықтық жиналыстар.

2) Бұдан тыс ауыл арасында үнемі ұйымдастырылып тұратын асар салумен жылу жинау арқылы көптің жоққа беретін қолұшы көмектер. Бұл халық арасында кеңінен етек жайған мал және басқа да заттардың бір қолдан екінші қолға өтуі, сондай-ақ, кедей-кепшіктердің тегін тамақтануы арқылы көшпенділердегі қауым ішіндегі заттылай қордың тепе теңдігін қайта үлестіру арқылы қалыпты өлшемде ұстап тұрудың басты механизмы.

II. Көшпелі қауымда: ру, тайпа және тайпалық бірлестіктер арасында «мал дауы, жер дауы және жесір дауы»-нан туындап отыратын барымтадан соғысқа айналып кететін мал мен адамды олжалау әрекеті де тоқтаусыз жүреді. Мұнда да байлықты қайта бөлу үрдісі жүреді. белгілі бір этнос ішіндегі ру-тайпа арасында төңгеленіп өтіп жататын кіш және орташа барымталармен екі этностар арасында орташа және ауқымды талау негізінде жиы қайталап отыратын шапқыншылық соғыс, мысалы, Қазақ-Жоңғар арасындағы бір ғасырдан ары жалғасқан жан кешті жорықтардың алман кезек жүру. Көшпенді елдер арасындағы бұл үрдіс олардың басы қосылып отырықшы елдерге жасаған алып ауқымды сұрапыл жаулауға қарағанда әрі жиы, әрі тоқтаусыз өтеді.

Бұл екі арна қосылып көшпенділердегі экономикалық тепе теңдікті сақтаған. Ал екеуі қосылғанда «даланың реттеу механизмі» (Steppe redistribution mechanism) жұмыс істейді. Сондай-ақ, бірінші арнаға қарағанда дала қоғамындағы экономиканы негіз еткен саяси қозғалыс көбінесе екінші арнамен аққан: барымта, тайпа аралық қақтығыс және екі көшпенді ел арасындағы қантөгіс. Бұған қарап көшпенді қауымында төменнен жоғары қарай жүретін туыстық (kinship) бірліктер: аталас (lineage), ру (clan), тайпа (tribe) және тайпалар одағының (tribal union) мыңдаған жылдар сақталып келген. Бұл рулық құрам осы механизмның талабына сай жасалған деп түсінуіміз қажет.

Қуанышымызға орай салыстырмалы түрде біз үшін ең қымбатты да, бағалы да Америка этнографы Луиз Е. Суиттың ертеректе Солтүстік Араб Бедуиндардың арасында жиы жүретін түйе барымтасы туралы жүргізген зерттеу ғылыми қортындысы. Суит өзінің «Солтүстік Араб бедуиннің түйе барымтасы: қоршаған ортаға бейімделудің бір механизмі» атты еңбегінде «түйенің төңірегінде жүретін барымта - Бедуин қоғам жүйесінің басты механизмінің бірі» деп көрсетіліп, төменгі төрт ерекшеліктері беріледі:

1) Тайпа арасында жүретін барымта - тоқтаусыз үрдіс;

2) Барымта екі тайпаның алма-кезек шабуылымен жүреді, кейде көрші отырықшы қауымдардың басып өткен сауда керуенімен қажылыққа жол тартқан жолаушыларды да қоса шауып кететін кездері болған;

3) Барымтаның басты мақсаты – адам өміріне қауіп төндірмейтіндей етіп байлықты заттай олжалау;

4) Барымтада олжалап алған түйелерді тайпалар арасында кеңінен ауыстыру.

Міне, бұдан жасайтын қорытынды ру-тайпа арасында тоқтаусыз жүретін «барымта» барлық мал шаруашылығын негіз еткен қауымдарға бірдей үрдіс; екіншіден, «барымта»-ның төңірегінде қалыптасқан бірінғай жол-жосын, мәселе, билердің төрағалығымен екі жақты бітімшілікке шақыру және қалыпты құн төлеу, сондай-ақ, қайшылық шешу кезінде билердің танымалдық болуы т.б.; үшінші, ру-тайпа ішіндегі жай халықты күнделікті талас-тартыста соғысқа бейімдейлеп әр кезде сақада сай болу. ру-тайпа тартысының сүзгісінен өткен бірінғай тұлғалардың саяси сахнадан орын алуы, мысалы Ғұндардың Модынды, Түрктің Бумын қағанымен Моңғолдың Шыңғысханы осы сүзгіден сүрінбей өткен кезіндегі майталмандар десек болады. Сондықтанда сыртқы көзге бейне жиырма жылдың аржақ бержағында бір көтерілген дала империясының аржағында осындай аласапыран сұрапыл ру-тайпа ара талас-тартысы болғанын естен шығаруға болмайды.

Бір қызығы сол көшпенді қауымдар бір тудың астына жиналып қалай алып мемлекетке тез айналса, олар сол жылдамдықпен қайта құлдырау кезеңіне көшеді. Біздің байқауымызша бұл құлдырауға тікелей себебкер болған Латтимормен Барфельддың жасаған тұжырымындай отырықшы өркениет елдеріндегі орталық билік жүйесінің әлсіреуінен туындаған бөліну нәтижесі емес (көшпенділерді бір тудың астына жинайтын соғыс нысананың жойылуы). Көшпенділердің саяси бірлігінің құлауына себебгерді сол дала империясының ішінен іздеу керек, «құлдырауға» түрткі болатын бас себеб-ол көшпенділердегі ерте заманнан қалыптасқан мүліктік-мұрагерлік қағида, яғни әкеден балаға мирастыққа қалатын жанұялық мал-мүлік бөлісу салтын ел басқарған ханмен қағандар оны мемлекеттік билік жүйесіне еңгізуінен шыққан. Атап айтқанда, алып империяның басына келген билеуші отбасының бір империяға қараған алып даланы өз жанұясына түгелімен қаратып алуы, сол елдегі саяси үрдіске кері әсер еткен: жаулап алған жермен елді ұрпаққа мирастық етіп бөліп беру салт-дәстүр белгілі бір көшпенді империясын, мысалы, Моңғол империясының құлдырау бағытына қайта оралуына әкеп соққан. Демек, көшпенділер орнатқан саяси бірліктің көпке бармайтыны анық. Бұл құлдырау Моңғолдарда 1259 жылы Мөңке қаған өлгеннен кейін шегіне жетті, яғни әлемді уысына ұстаған Моңғол империясы саяси бірлікте тек 53 жыл ғана өмір сүрген.

Қортындылай келгенде, Оуэн Латтимормен Томас Барфильд және олардың жақтастары «шекара айналымы» (“Frontier cycle”) тұжырым арқылы дала қауымындағы саяси бірліктен туындайтын бір орталыққа бағынған алып мемлекеттің тігілуіне себебкер болған көшпенді елдермен отырықшы мемлекеттер арасындағы мәңгі болатын жаулаушылық себебінен іздеу шындықды толық ашып айтып бере алмайды, сондықтанда біз оған балама ретінде қосарымыз дала қауымындағы тоқтаусыз жүрген барымта сол елдердегі алып мемлекеттің негізін салса, қайтып жоғарыдан төмен қарай сол қуатты мемлекеттің құлдырауына көшпенділердегі әкеден балаға мұрагерлік дәстүр себебкер болған. Нәтижеде дала елінің саяси бірігуіне, қайтып тарап кетуіне де көшпенді малшы қауымы өз ішіндегі құбылыстар реттеп отырған деп сендіреміз. Батыстың «шекара айналымы» тұжырымдамасына өзгеріс еңгізіп оны «дала саяси айналымы» (“the Steppe political cycle”) -деп білгеніміз жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Barfield, Thomas. *The Perilous Frontier: Nomadic Empires and China* («Сұрапыл шекара: көшпенді империялар және Қытай»). Cambridge, Mass.: Basil Blackwell, 1989).
2. Di Cosmo, Nicola. “State Formation and Periodization in Inner Asian History” («Ішкі Азия тарихында мемлекеттердің қалыптасуы және оларды кезеңге бөлу») *Journal of World History* 10 <1999>, 1–40 pp.
3. Janabel, Jiger. “From Mongol Empire to Qazaq Jüzder: Studies on the Steppe Political Cycle (13th–18th centuries)” (Моңғол империясынан Қазақтың жүздеріне дейін: Даланың саяси

айналымын зерттей). A thesis presented to The Committee on Inner Asia and Altaic Studies in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in the subject of Inner Asia and Altaic Studies, Harvard University. Cambridge, Massachusetts May, 1997. –25–38 pp.

4. Khazanov, A. M. Nomads and the Outside World («Көшпенділер және сыртқы әлем»). Cambridge: Cambridge University Press, 1984.

5. Lattimore, Owen. Pivot of Asia: Sinkiang and the Inner Asian Frontiers of China and Russia. Boston: Little, Brown, 1950» («Азияның дінгегі: Шинжаң және Қытаймен Ресейдің Ішкі Азия Шекаралары»).

6. Sweet, Louise E. “Camel-Raiding of North Arabian Bedouin: A Mechanism of Ecological Adaptation” («Солтүстік Араб бедуиннің түйе барымтасы: қоршаған ортаға бейімделудің бір механизмі») In Louise. E. Sweet ed., Peoples and Cultures of the Middle East. New York: Garden City, 1970. VoL I. 265-289 pp

УДК 669.162.214

**Райстановна П.К.**

№16 КММ жалпы орта білім беретін мектептің» оқу ісі меңгерушісі, Семей қаласы

## **ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРИХЫН ОҚИТУ - ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗІ**

Тәуелсіздік алған ширек ғасыр уақыт аралығында әлемдік деңгей негізінде елімізде жан-жақты реформалар жүргізу үрдісі жүзеге асырылуда. Бұл әсіресе, тарихи танымды тереңдету бағытында айқын көрініс табуқта. Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп айтылғаны белгілі. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту, халықаралық деңгейге көтеру, қайта қалыптастыру міндеті көзделген. Заман ағымына ілесе алатын тұлғаны өз ісінің маманы тұрғысында дайындау, терең біліммен жабдықтауға бағытталуы керек деп ойлаймын. Алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті адам ғана еліміздің көркейіп гүлденуіне ықпалын тигізе алады. Бұған қазіргі қоғамдағы шындық дәлел.

Қазақстан қоғамының трансформациясы жағдайында мемлекет алдында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін қалыптастыру өзекті мәселесі пайда болды. Тарих сабағында жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Тарих - ұлт зердесі, бабаларымыздың басынан өткен тарихи оқиғалар топтамасы. Тарих пәнінен сабақ беретін мұғалім ретінде оқушыларға қазақтың сайын даласында ежелгі заманнан бастап бүгінге дейін ұрпақтар сабақтастығының үзілмей келе жатқандығы, қазақтардың қазіргі ата мекеніміздің тұрғылықты халқы екендігі түсіндіріледі. Сонымен қатар, адамзат тарихындағы түбірлі өзгеріске себеп болған көшпелі өмір салтының қалыптасқандығы және Еуразия даласында көшпелілер құрған мемлекеттік бірлестіктердің қуатты болғандығы айтылады.

Халықты халықтан бөліп тұратын оның ұлттық ерекшеліктері ретінде ең бірінші және өте қасиетті белгісі ұлттық тіл, оның өте бай сөздік қоры, салт – дәстүр, әдет – ғұрып, рухани мәдениет, туған елінің тарихына деген құрмет, еліне деген мақтаныш. Сондықтан тарихты оқытқанда жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруымыз керек. Және бұған қоғам болып ат салысуымыз керек деп ойлаймын. Оқушылар тарихты білу арқылы қазақ халқының өткен тарихымен таныса отырып, ірі мемлекет қайраткерлерімен, жер - судың тарихи атауларымен танысады, сол арқылы отансүйгіштік қасиеттері оянады. Халықтың мәдени-этникалық сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құралады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады. Этникалық - мәдени білім - бұл ана тілі мен төл

мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталған білім. Аталған идеяны жүзеге асырудың негізгі шарттары мыналар болып табылады: білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін тарих пен төл мәдениеттің сөзсіз басымдығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беру мен тәрбиені демократияландыру; білім берудің меншіктік түрі жөнінен де этникалық-мәдени мүдделерді жүзеге асыру арналарының сан алуандығы жағынан да көптүрлілігі мен оңтайлылығы және тағы басқа бағдарламалардың болуы.

Тәуелсіз ел ұланы төл мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп танылары айқын. Тәуелсіздің мәдениетті мен тарихын терең білу - өзге мәдениеттерге қызығушылықтың іргетасын қаласа, көп мәдениетпен танысу рухани баю мен дамудың негізі болады. Жан-жақты мәдениетті тұлға, ең алдымен, тұтас дүниетанымға ие болуы қажет. Бұл мұндай тұлғаның дүниедегі, әлеуметтік орта мен мәдениеттегі байланыстары мен қатынастарының күрделі, өзара байланысты және өзара астарлас сипатын көрсетуге мүмкіндік беретін білімі мен білігінің жүйеге қалыптасқанын білдіреді. Тәуелсіздік негізіндегі тұтастық - жоғары дамыған және тиімді оңтайланған дүниетанымның өлшемі болары ақиқат.

Тарих пәнін оқытудағы негізгі басымдықтардың бірі де бірегейі - өткен тарихты сын көзімен талдай отырып, жаңа технологияларды қолдану арқылы, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен іздене отырып, дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істей білетін азаматты тәрбиелеу, тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Әрбір жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру – ұзақ әрі күрделі үрдіс. Ұлттық тарихи дүниетанымды қалыптастыруға әр түрлі факторлар әсер етеді. Олардың ішінде адамның өмір сүру ортасы, материалдық жағдайлары, көпшілік хабарларды тарату құралдары, оқыту және тәрбиелеу бар. Сонымен бірге дүниеге көзқарас адамзат санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі болып табылады. Қазақтың атақты психолог ғалымы Қ. Жарықбаев дүниетаным мен сенімді, мотивтер мен қажеттерді, бейімділік пен қызығуларды, мұрат пен талғамды жеке тұлғаның өмірлік бағытын көрсететін бөліктер екенін атап өтеді. Ол дүниетанымға адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі деген анықтама береді. Осы ретте, мектеп оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда жаңа технологиялардың алатын орны ерекш десек артық айтқандық емес.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары көптеп туындауы заман талабы болып отыр.

Қазіргі таңда мектептерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педогогикалық технологиялардың қолданылып жүр. Қазіргі инновациялық-озық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Ғалым педогог, психологтардың пайымдауына жүгінсек, В.Беспалько өзінің «Слагаемые педогогической технологий» деген еңбегінде оны «Оқу- тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жобалануы, оны тәжірбиеде жүзеге асыру, яғни белгілі педогогикалық жүйенің тәжірбиеде жүзеге асатын жобасы», - деп қарастырады. Инновациялық (озық) білім беру деп- тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады.

Алаштың бір туар перзенті, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп айтқанындай, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда жеткіншек ұрпақтың ақыл- ой мүмкіндігін, қабілетін, талантын дамыта отырып

ұлттық дүниетанымын қалыптастыру мектептің басты міндеті болып тұр. Сол мақсатқа жету үшін бүгінгі білім кеңістігінде мұғалімнің қажымас іздемпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педогогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Себебі, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педогогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

Тарихи танымды қалыптастыруға бағытталған тарих сабағында ұлттық құндылықтарды танытуда жаңа технология әдістерін қолдану нәтижесінде оқушының оқуға деген қызығуы мен өзіне деген сенімі артады, оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық қарым – қатынас орнайды, өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктейді, мақсатқа өз бетімен ұмтылады, ойлау қабілеті мен белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекеті қалыптасары анық.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы. 2013 жыл
3. «Білімдегі жаңалықтар» журналы, - 2010.
4. А. М. Оңғарбай. Тарих сабағында сыни тұрғыдан ойлауды қолдану. // Білімдегі жаңалықтар // 2007. - №4, 26-28 бет
5. Тұрлығұлов Т.Т. Тарих сабағын жетілдіру жолдары. – Алматы, 2008.
6. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. Тәуелсіздік тағылымы №4, 2015 жыл.

ӘОЖ 63.3

**Даулбаев Т.Ф.**

с.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

#### **ТАРИХИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Жеке тұлғаның ой-өрісінің дамуы, белсенділігінің артуы, алған білімнің қажеттілігін түсінуі, оны өз өмір тәжірибесінде қолдана білуі, шығармашылық қабілетті одан әрі дамыту құралының бірі болып оқушылардың өздік жұмысы саналады.

Оқушылардың өздік жұмысы мен өздігінен білім алуы мақсатына Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтар ерекше назар аударған. «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей, кезінде алып отыруы үшін «балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру» - дейді А.Байтұрсынов оқушылардың өзіндік жұмысының мәні жайлы (1).

Өздік жұмыстарға арналған дидактикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерде белгілі тәжірибе жинақталған: Л.Н. Алексашкина, Б.П. Есипов, В.В. Давыдов, Н.Г. Дайри, М.А. Данилов, Г.М. Донской, В.С. Грибов, О.А. Нильсон, М.И. Махмутова, И.Я. Лернер, Т.С. Сабыров, М.Н.Скаткин, П.И. Пидкасистый т.б. еңбектерінде өздігінше жұмыстың функциясы, оған қойылатын талаптар, оның анықтамасы мен критерийлері қарастырылған.

Оқушылардың өздігінше жұмысы оқытудың ең басты компоненттерінің бірі.

Ғылыми педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде бүгінгі күнге дейін біртұтас жалпы қабылданған өздік жұмысы туралы анықтама жоқ. Педагогикалық әдебиеттерде өздігінше орындалатын жұмысқа түрлі анықтама берілген: Р.М. Микельсон «мұғалімнің бақылауымен, оқушының ешкімнің көмегінсіз тапсырманы орындауы» деп түсіндіреді (2).

Дидактикалық әдебиеттерде өздігінше жұмысқа төмендегідей анықтама бергенін көреміз. Оқушының өздік жұмысы дегеніміз "оқушы қызметінің барынша белсенділігінің, шығармашылығының, ынталығының сипаты" - деп түсіндіреді (Л.М. Пименов, Н.Д. Левитов, И.Я. Лернер, Р.Б. Срода т.б.).

Профессор Т.С. Сабыров өздік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары мен шарттарын анықтай отырып былай деп атап көрсетеді: «Оқушылардың өздігінен білім алуға деген қажеттер мен дағдылары өзінен - өзі пайда болмайды. Мұндай қасиеттер мектепте мұғалім мен оқушылардың сабақ пен кластан тыс жұмыстарда бірлесе отырып, оқу таным әрекетін ұйымдастыру үрдісінде қалыптасады. Оқушылардың дербес білім алу дағдылары, ең алдымен, мектепте олардың өздігінен істейтін жұмыстарын ұйымдастыруға дағдыландыруға тығыз байланысты. Жоғарыда айтылған оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге баулу-оларды дербес білім алуға дайындайды, соған дағдыландырудың негізі болып табылады" (3)

Көптеген педагог ғалымдар, дидак және әдіскер ғалымдар өз еңбектерінде өздігінше ұғымының мынадай белгілерін: мұғалім жағынан көмектің болмауы; оқушының жұмыстың мақсатын түсінуі; өзінің белсенділігі (ойлаудың күшеюі); жаңа білімді игеруі, меңгеруі немесе білімді шығармашылықпен қайта өңдеуі т.б. атап көрсетілген.

Тарихты оқыту үрдісіндегі оқушылардың өздік жұмысының басты міндеті-шәкірттерге ғылыми білім жүйесін меңгерту, оларды азаматтылық пен отаншылдыққа тәрбиелеу, өткеніміз бен бүгінгі болған оқиғаларға объективті баға беру және жаңа білімді өздігінше меңгеру қабілеттілігінің артуы.

Өздік жұмыстары мектептегі, бүгіндей оқу пәнінің, курстың тақырыптық, сабақтың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін толықтай жүзеге асыруға септігін тигізуі тиіс.

Сөйтіп, оқушылардың өдігінен атқаратын жұмыстары-білімді терең меңгеруге, біліктерін қалыптастыруға, шығармашылық іс-әрекетін дамытуға ерекше септігін тигізеді.

Өздігінше жұмысты атқаруға оқу үрдісі мен тәрбиелік міндеттерді ойдағыдай жүргізуге мұғалім мен оқушының өзара белсенді әрекетінің, мұғалімнің басқарушы рөлінің арқасында жетуі мүмкін.

Өздігінше жұмыстың тағы бір маңызды міндеттерінің бірі – оқушыда жеке тұлға ретінде шығармашылық танымдық қызметін қалыптастыруы болып табылады.

Мұғалім қаншалықты тиянақты ұқыпты сабақ бергенімен оқушыларды тарихи материалдарды оқып үйренуге ынталандырғанымен, егер де оқушының өзі білім алуға өз бетімен ынталанбаса, оқыту үрдісі ойдағыдай өз дәрежесінде болмайтыны белгілі. «Оқыту дегеніміз-ең алдымен оқушыда оқуға деген ынта туғызу және оқуға үйрету. Мұнда белсенді, шығармашылықпен оқыту өйткені, егер оқушы мектепте тек еліктеуге, «көшіруге» үйренсе, онда ол өмірде шығармашылықпен жұмыс істей ала ма» (2).

Отан тарихының халқымыздың өткені, бүгіні, келешегі туралы оқушыда жүйелі білім беруде, тәрбие-танымдық мүмкіншіліктері зор.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі білім, білік, дағды жиынтығынан жылдам өзгеріп отыратын өмірге бейімделген, өзін - өзі көрсете алатын, қоғам өміріне белсене қатысатын, өмірдегі жағдайларға талдау жасап, шығармашылықпен ойланатын, өздігінен қажетті ақпаратты іздеп, өз қабілетін дамыта білетін жеке тұлғаны субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінде білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын, оның нәтижесіне қарап бағалайды.

Бүгінгі таңда білім беру аясындағы жаңа үрдістерге байланысты Қазақстанда нәтижеге бағдарланған орта білім беру моделін құруды жүзеге асыруды талап етілуде. Білім берудің жаңа мазмұнына байланысты оқушының тұлғалық аспектілерін дамыту мәселесі алғы орынға шықты, мұғалім әрекеті оқыту үрдісін ұйымдастырушы ретінде қарастырылады. Мұның өзі оқушының оқу қызметінің субъектісі ретінде даралық, өзіндік жұмыс істеуге, өзін-өзі тануға, өздігінен білім алу арқылы дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны басты құндылық ретінде қалыптастыру болып табылады. Оқушы өздігінен білім алу, іздену, қорытынды жасап, талдау үшін, өзіндік өмір тәжірибесіне сүйенеді.

Қазақстан тарихын оқып үйрену барысында оқушылардың өздік жұмысын мынадай түпнұсқалармен а\ оқулық ә\ тарихи көздер мен материалдар: құжаттар, фотоқұжаттар, статистика және басқалар: б/ анықтамалық, қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік әдебиеттер:

в/күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары және баспасөз материалдары: г/иллюстрация, нобай, диаграмма, кесте: д/ жұмыс дәптерлері: ж/ компьютермен және басқалармен ұштастыруға болады.

Оқулықты пайдалану екі мақсатта, бір жағынан, ол білім қайнары, ал екінші жағынан тарихи мәтінді саналы оқуға дағдыландыруды және кітапты пайдалану әдіс-тәсілдерін үйретуді көздейді. Сондықтан сұрақтар мен тапсырмалар, оқулық мәтіні, онда келтірілген құжаттармен, иллюстрациялармен жұмыс істеген кезде оқушылардың танып-білу жөніндегі белсенді қызметін ұйымдастыруға көмектеседі.

Мысалы, 7 сыныпта «Ертедегі түріктер» атты тақырыпты оқып үйрену барысында оқушылар Түрік қағанаты туралы маңызды мәтінмен өздігінше оқып танысады. Оқушыларға тапсырманы қалай орындау керектігі туралы нұсқау беріледі.

Бірінші топ «Түрік қағанатының ішкі–сыртқы жағдайы, ыдырауы» туралы оқулық мәтінімен танысып, төмендегідей тапсырмаларды орындайды. Түрік қағанатының аумағын картадан табындар. Түрік қағанаты қандай мемлекеттермен көрші тұрды? Қай мемлекеттермен қарым–қатынас жасады? Сол кезде Түрік қағанатының беделі неліктен жоғары болды деп ойлайсындар? Бұл мемлекет неліктен ыдырап кетті? Оның қандай басты себептері болды? Оқушылар теориялық материалмен танысқаннан кейін, оларға тапсырма беріледі.

Екінші топ оқушыларына “Түрік қағанаты халқының кәсібі мен тұрмысы” туралы оқулық мәтінімен танысып, осы тақырыпшаның жай жоспарын жасау тапсырылады.

Үшінші топ оқушылары “Құжатпен жұмыс” деп аталатын мәтінмен танысып, оны талдайды және оған берілген тапсырмаларды орындайды. Сабақты бекіту мақсатында мұғалім оқушылар назарын тақтаға аударады. Тақтада не қағазға мынадай тапсырма орындау тапсырылады.

Түрік қағанатына мына жоспар бойынша сипаттама беріндер.

1. Аумағы.
2. Қоғамдық құрылысы.
3. Ішкі саясаты.
4. Сыртқы саясаты.
5. Түрік қағанатының ыдырау себебі.
6. Қорытынды.

Сабаққа қатысу, көп жылғы тәжірибе жұмыстардың нәтижесі оқушылардың бірқатары тақырыптың күрделі жоспары тұрмақ, жай жоспарын да жасай алмайтынын және жоспар жасауға қойылатын талаптарды ескермейтіні байқалды. Сондықтан мұғалім алдымен оқушыларды жай, содан кейін күрделі жоспар жасауға, кесте, сызба, диаграмма дайындауға, тарихи қайраткерлерге сипаттама беруге үйретеді.

Оқушылар жоспар жасауда қателіктер жібермеуін болдырмау үшін оған қойылатын талаптар тақтаға жазылып, жан-жақты түсіндіріледі.

Қымбатты балалар! Жоспар жасарда мыналарды естерінде сақтаңдар.

1. Әңгіменің ең басты, ең негізгі мазмұны түгелдей қамтылып, жоспарда қарастырылуы тиіс.

2. Тақырыптардың атауларында бір ой қайта-қайта қайталанбауы қажет.

Содан кейін жоспарды дұрыс жасауға бағытталған жаднама негізінде барлық оқушылармен жұмыс жүргізіледі.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі. Тарихты оқып үйренуде мұғалім басшылығымен оқушылар оқулық мәтінін түсінуге, оны оқуға, оқығанын есінде сақтап қайта әңгімелеп беруге, түрлі құжаттардың көшірме үзіндісін жазуға, жай және күрделі жоспар жасауға, тезис, конспект жазуға үйренеді, оқыған материалды саналы әрі берік меңгеруге тырысады.

Зерттеу жүргізудің нәтижесінде әр оқушының оқулық мәтіні, құжаттар, түрлі қосымша деректермен өздік жұмыс істеу дәрежесі әртүрлі екені, олардың мәтінді түрлі жылдамдықпен оқып, қабылдайтынын, сұрақтар мен тапсырмаларды түрлі деңгейде



орындайтынын, осыған орай оларға әртүрлі дәрежеде көмек көрсету қажет екені анықталды. Бұл, әрине, бір күндік жұмыс емес. Күнделікті әр сабақты тиянақты, ұқыпты түсіндіріп меңгертуді, сағатты дұрыс үнемдей білуді, оқушыларды түсінуді, қарым-қатынасты дұрыстауды, мұғалімнің шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Бұл жағдайда оқулықпен өздігінше жұмыс істеу белсенділігін арттыратын, берік те терең білім алудың және біліктерді қалыптастырудың басты шарты-оқушылардың танып-білуге құштарлығын арттыратын тиімді тәсілдерді пайдалану: тарихи оқиға, құбылыс, фактілерді таңдауға, ізденуге, дәлелдеуге үйрету; қайшылықты, проблеманы шешу; оқушының ой-пікір дербестігі мен еркіндігін барынша кеңейту; сабақта проблемалық жағдай жасау; тың деректерден жаңа білімді ала білу, пайдалану, іздену; материалды есте қалардай әсерлі баяндау және басқалар жатады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Алматы.,1992.
2. Микельсон Р.Я. О самостоятельной работе учащихся в процессе обучения.-М.,1940.
3. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін артырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері.-Алматы., 1996.

ӘОЖ 63.3

### **Капизаева Қ.А.**

Өрлеу АҚ филиалы ББЖ ҚБАРИ Тәрбие және әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы

### **ЖАСТАРДЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ–ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БАСТЫ КЕШЛІ**

Еуразия құрылығының ажырағысыз бөлігі-Қазақстан өзінің көп ғасырлық тарихында Шығыс және Батыс өркениеттерінің этникааралық байланыстарының белсенді аймағы болып табылады.

Қазақстанда тұратын адамдар еліміздің негізгі байлығы. Кең-байтақ Қазақстан жерінде 17 миллионнан аса адам тұрды.

Республикамыздың басты жетістігі мен мақтанышы-этносаралық келісім мен түсінікті сақтай білуі. 140 этнос пен 46 конфессияға ортақ үй болып отырған Қазақстандағы этносаралық келісім болып табылатын бұл тәжірибе Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕҚЫҰ) төралағының негізгі кілті болды.

Бүгінгі таңда республикада қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың маңызы ерекше. «Ірыс алды ынтымақ», «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейтін халқымыз үшін республика тұрғындарының тату-тәтті тіршілігі тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі.

Еліміздегі жас ұрпақты тәрбиелеудің аса маңызды міндеттері:

«азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; т.б.» болып саналады (1).

Жаһанда 4 мыңдай этностар мен 192 ұлт бар, олардың өз мемлекеттері бар. Ұлтаралық келісімге қол жеткен мемлекеттер әлдеқайда көп жетістіктер мен тұрақты дамуға, өркендеуге жол ашқан. Қазақстанда 130-дай ұлттар мен ұлыстың өкілдері өмір сүреді. Ғылыми әдебиеттерде «ұлт» ұғымы екі мағынада қолданылады. Бірінші, этностық және саяси-құқықтық, екіншіден, бір мемлекеттің құқықтық мәртебесі тең, тарихи, мәдени тұрғыда қалыптасқан азаматтардың бірлігі.

Қазіргі «мемлекеттің іргетасын қазақ ұлты құраушы» ретінде қоғам, тарихи жағдайларға байланысты аса үлкен жауапкершілік алып отыр. Қазақстанда ұлт және мемлекет құрушы–қазақ этносы сан жағынан 67% құрайды. Республикамызда 8,7 миллион – қазақтар, 4 миллион орыстар және 100 мыңнан астам түрлі ұлттар тұрады.

«Қазақ халқы бәрінің басын біріктіруші ұлт ретінде алдымен өзі ұлтаралық татулықты сақтау стратегиясының болуына және бір мемлекеттің ішінде өзге ұлттармен тату-тәтті өмір сүруге, ал сыртта басқа елдермен, халықтармен достық қатынаста болуға мүдделі... Біз Алланың өзі жаратқан қазақ деген ұлтты қорғап, әрі қарай дамытуымыз керек» (2). Міне, осы орайда қазақ халқы өз тілін дамытуы, мәдениетін өркендетуі, дәстүрін қадірлеуі, ұлттық намысты қорғай білуі, ұлттық мерейінің арта түсуі және өзімен бірге өмір сүріп жатқан басқа халықтардың да тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақталуына кепіл болуы, сондай-ақ әлемге өзін таныту және сыйлата білуі-ең жоғары, әрі қиын да жауапкершілік екенін жете түсінуі маңызды. Академик Ә.Нысанбаев: «Осы уақытқа дейін біздің халқымыз бұл тарихи жауапкершілікті сезініп, өзінің асқан төзімділігі мен сабырлылығының арқасында елдегі этносаралық та, әлеуметтік те татулықты сақтауға ұмтылып келеді...Ендігі міндет қазақ халқының өз маңына өзге отандастарымызды да топтастыру болып отыр», - деген пікіріне қосылмасқа болмас(3).

Ұлтжандылық-өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның ең жоғарғы қасиеті.

Ұлттық намыс-әрбір ұлт өкілінің отансүйгіштік қасиетін көрсететін жігерлі сезімнің, саналы іс-әрекетінің көрінісі. Ұлттық және интернационалдық тәрбие-өз ұлттық қасиетін сезінуге және басқа ұлттар мен халықтарды құрметтей білуге тәрбиелеу (4,224).

Тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан ұлт пен ұлыстың туған еліне айналған Қазақстандағы ұлттар Отанымыздың гүлденіп, дамуы үшін еңбек етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бірлігі жарасқан еліміздегі барлық ұлттар өкілдерінің татулығына ерекше назар аударып келеді. «Қазақстанның ел бірлігі доктринасының» жобасы дер кезінде дайындалған аса маңызды тарихи, саяси құжат. Доктринаның негізгі бағыттарында этносаралық өзара іс-қимыл институттарын нығайту, тіл саясаты, білім мен тәрбие, рухани-мәдени, ақпараттық, құқық және құқық қорғау мен конфессияаралық қатынастар салалары қамтылған. Бұл құжатта мемлекеттік тілді дамыту, жас ұрпақтың мемлекетті тілді меңгеру қажеттігі баса айтылған. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев Қазақстанның ««өркениеттердің үндесуін» дамытудағы мәдениетаралық және конфессияаралық орталық ретіндегі тұғырын бекемдеу бағыты халықаралық қоғамдастықта Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық ұлттар өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамасыз етіп отырған Қазақстанның әлемдегі рөлін жаңа деңгейге көтеру»-басты мақсаттарымыздың бірі деп атап көрсетеді(5). Жолдаудағы «Білім беру мен тәрбие саласында» деп аталатын төртінші бөлімінде «Қазақстан халқының тарихи, соғыс және еңбек даңқы мектеп мұражайларының жүйесін дамыту» міндеті де орынды. Олай болса, балабақша, орта мектепте және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын терең де жетік оқып үйренуіміз-заман талабы. Сонымен қатар «Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті туралы білімді кеңінен таратуға жәрдемдесу» міндетінің қойылуы да заңды. Қазақстанда ұлтаралық қатынас тарихи және геосаяси жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, Қазақстанға көптеген халықтардың өз ата-баба қонысынан еріксіз депортациялануы, кеңес кезеңінде индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы жылдары, тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдерінде қандай себептермен келді, оның тарихи және саяси мәнін анық, еш

бұрмалаусыз түсіндіру, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, әр халықтың ерекшеліктерін ашып көрсету аса өзекті мәселе. Соғыс жылдарындағы жағдайлар Қазақстанды көп ұлтты мемлекетке айналдырды. Соғыс жылдары Қазақстанға 532 мың адам көшіп келді. Қазақстанға поляк, неміс, шешен, ингуш, балкар, қырым татарлары, түрік месхиттер т.б. ұлт өкілдері күшпен көшірілді. Қазақ елі осындай сын сағатта елімізге күшпен көшірілген көптеген ұлт өкілдеріне пана бола алды. Қазақ халқы оларды туған бауырындай құшақ жая қарсы алып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үлгісін танытты. Қазақстан олардың барлығына дерлік екінші Отанға айналды.

Ұлттар мен ұлыстардың Отанына айналып отырған Қазақстан үшін ұлтаралық достық қатынас, өзара түсіністік, берік мызғымас сенім сияқты мәңгілік құндылықтар ел бірлігі жолындағы негізгі қадам.

Белгілі шығыстанушы Ф.В.Радлов өткен ғасырдың басында: «Әлем тілдерінің ішінде мен үш тілді ұлы тіл деп білемін. Ол-орыс, француз, қазақ тілдері» деп жоғары бағалаған.

Қазақстандық азаматтылықты қалыптастыру үрдісінде мемлекеттік тілді қолдану дәрежесі ерекше мәнге ие. Осыған орай «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңның» талаптарына сәйкес қазақ тілінің рөлін ұғыну мемлекетіміздің іргетасы болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмінің басты көрінісі-қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінезін қалыптастыруы, адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық, имандылық, мейірімділік тағы басқа сезімдерін дамытуы. Мемлекеттік тіл сол мемлекеттің бүкіл азаматтарының ортақ тілі деген ұғым.

Қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстанда мекен ететін барлық ұлттар дініне, тіліне, шыққан тегіне қарамастан тең екендігі айтылған. Қазіргі күні елімізде 11 тілде газеттер шығады, 12 тілде теледидар, ал 6 тілде хабар таратылған. Халықтар арасындағы татулық пен достық қатынас—еліміздің өркендеуінің басты кепілі. Еліміздегі тыныштық, елде тұратын халықтардың ауызбіршілігі мен өзара түсінушілігін сақтау—біздің әрқайсымыздың аса жауапты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асыруда Қазақстан халықтары Ассамблеясының беделін барынша арттыру басты шарттардың бірі.

Біз, елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін қалыптастырдық. Еліміздегі ұлтаралық татулық пен бірлік басқа мемлекеттердің қызығушылығын арттыруда. Мәселен, Бельгиядағы Тең мүмкіндіктер және нәсілшілдікке қарсы күрес орталығының директоры Иозеф Де Витте: «Дәл осындай Ассамблеяны бізде де құру орынды болар еді, бұл модель қызықтыруда». Фордхэм университетінің деканы Парвиз Мордвидж «Қазақстан көп ұлтты мемлекеттер ішінде жоғары жетістікке қол жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек»,—деп атап көрсетіп, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді.

Бүгінгі таңда елімізде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы және 30-дай мәдени орталықтар жұмыс істейді. Онда әр ұлттың өкілдері өз тілдерінде қарым-қатынас жасап, өз халқының дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға мүмкіндіктері бар. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев: «Ассамблея мүшелері бірлігі жарасқан Қазақстанның абыройы мен беделінің, ғасырлар бойы қалыптасқан жарасымды салт дәстүрінің жанды айғағы» деп баса айтты. Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстар өлкемізде тыныштықты нығайтуға белсене қатысады.

«Мен неміспін, 1950 жылы дүниеге келдім. Мектепте оқыдым, әскери қызмет атқардым, кешкі мектепті, кейіннен институтты бітірдім. Аға прораб болып жұмыс істедім. Менің неміс екеніме қарамай, маған ірі ұйымдарға бас инженердің қызметі екі рет ұсынылды. Бірақ мен келісімді бермедім, дағдылы жұмысымнан кеткім келмеді. Сонда бізді, яғни немістерді еңбексүйгіштігіміз бен шеберлігіміз, адалдығымыз үшін құрметтейді. Бұған өз басым куә, ата-анамның өмірі дәлел.

Ұлттық негізде менің бабаларыма ешқандай да қысымшылық көрсетілген жоқ. Олар мектепте де, спортта да алдыңғы сапта жүрді. Мен жұмыс істеген тресте басқарушы да, бас инженер де немістер еді. Жоқ, мен Отаным туралы ешқашан жаман сөз айта алмаймын».

Лисаков қаласының бұрынғы тұрғыны, қазір Германия азаматы Александр Штерцердің «Жерлестер» деп аталатын неміс газетінде жарияланған хатынан, 1997 жыл.

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезім, ұлтаралық келісім мен татулық, саяси тұрақтылық еліміздің дүниежүзілік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде қалыптасу тарихында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізетін басты күш. Сондықтан әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін ұлтаралық қатынас пен халықтар бірлігі біз үшін ерекше маңызды.

Елімізде тыныштықты, халықтардың ауызбіршілігі мен өзара жарасымды ынтымағын сақтау әрқайсымыздың аса жауапты міндетіміз. Әрқашанда өзімізге ең қымбат нәрсе – Отанымыздың бейбіт өмірі мен татулығын естен шығармауымыз керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қ Р-нің «Білім туралы Заңы». Алматы., 2007.
2. М.Нәрікбаев. Ұлт мәселесінде шамадан тыс ұзығышылықтан гөрі, байыпты қадамнан ұтарымыз көп // Егемен Қазақстан, 2009, 30 желтоқсан
3. Ә.Нысанбаев Бірлік бар жерде тірлік бар// Егемен Қазақстан, 2010, 13 қаңтар.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.-Алматы, Каз.энц., 2001.
5. Н.Ә.Назарбаев. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан «Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылы 28 ақпан. – Алматы, 2007, -72 б.
6. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // 2007.
7. Жанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. 13.00.01.- Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, Этнопедагогика. Пед.ғыл.док.дисс. – Алматы., 2004. 290 б.

**Алпиева А.Т., Буханова Д.У.**

№47 КММ жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қаласы

#### **ТАРИХ ТАРЛАНЫ - МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ**

Манаш Қабашұлы Қозыбаев тарих тарланы, үлкен бір ғылым саласының көшбасшысы, көсем сөздің шебері, зор парасат иесі. Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1931 жылы 16 қарашада қазіргі Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Тазкөл ауылында дүниеге келген.

1947 жылы Меңдіқара педагогика училищесін, 1953 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік бітірді.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев – тарих ғылымдарының докторы /1969/, профессор /1970/, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер /1986/, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі /1989/, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің халық депутаты /1991-1993/, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты /1995/, ҚР Президентінің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының лауреаты /1997/, Қостанай қаласының құрметті азаматы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінің, Шәкәрім атындағы Семей университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің, Қарағанды медицина академиясының, «КазГор» академиясының, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев сегіз жүзден астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде отыз монографияның, елуден астам ұжымдық еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Ұстаз-ғалым Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жетекшілігімен тоқсанға жуық ізденушілер кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Тарихшы-ғалым мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орнығуына,

Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтастығының нығаюына үнемі назар аударған.

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев 2002 жылы қайтыс болды. Ұлы ғалымның есімін мәңгілік сақтауға байланысты 30 мамыр 2003 жылдан ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың аты берілген.

Тәуелсіз Қазақстанның Отан тарих майданының туын ұстаушы ғалымдардың бірі, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев еңбектеріндегі өзекті мәселелердің бірі – өркениет. «Өркениет және ұлт» атты еңбегінде: «Ұлт болмысы, ұлт намысы, ұлт тілі, ұлттық мәдениет, ұлттық рух» сияқты мәселелерді көтерген. Зерттеулерінде көне заманнан бастап Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы тарихы толықтай қамтылады. Аталған тарихи еңбектерінде ғалым қазақ тарихының көмескі тартқан тұстарын ашып, оның маңыздылығын айқындайды. Осы еңбектер ғалымның ұлттық тарихқа түбегейлі бет бұрғандығын көрсетеді. Ғалым ұлт тарихының мәселелерін көтергенде тарихи сананы қалыптастыру қажеттігін және қазақ халқының тарихын жазу барысында «ақтандақтар» аталынған мәселелерді көтеруді ұсынады. Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ұлт мәселесі ғалымның еңбектерінің басты тақырыбы деуге болады. 1991–2002 жылдарда мерзімді басылым беттеріне Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың тәуелсіздік, ұлт тақырыбына арналған көптеген мақалалары жарияланды. Атап айтқанда «Тәуелсіздік толғаныстары», «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «Киелі тәуелсіздік», «Тәуелсіздік даңғылы», «Ана тілім – айбарым», «Тәуелсіздіктің рухани көрінісі», «Отан туралы сөз», «Қандай елміз – қандай болуға тиіспіз», «Тәуелсіздік самалы», «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлтжандылық», «Ұлт зиялылары» және тағы басқа мақалалары жарық көріп, Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолдары мен оның тарихи маңызы, халқымыздың ұлтжандылық қасиеттері айқындалды.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев «Тарих зердесі» атты еңбегінде «Тәуелсіздік» ұғымының саяси, экономикалық және рухани болып бөлінетіндігін, саяси тәуелсіздіктің мәні зор екендігін, сондықтан халыққа ең бірінші саяси тәуелсіздік қажеттігін атап өтеді. Тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық қасиеттерді қадірлеу, дәріптеу, ұлттық тілді құрметтеу ең басты жолда тұру керектігін баса айтады. Ұлттық тілдің мемлекеттілік дәрежесін көтеруде қазақ тілінің мемлекеттік статусын іске асырушылар мен билік жүйесінің ара қатынасын бірізділікке салу қажеттігін көрсетеді. Тіл саласындағы басты кемшіліктерді атап өтеді. Ана тілімізде сөйлеуді намыс көрген, тілін білгісі келмегені үшін, балаларын ана тілі мектебіне бермей, қазақ ұлтының атын жамылған, «жаңа қазақ» атанғандардың қылықтарына қынжылады. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болуы үшін ұлт перзенті болу қажеттігіне меңзейді. Тәуелсіздік алған заманда ұлтжандылық халықта бірнеше түрде байқалатынын көрсетеді.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев ұлтаралық қатынастар мен интернационализм проблемаларын қарастырып, В. И. Ленин бастаған большевиктер ұлт программасының жүзеге не себепті аспағандығын: «Патшалық Ресей езілген ұлттардың түрмесі болатын... Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, ұлт мәселесі–жан–жүйеге байланысты нәзік мәселе. Ал большевиктер оны шешуде диктатураға, күшке, білекке сүйенді. Екіншіден, ұлы державалық биліктен бас тарту сөз жүзінде ғана болды, іс жүзінде халықтар бір орталыққа қарады, орталық империяның, саясаттың тірегіне айналды. Үшіншіден, ұлт мәселесін шешу үшін экономикалық тәуелсіздік керек еді. Ал ұлт аймақтары баяғы қалпында шикізат қоры болып қала берді. Төртіншіден, ұлт мәселесін шешу үшін отаршылдық идеологиядан, көзқарастан арылу керек еді.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев өскелең ұрпаққа өсиет ретінде «Болашақ ұрпағың анасының құрсағында жатып, гүмбірлеген ана тілін естіп жетілсін! Тәуелсіздіктің көгілдір туы ұлтжанды, ұлтқанды ұрпағыңнан ұрпағыңа өтілсін!» — дейді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген. Ал, адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің құрып кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғаны белгілі. Қазіргі таңда, шыны керек, қазақпыз деп жүргендердің көбісі ана тілімізге шорқақ екені, ауызекі сөзді қойыртпақтап немесе орыс тілін қосып сөйлейтіні, қолына қалам ұстаса, өз

ойын дұрыстап қағазға түсіре алмайтыны белгілі. Демек, ұлттың ұлт болып сақталып қалуына ана тілдің әсері зор. Ұлы Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп еді, онысы ұрпақ бойына туған тілді қасиетті бесік жырымен дарытуды меңзегені емес пе? Тіпті Отаны жоқ сығандар өз тілдерінде сөйлейді. Ал біз егеменді, тәуелсіз Отанымыз бола тұра, өз тілімізді барынша ардақтай алмаймыз. Бұл қазақ халқы үшін үлкен сын деп ойлаймын. Бесіктен шығып, есіктен аттаған баланың тәрбиелі болмағы отбасына байланысты. *Қоғамда әдеп — инабат өлиемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында тәрбиенің маңызы айқындалып тұр.*

Манаш Қабашұлы Қозыбаев еңбектері «ұлтжандылық» пен «ұлтшылдық» ұғымдарын шатастырмау қажеттігін ескертеді. Ғалымның ойынша, әр халық ұлтын өзінше сүйеді. Ұлт тұлғаларын танытуда Манаш Қабашұлы Қозыбаев ерен еңбектерінен көруге болады. Ғалымның жазған еңбектерін саралай отырып, оның ұлы тұлғаларды танытуда орта ғасырдан бастап өмір сүрген қайраткерлерден бастап, тәуелсіз Қазақстанның іргесін көтеруге ат салысқан қоғам қайраткерлері мен ғалым, мәдениет қайраткерлерінің бейнелерін жасап, тарихтағы орнын анықтап, тұғырына ат салысқандығын аңғарамыз. Тұлғаны танып білуде ғұмырнамаға сүйенуі қажеттігін көрсетті. Тарихи тұлғаларды танып білуде Манаш Қабашұлы Қозыбаев орта ғасырдағы ел билеушісі Ақсақ Темірден (Әмір Темірден) бастап, соңғы ғұмырнама жазушылардың жазғандарын салыстыра талдау арқылы көрсетуге тырысады. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың тұлғалық ерекшелігін, Жалаңтөс батырдың тарихи бейнесін, Қожаберген дипломат, замана саясаткерлігін, Абылайдың саясат жолындағы ұстанған көзқарасын, Бұқардың даналығын, ақындық, жыраулығын, қазақ халқының бірлігін, тұтастығын көксеген Хан Кененің тұлғасын, Абай бейнесі мен ұлылығын, XX ғасыр басында қазақ зиялылар қалыптасқан ұлт зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Х. Досмұхамедов сынды азаматтар мен кеңестік жүйеде өздерінің қоғамдық-саяси қызметімен ерекшеленген Қ. И. Сәтпаев, Ә. Х. Марғұлан мен Е. Б. Бекмаханов, І. Омарұлы, Ж. Шаяхметов тұлғасын барша қазаққа танылу қажеттігін М. Қозыбаев басты парыз санады. М. Ғабдуллиннің бойындағы батылдық, Нұртас Оңдасыновтың іскерлік қасиеттері мен ғылым саласында ғылыми еңбектерімен танымал болған Ақай Нүсіпбеков, Салық Зиманов, Әмірзақ Сұлтанғазин, Кеңес Нүрпейіс, Таутан Амандосов, Сұлтан Сартаев, Оразай Батырбеков сияқты ғалымдардың ғалымдық, қайраткерлік қасиеттерін бағалайды.

Манаш Қозыбаев «Тарих зердесі» атты еңбегінде: Халықтың ұлттық санасын оята түсу, ұлтжандылықты дамыту, социализм дәуірінің бір сәтіндегі рухани өмірге деген «қалдық» принциптерден үзілді – кесілді бас тарту, қазақ халқының тілін мемлекеттік дәрежеге сөз жүзінде емес, іс жүзінде көтеру, парасаттылықты, имандылықты насихаттау, бірақ діни дүмшелікке халықты ұрындырмау, жаңалыққа бастау, қоғам дамуының үлкен белесіне қайта оралу жоқтығын есте сақтау; жақсыдан үйрену, адам баласының арасындағы ізгі қатынасты тек тиын – тебен арқылы мөлшерлейтін, азғындықты, сатқындықты, тек қана өлтіру, ату – сату, күшті, қаруды, зорлық – зомбылықты культқа айналдырған капитализмнен жиіркену; қазақ халқының қанына сіңген мейірімділік, бауырмалдық, ұлтаралық татулық, қонақжайлық, өнерсүйгіштік сияқты ата – баба мұрасынан айырылып қалмауға шақырады.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев көтерген өзекті мәселесі болып саналады және ол бүгінгі күнде өз шешімін іздестіруде. Манаш Қабашұлы Қозыбаев «Қазақ халқы – өр халық, білімді халық. Ұлт намысына мінсең, сен алмайтын қамал жоқ. Ұлт өзінің ұлттық намысына мінбесе – ол тобыр. Намысы бар қазақ – ұлт. Намысы жоқ қазақ ыға береді, бар пәле оған жұға береді. Ұлт болашағын ойламағанның үміті үзіледі», - деп «Өркениет және ұлт» еңбегінде айтқандай, ұлттық намысымызды қор қылмай, өркениетімізді асқақтата берейік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. «Өркениет және ұлт» Алматы, 2001 жыл – 369 бет.
2. Қозыбаев М. «Тарих зердесі» Алматы, 1998 жыл – 344 бет.
3. Қозыбаев М. «Ақтаңдақтар ақиқаты» Алматы, 1992 жыл – 272 бет.

4. История и современность. Алма-Ата, 1991.
5. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу куралы. Алматы, 1992.
6. Жауды шаптым ту байлап. Алматы, 1994.

ӘОЖ 63.3

**Бақауова Г.Б.**

PhD докторант, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

## **МЕКТЕПТЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ**

Тәуелсіздік алғаннан бергі еліміздегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы мен ақпараттануы мектепте білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Кеңес дәуірінде республика мектептерінде ұзақ жылдар бойы *Кеңес социалистік республикалар одағы тарихы* (КСРО тарихы), ерте дүние және орта ғасырлар, жаңа, қазіргі заман тарихы пәндері оқытылды. Аталған пәндер бойынша негізінен аударма оқулықтар болды. Тек 1958-1959 оқу жылынан бастап Қазақ КСР тарихы КСРО тарихы курсының құрамдас бөлігі ретінде республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде оқытыла бастады. Қазақ КСР тарихының бағдарламалары бойынша 3 оқулық дайындалып, олар заман талабына сай өңделіп, толықтырылып отырылды. 5 және 7-10 сыныптарға арналған Қазақ КСР тарихына арналған оқулықтар 1990 жылдарға дейін мектептерде оқытылды, оқушыларға білім беруде оларды елжандылыққа тәрбиелеуде өзіндік рөл атқарды.

1989-1990 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы дербес пән ретінде оқытыла бастады. Сондықтан бүгінгі мектептерде Отан тарихы алғаш рет сонау көне заманнан бүгінге дейін жүйелі түрде толық оқытылады. Әр сыныптарда Қазақстан тарихы курсынан олардың әрбір дәуірлеріне сай нақты жүйесі жасалынды.

Тәуелсіз елімізде 1992-1997 жылдары (5-11 сыныптар) және 2000-2001 оқу жылынан бастап, тұңғыш тұжырымдама, тарих пәнінің жаңа бағдарламасына сәйкес Дүние жүзі тарихы мен Қазақстан тарихының 5-11 сыныптарға арналған жаңа оқулықтары жарық көрді. 2001-2002 оқу жылынан бастап жаңа бағдарлама мен жаңа буын оқулықтары республиканың жалпы білім беретін мектептерінде оқытылады.

Онда оқытудың жаңа технологиясын қамтамасыз етуге септігін тигізетін бүгінгі күннің талабына сай, сапалы мектеп оқулықтарының қажеттілігі талап етілді. Білім беру саласындағы реформалау ісі ең алдымен мектеп оқулығына деген жаңаша көзқарасты байқатты. Өйткені, оқулық білім көзі, яғни қоғамымыздың дамуының, мемлекетіміздің жетілуінің кепілі болып табылады. Сондықтан, да елімізде жарық көрген жаңа буын оқулықтарының мәні ерекше, орны жоғары. Тарих пәнін оқытудағы елеулі өзгерістерге байланысты «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде Қазақстан тарихын» оқыту тұжырымдамасы» және «Жалпы білім беретін мектептерде дүние жүзі тарихын оқыту тұжырымдамасы» жасалды. Осының нәтижесінде жаңа бағдарлама, жаңа буын оқулықтары дайындалды.

Бұл тарихи білім беру саласын реформалаудағы үлкен жетістік. Бұл оқулықтарды салыстырмалы түрде талдау нәтижесі олардың ортақ проблемалары, жетістіктері мен кемшіліктерін, өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

2000/2001 оқу жылынан республикамыздың мектептерінде жаңа буын Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихы тарихы төл оқулықтары оқытыла бастады. Қазақстан тарихы оқулықтарының айырмашылығы: аталмыш оқулықтардың білім стандарты мен оқу бағдарламаларында белгіленген жалпы орта білім мақсаттарына мазмұны мен құрылымының сәйкестігі; ондағы көкейкесті түрлі пікір тудыратын мәселелерге жаңаша көзқарас тұрғысынан баға берілген; мазмұнының жаңа тарихи фактілер, оқиғалар, құбылыстармен кеңейтілуі; әдістемелік аппаратының едәуір деңгейде жетілдірілуі.

Сонымен қатар, оқулық мәтінін, сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін түрлі деңгейде баяндау, түрлі көзқарастағы дерек көздерін оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру үшін пайдалану, т.б. оқулықты жетілдіруді қажет етеді. Біздің ойымызша, қазір пайдаланып жүрген оқулықтарға тән ортақтық оларда Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің жаңа айқындамалар тұрғысынан баяндалуы және оларды дайындауда тарихшы-ғалымдардың, әдіскерлердің және мұғалімдердің қазіргі жалпы білім беретін мектепті қайта түрлендіре түсу мақсатында оқулықтың теориялық-әдістемелік деңгейін көтеруде үлкен де жауапты жұмысқа белсене қатысуы.

5-11 сыныпқа арналған Қазақстан тарихы пәнінің жаңа мазмұны мен құрылымына қысқаша шолу жасайық.

5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихынан әңгімелер» курсының мазмұнын оқып-үйренуге бағдарлама бойынша 34 сағат бөлінген (1).

5-сыныпқа арналған Қазақстан тарихынан әңгімелер курсының мазмұны төрт бөлімнен, қорытып-қайталауға және өлке тарихын оқып-үйренуге сағат берілген.

«Қазақстан тарихынан әңгімелер» деп аталатын 5 сыныпта Қазақстан тарихының сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы қамтылады. Ел тарихында болған аса маңызды оқиғалар мен құбылыстар хронологиялық реттілігімен баяндалады, жай баяндау, әңгімелеу түрінде суреттеу арқылы ашылып көрсетіледі.

Бұл курста, әсіресе «отан, туған өлке, Қазақстан–менің Отаным, халықтар арасындағы татулық пен түсінушілік, адамгершілік т.б.» ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыруға мән берілген. Курс мазмұны бастауыш білім беру сатыларында «Дүние тану», «Ана тілі», «Қоршаған орта» пәндерінен алған білімдерін пайдаланып, тарих сабағында оқушылардың білімдерін одан әрі тереңдете түсуге жағдай жасалған.

„Тарихқа саяхат” деп аталатын бөлімде сақ тайпаларының өмір-тіршілігі, Түрік қағандығының құрылуы, қағандар, ұлы ойшыл-ғалым Әл-Фараби, орта ғасырлық қалалардың пайда болуы, өркендеуі, құлдырауы, Отырар батыр қала, қазақ халқының қалыптасуы, қазақ хандығының құрылуы, қазақ хандары, Әбілқайыр, Абылай, батырлар мен билер, тәуелсіздік жолындағы күрестер, қазақ ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абайдың өмірі мен қызметі туралы оқушылар білімдері тереңдей түсуге назар аударылған.

„20 ғасырдағы Қазақстан” атты төртінші бөлімде Кеңес өкіметінің орнауы, Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі кезең, мәдениеті мен ғылымының дамуы, Тәуелсіз Қазақстан, ел конситутциясы, мемлекеттік рәміздері, Қазақстан және дүние жүзі, ондағы орны туралы мәселелер оқушылар жасына сай, жеткілікті ғылыми дәрежеде толық, әрі терең түсіндірілуі қарастырылған.

6 сынып „Қазақстан тарихы” деп аталады. Бұл курсты оқып-үйренуге 34 сағат берілген(2). Бұл курстың ерекшелігі Қазақстан тарихының жүйелі курсын оқып үйрену осы 6 сыныптан басталады. Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл курста ежелгі Қазақстан тарихының тас дәуірі, қола дәуірі, қола дәуіріндегі мәдениеті, шаруашылығы, адамдардың өмір-тіршілігі, әдет-ғұрыпы мен діни түсініктері туралы мәселелер баяндалады. Қазақстан темір дәуірінде, Қазақстан аумағындағы тайпа одақтары мен ертедегі мемлекеттер, сақ, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары туралы, орналасуы, қоныстары, қоғамы, өмір-тіршілігі, әдеп-ғұрыпы, діни нанымдары туралы мәселелер нақты мысалдар арқылы оқушыларға жеткізіледі. Курс мазмұнында біздің өлке, қайталау сабақтарына көңіл аударылған.

7 сынып „Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы” деп аталатын курсты оқып-үйренуге 51 сағат бөлінген (3). Бұл курстың мазмұнында орта ғасыр кезеңі және біртұтас қазақ мемлекетінің құрылу тарихы оқытылады. Отырықшы және көшпелі мәдениет: қалалар мен қоныстар, құрылыстар мәселесін кеңінен қарастыруға мүмкіншілік жасалған.

8-сынып «Қазақстан тарихы (XV111 ғасырдың басы-1914 жылға дейін)» деп аталады (4). Курсты оқып үйренуге 51сағат берілген. Қазақстан тарихынан XV111 ғасырдың басы-1914 жылға дейінгі кезеңі қамтылады. 7 бөлімнен құрылған. Бұл курстың мазмұнында «Қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы соғысы», «XVIII ғасырдағы Қазақстан



мәдениеті», Қазақстанда хандық биліктің жойылуы, реформа бойынша әкімшілік бөлініс, ұлт-азаттық қозғалыстар, Қазақстан Ресей империясының отары, ұлттық-демократиялық қозғалыстың өрлеуі т.б. тақырыптарды оқып үйренуге арналған сағаттар саны көбейтілген. 3-сағат қайталауға арналған.

9-сынып «Қазақстан тарихы» (1914-2000 ж.ж.) деп аталады, оны оқып-үйренуге 51 сағат бөлінген (5). Бұл курс төрт күрделі де маңызды бөлімдерден тұрады: «Қазақстан бірінші дүние жүзілік соғыс және 1916 жылғы көтеріліс жылдарында», «Қазақстан тоталитарлық жүйенің орнауының алғашқы жылдарында», «Қазақстан Кеңестер Одағы құрамында (1921-1991)», «Тәуелсіз Қазақстан (12 сағат)». 9 сыныптың материалдарында ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайынан бастап, Қазақстанның Тәуелсіз Республика болып жариялануы, ондағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдениет саласындағы түбегейлі өзгерістер туралы басқа да маңызды тақырыптарды оқып үйрену көзделген. 4сағат қайталауға берілген.

2006-2007 оқу жылында жалпы орта білім беретін мектептің жоғарғы сатысында бағдарлы оқытуды енгізуге байланысты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша 10-11сыныптарда бағдарлы оқыту қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша жүзеге асады (6).

ҚР-ның «Білім туралы» Заңында: «Бейінді оқыту білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру», -деп атап көрсетілген (7).

Осы бағдарламаға сәйкес 10-11 сыныптарда «Қазіргі дүние жүзі тарихы» мен «Қазақстан тарихы» курстары екі нұсқада оқытылады.

10-11 сыныптарда «Қазақстан тарихы» қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 102 сағат бөлінген, оның 51 сағаты 10 сыныпта, ал қалғаны 11 сыныпта өтіледі (8). Ал жаратылыстану-математикалық бағыттарында әр сыныпқа 34 сағат көлемінде бөлінген. «Бағдарлама мақсаты-Қазақстан тарихын оқып-үйренуге айрықша ынта білдірген оқушылардың талап-тілегін қанағаттандыра отырып, олардың отан тарихынан жан-жақты әрі тереңірек білім алуына мүмкіндік жасау. Курс 10-11сыныптарда оқытылатын болғандықтан оқушылардың ынтасы мен қабілетін барынша жетілдіруге мүмкіндік туады» (8). Курстың негізгі ерекшеліктерінің бірі-5-9 сыныптарда өтілген тарихи материалдар, фактілер, оқиғалар мен құбылыстар қайталанбайды. Курс мазмұнында тас, қола, темір дәуіріндегі Қазақстан, тайпа одақтары мен мемлекеттер, сақ, сармат дәуіріндегі Қазақстан, ертедегі мемлекеттер, қазақ халқының қалыптасуы, көшпелілер немесе дала өркениеті, мемлекеттіліктің пайда болуы, дамуы, қалыптасуы, көшпенділердің рухани мәдениеті, Қазақстан Ресей империясы қол астында сияқты мәселелерді оқып үйрену қарастырылған.

10-11 сыныптарда «Қазіргі дүние жүзі тарихы» мен «Қазақстан тарихы» жаратылыстану-математикалық бағыттарында курс көлемі және мазмұны стандарт бойынша міндетті білім деңгейлерінің талаптарына сай қысқартылып өтіледі (9). Бағдарлама оқушылардың білім мен танымдық қызметтің мүмкін деңгейін арттыруға бағытталған.

5-11 сыныптардың бағдарламаларында көрсетілген оқушылардың білімі мен біліктеріне қойылатын талаптар олардың еркін бағдарлай білуіне, өзін-өзі жетілдіруге және іске асыруға бағытталған. Бағдарламалар мазмұны мен құрылымы оқушылардың білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар Мемлекеттік білім стандартына сәйкестендірілген.

Қазақстан тарихынан жаңа оқулықтар жазылып, халқымыздың өткен жолын, тағдырын шындық тұрғысынан қарастыруы, өткен жас ұрпақтың жүрегіне ұлтжандылық, отаншылдық сезімін қалыптастыруда орны ерекше болып отыр. Бұның өзі мәселенің оң шешімін тауып отырғандығын көрсетеді.

Бүгінгі мектептердің типтерінің көп түрлілігі, оқыту үрдісіндегі жаңалықтар, тарихты оқытудың мақсат-міндеттері, білім мазмұны мен оны іріктейтін ұстанымдардағы өзгерістер, қазіргі мектептерде төл тарих оқулықтарының мазмұнын жетілдіріп, сапасын арттыруды талап етеді. Оқушының танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіріп, күнделікті өмірде білім алудың қандай келешегі болатынына көзін жеткізуде,

жалпы адамзаттық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін түсіну үшін, Отанын, ұлтын сүйетін елжанды жас ұрпақ тәрбиелеудің ең тиімді жолы жаңа оқулықтар жасаудың маңызы зор. Бүгінгі нарықтық қатынастырдың ізгілікке бағытталған тұлғаның қалыптасуына тигізетін ықпалын анықтап, жаңа буын Қазақстан тарихы оқулығының дидактикалық негіздерін жетілдіру қажеттігі туындайды.

Сондықтан, өткенді ғылыми танып білуде осындай тың деректерді, мұрағат материалдарын жас ұрпақтың таным-түсінігіне сәйкестендіре отырып, мектеп бағдарламаларына, оқулықтарына енгізу, сапалы, бәсекеге қабілетті оқулықтар мен оқу көрнекі құралдар шығару мәселесі қолға алынды.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан тарихынан әңгімелер: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/Артықбаев Ж.О., Сабданбекова Ә.Ә., Әбіл Е.А.-Алматы: Атамұра, 2006. 192 б.
2. Ежелгі Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық/Т.С.Садықов, Ә.Төлеубаев, Ғ.Халидулин, Б.Сәрсекеев.-Алматы: Атамұра, 2006.160 б.
3. Т.С. Садықов., Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Атамұра,2006. 240 б.
- 4.Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы. 8 сынып.-Алматы: Рауан, 2000.
5. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейісов К., Жүкешов Қ.М. Қазақстан тарихы. 9 сынып.-Алматы: Рауан, 2000.
- 6.Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев. Қазақстан тарихы. -Алматы: Рауан, 2006. 232 б.
7. ҚР ның «Білім туралы» Заңы.-Алматы.,2007.
8. Тарих пәні бойынша бағдарлама (8-9 сыныптар). –Алматы., 2004.;Тарих пәні бойынша бағдарлама (10-11 сыныптар). –Алматы., 2006.
9. Қазақстан Республикасының орта білімінің мемлекеттік стандарты.-Алматы: РБК, 1997.; Пәндер бойынша орта білімнің жалпыға міндетті стандартын дайындау жөніндегі ұсыныстар(ҚР МЖБС-на қосымша 2.03.2001).-Астана: РБК, 2001.18 б.

**Қуатова Б.К., Кударова Ж.А.**

ГКУ «Средняя школа №12 С ДМЦ» г.Капшагай

#### **ИССЛЕДОВАНИЯ М. КОЗЫБАЕВА ОБ ИСТОРИЧЕСКИХ ПРОЦЕССАХ ДЕМОГРАФИИ В КАЗАХСТАНЕ**

Казахстан - государство многонациональное и многоконфессиональное, переживающее решающий этап реформирования всей социально-экономической структуры. Для нас сохранение межэтнического согласия, создание в обществе атмосферы диалога и взаимопонимания важнейшая составляющая гражданского мира и политической стабильности. Полиэтнический и поликультурный Казахстан рассматривает единство и согласие как необходимую ценность, обогащающую спектр возможностей для устойчивого развития страны, ускоренной системной модернизации. Казахстан сохранил характер дружелюбия и активного сотрудничества многочисленных этносов. Республика обрела уникальный опыт межэтнического согласия и мирного сосуществования народов. Об этом с новой силой говорится в Послании главы государства Н.А.Назарбаева народу, что Казахстан известен миру своей толерантностью, межэтническим согласием и готовностью к позитивному диалогу.

Изучение истории народов, проживающих на территории Казахстана, накануне и в период Великой Отечественной войны началось только в конце 80-годов XX века. До этого

на эту тему не говорили. Сегодня благодаря демократизации появились публикации, посвященные столь важной проблеме. Как бы горячо и заинтересовано не обсуждались сегодня проблемы нашего прошлого, мы не в силах повлиять на него. История уже состоялась раз и навсегда. И многие ее трудности тоже позади. Что же нас заставляет вновь и вновь обращаться к делам давно минувших дней, спорить о прошлом так горячо и бескомпромиссно, что день вчерашний подчас отодвигает на второй план дела забытые сегодняшние?

Как известно, академик М.К. Козыбаев автор более 800 научных, научно-публицистических работ, из них 30 монографий, свыше 50 коллективных, в том числе и многотомных трудов. Научно-публицистические статьи М.К. Козыбаева, опубликованные в центральных журналах и газетах о малоизвестных страницах истории Казахстана находили живой отклик и интерес у нас, массового читателя. Особый интерес вызывали материалы о демографической катастрофе, в 30-е годы XX века, вызванных насильственной коллективизацией в Казахстане. В своей работе: «Демографические исследования в Казахстане: итоги и перспективы». Он пишет: «В республике не сложилась постоянно действующая стройная система демографической службы. Не развита координация усилий демографов, для решения целевых республиканских программ, ни одно высшее учебное заведение республики не готовит специалистов по исторической демографии». На значения исследования демографических факторов при изучении истории Казахстана указывают многие авторы. В частности, в работах Н.В. Алексеенко, Н.Е. Бекмахановой, М.Х. Асылбекова уделяется большое внимание вопросам достоверности статистического источника. Авторы подчеркивают, что не зная состава населения (в том числе и национального), его социальной структуры, невозможно создать объективную научно-обоснованную картину истории страны.

Несколько работ по общей демографии Казахстана написано известным казахстанским демографом М.Б. Татимовым - в основном, на базе исследований ученых, государственных и военных деятелей дореволюционной России, занимавшихся историей русского казачества, как военно-политической силы Российского самодержавия.

То, что сегодня Республика Казахстан, имея огромную территорию и, занимая девятое место в мире по общей площади, в то же время насчитывает всего лишь 14 миллионов жителей, указывает на тот факт, что издержки демографических катаклизмов необходимо искать в прошлом.

Согласно исследованиям ученых, и лично М.К. Козыбаева в истории Казахстана, было несколько этапов, повлиявших на изменение демографической ситуации казахской степи.

Это, прежде всего - *военная казачья колонизация*, начавшаяся в XVIII веке массовое переселение крестьян из России второй половины XIX века, *подавление национально-освободительных движений XIX века, восстания 1916 года, голод 30-х гг, спецпереселения репрессированных народов, целинная эпопея, великие стройки «эпохи коммунизма»*, добавившие существенный приток инационального населения. Вот в чем главная причина изменения демографической ситуации удельного веса казахов особенно в Казахстане. Даже царская администрация не ставило под сомнение целостность и сохранность этнической территории казахов и во всех своих реформах, относящихся к Казахстану, всегда подчеркивала, что земля (округов, впоследствии областей) находится в бессрочном пользовании казахских волостей в границах, существовавших с давних времен. А границы этой территории - земля нынешнего Казахстана в Конституции которого подчеркивается целостность, неделимость и неприкосновенность его территории. Ведь до недавнего времени, при СССР скрывались факты о том, что колониальная политика Российского самодержавия, ее реакционное содержание в огромной степени способствовало разорению казахов и вынужденной откочевки в другие регионы в сопредельные государства (в Китай, Монголию, Иран, Афганистан и др.).

Козыбаев М.К. пишет: *«В современных условиях нужна правда о процессе развития межнациональных отношений в бывшем Советском Союзе, а также причинах, породивших трения в межнациональных отношениях. Ранее эти проблемы освещались одномерно, несмотря на то, что в межнациональных отношениях и прошлом было все: противостояния, междоусобные войны, союзы племен и народов, присоединение, захват, колонизация и освоение новых земель!»*

Главной причиной снижения удельного веса коренного населения и его соотношения с другими этническими группами было положительное сальдо миграции русского и украинского населения. Крестьянская колонизация Казахстана особенно усилилась в последнем десятилетии XIX вв. - начале XX в. в связи со столыпинской аграрной реформой. Всего за 46 лет (1871-1917 гг.) в крае осело свыше 1,6 млн. чел (без вернувшихся обратно), подавляющее большинство, которых прибыло в 1907-1913 гг. В результате этого в конце XIX - начале XX вв. ускорился процесс формирования многонационального состава населения Казахстана.

В годы первой мировой войны значительно сократилось численность казахов, что объясняется снижением уровня естественного прироста и ростом смертности. Эти были последствия поражения восстания в 1916 г., когда сотни тысяч казахов погибли от рук карателей и вынуждены были бежать за пределы империи. Только в Семиреченской области в 1916 г. эмигрировало 150 тыс. казахов. Так были заложены основы превращения казахов в меньшинство на своей исконной территории. По переписи 1926 г. в современных границах Казахстана проживало более 6198,4 тыс. чел., из них казахов 58,5%, русских - 20,6, украинцев - 13,9, узбеков - 2,1, татар 1,3, уйгуров - 1,0, немцев - 0,8 % и т.д. Если сравнить с данными Всероссийской переписи 1897 г., то за эти 29-30 лет население республики выросло примерно в 1,5 раза, в том числе русских - в 2,8 раза, представителей других национальностей - в 4,3 раза, казахов - всего на 234,8 тыс. чел., т.е. на 7%. Удельный вес казахов снизился на 23,2 пункта, русских повысился на 9,6 пункта, других - на 13,7 процентных пункта.

Общая численность мигрантов при 6268 тыс. постоянного населения, отмеченная на момент переписи 1926 г. достигла 1601 тыс. человек. Из них половину составляли крестьяне-переселенцы и коренное население, сменившее место жительства до 1916 г.

В 1926-1928 гг. в Казахстане произошел голод, вызванный политикой силовой коллективизации в сочетании с оседанием кочевников и полукочевников, а также искусственной урбанизацией. Погибли сотни тысяч русских, украинцев, уйгуров и т.д. национальностей, но основная часть погибших приходилось на казахов. По имеющимся подсчетам за 1928-1934 гг. погибло 1610 казахов, около 135 тыс. человек погибло в 1935-1938 гг. в результате социальных и политических репрессий. Всего среди казахов убыль составила 1745 тыс. человек.

В конце 30-х годов началась депортация ряда этнических групп, часть которых выселялось в Казахстан. В октябре-ноябре 1937 г. с Дальнего Востока в Казахстан были выселены 110 тыс. корейцев, из Азербайджана и Армении - свыше 2,4 тыс. семей иранцев, азербайджанцев, курдов и армян в Южно-Казахстанскую, Джамбульскую и Алма-атинскую области. Накануне войны были депортированы поляки из Западной Украины и Западной Белоруссии, а также граждане Прибалтийских республик.

На сегодня из депортированных народов относительно достаточно развитую историографию имеет история корейцев Казахстана. Различным аспектам рассматриваемой проблемы посвятили свои труды Г. Хан, Г. Ким, Д. Мен, Г. Кан. Также более или менее изученными являются вопросы переселения немецкого населения в Казахстан. Они отражены в работах К.Эрлиха, Л. А. Будгарта, В. Кригара, А. Н.Фризера, Э.В.Лайгера и другие. С середины 90-х годов, в связи с рассекречиванием архивных документов, Архив Президента Республики Казахстан выпустил два сборника документов по истории депортации немцев и поляков. Определенный интерес по проблеме депортации народов на территорию Казахстана представляют материалы различных научных конференций,

«круглых столов» и семинаров. История отдельных народов, в частности народов Северного Кавказа, изучается, главным образом, на общественных началах, национально-культурными центрами, но здесь пока еще нет значительных публикаций.

В то же время история целых народов и этнических групп населения из Прибалтики, Западной Украины, Западной Белоруссии, Крыма и других регионов, депортированных в Казахстан, вообще выпала из поля зрения исследователей. По проблеме депортации народов на территорию Казахстана интерес для исследователей представляют материалы научных конференций, семинаров и «круглых столов». Среди них следует назвать «круглый стол», проведенный казахстанским Институтом истории и этнографии им. Ч.Валиханова НАН РК, на тему: «Депортация народов - преступление тоталитарного режима».

В годы войны миграционный поток в Казахстан резко усилился. Кроме 536 тыс. чел, эвакуированного из западных регионов страны населения в Казахстан были депортированы целые народы, автономные образования которых предварительно ликвидировались. Накануне массовой депортации, по переписи 1939 в Казахстане проживало 54696 поляков, 3569 - латышей, 808 - литовцев и т.д. Такая же судьба постигла немецкое население страны. В августе 1941 г. в Казахстан переселило 349713 человек, и общая численность немцев составила 441713. Перемещение оставшейся части немцев в Казахстан шло в 1944-1945 гг. Кроме того, на территории Казахстана и др. регионов страны работали немецкие и японские военнопленные, общей численностью 2,5 млн. человек. В 50-х годах завершилось возвращение военнопленных на родину.

На освоении целинных и залежных земель в Казахстан в 1954-1962 гг. прибыли около 2 млн. чел., в основном из европейской части страны. По организованному набору рабочей силы для промышленности, строительства и транспорта в 1954-1965 гг. прибыло почти 0,5 млн. чел., Большинство рабочих набиралось на Украине, Белоруссии, Молдавии и Литве. Это еще более усилило разрыв между численностью - коренного населения, с одной стороны, и пришлого, с другой. Миграционный поток в Казахстан, хотя в несколько ослабленном темпе, продолжался и позднее, но к началу 70-х гг. оно окончательно сформировалось.

В коротком докладе невозможно охватить все демографические процессы, происходившие в Казахстане. Сегодня Республика Казахстан одна из многонациональных республик СНГ. Благополучие и стабильность в межнациональных отношениях зависит от миролюбивой политики нашего государства.

Мы вполне понимаем, что исчерпать загадки извечной тяги человечества к познанию своего многовекового пути немислимо

Два чувства дивно близки нам -

В них обретае сердце пищу -

Любовь к родному пепелищу, -

Любовь к отеческим гробам

Как писал великий гений русской поэзии А.С. Пушкин, тайны прошлого влияют на настоящее.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Козыбаев М.К. Демографические исследования в Казахстане: итоги и перспективы? Вестник НАН РК 1991 г, №11, с. 7.
2. Муқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII- начале XX веков. Алма-Ата. Казахстан, 1991, с. 57.
3. Ибраев С.Ы. Вопросы историко-демографических процессов в Казахстане в исследованиях М.К.Козыбаева А-2000г.
4. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в капитализма. М., 1986, С. 161.
5. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана. Алма-Ата, 1981, с. 70.

## МАЗМҰНЫ

---

### СОДЕРЖАНИЕ

#### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<b>Әбжанов Х.М.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ МҰРАСЫ.....	3
<b>Ескендіров М.Ғ.</b> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ.....	7
<b>Игібаев С.Қ.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҮЛЕСІ .....	10
<b>Бегалинова К.К.</b> ОТРАЖЕНИЕ ГЕРОИЗМА КАЗАХСТАНЦЕВ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В ТРУДАХ М.КОЗЫБАЕВА .....	13
<b>Кәрімов М.Қ.</b> МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ БАҒЫТТАҒАН ЖОЛМЕН .....	18

#### 1 СЕКЦИЯ

##### МАНАШ КОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

---

##### ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ МАНАША КОЗЫБАЕВА

<b>Нәбижан Мұқаметханұлы</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТИҢ МӘДЕНИЕТ КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ .....	21
<b>Бегалинова К.К., Ашилова М.С.</b> РОЛЬ И МЕСТО М.К. КОЗЫБАЕВА В КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКЕ .....	25
<b>Мұқтар Ә.Қ.</b> М.ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	27
<b>Исин А.И.</b> ВСТРЕЧИ С АКАДЕМИКОМ М. КОЗЫБАЕВЫМ .....	29

<b>Tolenova Z.M., Kubeyev R.D.</b> THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL ..	30
<b>Ахметова Ұ.Т.</b> М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	34
<b>Исенов Ө.И.</b> М. ҚОЗЫБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРХАНДАР ИНСТИТУТЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ .....	35
<b>Капаева А.Т.</b> СУДЬБА УЧЕНОГО СКВОЗЬ ПРИЗМУ ВРЕМЕНИ .....	39
<b>Муканова Г.К.</b> НОВЫЕ КОНЦЕПЦИИ ИСТОРИОГРАФИИ «АЛАШ». МАНАШ КОЗЫБАЕВ И КЕНЕС НУРПЕЙС .....	44
<b>Шамшиденова Ф.М.</b> ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНА ЖЕТЕЛЕГЕН ҰСТАЗ .....	46
<b>Мукатаева А.К., Беленко О.Г.</b> ВЗГЛЯДЫ М.К. КОЗЫБАЕВА НА СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ .....	47
<b>Караманова М.С., Бекзат Омар</b> М.ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫ ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	51
<b>Мұхитов Қ.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ АТЫРАУДАҒЫ ШӘКІРТТЕРІ .....	53
<b>Мукатаева Л.К.</b> 2016 ГОД. ПРОШЛИ ГОДЫ, НО ПАМЯТЬ ЖИВА .....	56
<b>Ромашева Ж. Ж.</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЛИЧНОСТИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МАНАША КОЗЫБАЕВА .....	57
<b>Базарова Г.С., Буханова Д.У.</b> ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ .....	60
<b>Темирханова Ш.М.</b> АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ АБЫЛАЙ – АЛЫП ТҮЛҒА АТТЫ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСЫ .....	63
<b>Жұмағалиев О.Ж.</b> ҒАЛЫМ ЖОЛЫ .....	65

## 2 СЕКЦИЯ

### АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ АЙМАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ВОПРОСЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

**Ахмет Тоқтабай**

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ ӘКЕСІ ӨСКЕНБАЙ МЕН ӘЖЕСІ ЗЕРЕНІҢ ҚЫТАЙДАҒЫ ҰРПАҚТАРЫ ЖАЙЫНДА ..... 67

**Исин А.И.**

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СЕМЕЙДЕ ҚОЛЖАЗБАЛАР АРҚЫЛЫ ТАРАЛУЫ ..... 72

**Ламин В.А., Шелегина О.Н.**

АКТУАЛЬНЫЕ ФОРМЫ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ ИНСТИТУТОМ ИСТОРИИ СО РАН ..... 73

**Шамшиденова Ф.М.**

М. ҚОЗЫБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ІБІР-СІБІР ЖҰРТЫНЫҢ ТАРИХЫ ..... 78

**Байсарина Қ.Қ., Ботабекова А.Р.**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДА ТЫҢ ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН ЗАРДАПТАРЫ ..... 81

**Байдалы Р.Ж., Елкей Н.Н.**

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ ..... 85

**Мукатаева Л.К.**

МЫ ПОМНИМ ВАС ..... 89

**Султанова В.И., Қалшабек Б.Н.**

АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ..... 91

**Аширов Ш.А., Буртебаева А.А.**

СЕРЖАН АҚЫНЖАНОВТЫҢ ҚЫПШАҚ БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ЖҰРАҒАТТАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ..... 95

**Абдурахманов Н.А., Сайдахметов С.И.**

XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ..... 99

**Жанысбеков М.А., Нуржаубаева Г.С.**

XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДА ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ МЫРЗАШӨЛДІ ИГЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ..... 103

**Төребаев О.А., Мирзакулов А.**

ҚАЗАҚТАРДЫҢ САЯТШЫЛЫҚ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТАРИХИ МӘНІ ..... 105



<b>Тулентаев М.С., Аширбекова Г.Қ.</b> ОҒЫЗДАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ АТАУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӨНІНДЕ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР .....	109
<b>Азиев Т.Р., Кәрім А.Ә.</b> XV-XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ НАНЫМ-СЕНІМ КӨРІНІСТЕРІ .....	112
<b>Жунисханов А.С.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТООУРБАНИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ ГОРОДА СЕМЕЙ .....	115
<b>Мухамеджанова Р.Ж., Асылканова Г.Қ.</b> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНАН ШЫҚҚАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАҢА СИПАТТАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ .....	118
<b>Даутова А.Ф.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА САУДА ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМУДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРДІҢ РӨЛІ (XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ) .....	124
<b>Мағзумова Н.А.</b> МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ СЕМЕЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946 – 1990 жж) .....	128
<b>Акмадиева Г.П.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНАУ ТАРИХЫ (1990-2000 жж.) .....	132

### 3 СЕКЦИЯ

#### **М.Қ. КОЗЫБАЕВ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ИДЕОЛОГЫ**

---

#### **М.К. КОЗЫБАЕВ - ПЕРВЫЙ ИДЕОЛОГ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА**

<b>Искакова Г.К.</b> М.К.КОЗЫБАЕВ: МОНОЛОГ ОБ ОТЧИЗНЕ –МОНОЛОГ О НЕЗАВИСИМОСТИ, СВОБОДЕ И ПРАВАХ ЧЕЛОВЕКА .....	135
<b>Есенғазы Қуандық</b> МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫСТЫ ИДЕОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.....	141
<b>Әбдіғұлова Б. Қ.</b> МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ - ТҰҒЫРЫ БИІК ТАРИХИ ТҰЛҒА .....	151
<b>Төленова З.М.</b> АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВ: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ .....	152

<b>Мукатаева Л.</b> БЕЗОПАСНОСТЬ КАЗАХСТАНА КАК ВЕДУЩИЙ ФАКТОР СУВЕРЕНИТЕТА ГОСУДАРСТВА В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К.КОЗЫБАЕВА .....	161
<b>Тохметова Г.М.</b> МАНАШ КОЗЫБАЕВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ИДЕОЛОГ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА .....	165
<b>Жігер Жанәбіл</b> ҚАЗАҚСТАН ТРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ НЕМЕСЕ БАТЫСТЫҢ «ШЕКАРА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ» БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ? .....	168
<b>Райстанова П.К.</b> ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРИХЫН ОҚЫТУ - ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗІ.....	172
<b>Даулбаев Т.Ф.</b> ТАРИХИ ПӨНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ .....	174
<b>Капизаева Қ.А.</b> ЖАСТАРДЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ–ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ .....	177
<b>Алпиева А.Т., Буханова Д.У.</b> ТАРИХ ТАРЛАНЫ - МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ .....	180
<b>Бакауова Г. Б.</b> МЕКТЕПТЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ .....	183
<b>Куатова Б.К., Кударова Ж.А.</b> ИССЛЕДОВАНИЯ М. КОЗЫБАЕВА ОБ ИСТОРИЧЕСКИХ ПРОЦЕССАХ ДЕМОГРАФИИ В КАЗАХСТАНЕ .....	186

Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың 85 жылдығына арналған «**АКАДЕМИК  
МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**»  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
Международной научно-практической конференции  
«**АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ**»,  
посвященной 85-летию Академика Манаша Кабашевича Козыбаева

---

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік  
университетінің баспаханасында басылған  
Көлемі 1,25 б.т. Формат 60x84 Таралымы 100 дана.  
Семей қаласы.  
Глинка 20 «А»